И. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

13

БҮКІЛОДАҚТЫҚ КОММУНИСТ
(большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАУЛЫСЫ БОЙЫНША
БАСЫЛЫП ОТЫР

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

ИНСТИТУТ МАРКСА—ЭНГЕЛЬСА—ЛЕНИНА
при ЦК ВКП(б)

И. В. СТАЛИН

СОЧИНЕНИЯ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ
Москва · 1951

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

МАРКС—ЭНГЕЛЬС—ЛЕНИН ИНСТИТУТЫНЫҢ
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

И. В. СТАЛИН

ШЫҒАРМАЛАР

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
Алматы · 1951

Қазақша аудармасын
ҚК(б)П Орталық Комитетінің
редакциялық комиссиясы қараған
ҚК(б)П Орталық Комитеті ұнатқан

И. В. СТАЛИН

13
ТОМ

ИЮЛЬ 1930 – ЯНВАРЬ 1934

АЛҒЫСӨЗ

И. В. Сталиннің Шығармаларының онүшінші томында 1930 жылғы июльден 1934 жылғы январьға дейінгі жазылған шығармалар бар.

Бұл дәуірде большевиктік партия, барлық майданда да социализмнің кең шабуыл жасау саясатын жүзеге асыра отырып, елімізді социалистік жолмен қайта құру ісінде дүниежүзілік тарихи табыстарға жетеді. Совет Одағы қуатты индустриялы державаға айналды, коллективті, механизацияланған ірі ауыл шаруашылығының еліне айналды.

«Орталық Комитеттің БК(б)П XVI съезіне берген саяси есебі бойынша қортынды сөзінде» И. В. Сталин оңшыл оппортунистер басшыларының екіжүзділік қылығын әшкереледі. Социалистік құрылыстың табыстарын сыйпаттай келіп, И. В. Сталин ССРО-ның социализм дәуіріне енгендігін көрсетті. Бір елде социализм жеңген дәуірде ұлттық тілдер өзінен өзі құрып, бір мемлекеттің шеңберінде бұлар ортақ бір тілге тоғысады деген антимарксистік, антилениндік теорияны сынай келіп, И. В. Сталин социализм дүниежүзілік

көлемде жеңгеннен кейін ғана ұлттық тілдердің ортақ бір тілге тоғысатыны туралы программалық қағыйданы ыспаттап дәлелдеді.

«Шаруашылық кызметкерлерінің міндеттері туралы» және «Жаңа жағдай — шаруашылық құрылыстың жаңа міндеттері» туралы сөйлеген сөздерінде И. В. Сталин социалистік жолмен индустрияландырудың жедел қарқындарының тарихи қажеттілігін дәлелдейді, халық шаруашылығының барлық тарауларын қайта құру дәуірінде техниканың шешуші маңызы бар екендігін көрсетеді және: «Большевиктер техниканы меңгеруге тиіс» деген ұран тастайды. И. В. Сталин социалистік өнеркәсіп дамуының жаңа шарттарын ашып береді, шаруашылық құрылысына басшылық етудің жаңа тәсілдерін белгілейді.

БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумында «Бірінші бесжылдықтың қортындылары» туралы жасаған баяндамасында И. В. Сталин бірінші бесжылдық жоспардың төрт жылда орындалуының аса зор халықаралық маңызы бар екендігін көрсетеді. Бүкіл капиталистік системаны дүниежүзілік экономикалық кризис теңселдіріп тұрған дәуірде қолымыз жеткен бесжылдықтың қортындылары шаруашылықтың дәурені өтіп бара жатқан капиталистік системасынан советтік социалистік системаның даусыз артықшылығын көрсетті.

Бесжылдықтың жеңісін қамтамасыз еткен негізгі күштер туралы айта келіп, И. В. Сталин ең алдымен социалистік жарыс пен екпінділікті үдетуде инженер-техник күштерімен бірге аса зор жігер көрсеткен миллиондаған жұмысшылар мен шаруалардың бел-

сенділігі мен жанқиярлығын, ынтасы мен талапкерлігін атайды.

Бесжылдықтың қортындыларына байланысты, партияның негізгі міндеттерін белгілей келіп. И. В. Сталин қоғамдық социалистік меншікті жемқорлар мен ұрлаушылардан қорғаудың ерекше маңызды екендігін, пролетариат диктатурасын барынша нығайта берудің кажеттігін атап көрсетеді.

«Деревнядағы жұмыс туралы» сөйленген сөз және «Екпінді колхозшылардың Бүкілодақтық бірінші съезінде сөйленген сөз» колхоз құрылысын нығайту мәселелеріне, деревнядағы партия жұмысының міндеттеріне арналған. Деревнядағы қой терісін жамылған тап жауларының жаңа тактикасын аша келіп. И. В. Сталин партия ұйымдарын қырағылықты күшейтуге шақырады. Колхоз құрылысының қортындыларын шығара келіп, И. В. Сталин: колхоздарды большевиктік ету керек, ал колхозшыларды ауқатты ету керек деген ұран тастайды.

И. В. Сталиннің: — «Большевизм тарихының кейбір мәселелері туралы» «Пролетарская Революция» журналының редакциясына хат және «Олехнович пен Аристовка жауап» деген шығармалары большевизм тарихының аса маңызды мәселелеріне арналған. Партиямыздың тарихын бұрмалаушы троцкистік және басқа да фальсификаторларды әшкерелей келіп, И. В. Сталин партия тарихын зерттеу ісін ғылми жолға, большевиктік жолға қоюға шақырады, ленинизмнің әралуан оппортунизмге карсы күресте туып, өсіп, нығайғандығын баса айтады. И. В. Сталин троцкизмді контрреволюциялық буржуазияның алдыңғы қатардағы отряды деп сыйпаттайды.

Демьян Бедныйға жазған хатында И. В. Сталин Демьян Бедныйдың өлеңмен жазған кейбір фельетондарында антипатриоттық тенденция бар екендігін және ленинизмнен көріне шегінушілік бар екендігін көрсетеді. И. В. Сталин орыс жұмысшы табы адам баласына азаттық пен социализм жолында күресудің ұлы үлгілерін бергендігін баса айтады. Мұның өзі орыс жұмысшыларының жүрегін тауды қопаруға қабілетті, кереметтер жасауға қабілетті революциялық ұлттық мақтаныш сезіміне бөлейді. И. В. Сталин Совет жазушыларын алдыңғы қатарлы пролетариат жыршысының дәрежесіне көтерілуге шақырады.

«Неміс жазушысы Эмиль Людвигпен әңгімесінде» И. В. Сталин жеке адам мен халық бұқарасының тарихтағы ролі туралы мәселені теория жағынан баяндап шешіп береді. Э. Людвигке берген жауабында И. В. Сталин өз өмірін жұмысшы табының мәртебесін көтеруге, социалистік мемлекетті нығайтуға арнайтынын айтады. Социалистік мемлекеттің қандай да болса нығая түсуі бүкіл халықаралық жұмысшы табының нығаюына жәрдемдеседі.

Шетел қайраткерлерімен өткізген бірқатар әңгімелерінде И. В. Сталин Совет мемлекетінің сыртқы саясатын дәйекті бейбітшілік саясаты деп сыйпаттайды, ССРО мен капиталистік елдердің бейбітшілікпен қатар өмір сүруі және іс жағынан байланыс жасауы мүмкін екендігін ыспаттап дәлелдейді.

«БК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы партияның XVII съезіне есепті баяндамасында» И. В. Сталин ССРО-дағы социализмнің ұлы жеңістерін қорытады, XVI съезден кейінгі дәуірдің ішінде елімізде болған түбірлі қайта құрылысты, партияның

сара жолының толық жеңіп шыққандығын дәлелдейтін социалистік халық шаруашылығы мен мәдениеттің барлық салаларында болған табыстарды атап көрсетеді. Партияның осы табыстарға жетуі өз жұмысында Маркстың, Энгельстің, Лениннің жеңімпаз ғылымына сүйенуінің арқасы екендігін И. В. Сталин баса айтады. И. В. Сталин өнеркәсіп, егіншілік және халық шаруашылығының басқа да тараулары жөнінде, мәдениет пен ғылым жөнінде партияның мұнан былайғы жұмысының программасын белгілейді. И. В. Сталин ұйымдастыру басшылығын саяси басшылықтың дәрежесіне дейін көтеру міндетін, партияның идеологиялық жұмысын күшейту, адам санасындағы капитализмнің қалдықтарына қарсы күресті күшейту міндетін алға қояды.

И. В. Сталин капитализмнің жалпы кризисінің негізінде туып отырған дүниежүзілік экономикалық кризистің барысын талдайды, капиталистік системаның жалпы кризисінің жағдайында капитализм, өнеркәсіптің жаңадан өрлеуіне және гүлденуіне бастамайтын, ерекше түрдегі депрессияны бастан кешіріп отырғандығын көрсетеді. И. В. Сталин капиталистік елдердің ішіндегі саяси жағдайдың және бұл елдердің арасындағы қарым-қатнастардың шиеленісуін, империалистердің дүниежүзілік жаңа соғысты әзірлеп жатқандығын сыйпаттайды.

Соғыс өртін тұтандырушылардың жоспарын әшкерелей отырып және оқыйғаның сонан былайғы даму бағытын ғылыми жолмен алдан көре отырып, И. В. Сталин Совет Одағына қарсы соғыстың империалистер үшін ең қауіпті соғыс болатындығын, ССРО халықтары революцияның жеңістері үшін та

бан тіреп белдесіп күресетінін, бұл соғыс шапқыншылық жасаушыларды толығынан жеңіліске ұшырататындығын, Европа мен Азияның бірқатар елдерінде революцияға және бұл елдердегі буржуазиялық-помещиктік үкіметтердің талқандалуына бастап әкелетіндігін айтады. И. В. Сталин ССРО сыртқы саясатын бейбітшілік сақтау саясаты деп анықтап береді. И. В. Сталин Совет елін империалистік мемлекеттердің шабуылынан қорғауға дайын тұру үшін, Совет елінің қорғампаздығын нығайту қажет екендігін ескертеді.

И. В. Сталиннің Шатуновский жолдасқа, Ч-е жолдасқа, Демьян Бедныйға, Этчин жолдасқа, И. Н. Бажанов жолдасқа жазған хаттары; И. В. Сталиннің Ральф В. Барнестің қойған сұрақтарына берген жауабы және Барнес мырзаның хатына берген жауабы, полковник Робинспен өткізген әңгімесі онүшінші томда алғаш рет жарияланып отыр.

БК(б)П Орталық Комитеті жанындағы
Маркс — Энгельс — Ленин Институты.

ИЮЛЬ 1930 – ЯНВАРЬ 1934

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ БК(б)П XVI СЪЕЗІНЕ БЕРГЕН САЯСИ ЕСЕБІ БОЙЫНША ҚОРТЫНДЫ СӨЗ[1]

2 июль, 1930 ж.

Жолдастар! Орталық Комитеттің есебі бойынша болған жарыс сөздерден кейін, оңшыл оппозицияның бұрыңғы басшыларының сөйлеген сөздеріне байланысты біздің съезде болған нәрселердің бәрінен кейін, өзімнің қортынды сөзімде айтарлықтай нәрсе аз қалып отыр.

Партияның XVI съезі партиямыздың тарихында өзінің меншікті бағытын ұсынып, оны партияның бағытына қарама-қарсы қоярлықтай азды-көпті қалыптасқан оппозицияның болмаған санаулы съездердің бірі болып табылатынын мен өз баяндамамда айттым. Өздеріңіз көріп отырсыздар, бұл шынында да дәл осылай болып шықты. Біздің съезімізде, партияның XVI съезінде, қалыптасқан оппозицияның болмауы былай тұрсын, тіпті осында мінбеге шығып, партия бағытының терістігі туралы айтуды заңдылық деп есептейтіндей кішкентай топ та немесе тіпті жеке жолдастар да табылған жоқ.

Біздің партияның бағыты бірден-бір дұрыс бағыт екені анық, оның үстіне ол бағыттың дұрыстығы,

шындығында, соншалық айқын және соншалық даусыз, тіпті оңшыл оппозицияның бұрыңғы басшылары өздерінің сөздерінде партияның бүкіл саясатының дұрыстығын бұлтарыссыз баса көрсетуді керек деп білді.

Осының бәрінен кейін есепті баяндамада дамытылған қағыйдалардың дұрыстығы туралы айта берудің қажеті жоқ екені түсінікті. Мұның қажеті жоқ, өйткені партия бағыты, оның дұрыстығы анық болғандықтан, бұл съезде бұдан әрі қорғауға — мұқтаж емес. Ал егер, бұған қарамастан, мен қортынды сөзден бастартпасам, онда мұның себебі мынадай: жолдастардың съезд президиуміне берген кейбір жазба сұрақтарына қысқаша жауап беріп, онан соң оңшыл оппозицияның бұрыңғы басшыларының сөйлеген сөздеріне байланысты бірнеше сөз айту, меніңше, дегенмен артық болмайды.

Сұрақтардың дені кейбір екінші дәрежелі мәселелерге қатысты: есепті баяндамада жылқы шаруашылығы туралы неге айтылмаған, — бұл туралы қортынды сөзде айта кетуге болмас па екен (к ү л к і); есепті баяндамада тұрғын үй салу туралы неге айтылмады, — бұл туралы қортынды сөзде бірдеңе айта кетуге болмас па екен; есепті баяндамада ауыл шаруашылығын электрлендіру туралы неге ешнәрсе айтпадыңыз, — бұл туралы қортынды сөзде бірдеңе айта кетуге болмас па екен. Осы сықылды, тағысын тағылар.

Бұл жолдастардың бәріне: мен өзімнің баяндамамда халық шаруашылығының барлық мәселесіне тоқтай алмадым деп жауап беруге тиістімін. Тоқтай алмағаным былай тұрсын, оның үстіне бұған правом

да болмады, өйткені өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының нақтылы проблемалары туралы баяндауға тиісті Куйбышев пен Яковлев жолдастардың баяндамаларының саласына қол сұғуға менің правом жоқ. Шынына келгенде, егер Орталық Комитеттің есебінде барлық мәселелерге тоқталатын болсақ, онда өнеркәсіп туралы, ауыл шаруашылығы және тағысын-тағылар туралы баяндамашылар өздерінің баяндамаларында не туралы айтуға тиіс? (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!»)

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығын электрлендіру туралы сұрақ жөнінде — бұл сұрақтың авторы кейбір қателіктер жібергенін көрсетуге тиіспін. Ол: біз ауыл шаруашылығын электрлендіруді қазірдің өзінде-ақ «тікелей қолға алдық», Жер Халық Комиссариаты бұл істің дамуына еркіндік бермей отыр, бұл туралы Ленин басқаша ойлайтын еді деп сендіреді, т. т. Мұның бәрі дұрыс емес, жолдастар. Біз ауыл шаруашылығын электрлендіру ісін «тікелей қолға алдық» деуге болмайды. Егер біз, шынында, ауыл шаруашылығын электрлендіруді тікелей қолға алған болсақ, онда бізде қазірдің өзінде-ақ электрлендірілген ауылшаруашылық өндірісі бар 10—15 аудан болар еді. Бірақ бізде әзірше бұл сияқты ешнәрсе де жоқ екенін сіздер жақсы білесіздер. Ауыл шаруашылығын электрлендіру туралы қазір айтуға болатын нәрсенің бәрі сол — бізде электрлендіру ісі тәжрибе жасау сатысында тұр. Ленин ауыл шаруашылығын электрлендіру жөніндегі тәжрибені қуаттай отырып, бұл жұмысқа нақ осылай қараған болатын. Кейбір жолдастар тракторлардың дәуірі қазірдің өзінде-ақ өтті, қазір тракторларды қойып, ауыл шаруашылығын электрлендіруге көшетін уақыт жетті деп ойлайды.

Бұл, әрине, бос қиял. Мұндай жолдастардың қарқынын басып қою керек. Жер Халық Комиссариаты мұндай жолдастарға дәл осылай істеп те отыр. Олай болса, сұрақ авторының Жер Халық Комиссариатына айтқан наразылығын дәлелді деп санауға болмайды.

Сұрақтардың екінші тобы ұлт мәселесіне қатысты. Бұл сұрақтардың біреуін өте-мөте қызықты деп санаймын, өйткені мұнда менің осы XVI съезде жасаған баяндамамда ұлт тілдері проблемасы жайында берген түсінігімді 1925 жылы Шығыс халықтарының Университетінде сөйлеген сөзімде[2] берілген түсінікпен салыстырады, сөйтіп бұл арада түсіндірілуге тиісті кейбір түсініксіздік бар деп табады. «Сіз, — дейді сұрақ, — ол кезде социализм дәуірінде **(бір елде)** ұлт тілдері жоғалып, жалпыға ортақ бір тіл жасалады деген теорияға **(Каутскийдікі)** қарсы болып едіңіз, ал қәзір XVI съезде жасаған өз баяндамаңызда, коммунистер ұлт мәдениеттері мен ұлт тілдерінің жалпыға ортақ бір тілі бар жалпыға ортақ бір мәдениетке қосылуын **(социализмнің дүниежүзілік көлемде жеңу дәуірінде)** жақтайтындар болып табылады дейсіз, — бұл арада түсініксіздік бар емес пе?»

Менің ше, бұл арада ешбір түсініксіздік те, ешқандай қайшылық та жоқ. 1925 жылы сөйлеген сөзімде мен Каутскийдің ұлтшыл-шовинистік теориясына қарсы шықтым, ол теория бойынша өткен ғасырдың ортасында біріккен австрия-герман мемлекетінде пролетариат революциясының жеңісі ұлттарды жалпыға ортақ бір **неміс** тілі бар жалпы бір **неміс** ұлтына қосылуға және чехтерді **немістендіруге** алып келуі тиіс еді. ССРО-да социализм жеңгеннен кейінгі еліміздің өмірінің бұл теорияны теріске шығаратын фактылары-

на сүйеніп, мен әлгі теорияға қарсы, оны антимарксистік, антилениндік теория деп қарсы шықтым. Мен бұл теорияға кәзір де қарсымын, бұл менің осы XVI съезде жасаған есепті баяндамамнан көрінеді. Қарсы болатын себебім: айталық, ССРО-дағы барлық ұлттардың жалпыға ортақ великорустық бір тілі бар жалпы бір великорусс ұлтына қосылып кету теориясы дегеніміз ұлтшыл-шовинистік теория деген сөз, ұлттық айырмашылықтар жуық арада жойыла алмайды, тіпті пролетариат революциясы **дүниежүзілік көлемде** жеңгеннен кейін де олар әлі ұзақ уақыт қалуға тиіс дейтін ленинизмнің негізгі қағыйдасына қайшы келетін антилениндік теория деген сөз.

Ал ұлт мәдениеттері мен ұлт тілдерінің неғұрлым алысырақ келешегіне келетін болсақ, онда мен әрқашан Лениннің: социализмнің **дүниежүзілік** көлемде жеңу дәуірінде, социализм нығайып, тұрмысқа енген кезде, ұлт тілдері жалпыға ортақ бір тілге сөзсіз қосылуға тиіс, бірақ, әрине, ол тіл великорустың да, немістің де тілі болмайды, басқа бір жаңа тіл болады деген көзқарасында болдым және бұдан былай да осы көзқараста боламын. Бұл туралы мен осы XVI съезде жасаған баяндамамда да анық айттым.

Мұнда түсініксіздік қай жерде, шынында, бұл арада нені түсіндіру керек?

Сірә, сұрақтың авторлары кемінде екі нәрсені жете ұғынбаған болу керек.

Олар **еңалдымен** мына фактыны ұғынбаған: біз ССРО-да кәзірдің өзінде-ақ социализм дәуіріне кіріп отырмыз, бірақ, біздің бұл дәуірге кіргенімізге қарамастан, ұлттардың жойылмай отырғаны былай тұрсын, қайта, өркендеп, гүлденіп келеді. Шынында біз со-

циализм дәуіріне кәзірдің өзінде-ақ кірдік пе? Біздің дәуіріміз әдетте капитализмнен социализмге өтпелі дәуір деп аталады. Ол 1918 жылы, Ленин өзінің ««Солшыл» балалық туралы және ұсақбуржуазияшылдық туралы»[3] деген атақты макаласында бұл дәуірді оның шаруашылық өмірінің бес укладымен бірге алған рет сыйпаттағанда, өтпелі дәуір болып аталды. Ол кәзіргі уақытта, 1930 жылы да, бұл укладтардың кейбіреулері, ескірген укладтар ретінде, кәзірдің өзінде-ақ су түбіне кете бастаған кезде, ал бұл укладтардың біреуі, атап айтқанда — өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық саласындағы жаңа уклад бұрын соңды болмаған шапшаңдықпен өркендеп, дамып отырған кезде де, өтпелі дәуір болып аталады. Бұл екі өтпелі дәуірді бір-біріне тең деуге, олардың бір бірінен түбірлі өзгешелігі жоқ деуге бола ма? Әрине, болмайды.

1918 жылы халық шаруашылығы саласында бізде не болды? Қыйраған өнеркәсіп пен шақпақ құрал болды, жаппай құбылыс ретінде колхоздар мен совхоздар болмады, қалада «жаңа» буржуазияның, деревняда кулактардың өсуі болды.

Бізде кәзір не бар? Қалпына келтірілген, қайта құрылған социалистік өнеркәсіп бар, егісінің көлемі бір ғана жазғы егіс бойынша ССРО-дағы бүкіл егістің 40%-нен артық совхоздар мен колхоздардың өркендеген системасы бар, қалада құрып бара жатқан «жаңа» буржуазия, деревняда құрып бара жатқан кулактар бар.

Ол кездегісі де өтпелі дәуір. Кәзірдегісі де өтпелі дәуір. Алайда бұлардың бір бірінен жер мен көктей айырмасы бар. Алайда біздің ақтық елеулі капита-

листік тапты, кулактар табын жоюдың табалдырығын аттауға тұрғанымызды ешкім бекер дей алмайды. Біздің ескі ұғымдағы өтпелі дәуірден шығып, барлық майданда да түп-тура, өрістеген социалистік құрылыс дәуіріне кіріп отырғанымыз анық. Біздің қазірдің өзінде-ақ социализм дәуіріне кіріп отырғанымыз анық, өйткені, социалистік қоғамды құруға дейін, таптық айырмашылықтарды жоюға дейін әлі алыс болса да, социалистік сектор бүкіл халық шаруашылығының барлық шаруашылық тетігін кәзір өз қолына ұстап отыр. Алайда, бұған қарамастан, ұлт тілдерінің жойылмай отырғаны және жалпыға ортақ бір тілге қосылмай отырғаны былай тұрсын, қайта, ұлт мәдениеттері мен ұлт тілдері дамып, гүлденіп келеді. Олай болса, социалистік құрылыс кең өріс алған дәуірде, социализм **бір** елде болып отырған дәуірде, бір мемлекеттің шеңберінде ұлт тілдері жойылады, олар жалпыға ортақ бір тілге қосылып кетеді деген теорияның теріс, антимарксистік, антилениндік теория екені айқын емес пе.

Сұрақтың авторлары, **екіншіден,** мынаны ұғынбаған: ұлт тілдерінің жойылып, олардың жалпыға ортақ бір тіл болып қосылуы туралы мәселенің — **мемлекет ішіндік** мәселе емес екенін, **бір** елде социализмнің жеңуі мәселесі емес екенін, **халықаралық** мәселе екенін, социализмнің **халықаралық** көлемде жеңуінің мәселесі екенін ұғынбаған. Сұрақтың авторлары социализмнің **бір елде** жеңуін социализмнің **халықаралық** көлемде жеңуімен шатастыруға болмайтынын түсінбеген. Ленин ұлттық айырмашылықтар халықаралық көлемде пролетариат диктатурасы жеңгеннен кейін де ұзақ уақытқа дейін болады деп бoсқа айтқан жоқ.

Оның үстіне, ССРО-ның бірқатар ұлттарына қатысы бар тағы да бір жағдайды еске алу керек. ССРО құрамында Украина бар. Бірақ өзге мемлекеттердің құрамында басқа да Украина бар. ССРО құрамында Белоруссия бар. Бірақ өзге мемлекеттердің құрамында басқа да Белоруссия бар. Сіздер украин мен белорус тілдерінің мәселесі осы ерекше жағдайларды есепке алмай-ақ шешілуі мүмкін деп ойлайсыздар ма?

Онансоң, ССРО-дағы оның оңтүстік шегінде, Азербайжаннан бастап Қазақстан мен Бурят-Маңғұлға дейін орналасқан ұлттарды алыңыздар. Бұлардың бәрі де Украина мен Белоруссия сиякты жағдайда болып отыр. Бұл арада да осы ұлттардың өркендеуінің ерекше жағдайларын есепке алуға тура келетіні түсінікті.

Ұлт мәдениеттері мен ұлт тілдерінің проблемасымен байланысты осы және осы сияқты мәселелердің бәрі бір мемлекеттің шеңберінде, ССРО шеңберінде, шешілмейтіндігі айқын емес пе?

Жалпы ұлт мәселесінің, оның ішінде ұлт мәселесі жөнінде жоғарыда айтылған сұрақтардың жайы міне осындай, жолдастар.

Енді оңшыл оппозицияның бұрынғы басшыларының сөйлеген сөзіне көшуге рұхсат етіңіздер.

Оңшыл оппозицияның бұрынғы басшыларынан съезд нені талап етеді? Мүмкін, тәубеге келуді, өзін-өзі сөгуді талап ететін болар? Әрине, оны талап етпейді! Біздің партия, партиямыздың съезі партия мүшелерінен оларды жәбірлерліктей бірдемені ешқашан да талап етпейді. Съезд оңшыл оппозицияның бұрынғы басшыларынан үш нәрсені талап етеді:

біріншіден, партияның бағыты мен олардың қорғаған бағытының арасында жер мен көктей айырма бар екенін, олар жақтап келген бағыт объективтік жағынан социализм жеңісіне емес, капитализм жеңісіне алып келетінін олар жете түсінуге тиіс (д а у ы с т а р: «Дұрыс!»);

екіншіден, олар бұл бағытты антилениндік бағыт деп масқаралап, ол бағыттан ашық және адал ниетімен қол үзуге тиіс (д а у ы с т а р: «Дұрыс!»);

үшіншіден, олар бізбен бір болып, оңшыл уклонистер атаулының бәріне қарсы бізбен бірге үзілді-кесілді күрес жүргізуге тиіс. (Д а у ы с т а р: «Дұрыс!». Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Съездің оңшыл оппозицияның бұрынғы басшыларынан талап ететіні міне осылар.

Бұл талаптарда большевик болып қалуды тілейтін адамдарды жәбірлерліктей бірдеме бар ма?

Мұнда адамды жәбірлейтін ешнәрсе де жоқ екені және болуға да тиіс емес екені айқын. Әрбір большевик, әрбір революционер, өзін өзі сыйлайтын әрбір партия мүшесі айқын және талассыз фактыларды адал ниетімен ашық мойындаса, партия алдында тек көтеріліп қалатындығын және ұтатындығын түсінеді.

Міне сондықтан да мен Томскийдің: мені Гобидің бетпақ даласына айдап, маған дала балы мен бақашаянын жегізбексіңдер деген сөзі революционердің абройы туралы мәселеге ешбір қатысы жоқ от басының күлдіргі бос сөзі деп ойлаймын. (К ү л к і. К о л ш а п а л а қ т а у.)

Кейбіреулер былай деп сұрауы мүмкін: оңшыл оппозицияның бұрынғы басшыларына съездің бұл талаптарды қайтадан қойып отырған себебі не?

Бұл талаптардың 1929 жылдың ноябрінде, Орталық Комитеттің пленумінде бұрын бір рет оларға қойылғандығы факты емес пе[4]? Олардың, оңшыл оппозицияның бұрынғы басшыларының, сол кезде бұл талаптарға көнгені, өз бағытының қателігін мойындап, ол бағыттан бастартқаны, сөйтіп партия бағытының дұрыстығын мойындап, партиямен бірге оңшыл уклонға қарсы күресуге уәде бергені факт емес пе? Рас, мұның бәрі болған. Онда мәселе неде? Мәселе олардың өз уәделерін орындамағанында, бұдан жеті ай бұрын алған міндеттемелерін орындамағанында және кәзір де орындамай отырғанында болып отыр. (Дауыстар: «Дұрыс!»). Бұл жөнде Орталық Комитеттің ноябрьдегі пленуміне берген уәделерін өздерінің орындамағанын өз сөзінде Углановтың айтуы өте дұрыс.

Бұл съезде олардың кәзір кездестіріп отырған олар жөніндегі сенімсіздіктің көзі міне осында.

Міне сондықтан да съезд өз талаптарын оларға қайтадан қойып отыр.

Рыков, Томский және Угланов съезд бізге сенбестік көзбен қарайды деп осында шағым етті. Ал бұған кім айыпты? Бұған олардың өздері айыпты. Кімде-кім өз міндеттемелерін орындамайды екен, ол адам сенімнен айрылады.

Олардың, оңшыл оппозицияның бұрынғы басшыларының, өз уәделерін орындауына, өткен істерінен біржолата қол үзуіне мүмкіндіктері, жағдайлары болды ма? Әрине, болды. Осы мүмкіндіктер мен жағдайларды пайдалану үшін осы жеті ай бойына олар не істеді? Түк істеген жоқ.

Жақында Рыков орал конференциясында болды. Демек, өз қатесін түзеуіне оның ең қолайлы жағдайы болды. Ал ол не істеді? Өзінің ауытқуларынан ашықтан-ашық, үзілді-кесілді қол үзудің орнына, ол онда «қулық жасап», айла-шарғы жасауға түсті. Әрине, орал конференциясы оған тойтарыс бермей қала алмады.

Енді Рыковтың орал конференциясындағы сөзін оның осы XVI съездегі сөзімен салыстырып қараңыз. Бұл екеуінің арасы жер мен көктей. Ол онда орал конференциясымен салғыласып, «қулық жасап», айла-шарғы жасайды. Мұнда ол өзінің қателерін ашықтан-ашық, жұртқа естіртіп мойнына алуға талпынады, оңшыл оппозициядан қол үзуге талпынады және уклондарға қарсы күресте партияны қолдауға уәде береді. Мұндай өзгеріс қайдан шықты, оның себебі не? Оның себебі, сірә, оңшыл оппозицияның бұрынғы басшылары үшін партия ішінде қауіпті жағдайдың туғандығы болу керек. Сондықтан съезде: мұндай адамдарға қысым жасамасаң, олардан түк шығара алмайсың деген айқын пікірдің тууы таңырқарлық нәрсе емес. (Ж а л п ы к ү л к і. Ұ з а қ қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Орталық Комитеттің ноябрьдегі пленуміне берген өз уәдесін орындауға Углановтың мүмкіндігі болды ма? Я, болды. Мен жақында «Мосэлектрик» заводында болған партияда жоқтардың жиылысын айтып тұрмын, онда ол сөз сөйледі. Ал ол не істеді? Онда ол большевикке лайықты сөз сөйлеудің орнына, партияның бағытын жамандай бастаған. Бұл үшін оның завод ұясы тарапынан тиісті тойтарыс алғаны түсінікті.

Енді оның осы сөзін бүгін «Правдада» басылған мәлімдемесімен салыстырып қараңыз. Екеуінің арасы жер мен көктей. Бұл өзгеріске себеп не? Тағыда сол — оңшыл оппозицияның бұрынғы басшыларына қауіпті жағдайдың төнуі. Егер съезд бұдан: бұл адамдарға қысым жасамасаң, олардан түк шығара алмайсың деген белгілі қортынды жасаса, мұнда таңырқарлық не бар. (Жалпы күлкі. Қол шапалақтау.)

Немесе, мысалға, Томскийді алып қараңыз. Ол жақында Тифлисте Закавказья конференциясында болды[6]. Демек, өзінің күнәсін өтеуге мүмкіндігі болды. Ал ол не істеді? Ол ондағы өз сөзінде совхоздарға, колхоздарға, кооперацияға, мәдени революцияға және осындайлардың бәріне тоқтаған болды, бірақ басты нәрсе туралы, яғни Бүкіл Одақтық Кәсіподақ Орталық Советінде істеген өзінің оппортунистік жұмысы туралы ол бірауыз сөз айтқан жоқ. Осы да партияға алған міндеттемелерін орындаған болыпты ма! Біздің әрқайсымызға миллиондаған көздің қарап отырғанын, бұл арада ешкімді алдай алмайтынынды түсінбей, партияны алдап кеткісі келді.

Енді оның Тифлисте сөйлеген сөзін оның осы съезде сөйлеген сөзімен салыстырып қараңыз, мұнда ол Бүкіл Одақтық Кәсіподақ Орталық Советіне басшылық ету жөніндегі өзінің оппортунистік қателерін тура және ашықтан-ашық мойындады. Екеуінің арасы жер мен көктей. Бұл айырмашылықтың себебі не? Бұл да сол — оңшыл оппозицияның бұрынғы басшыларына қауіпті жағдайдың төнуі. Егер съезд өздерінің міндеттемелерін орындату үшін бұл жолдастарға айтарлықтай қысым жасауға талап етсе, оның таңыр-

қарлық несі бар. (Қол шапалақтау. Бүкіл залда жалпы күлкі.)

Съездің әлі де болса бұл жолдастарға сенімсіздік көрсетуінің көзі міне осында.

Оңшыл оппозицияның бұрынғы басшыларының мұншалық өрескіл ерсі қылықтарына себеп не?

Оңшыл оппозицияның бұрынғы басшыларының сырттан қысым жасалмайынша өз міндеттемелерін еріктерімен орындауға өткен дәуірдің ішінде ешбір талпынбауларының себебі не?

Мұның ең болмағанда екі түрлі себебі бар.

Біріншіден, олар партия бағытының дұрыстығына толық сенбей, кейбір фракциялық жұмысын ептеп жүргізумен болды, ашықтан-ашық партияға тағыда қарсы шығу үшін, аңысын аңдып, қолайлы уақыт жетуін күтті. Фракциялық жыйлыстарында бастарын қосып, партия мәселелерін талқыға салып, олар дағдыда мынадай есеп жасады: көктемге дейін күте тұрайық, бәлкім партия егіс жөнінде сүрінер, — тап сол кезде оған айтарлықтай шабуыл жасармыз. Алайда, көктем оларға ешбір пайда келтірмеді, өйткені егіс көңілдегідей болып өтті. Онда олар жаңадан есеп жасады: күзге дейін күте тұрайық, бәлкім партия астық дайындауда сүрінер, — тап сол кезде Орталық Комитетке шабуыл жасармыз. Алайда күз де олардың үмітін ақтамады, жер соқтырып кетті. Ал көктем мен күз жыл сайын қайта айналып келе беретін болғандықтан оңшыл оппозицияның бұрынғы басшылары біресе көктемнен біресе күзден үміттеніп, аңысын аңдып отыра беруден танбады. (Бүкіл залда жаппай ду күлкі.)

Партияға шабуыл жасаудың қолайлы кезеңін аңдып, маусымнан маусымға аңысын аңдып отыра берген соң, олар өз міндеттемелерін орындай алмағаны өзінен өзі түсінікті.

Ақырында, **екінші себеп.** Бұл екінші себептің мәнісі мынада болып отыр: оңшыл оппозицияның бұрынғы басшылары біздің большевиктік қарқындарымызды түсінбейді, бұл қарқындарға сенбейді, жалпы айтқанда бірте-бірте дамудың шеңберінен, өзбетіндік шеңберінен асып кететін нәрсенің бірін де қабылдамайды. Оның үстіне біздің большевиктік қарқындарымыз, дамудың қайта құрылыс дәуіріне байланысты жаңа жолдары, тап күресінің шиеленісуі және бұл шиеленісудің салдары оларды қауіптендіреді, декбірін қашырады, қорқытады, үрейлерін ұшырады. Сондықтан біздің партияның негұрлым өткір ұрандарымен байланысты нәрсенің бәрінен де олардың ат-тонын ала қашатындығы түсінікті нәрсе.

Олар Чеховтың белгілі геройы, грек тілінің мұғалімі, «қундақтаулы адам» Беликовтың ауырған ауруымен ауырады. Чеховтың «Құндақтаулы адам» дейтін әңгімесі естеріңізде бар ма? Өздеріңізге мәлім, бұл герой күннің ыстығында да, суығында да әркашан аяғына калош, үстіне мақталы пальто киіп, төбесіне зонтик ұстап жүретін болған. «Ғапу етіңіз, июль айының ішінде, күннің осынша ыстығында, сізге калош пен мақталы пальто киюдің не қажеті бар?» — деп сұрайды екен жұрт Беликовтан. Оған Беликовтың беретін жауабы: «Бір керегі болар, кім біледі, жазатайым бірдеме болып кетер, кенеттен аяз қысып кетер, онда қайтесің?» (Ж а л п ы к ү л к і. Қ о л ш а п а л а к т а у.) Жаңалықтың бәрінен, то-

ғышардың ажарсыз қалыпты тұрмысының шегінен асып кететін нәрсенің бәрінен ол чумадан жаман қорқатын болған. Жаңадан асхана ашылады екен, — Беликов қауіптене бастайды: «әрине, асхана болуы жақсы да нәрсе шығар, бірақ байқаңыздар, жазатайым бірдеме болып кетіп жүрмесін». Драма үйірмесі ұйымдастырылып, оқу үйі ашылады екен, — Беликов тағыда үрейлене бастайды: «драма үйірмесі, жаңа оқу үйі, — соның керегі не? Байқаңыздар, жазатайым бірдеме болып кетіп жүрмесін» дейді. (Жалпы күлкі.)

Оңшыл оппозицияның бұрынғы басшылары туралы да дәл осыны айту керек. Жоғары дәрежелі техникалық оқу орындарын шаруашылық халық комиссариаттарының қарауына беру жөніндегі оқиға естеріңізде бар ма? Біз Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советіне бас-аяғы екі ғана жоғары дәрежелі техникалық оқу орнын бермекші болғанбыз. Былайша алғанда, бұл бір шамалы ғана жұмыс. Ал шынында оңшыл уклонистер тарапынан біз бұл жөнде жан таласқан қарсылыққа кездестік. «Екі жоғары дәрежелі техникалық оқу орнын Халық Шаруашылығының Жоғарғы Советіне беру деген не? Бұл неге керек? Күте тұрған тәуір емес пе? Байқаңыздар, бұларыңнан жазатайым бірдеме шығып кетіп жүрмесін». Ал кәзір біздің барлық жоғары дәрежелі техникалық оқу орындарымыз шаруашылық халық комиссариаттарына берілді. Ешнәрсе ететін емес — өмір сүріп келе жатырмыз.

Немесе, мысалы, кулактарға қарсы жұмсалған ерекше шаралар туралы мәселені алып қараңыз. Бұл жөнінде оңшыл оппозиция басшыларының бізге қан-

лай байбалам салганы естеріңізде бар ма? «Кулактарга карсы ерекше шара деген немене? Бұл неге керек? Кулактар жөнінде либералдык саясат жүргізген тәуір емес пе? Байкаңыздар, бұларыңнан жазатайым бірдеме шығып кетіп жүрмесін». Ал кәзір біз кулактарды тап ретінде жою саясатын жүргізіп отырмыз, кулактарға карсы ерекше шаралар дегеніңіз бұл саясат пен салыстырғанда ойыншык болып шығады. Ешнәрсе ететін емес, — өмір сүріп келе жатырмыз.

Немесе, мысалы, колхоздар мен совхоздар туралы мәселені алайык. «Совхоздар мен колхоздар деген не? Олар неге керек? Асығып кайда барамыз? Байкаңыздар, бұл совхоздар мен колхоздарыңыздан жазатайым бірдеме шығып кетіп жүрмесін».

Тагысын-тагылар, тағы сондайлар.

Міне осы жаңалыктан коркушылык, жаңа мәселелерге жаңаша жуыса білмеушілік, осы үрейсіздік — «жазатайым бірдеме шығып кетіп жүрмесін» — күндактаулы адамның осы мінездері оңшыл оппозицияның бұрынғы басшыларының партиямен шын бірігіп кетуіне бөгет болып келеді.

Күндактаулы адамның осы мінездері оларда кыйыншылыктар кездескенде, көк жиегінде болар болмас бұлт көріне бастағанда әсіресе күлкілі түрге айналады. Бізде бір жерде бір кыйыншылык, кілтипан бола калса, — олар соның өзінде үрейлене бастайды: жазатайым бірдеме болып жүрмесе игі еді. Бір жерде бір тараканның дыбысы білініп, інінен тек басын кылтыйтса болғаны, — олар соның өзінде кейін жалт береді, үрейі ұшады, сөйтіп апат туралы, Совет өкіметінің жойылуы туралы сарнай бастайды. (Ду күлкі.)

Бұл арада әзір қауіп болғандай ешнәрсе жоқ, ол көрінген тек тарақан ғана, одан қорқу керек емес деп біз оларды жұбатып, көзін жеткізуге тырысамыз. Қайдан болсын! Олар баяғы сарнауына сала береді: «Тарақан болушыма еді? Бұл тарақан емес, мыңдаған нағыз ашынған аңдар! Бұл тарақан емес, түпсіз түңғыйық, Совет өкіметінің ажалы»... «Сөйтіп ұу-шу бола береді...» Бухарин бұл жөнінде тезистер жазады да, оларды Орталық Комитетке жібереді, сөйтіп Орталық Комитеттің саясаты елдің түбіне жетуге дейін таянды, кәзір болмағанмен, әрі кеткенде енді бір айдан кейін Совет өкіметінің жойылуы әбден ықтыймал дейді. Рыков Бухариннің тезистеріне қосылады, бірақ та оның Бухаринмен зор келіспейтін жері бар екенін ескертеді, ол жері мынау: Совет өкіметі, оның ойынша, бір айдан кейін емес, бір ай екі күн дегенде жойылады. (Жалпы күлкі.) Томский Бухарин мен Рыковке қосылады, бірақ бұлардың тезистерсіз әрекет істей алмағандығына, түбінде жауап беруге тура келетін документсіз әрекет істей алмағандығына наразы болады: «Мен сіздерге сан рет айттым ғой, — не тілесеңіздер соны істеңіздер, бірақ документ қалдырмаңыздар, із қалдырмаңыздар» дедім ғой дейді. (Бүкіл залда қатты күлкі. Ұзақ қол шапалақтау.)

Рас, сонсын, бір жыл өткеннен кейін, тарақан қаупінің түкке тұрмайтындығына әрбір ахмақтың да көзі жететіндей болғаннан кейін, оңшыл уклонистер естерін жыя бастайды және батырланып, ешқандай тараканнан да қорықпаймыз, ал оның үстіне — мына тараканның өзі әлсіз, кеудіреген тарақан екен ғой деп тіпті мақтанудан да аулақ емес. (Күлкі. Қол ша-

палақтау.) Бірақ бұл бір жыл өткеннен кейін. Ал оған дейін — бұл әуре-сарсаңдармен әлектене тұру керек болар...

Міне, жолдастар, оңшыл оппозицияның бұрынғы басшыларының партия басшылығының негізгі ұйтқысына жуық келіп, онымен әбден қосылып кетуіне бөгет болып жүрген жағдайлар осылар.

Енді істі түзеуге қалай көмектесуге болады?

Бұған бір ғана шара бар: өткендегінің барлығынан біржола қол үзу, жаңаша қайта қарулану, сөйтіп дамудың большевиктік қарқыны үшін күресте және оңшыл уклонға қарсы күресте біздің партияның Орталық Комитетімен қосылып бірге болу.

Бұдан басқа шара жоқ.

Оңшыл оппозицияның бұрынғы басшылары мұны істей алады екен, — жақсы. Істей алмайды екен, — онда өз обалдары өздеріне. (Бүкіл залда ұзақ қол шапалақтау. Овация. Жұрттың бәрі тұрып, «Интернационалды» айтады.)

«Правда» № 181,
3 июль, 1930 ж.

ШАТУНОВСКИЙ ЖОЛДАСҚА ХАТ

Шатуновский жолдас!

Сіздің бірінші хатыңыз (Либкнехт туралы) есімде жоқ. Екінші хатты (сын туралы) оқыдым. Әрине, сын керек те, міндетті де, бірақ бір шарт керек: сын пайдасыз болмау керек. Амал не, Сіздің сыныңызды пайдалы деуге болмайды. Сіздің сыныңызды пункттері бойынша алайын:

1) Революцияға дейін жерді **тек** кулактар сатып алды деу дұрыс емес. Шындығында жерді кулактар да, **орташалар** да сатып алды. Егер жерді сатып алып келген шаруалар шаруашылықтарын алып, оларды әлеуметтік топтар бойынша бөлетін болсақ, онда шаруашылықтардың саны кулактар жағынан гөрі орташалар жағында көп болып шығады; ал егер мәселені сатып алынған жердің көлемі тұрғысынан алып қарайтын болсақ, онда кулактар жағы басып кетеді. Мен өзімнің сөзімде[7], әрине, орташаларды айттым.

2) Басбұзарлардың Ленин позициясына шегінуі туралы сөз басбұзарлардың өз қателерінен бастартуы туралы басқаша айтылған пікір деген сөз. Меніңше,

бұл айқын да, түсінікті де. Сіздің бұл жөніндегі «сыный» ескертуіңіз тура қызық.

3) Сіздің қара бидайды шошқаның жеміне айналдыру жөніндегі сөзіңіз де дұрыс емес. Мен қара бидайдың шошқа үшін де жарамды екендігі туралы әңгіме етіп отырғаным жоқ. Менде әңгіме қара бидайдың **артық өндірілуінің кризисі туралы**[8], қара бидай егілетін жерді кеңейтуді пайдасыз ететін және қара бидайды шошқаны семірту үшін ғана жарамды ететін химиялық тәсілмен қара бидайды бүлдіруге (бағалардың ара салмағы үшін) капиталистерді мәжбүр ететін кризис туралы болып отыр (мұндай қара бидай адам ішу үшін жарамсыз). Сіз осы «ұсақ-түйекті» қалай байқамай қалдыңыз?

4) Сіздің капитализмнің **өсуін** бейне болдырмайтын капитализмнің **іріп-шіруі** жөнінде айтқаныңыз әлгіден де гөрі дұрыс емес. Ильичтің «Империализмін»[9] оқыңыз, сонда бір салаларда, не елдерде капитализмнің **іріп-шіруі** басқа салаларда, не елдерде капитализмнің **өсуін** болдырмайды емес, қайта көздейтінін түсінесіз. Сіз Лениннен осы «ұсақ-түйекті» қалай байқамай қалдыңыз? Сынай беріңіз, бірақ Ленин көзқарасынан алып сынаңыз, өз сыныңыз нәтижелі болсын десеңіз, тек осы көзқарастан алып сынаңыз.

5) Сіздің біздің елді «отар елдер типтес» ел деп бағалауыңыз да дұрыс емес. Отар елдер негізінен капитализмге **дейінгі** елдер болып табылады. Ал біздің еліміз капитализмнен **кейінгі** ел болып табылады. Бірінші елдер ілгері дамыған капитализмге дейін өскен жоқ. Екінші ел ілгері дамыған капитализмнен

асып түсті. Бұлар принцип жағынан түрліше екі тип. Осы «ұсақ-түйек» туралы қалай ұмытуға болады, сыншы жолдас?

6) Сіз Сталиннің пікірі бойынша жаңа шаруашылық кадрлары техника жөнінен ескі кадрлардан гөрі анағұрлым тәжрибелі болуға тиіс деп таңыркайсыз[10]. Неге? деген сұрақ туады. Біздегі ескі шаруашылық кадрлары қайта қалпына келтіру дәуірінде, техника жағынан артта қалған және осының нәтижесінде үлкен техникалық тәжрибе бермейтін ескі заводтардың жұмыс істеуі дәуірінде өскендігі рас емес пе? Қайта құрылыс дәуірінде, іске кәзіргі жаңа техника енгізілген кезде техникаға жетік жаңа кадрларға көбінесе орын босатып, ескі шаруашылық кадрларының жаңаша қайта үйренуіне тура келетіні рас емес пе? Сіз ескі заводтардың жұмыс істеуі мен оларды жұмысқа қосу кезінде өскен ескі шаруашылық кадрларының жаңа техника алдында ғана емес, оның үстіне біздің жаңа қарқындарымыз алдында да көбіне тура сасқалақтап қалатындығын шынымен бекер дейсіз бе?

7) Мен Сіздің хатыңыздың соншалық қате болғанымен қатар мейлінше ұсақ және түкке керексіз басқа пункттеріне тоқталмаймын.

8) Сіз өзіңіздің маған «шын берілгендігіңіз» туралы әңгіме етесіз. Мүмкін мұның өзі ауыздан байқаусызда шығып кеткін сөз болар. Мүмкін... Ал егер бұл байқаусызда шығып кеткен сөз болмаса, онда мен Сізге жеке адамдарға шын берілгендік «принципін» тастауға кеңес берер ем. Бұл большевиктік емес. Жұмысшы табына, оның партиясына, оның мемлекетіне

Ал Сіз мұның бәрі туралы ұмытып, пролетариат пен кулактар арасындағы қайшылықтар туралы, яғни байланыс шеңберлерінен тыс, кулактарды тап ретінде жоймай тұрғанда өсіп, шиеленісе беретін қайшылықтар туралы әңгіме етесіз.

Олай болса, Сіз екі түрлі нәрсені шатастырғансыз. Пролетариат пен еңбекшілердің негізгі бұқарасы арасындағы қайшылықтарды пролетариат пен кулактар арасындағы қайшылықтармен шатастырғансыз.

Түсінікті ме? Менімше, түсінікті болар.

Коммунистік сәлеммен ***И. Сталин***

Ноябрь, 1930 ж.

Ч — е жолдас!

1. Сіз өзіңіздің бірінші хатыңызда «қайшылықтар» деген сөзді **пайдаланып,** байланыстан тыс қайшылықтарды (яғни пролетариат диктатурасы мен елдің капиталистік элементтері арасындағы қайшылықтарды) байланыс ішіндегі қайшылықтармен (яғни пролетариат пен шаруалардың негізгі бұқарасы арасындағы қайшылықтармен) бірге **бір жерге үйіп төктіңіз.** Егер Сіз партияның троцкистермен таластарының негіздерін түсінуге еңбектенген болсаңыз, онда Сіз марксистер үшін осы лайықсыз ойынды жасамаған болар едіңіз. Троцкистер бізге былай деген-ді:

а) орта шаруалар мен жұмысшы табының арасындағы қайшылықтарды сіздер **ретке сала алмайсыздар,** егер жеңімпаз дүниежүзілік революция көмекке

келіп үлгірмесе, орташа мен жұмысшы табы тартысып қалады, сөйтіп байланыс жойылады;

б) капиталистік элементтерді сіздер **жеңе алмайсыздар**, егер жеңімпаз дүниежүзілік революция көмекке келіп үлгірмесе, сіздер жеке өз күштеріңізбен социализм құра алмайсыздар, сондықтан термидор сөзсіз болады.

Жұртқа мәлім, бұл екі мәселе жөнінде де троцкистер жеңіліп қалды. Бірақ Сіз біздердің троцкистермен таластарымыз жөнінде ойлауды ескермегенсіз. Сондықтан мен өзімнің жауабымда Сіздің «қайшылықтар» деген сөзді пайдаланып отырғаныңызды әшкерелеуге мәжбүр болдым және екі түрлі қайшылықты бір жерге үйіп төгуге болмайтындығын ескерттім.

Ал Сіз бұған қалай жауап бердіңіз?

2. Өз қатеңізді адал мойындаудың орнына, Сіз мәселені «дипломатиялықпен» орағытып өтіп, «қайшылықтар» деген сөзді пайдаланудан «**ішкі** қайшылықтар» деген сөздерді пайдалануға көштіңіз, сөйтіп байланыс ішіндегі қайшылықтарды ел ішіндегі қайшылықтармен, пролетариат диктатурасы мен капитализм арасындағы қайшылықтармен бір жерге үйіп төктіңіз. Яғни Сіз қатеңіздің түрін ғана өзгертіп, «байқаусыз түрде» өз қатеңізге қайта оралдыңыз. Екі түрлі қайшылықты бір жерге үйіп төгу және мәселені «дипломатиялықпен» бүркемелеу троцкистік-зиновьевтік ой-пікірдің ерекше бір белгісі болып табылатынын жасыра алмаймын. Мен Сізді осы ауруға шалдыққан деп ойлаған жоқ едім. Енді бұл туралы да ойлауға тура келіп отыр.

Тағы қандай ойынға басатыныңыз белгісіз болғандықтан, ал менің күнделікті жұмыс дегенің басымнан

асып жатқандықтан, сондықтан менің ойын үшін уақтым жоқ, олай болса Сізбен қоштасуға рұқсат етіңіз, Ч. жолдас.

И. Сталин

7 декабрь, 1930 ж.

Бірінші рет басылып отыр

ДЕМЬЯН БЕДНЫЙ ЖОЛДАСҚА

(Хаттан үзінділер)

Сіздің 8. XII хатыңызды алдым. Сізге, тәрізі, менің жауабым керек қой. Жарайды, ойлағаныңыз-ақ болсын.

Ең алдымен Сіздің кейбір ұсақ және быңсық сөздеріңіз бен оспақтарыңыз туралы. Егер бұлар, бұл жағымсыз «ұсақ-түйектер», кездейсоқ нәрсе болса, оларды елемей кетуге болар еді. Бірақ бұлардың көптігі сонша және бұлардың баттыйып «быжып жатқаны» сонша, олар Сіздің бүкіл хатыңыздың арқау-сарыны болып отыр. Ал арқау-сарын, жұртқа мәлім, музыка тудырады.

Сіз Орталық Комитеттің қаулысын «тұзақ» деп, «маған (яғни Өзіңізге) апат сағаты келгендігінің» белгісі деп бағалайсыз. Неге, не себепті? ОҚ қаулысының мәніне ой жіберіп, өз қателерін түзетудің орнына, ол қаулыны «тұзақ» деп танып, түрлі саққа жүгіртетін коммунисті қалай атау керек?..

Мақтау керек болған кезде ОҚ Сізді ондаған рет мақтаған да. Біздің партиядағы кейбір топтар мен жолдастардың шабуылдарынан ОҚ Сізді ондаған рет (ептеген сүйеушілік те жоқ емес!) қорғаған да. Жеке

кателері үшін де ОК ондаған ақындар мен жазушыларды сынаған да. Сіз осының бәрін түсінікті және сыйымды деп санағансыз. Ал енді ОК Сіздің кателеріңізді сынауға мәжбүр болған кезде, Сіз дереу қорс ете қалдыңыз, «тұзак» деп ойбай салдыңыз. Не себепті? Мүмкін, ОК Сіздің кателеріңізді сынауға праволы емес шығар? Мүмкін, ОК-ның қаулысы Сізге жүрмейтін шығар? Мүмкін, сіздің өлеңдеріңіз сынбіткеннен артық болар? Сіз өзіңіздің бір қолайсыз, «даңдайсу» деп аталатын, науқасқа шалдыққаныңызды аңғармай жүрген жоқсыз ба? Көбірек кішіпейіл болғайсыз, Демьян жолдас...

Сіздің кателеріңіздің мәні неде? Ол мынада: ССРО-ның өмірі мен тұрмысының кемшіліктерін сынау, әуелде Өзіңіз мейлінше дәл және шебер өрістеткендей, міндетті де, кажетті де сынау Сізді шектен тыс еліктіріп әкетті, сөйтіп Сізді екілендіріп алып, Сіздің шығармаларыңызда ССРО-ға, оның өткендегісіне, оның кәзіргісіне жапқан жалаға ұласа бастады. Сіздің «Түс пештен» және «Аяусыз» дегендеріңіз осындай. ж. Молотовтың айтуымен мен бүгін оқып шыққан, Сіздің «Перерва» дегеніңіз де осындай.

Сіз «Түс пештен» фельетонын ж. Молотов мақтады дейсіз. Өте ықтимал. Бұл фельетонды мен, мүмкін, ж. Молотовтан кем мақтамаған болармын, өйткені оның (баска да фельетондарың сыякты) нысанаға дөп тиетін, бірсыпыра оңды жерлері бар. Бірақ онда барлық нәрсені бүлдіріп, тегіс «Перерваға» айналдырып тұрған бірқасық карамай да бар. Мәселө міне осында жатыр, бұл фельетондардың ішіндегі музыканың арқау-сарыны міне осындай.

Өзіңіз ойлап көріңізші.

Революциялык қозғалыстың кіндігі Батыс Европадан Россияға көшкенін қазір бүкіл дүние жүзі мойындап отыр. Барлық елдердің революционерлері ССРО-ға, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің азаттық күресінің ошағы деп, үмітпен қарасады, оны өздерінің бірден-бір отаны тұтады. Барлық елдердің революцияшыл жұмысшылары совет жұмысшы табына, ең алдымен, совет жұмысшыларының авангарды болып отырған **орыс** жұмысшы табына жұрт таныған өзіміздің көсеміміз деп бірауыздан қол шапалақтап құрмет көрсетеді, өйткені бұл тап өзге елдердің пролетарларының жүзеге асыруды бұрын-соңды арман еткен ең революцияшыл және ең қажырлы саясатын жүзеге асыруда. Барлық елдердің революцияшыл жұмысшыларының басшылары Россия жұмысшы табының сабақ боларлық тарихын, ол таптың өткен өмірін, Россияның өткен өмірін бар ынтасымен зерттейді; реакциялық Россиядан баска тағыда революциялык Россия, Радищевтер мен Чернышевскийлердің, Желябовтар мен Ульяновтардың, Халтуриндер мен Алексеевтердің Россиясы болғанын біледі. Осының бәрі орыс жұмысшыларының жүрегінде тау төңкере алатын, керемет істер істей алатын революциялық ұлттык мақтаныш сезімін туғызады (туғызбай тұра алмайды!)

Ал сіз ше? Революция тарихындағы бұл аса зор процесті байыптап, озат пролетариат жыршысы міндеттерінің өресіне көтерілудің орнына, қайдағыбір ойпаңға кеттіңіз, сөйтіп Карамзин шығармаларының жадағай-жасық цитаттары мен дәмсіз-сырдаңдығы одан кем түспейтін «Домострой» нақылдарының арасында шатылып калып, Россия бұрын ірік-шірік пен

панасыздықтың адыра қалған қуысы болатын еді, ал кəзіргі Россия түгелдей «Перерва» болып табылады; «жалқаулық» пен «пеш үстінде отыруға» тырысу жалпы алғанда орыстардың, ал олай болса — Октябрь революциясын жасағаннан кейін, əрине, орыс болуын қоймаған, орыс жұмысшыларының да, ұлттық дерлік қасиеті болып табылады деп, бүкіл дүниеге жар сала бастадыңыз. Ал осыны да Сіз большевиктік сын деп атайсыз-ау! Жоқ, аса құрметті ж. Демьян, бұл — большевиктік сын емес, біздің халқымызға **жала жабу, СССР-ның абыройын төгу**, СССР пролетариатының **абыройын төгу**, орыс пролетариатының **абыройын төгу.**

Осыдан кейін де Сіз ОК үндемей отырса дейсіз ғой! Біздің ОК-ні Сіз кім деп жүрсіз?

Осыдан кейін де Сіз менің «істеген ісіме мейіріммен» қарайды екен деп, мен Сізге үндемеуім керек екен! Сіз қаншалық аңқау едіңіз жəне большевиктерді Сіз осыншалық аз білетін едіңіз...

Мүмкін, Сіз, «сауатты адамсыз» ғой, Лениннің мына сөздеріне құлақ қоюдан қашпассыз:

«Бізге, великорус саналы пролетарларына, ұлттық мақтаныш сезімі жат па екен? Əрине, жоқ! Біз өз тілімізді жəне өз отанымызды сүйеміз, біз оның еңбекші бұқарасын (яғни оның халқының $^9/_{10}$) демократтар мен социалистердің саналы өміріне шейін көтеруге бəрінен көп еңбек сіңіріп жүрміз. Өзіміздің аяулы отанымызды патша жендеттері, дворяндар мен капиталистер қандай зорлық-зомбылыққа, қысым мен қорлыққа ұшыратып жатқандарын көріп-біліп отыру бізге барлығынан да қаттырақ батады. Бұл зорлық-зомбылықтарға қарсы өз ортамыздан, великорустар ортасынан, талай қарсылықтар туғанын, осы ортаның Радищевті, декабристерді, 70-жылдардағы əртекті революционерлерді шығарғандығын, великорус жұмысшы табы 1905 жылы бұқараның қуатты революциялық партиясын жаса-

ғандығын, сонымен қатар великорус мужиктің демократ бола бастағандығын, поп пен помещикті құлата бастағандығын біз мақтан етеміз. Бұдан жарты ғасыр бұрын великорус демократы Чернышевский, революция ісіне өз өмірін бере отырып: «Сорлы ұлт, құлдардың ұлты жоғарыдан төменге дейін өңкей құлдар» деп айтқаны біздің есімізде. Ашық және астыртын великорос құлдар (патша монархиясына қарағанда құлдар) бұл сөздерді еске түсіре беруді жақтырмайды. Бірақ, біздіңше, мұның өзі отанға деген нағыз махаббаттың, великорус халқының бұқарасы ішінде революцияшылдықтың болмағандығы салдарынан уайым жеген махаббаттың, сөздері еді. Ол кезде революцияшылдық болмаған еді. Қазірде де ол аз, бірақ ол бар. Бізде ұлттық мақтаныш сезімі толы, өйткені великорус ұлты да революцияшыл тапты туғызды, бұл ұлт бостандық үшін, социализм үшін күрестің ұлы үлгілерін адамзатқа беруге қабілетті екендігін де іс жүзінде көрсетті, демек, великорус ұлтының ісі тек қана ұлы қырғындардан, самсаған дарлар мен зындандардан, ұлы ашаршылықтардан және поптар мен патшалардың, помещиктер мен капиталистердің алдында барынша құлшылық етуден құралған емес» (қараңыз: **Ленин.** «Великоростардың ұлттық мақтанышы туралы»)[12].

Ленин, дүние жүзіндегі ең ұлы интернационалист, великоростардың ұлттық мақтанышы туралы міне **осылай** айта білген.

Оның **осылай** айтқан себебі, ол мынаны айқын білген:

«Великоростардың ұлттық мақтанышының мүддесі (құлшылық мағнада түсінілген емес) великорус (және барлық басқа) пролетарларының **социалистік** мүддесімен **үйлеседі»** (мұны да содан қараңыз)[13].

Лениннің айқын және батыл «программасы» міне осындай.

Ол, осы «программа», өз жұмысшы табымен, өз халқымен тығыз байланысқан революционерлер үшін әбден түсінікті және табиғи нәрсе.

Ол өз жұмысшы табымен, өз халқымен байланысы жоқ және байланысы бола да алмайтын Лелевич тектес азғындар үшін түсініксіз де, табиғи емес те.

Лениннің осы революциялық «программасын» Сіздің соңғы фельетондарыңызда орын алып отырған дертті беталыспен келістіру мүмкін бе?

Амал не, мүмкін емес. Мүмкін емес, өйткені олардың арасында ешқандай байланыс жоқ.

Істің мәні міне осында, Сіздің түсінгіңіз келмей жүрген нәрселер міне осылар.

Демек, Сіз **ештеңеге қарамастан,** баяғы, лениндік жолға бұрылуыңыз керек.

Істің мәні міне осында, ал тіпті де Демьянды «шеттеткілері» келеді-мыс, Демьянды «ендігәрі баспайтын болыпты-мыс» десіп, т. т. соғып, қорыққанынан былшылдап жүрген су-жүрек интеллигенттің мағнасыз шағынуында емес.

И. Сталин

12 декабрь, 1930 ж.

Бірінші рет басылып отыр

АНТИСЕМИТИЗМ ТУРАЛЫ

Америкадағы Еврей телеграф агенттігінің сұратпасына жауап

Сіздің сұратпаңызға жауап беремін.

Ұлттық және нәсілдік шовинизм кәдімгі каннибализм кезеңіне тән, адамды жеккөргіш әдет-салттардың қалдығы. Антисемитизм, нәсілдік шовинизмнің нағыз ұшыққан түрі болғандықтан, каннибализмнің ең қауіпті қалдығы болып табылады.

Антисемитизм эксплоататорларға пайдалы, жайтартқыш сиякты, еңбекшілер соққысының астынан капитализмді аман алып қалып отырады. Антисемитизм еңбекшілер үшін қатерлі, жалған-жаңсақ соқпақ сиякты, оларды дұрыс жолдан жаңылдырып, жыныс-жыңғылға әкеп соғады. Сондықтан коммунистер, дәйекті интернационалистер болғандықтан, антисемитизмге бітіспес, атажауы болмай тұра алмайды.

ССРО-да антисемитизмді, Совет құрылысына қаны қас құбылыс ретінде, заң мейлінше қатты қудалайды. Белсенді антисемиттер ССРО зандары бойынша өлім жазасына тартылады.

И. Сталин

12 январь, 1931 ж.

Бірінші рет «Правда» газетінің 329-номерінде жарияланған; 30 ноябрь, 1936 ж

ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ

Социалистік өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық бірінші конференциясында[14] сөйленген сөз

4 февраль, 1931 ж.

Жолдастар! Конференцияңыз жұмысын аяқтап келеді. Қәзір сіздер қарарлар қабылдамақсыздар. Ол қарарларыңыздың бірауыздан қабыл алынарына шегім жоқ. Бұл қарарларыңызбен азырақ таныспын; қарарларыңызда сіздер өнеркәсіптің 1931 жылғы мөлшер цифрларын мақұлдап, соларды орындауды міндетке алып отырсыздар.

Большевик сөзі — шын сөз. Большевиктер берген уәделерін орындауға дағдыланған. Ал 1931 жылдың мөлшер цифрларын орындауды міндетке алу деген не? Бұл — өнеркәсіптің жалпы өнімін 45% арттыру деген сөз. Ал бұл — өте үлкен міндет. Ол ол ма. Мұндай міндеттеме алу — біздің бесжылдықты 4 жылда орындауға уәде беру ғана емес, — ол шешілген мәселе және бұл жерде ешқандай қарар шығарудың енді керегі жоқ, — **мұның мәнісі: сіздер өнеркәсіптің негізгі, шешуші тарауларында бесжылдықты 3 жылда орындауға уәде беріп отырсыздар.**

Конференцияның 1931 жылдың жоспарын орындауға, бесжылдықты үш жылда орындауға уәде бергені жақсы іс. Бірақ біздің «ауыз күйген» тәжрибеміз де бар. Біз уәденің кейде орындалмайтындығын да білеміз. 1930 жылдың басында да жылдық жоспарды орындауға осындай уәде берілген еді. Ол кезде өнеркәсібіміздің өнімін 31—32% арттыру керек болған еді. Бірақ ол уәде толық орындала қоймады. Өнеркәсіп өнімі 1930 жылы іс жүзінде 25% артты. Сол жағдай быйыл да қайталанбас па екен? деген сұрақ қоюымыз керек. Қазір өнеркәсібіміздің басшылары, қызметкерлері өнеркәсіп өнімін 1931 жылы 45% арттыруға уәде беріп отыр. Ал уәденің орындалуына қандай кепіліміз бар?

Мөлшер цифрларды орындау үшін, өнімді 45% арттыру үшін, бесжылдықты 4 жылда емес, өнеркәсіптің негізгі, шешуші тарауларында 3 жылда орындау үшін не керек?

Бұл үшін негізгі екі шарт керек.

Біріншіден, осыған сай нақтылы яки, біздегі жұрттың айтуынша, «объективтік» мүмкіндіктер болу керек.

Екіншіден, бұл мүмкіндіктерді іс жүзіне асырарлықтай етіп кәсіпорындарымызды басқара білу керек, соған ынта болу керек. Жоспарды толық орындау үшін бізде былтырғы жылы мұндай «объективтік» мүмкіндіктер болды ма? Я, болды. Бұған даусыз фактылар дәлел бола алады. Бұл фактылар мынау: былтырғы жылы март, апрель ішінде өнеркәсіптің өнімі алдыңғы жылмен салыстырғанда 31% артты. Бірақ мынадай сұрақ туады: бүкіл жылдық жоспарды біз неліктен орындай алмадық? Не бөгет болды? Не

жетпеді? **Қолдағы мүмкіндіктерді пайдалана білу жағы жеткіліксіз болды. Заводтарды, фабрикаларды, шахталарды дұрыс басқара білу жағы жеткіліксіз болды.**

Бізде бірінші шарт: жоспарды орындауға керекті «объективтік» мүмкіндіктер болды. Бірақ бізде екінші шарт: өндіріске басшылық ете білу жеткілікті болған жоқ. Нақ кәсіпорындарға басшылық ете білу жеткіліксіз болғандықтан, — нақ осы себептен жоспар орындалмай қалды. Өнімді 31—32% арттырудың орнына біз тек 25% қана арттырдық.

Әрине, өнімнің 25% **артуының** өзі де үлкен іс. Капиталистік елдердің еш бірінде өнеркәсіптің өнімі 1930 жылы да, кәзірде де **артқан** емес. Капиталистік елдердің барлығында да өндіріс мықтап **кері кетіп** келді. Осындай жағдайларда өнеркәсіп өнімінің 25% **артқаны** — үлкен ілгері басқандық. Бірақ бұдан да көбірек арттыру қолымыздан келетін еді. Бізде бұған керекті «объективтік» мүмкіндіктердің бәрі де бар еді.

Сөйтіп, быйыл да былтырғы кептің болмауына, жоспардың толық орындалуына, қолдағы мүмкіндікті ойдағыдай пайдаға асыруымызға, уәделеріңіздің бірсыпыралары қағаз бетінде қалмауына қандай кепілдік бар?

Мемлекеттердің тарихында, елдердің тарихында, армиялардың тарихында табысқа жетуге, жеңіске жетуге барлық мүмкіндіктер бола тұрып, ол мүмкіндіктердің босқа қалып жүрген кездері болған, себебі — басшылар ол мүмкіндіктерді байқамаған, ол мүмкіндіктерді пайдалана білмеген, осыдан келіп армиялар жеңіліп жүрген.

1931 жылдың мөлшер цифрларын орындауға керекті барлық мүмкіндік бізде бар ма?

Я, ондай мүмкіндіктер бізде бар.

Ол мүмкіндіктер қандай, ол мүмкіндіктерді нақты іске айналдыру үшін не істеу керек?

Ең алдымен елімізде **табиғат байлығы:** темір кені, көмір, мұнай, астық, мақта жеткілікті болу керек. Бұлар бізде бар ма? Бар. Бар болғанда — басқа елдердің қай-қайсысындағыдан болса да көп. Басқа елдердің бірде-біреуінде кездеспейтін неше түрлі байлықтардың ордасы — Оралды алып қарайық. Оралда жоқ байлық бар ма? Кен, көмір, мұнай, астық — бәрі сонда! Біздің елімізде каучуктан басқа байлықтың бәрі бар. Ал бір-екі жылдан кейін қарамағымызда каучугіміз де болады. Бұл жағынан, табиғат байлықтары жағынан, біз толық қамтамасыз етілгенбіз. Бұлар бізде тіпті керегімізден де көп.

Тағы не керек?

Бұл орасан зор табиғат байлықтарын **халықтың** пайдасына жаратуға ниеті мен күші бар **өкімет болуы** керек. Мұндай өкімет бізде бар ма? Бар. Рас, табиғат байлығын пайдаға асыру жөніндегі жұмысымызда өз қызметкерлеріміздің арасында талас-тартыс болмай тұрмайды. Мысалы: көмір-металл кәсібінің екінші базасын құру мәселесі жөнінде былтыр Совет өкіметінің бірсыпыра күрес жүргізуіне тура келді, ал осы екінші базаны құрмай тұрып, біз енді ілгері баса алмаймыз. Бірақ біз бұл кедергілерді жеңдік. Көп ұзамай бізде бұл база құрылады.

Тағы не керек?

Тағы бір керегі — бұл өкімет жұмысшылар мен шаруалардың миллиондаған бұқарасының **қолдауына**

сүйенетін болуы керек. Біздің өкіметті қалың бұқара қолдап отыр ма? Я, қолдап отыр. Бүкіл дүние жүзінде жұмысшылар мен шаруалар қолдап отырған Совет өкіметіндей ешбір өкімет таба алмайсыз. Социалистік жарыстың өсу фактыларын, екпінділіктің өсу фактыларын, үдетпелі өнеркәсіп-финансы жоспары жолындағы күрес науқанын айтып жатпаймын. Миллиондаған бұқараның Совет өкіметін қолдайтындығын айқын көрсететін бұл фактылардың барлығы да жұрттың бәріне мәлім.

1931 жылдың мөлшер цифрларын толығымен, асыра орындау үшін тағы не керек?

Тағы керегі — капитализмнің ем қонбайтын derттерінен аман, капитализмнен үздік артықшылықтары бар **құрылыс** болуы керек. Капитализмнің ем қонбайтын дерттері — дағдарыс, жұмыссыздық, ысырапшылық, қалың бұқараның қайыршылығы. Біздің құрылысымыз мұндай аурулардан аман, өйткені өкімет біздің қолымызда, жұмысшы табының қолында, өйткені біз шаруашылықты жоспармен жүргіземіз, жоспармен қор жиып, ол қорды халық шаруашылығының тарауларына дұрыстап бөліп отырамыз. Біз капитализмнің ем қонбайтын ауруларынан аманбыз. Біздің өзгешелігіміз осында, капитализмнен үлкен артықшылығымыз осында.

Капиталистердің экономикалық дағдарыстан қалай құтылғысы келетіндігіне қарап көріңіздерші. Олар жұмысшылардың жалақысын мейлінше кемітеді. Олар шикізаттың бағасын мейлінше кемітеді. Бірақ олар көпшілік тұтынатын өнеркәсіп және азық-түлік товарларының бағасын жөнді кеміткісі келмейді. Мұның мәнісі — олар дағдарыстан товардың негізгі тұтыну-

шылары есебінен, жұмысшылар есебінен, шаруалар есебінен, еңбекшілер есебінен құтылғысы келеді. Капиталистер өздері отырған бұтақты өздері шабады. Сонымен дағдарыстан құтылудың орнына дағдарыс ұлғая түседі, онан сайын сұрапыл жаңа дағдарысқа апаратын жаңа алғышарттар көбейе береді.

Біздің артықшылығымыз — бізде асыра өндіру дағдарыстары жоқ, бізде миллиондаған жұмыссыздар жоқ, болмайды да, біздің өндірісте анархия жоқ, өйткені біз шаруашылықты жоспармен жүргіземіз. Бұл ғана емес. Біздің ел — өнеркәсібі ең шоғырланған ел. Мұның мәнісі — біз өзіміздің өнеркәсібімізді ең жақсы техника негізінде құра аламыз және осының арқасында еңбек өнімділігінің орасан артуын, қор жыйнау қарқынының орасан үдетілуін қамтамасыз ете аламыз. Өткендегі бір әлсіз жеріміз — өнеркәсібіміз бытыраңқы, ұсақ шаруалар шаруашылығына сүйенуші еді. Бірақ бұрын солай **болған еді.** Қазір олай емес. Күні ертең, мүмкін, бір жылдан кейін, біздің еліміз дүние жүзіндегі ең ірі ауыл шаруашылығы бар ел болады. Быйылғы жылдың өзінде-ақ біздегі бүкіл товарлы астықтың тең жартысын совхоздар мен колхоздар берді, ал олар ірі шаруашылықтың формалары болып табылады. Ал мұның мәнісі — біздің құрылыс, Совет құрылысы, бізге тез ілгері басуға мол мүмкіндіктер беріп отыр, мұндай мүмкіндіктер ешбір буржуазиялық елдің ойына да кіріп шықпайды.

Екпінді қарқынмен алға басу үшін тағы не керек?

Жұмысшы табының барлық маңдайалды адамдарының күшін **бір бағытқа** жұмсап отыруға топтасқандығы, бірлігі жеткілікті, қыйыншылықтардан қаймықпай, дұрыс, революцияшыл, большевиктік саясатты

үнемі іске асырып отыруға тәжрибесі жеткілікті **партияның** болуы керек. Бізде мұндай партия бар ма? Я, бар. Оның саясаты дұрыс па? Я, дұрыс, өйткені ол саясат үлкен табыстарға жеткізіп отыр. Мұны қазір жұмысшы табының достары түгіл, дұшпандары да мойындап отыр. Жұрттың бәріне аян Америкадағы Фиш, Англиядағы Черчилль, Франциядағы Пуанкаре сықылды «қадірлі» мырзалардың біздің партиямызға қарсы қалай ұлығанын, қалай шыңғырғанын, көріңізші. Олар неге ұлиды, неге шыңғырады? Себебі — біздің партияның саясаты дұрыс, себебі — партиямыздың саясаты табыстан табысқа жеткізіп отыр.

Міне, жолдастар, 1931 жылдың мөлшер цифрларын іс жүзіне асыруымызға жеңілдік беретін, бесжылдықты 4 жылда, ал шешуші тарауларда тіпті 3 жылда орындауымызға жәрдемдесетін объективтік мүмкіндіктердің бәрі міне осылар.

Сонымен, жоспарды орындауға керекті бірінші шарт — «объективтік» мүмкіндіктер — бізде бар.

Ал бізде екінші шарт — бұл мүмкіндіктерді пайдалана білу бар ма?

Басқаша айтқанда: фабрикаларға, заводтарға, шахталарға шаруашылық жағынан дұрыс басшылық етіп отырмыз ба? Бұл жөнде кемшілігіміз жоқ па?

Амал не, бұл жөнде кемшілігіміз бар. Біз, большевиктер, мұны тура, ашық айтуымыз керек.

Өндіріске басшылық ету деген не? Бізде кәсіпорындарға басшылық ету мәселесіне большевикше қарайтындар әрдайым бола бермейді. Бізде басшылық ету — қағазға, бұйрыққа қол қойып отыру деп ойлайтындар сирек емес. Бұл күйінішті нәрсе, бірақ бұл факт. Кейде Щедриннің помпадурлары еріксіз

есіне түседі. Естеріңізде шығар, помпадурдың әйелі жас помпадурга ақыл айтатын: ғылыммен басыңды қатырып әуреленбе, істің байыбына барма, муны басқалар-ақ істесін, ол сенің жұмысың емес, — сенің жұмысың қағазға қол қою — дейтін. Ұят болса да мойындау керек: біздің большевиктердің арасында да қағазға қол қоюмен басшылық етіп жүргендер аз емес. Мұндайлар істің байыбына бару, техниканы меңгеру, істің иесі болу жағына баспайды.

Үш революцияны бірдей қолымыздан өткізген, қатаң азамат соғысында жеңіп шыққан, қәзіргі замандағы өнеркәсіпті құру сықылды өте ірі міндетті орындаған, шаруаларды социализм жолына түсірген біз — большевиктер өндірісті басқару жағына келгенде қалайша қағазға көніп қалдық?

Оның себебі — қағазға қол қою өндіріске басшылық етуден жеңіл. Сөйтіп, шаруашылық қызметкерлерінің бірсыпырасы осы жолмен — жеңілдің асты, ауырдың үстімен кетті. Бұған бір жағынан, біздің орталық та кінәлі. Мұнан он жыл бұрын мынадай ұран көтерілген еді: «коммунистер өндіріс техникасына әлі жөнді түсінбей отырғандықтан, коммунистер шаруашылықты басқаруды әлі үйренуі керек болғандықтан, өндірісті ескі техниктер мен инженерлер, мамандар жүргізсін, ал сіздер, коммунистер, істің техника жағына араласпаңдар, бірақ араласпағанмен, техниканы үйренетін болыңдар, өндірісті басқару ғылымын талмай үйренетін болыңдар, сонсын бізге шын берілген мамандармен бірге өндірістің нағыз басшылары, нағыз іс иелері болып шығыңдар» делінген еді. Осындай ұран болған еді. Іс жүзінде не болып шықты? Жаңағы ереженің екінші бөлегі мүлдем елеусіз қалдырыл-

ды, өйткені істі үйрену қағазға қол қоюдан гөрі қыйын ғой, ал бірінші бөлегі теріс түсініліп кетті, өндіріс техникасына араласпау деген өндіріс техникасын үйренуден бастарту деп түсінілді. Мұнан әрі зыянды, әрі қауіпті шатасқандық келіп шықты; бұдан неғұрлым тез құтылсақ, соғұрлым жақсы болмақ.

Бұл істе кемшілігіміз көп екенін тұрмыстың өзі-ақ талай рет көрсетті. Бірінші елеулі дабыл Шахта оқыйғасы[15] болды. Шахта оқыйғасы партия ұйымдарының, кәсіподақтардың революциялық қырағылығы кем болғанын көрсетті. Шахта оқыйғасы шаруашылық қызметкерлеріміздің техника жөнінде сорақы артта қалғандығын көрсетті, кейбір ескі инженерлер мен техниктер бақылаусыз жұмыс істеп, зыянкестік жолына оңайырақ түсетінін көрсетті, оның үстіне, оларға шет елдердегі жаулар әрқашан «ұсыныс» айтып, қыр соңынан қалмай отырады ғой.

Екінші дабыл — «Промпартияның» сот процесі[16].

Әрине, зыянкестік тап күресінен туады. Әрине, тап жауы социалистік шабуылға жанталасып қарсылық көрсетеді. Бірақ зыянкестіктің сонша өршуіне тек бұл ғана дәлел бола алмайды.

Зыянкестік қалайша осындай кең өріс алды? Бұған кім кінәлі? Бұған біз кінәліміз. Егер шаруашылықты басқару ісін басқаша қойсақ, өндірістің техникасын үйренуге, техниканы меңгеруге мұнан әлдеқайда ертерек кіріссек, шаруашылықты басқару ісіне жиі-жиі және жөндеп араласып отырсақ, — зыянкестер мұндай көп зыян тигізе алмайтын еді.

Біз өзіміз маман болуымыз керек, іс иесі болуымыз керек, техникалық білімге бет бұруымыз керек, — міне тұрмыс бізге осыны көрсеткен еді. Бірақ

бірінші дабыл да, тіпті екінші дабыл да керекті бетбұрысты әлі қамтамасыз еткен жоқ. Техникаға бетбұруға көптен уақыт жетті. Техникаға араласпау керек деген тозығы жеткен, ескі ұранды тастап, өзіміз маман болатын, іске өзіміз жетік болатын, шаруашылық іске өзіміз толық ие болатын мезгіл жетті.

Бізде дара басшылық неге жоқ? — деп сұраушылар жиі кездеседі. Біз техниканы меңгеріп алмай тұрғанда, бізде дара басшылық болмайды, бола да алмайды. Біздің арамызда, большевиктердің арасында, техника, экономика, финансы мәселелерін жақсы білетін адамдар жеткілікті болмай тұрғанда, бізде шын дара басшылық бола алмайды. Заводтың, фабриканың, шахтаның техникасын, экономикасын, финансы жағын меңгеріп алмайынша, жүз жерден қарарлар шығарып, не деп ант етсеңіздер де іс шықпайды, дара басшылық болмайды.

Ендеше, міндет мынада болып отыр: техникаға өзіміз жетілуіміз керек, іске өзіміз ие болуымыз керек. Тек сонда ғана жоспарымыздың толық орындалуына, дара басшылықтың іс жүзіне асуына кепілдік болады.

Әрине, бұл оңай жұмыс емес, бірақ қолдан әбден келерлік жұмыс. Ғылым, техникалық тәжрибе, білім — мұның бәрі де қол жететін нәрсе. Бүгін жоқ болса, ертең болады. Мұндағы басты нәрсе мынада: техниканы меңгеріп алуға, өндіріс ғылымын меңгеріп алуға большевиктік шын ықылас болуы керек. Шын ықылас болса бәріне жетуге болады, бәрін істеуге болады.

Кейде: қарқынды азырақ бәсеңдетіп, қимылды тежеуге болмай ма осы — деушілер бар. Жоқ, бол-

майды, жолдастар! Қарқынды бәсеңдетуге болмайды. Қайта, күш жеткенше, мүмкіні болғанша қарқынды күшейте беру керек. ССРО жұмысшылары мен шаруалары алдындағы борышымыз бізден осыны тілейді. Бүкіл дүние жүзі жұмысшы табының алдындағы борышымыз да бізден осыны тілейді.

Қарқынды бәсеңдету — артта қалу деген сөз. Ал артта қалғандар таяқ жейді. Бірақ біздің таяқ жегіміз келмейді. Жоқ, таяқ жегіміз келмейді! Бұрынғы Россияның тарихы мынадай болатын еді ғой: ол артта қалғаны үшін ылғый таяқ жеумен келген. Ол монгол хандарынан да таяқ жеді. Түріктің бектерінен де таяқ жеді. Шведтің феодалдарынан да таяқ жеді. Поляк-литван пандарынан да таяқ жеді. Ағылшын-француз капиталистерінен де таяқ жеді. Жапон барондарынан да таяқ жеді. Арта қалғаны үшін жұрттың бәрінен таяқ жеді. Соғыс жағынан артта қалғаны үшін, мәдениет жағынан артта қалғаны үшін, мемлекеттік жағынан артта қалғаны үшін, өнеркәсіп жағынан артта қалғаны үшін, ауыл шаруашылығы жағынан артта қалғаны үшін таяқ жеді. Өйткені таяқтаушы әрі пайда табушы еді, әрі жазасыз кетуші еді. «Әрі пақыр, әрі кенсің, мықты да сен, бос та сенсің, Русия анамыз»[17] — деген революциядан бұрынғы бір ақынның жыры естеріңізде шығар. Әлгі мырзалардың бәрі де сол ақынның осы сөзін жақсы ұғынып алған. Олар таяқтағанда: «сен бір кенсің» — демек, сенен пайда түсіруге болады, деп таяқтады. Олар таяқтағанда: «сен бір пақыр, бос-әлсізсің»,—демек, сені сабап-сабап талан-таражға салып, айып тартпауға болады, деп таяқтады. Артта қалғандарды, нашарларды таяқтау — қанаушылардың дағдылы заңы. Капитализмнің жал-

маңыздық заңы осы. Артта қалған екенсің, нашар екенсің — онда сенікі дұрыс емес, демек, сені таяқтауға да, құлдануға да болады. Күшті екенсің — онда сенікі дұрыс, демек, сенен сақтана жүру керек.

Міне, осы себептен енді артта қалуымызға болмайды.

Бұрын бізде отан жоқ еді, болуға мүмкін емес еді. Ал қазір, біз капитализмді құлатып отырғанда, өкімет біздікі, халықтікі болып отырғанда,— бізде отан бар және біз оның тәуелсіздігін қорғаймыз. Социалистік отанымыздың таяқ жеп, тәуелсіздігінен айрылуын тілейсіздер ме? Тілемейді екенсіздер, онда отанымыздың артта қалғандығын ең қысқа мерзімде жоюларыңыз керек және отанымыздың социалистік шаруашылығын құру ісінде нағыз большевиктік қарқынды өрістетулеріңіз керек. Бұдан басқа жол жоқ. Соның үшін де Ленин Октябрь қарсаңында: «Не өлу керек, не алдыңғы қатардағы капиталистік елдерді қуып жетіп, басып озу керек» деген.

Біз алдыңғы қатардағы елдерден 50—100 жыл кейін қалдық. Біз осы екі араны он жылдың ішінде басып өтуге тиіспіз. Біз не осыны істейміз, не біздің жайымыз табылады.

ССРО жұмысшылары мен шаруаларының алдындағы борышымыз осыны талап етіп отыр.

Бірақ біздің бұдан да күрделі, бұдан да маңызды басқа борыштарымыз бар. Ол — дүние жүзі пролетариатының алдындағы борыштарымыз. Бұл борыштарымыз да бірінші борыштарымызбен бірдей. Бірақ біз бұл борыштарымызды жоғары қоямыз. ССРО жұмысшы табы — дүние жүзіндегі жұмысшы табының бір бөлегі. Біз жауды жеңгенде, ССРО жұмыс-

шы табының күшімен ғана женгеніміз жоқ, сонымен бірге дүние жүзі пролетариатының қолдауымен де жендік. Осындай қолдау болмаса, бізді әлдеқашан жүндей түткен болар еді. Біздің елімізді барлық елдердің пролетариатының екпінді бригадасы деседі. Бұл жақсы айтылған сөз. Бірақ мұның өзі бізге үлкен міндеттер жүктейді. Халықаралық пролетариат бізді не үшін қолдайды, біз олар қолдарлықтай не еңбек сіңірдік? Біздің еңбегіміз — біз капитализмге қарсы ұрысқа бірінші болып аттандық, біз жұмысшылар өкіметін бірінші болып орнаттық, біз социализм орнатуға бірінші болып кірістік. Біздің еңбегіміз — біз зор іс істеп жатырмыз; бұл ісіміз ойлаған жерден шықса, бүкіл дүниені асты-үстіне шығарады, бүкіл жұмысшы табын азат етеді. Ал ісіміз ойлаған жерден шығуы үшін не істеу керек? Өзіміздің артта қалғандығымызды жоюымыз керек, құрылыс жұмысының большевиктік қарқындарын мейлінше арттыруымыз керек. Біз алға басқанда бүкіл дүние жүзінің жұмысшы табы бізге қарап: міне менің алдыңғы қатардағы отрядым, міне менің екпінді бригадам, міне менің жұмысшы өкіметім, міне менің отаным,— бұлар өз істерін, **біздің** ісімізді жақсы істеп отыр; — келіңдер, капиталистерге қарсы күресінде бұларға болысып жіберейік, дүниежүзілік революция жасайық — дегендей болсын. Дүние жүзі жұмысшы табының үмітін ақтауымыз керек пе, олардың алдындағы борышымызды орындауымыз керек пе? Я, мүлдем масқара болғымыз келмесе, орындауымыз керек.

Біздің ішкі және халықаралық борыштарымыз міне осындай.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, бұл борыштарымыз нағыз большевиктік қарқынмен өркендеуді талап етіп отыр.

Бұл жылдардың ішінде шаруашылықты басқару жөнінде түк істегеніміз жоқ демеймін. Бұл жөнде жұмыс істелді, тіпті өте көп жұмыстар істелді. Соғыстан бұрынғысына қарағанда өнеркәсіптің өнімін біз екі есе арттырдық. Біз дүние жүзіндегі ең ірі ауылшаруашылық өндірісін құрдық. Ал, егер бұл уақыттың ішінде өндірісті, оның техникасын, оның финансы-экономика жағын шындап меңгеріп алуға ұмтылған болсақ, біз бұдан да көп іс істеген болар едік.

Біз капитализмнің алдыңғы қатардағы елдерінен артта қалған жерімізді әрі кеткенде он жыл ішінде басып өтуге тиіспіз. Бұған керекті «объективтік» мүмкіндіктердің бәрі де бізде бар. Тек сол мүмкіндіктерді дұрыстап пайдалана білуіміз кем. Ал бұл өзімізге байланысты. **Тек** өзімізге байланысты! Ол мүмкіндіктерді пайдалана білерлік мезгіл жетті. Өндіріске араласпау деген шірік бағытты жоярлық мезгіл жетті. Қазіргі дәуірдің тілегіне сәйкес келетін екінші, жаңа ұранды: **бәріне араласа** деген ұранды ұғынарлық мезгіл жетті. Заводтың директоры екенсің — барлық іске аралас, барлық іске таныс болып отыр, бәрін де біліп отыр, үйрен-біл, үсті-үстіне үйрен. Большевиктер техниканы меңгеруге тиіс. Большевиктердің өздері де маман болатын мезгіл жетті. Қайтақұрылыс дәуірінде техника барлық істі шешеді. Техниканы үйренгісі келмейтін, техниканы меңгергісі келмейтін шаруашылық қызметкері — шаруашылық қызметкері емес, әншейін бір сорлы.

Техниканы меңгеру қыйын деушілер бар. Дұрыс емес! Большевиктер ала алмайтын қамал жоқ. Біз талай өте қыйын міндеттерді шештік. Біз капитализмді құлаттық. Біз өкімет билігін өз қолымызға алдық. Біз социалистік ірі индустрияны құрдық. Біз орташаны социализм жолына түсірдік. Құрылыс жөніндегі ең маңызды істерді біз істеп қойдық. Бізде ендігі қалып отырганы көп емес: техниканы үйреніп, ғылымға жетілу керек. Ал мұны істеген кезімізде бізде қарқынның күшейетіндігі сонша — кәзір ол қарқынның көлемін ойымызға да келтіре алмаймыз.

Шындап осыны тілесек, біз мұны істейміз!

«Правда» *№ 35,*
5 февраль, 1931 ж.

ЭТЧИН ЖОЛДАСҚА ХАТ

Этчин жолдас!

Сіздің кітапшаңызды оқый алмадым (уақыт болмады!), бірақ Сіздің 4 сұрағыңызға қысқаша жауап бере аламын.

1) **«Партияның ішкі қайшылықтары» туралы.** Пролетарлық партиялардың дамуы партияның ішкі қайшылықтарын жеңу арқылы жүріп отыратындығы Энгельс кездерінен бермен қарай аксиома болып кеткен болатын. Бұл қайшылықтардың белгісі ашық немесе жасырын алауыздықтар болып табылады. Оссовский пікірінің бұл арада ешбір мәні жоқ, өйткені Оссовский, мысалы, біздің партиямызды антагонистік екі таптың блогі, осы таптардың өкілдігі деп қате түсінді, ал біздің партиямыз (Коминтерннің басқа да секциялары сияқты) шынына келгенде бір таптың, атап айтқанда — жұмысшы табының өкілдігі болып табылады. Ал бізде әңгіменің өзі бір таптың (пролетарлық таптың) өкілдігі болып табылатын компартиялар туралы болып отыр ғой.

2) **Ленинизм туралы.** Ленинизмнің дүниежүзілік жұмысшы қозғалысындағы ең солшыл ағым (тырнақ-

шасыз) екендігіне күмән болуы мүмкін емес. Жұмысшы қозғалысында феодалдық-монархтық («орыс халқының одағы» сияқты) және ашық-капиталистік (кадеттер сияқты) ағымдардан бастап, жасырын-буржуазиялық (с.-д., әсіресе «солшыл» с.-д., анархистер, анархо-синдикалистер) және әсіре-солшыл «коммунистік» ағымдарға дейін әркиылы ағымдар бар. Ленинизм осылардың ішіндегі — ең солшыл және ақырына дейін бірден-бір революцияшыл ағым.

3) **«Солшыл» және оңшыл уклондардың тамырлары туралы.** Бізге жат таптардың қысымын білдіретіндіктері жағынан алғанда олардың тамыры — бір тамыр. Ал партияға қарсы күресінің түрлері мен құралдары — өздерінің яғни ол уклондардың көрсететін әлеуметтік жіктерінің түрлілігіне қарай — әртүрлі.

4) **Екі майданда бірдей күрес жүргізу туралы.** Бұл жерде түсіндірерлік те ештеңе жоқ. Кантор жолдастың Сізге неге қосылмайтындығын түсінбеймін.

Коммунистік сәлеммен ***И. Сталин***

27 февраль, 1931 ж.

Бірінші рет басылып отыр

АЗНЕФТ МЕН ГРОЗНЕФТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҮТТЫҚТАУ

Азнефтінің және Грознефтінің жұмысшылары мен әкімшілік-техникалық қызметкерлерін бесжылдықты екі жарым жылда орындауларымен құттықтаймын. Жеңістерің құтты болсын, жолдастар!

Капитализмнің бұғауын үзген және өз елінің қожасы болып алған ССРО жұмысшылары жасасын!

Совет өкіметі жасасын! Большевиктер партиясы жасасын!

И. Сталин

31 март, 1931 ж.

«Правда» № 90,
1 апрель, 1931 ж.

ЭЛЕКТРОЗАВОДҚА

Бесжылдықты екі жарым жылда орындаған электрозавод жұмысшылары мен әкімшілік-техникалық қызметкерлеріне жалынды сәлем.

Келесі табыстарға қарай, алға баса беріңдер!

И. Сталин

«Правда» № 92,
3 апрель, 1931 ж.

МАГНИТОГОРСК. МАГНИТСТРОЙҒА

Магнитогорскінің жұмысшылары мен басшы қызметкерлерін алғашқы елеулі жеңістерімен[18] құттықтаймын.

Жаңа табыстарға қарай, алға баса беріңдер, жолдастар!

И. Сталин

«Правда» № 136,
19 май, 1931 ж.

ТРАКТОРОЦЕНТР БАСҚАРМАСЫНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІНЕ. БАРЛЫҚ МАШИНА-ТРАКТОР СТАНЦИЯЛАРЫНА

18 миллион гектар егіс жоспарын мерзімінен бұрын орындауларына байланысты машина-трактор станцияларының жұмысшылары мен жұмысшы-әйелдеріне, техниктері мен мамандарына және барлық басшы қызметкерлеріне туысқандық сәлем.

Жеңістерің құтты болсын, жолдастар!

Өткен жылы машина-трактор станциялары колхоздардың 2 миллиондай гектар жерін егіп берген еді. Быйылғы жылы — 18 миллион гектардан астам жерін егіп отыр. Өткен жылы машина-трактор станциялары 2 347 колхозды қамтыған еді. Быйылғы жылы — 46 514 колхозды қамтып отыр. Біздің елдің шаруалар шаруашылығының,— сокадан тракторға қарай,— өткен жолы осындай. Совет Одағының жұмысшы табы өз одағын, еңбекші шаруаларды техника жағынан қайтадан қаруландыру ісін берік және сеніммен алға бастырып келе жатқанын жұрттың бәрі біліп қойсын!

Машина-трактор станциялары қол жеткен нәтижелермен тынып қалмай, берілген (орындалып та болған) 18 миллион гектар егіс жоспарын үстеме жоспар

алу ретінде 20 миллион гектарға дейін **ұлғайтады** деп сенеміз.

Машина-трактор станциялары бұған тоқтап қалмайды, 5 миллион гектар **пар** дайындау, **егін жыйнау** науқанын ойдағыдай өткізу, 15 миллион гектар **зяб** жырту, **күздік** егіс көлемін 8 миллион гектарға жеткізу, **тағы бір мың** машина-трактор станцияларын ұйымдастыру, сөйтіп алдағы жылы колхоздардың басым көпшілігін қамтуға негіз салу үшін өздерінің кезектегі жаңа міндеттерін батыл қарсы алады деп сенеміз.

Совет Одағы ұсақ шаруалар шаруашылығы, артта қалған егіншілік техникасы бар елден коллективтік ірі шаруашылығы, алдыңғы қатарлы егіншілік техникасы бар елге айналып келе жатқанын жұрттың бәрі біліп қойсын!

Жаңа табыстарға қарай, алға баса беріңдер, жолдастар!

И. Сталин

«Правда» № 145,
28 май, 1931 ж.

АСТЫҚ ТРЕСІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІНЕ. БАРЛЫҚ АСТЫҚ СОВХОЗДАРЫНА

Советтік жаңа егіншіліктің жетекші күшіне, ауыл шаруашылығының жаңа техникасы мен оны ұйымдастырудың жаңа әдістерінің социалистік ту көтерушісіне — **астық совхоздары системасына**, оның жұмысшылары мен жұмысшы-әйелдеріне, техниктері мен мамандарына, оның басшылары мен нұсқаушыларына — туысқандық сәлем!

Егіс жоспарын орындағандарыңа қанағаттанып қалмаңыздар,— сіздер жоспарды **асыра орындай** аласыздар және сөйтуге тиістісіздер, өйткені сіздерде бұған кажет мүмкіншіліктердің бәрі бар.

Сибирьдегі және, әсіресе, Қыйыр Шығыстағы **артта қалып отырған отрядтарыңды** алға тартыңыздар, **колхоздарға** барынша **көмек** көрсетіңіздер, **егін жыйнауға** — астық совхоздарының кезектегі басты міндетіне — әзірлік жұмысын күшейтіңіздер, **жаңа табыстарға** жетіңіздер.

Жаңа табыстарға қарай, алға баса беріңдер!

И. Сталин

«Правда» № 147, 30 май, 1931 ж

ЖАҢА ЖАҒДАЙ — ШАРУАШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЖАҢА МІНДЕТТЕРІ

Шаруашылық қызметкерлерінің кеңесінде сөйленген сөз[19]

23 июнь, 1931 ж.

Жолдастар! Кеңестің материалдарына қарағанда, біздің өнеркәсібіміздің жоспарды орындауы ала-құла болып отыр. Өнеркәсіптің өткен бес айдың ішінде былтырғысынан 40—50% артық өнім берген таураулары бар. Өнімінің артуы 20—30% тен аспаған таураулары да бар. Ең ақырында, өнеркәсіптің жеке тарауларының өнімі тіпті аз артты, болғаны 6—10% қана, не онан да кем. Осы соңғылардың қатарына көмір өнеркәсібі мен қара металлургияны қосу керек. Көріп отырсыздар, жоспардың орындалуы ала-құла.

Мұндай ала-құлалық неліктен? Өнеркәсіптің кейбір тарауларының артта қалу себебі не? Өнеркәсіптің кейбір тарауларының өнімі бар болғаны 20—25% өсіп отырғанының, ал көмір өнеркәсібі мен қара металлургия өнімі онан да кем өсіп, басқа тараулардың соңында қалып отырғанының себебі не?

Оның себебі: соңғы кезде өнеркәсіптің өркендеу шарттары негізінен өзгерді, басшылық етудің жаңа әдістерін тілейтін жаңа жағдай жасалды, ал біздің шаруашылық қызметкерлеріміздің кейбіреулері жұмыс

әдістерін өзгертудің орнына әлі де бұрынғыша жұмыс істеп келеді. Ендеше әңгіме мынада болып отыр: өнеркәсіптің өркендеуіндегі жаңа шарттар жұмысты жаңаша істеуді тілейді, ал біздің кейбір шаруашылық қызметкерлеріміз осыны түсінбейді және кәзір жаңаша басшылық ету керек екенін ұғынбайды.

Өнеркәсібіміздің кейбір тарауларының артта қалу себебі міне осында.

Біздің өнеркәсібіміздің өркендеуіндегі бұл жаңа шарттар қандай? Олар қайдан шыққан?

Мұндай жаңа шарттар, ең аз дегенде, алтау.

Енді сол шарттарды қарап өтейік.

I

ЖҰМЫСШЫ КҮШІ

Әңгіме еңалдымен кәсіпорындарды **жұмысшы күшімен** қамтамасыз ету туралы болып отыр. Бұрын әдетте заводтарға, фабрикаларға жұмысшылардың өздері келетін еді,— олай болса, бұл істе кейбір өзбетіндік болушы еді. Ал өзбетіндік мынадан туды: жұмыссыздық болды, деревняда жіктелушілік болды, жоқшылық болды, жұрт ашаршылықтан қорқып деревнядан қалаға қашты. «Мужиктің деревнядан қалаға қашуы» деген формула естеріңізде шығар? Шаруаларды деревнядан қалаға қашырған не? Ашаршылықтан қорқу, жұмыссыздыққа ұшырау, деревняның шаруаға өгей шешедей болуы; сондықтан шаруа қандай жұмыс болса да тауып алу үшін деревнядан зынданның түбіне болса да қашуға дайын болды.

Бұдан біраз бұрын бізде істің жайы осындай, не осыған жуық болды.

Біздегі істің жайы кәзірде дәл осындай деуге бола ма? Жоқ, олай деуге болмайды. Қайта кәзір жағдай түбірінен өзгерді. Жағдай өзгергендіктен де, бізде енді жұмысшы күшінде өзбетіндік жоқ.

Бұл уақыттың ішінде, атап айтқанда, қандай өзгерістер болды? Біріншіден, біз жұмыссыздықты жойдық,— олай болса, біз «еңбек рыногіне» қысым жасайтын күшті жойдық. Екіншіден, біз деревнядағы жіктелушіліктің тамырына балта шаптық,— олай болса, біз шаруаны деревнядан қалаға қуатын жаппай жоқшылықты жеңдік. Ақырында, біз деревняға он мыңдаған тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын бердік, кулактарды қыйраттық, колхоздар ұйымдастырдық және шаруаларға адамша тұрып, жұмыс істеуіне мүмкіндік бердік. Енді деревняны шаруаның өгей шешесі деп атауға болмайды. Деревняны енді өгей шеше деп атауга болмайтын болғандықтан да, шаруа деревняда орныға бастады, сөйтіп бізде «мужиктің деревнядан қалаға қашуы да», жұмысшы күшінің өзбетіндігі де енді тоқтады.

Көріп отырсыздар, бізде енді жағдай мүлдем жаңа және кәсіпорындарга жұмысшы күшін жетістірудің шарттары да жаңа.

Ал мұнан қандай қортынды шығады?

Мұнан, біріншіден, мынадай қортынды шығады: енді жұмысшы күшінің өзбетіндігіне сеніп отыруға болмайды. Олай болса, өзбетіндік «саясатынан» өнеркәсіпке керек жұмысшыларды **ұйымдасқан** түрде жыйнау саясатына көшу керек. Ал мұның үшін бірақ жол бар, ол — шаруашылық ұйымдардың колхоздармен, колхозшылармен договор жасасу жолы. Өздеріңізге мәлім, шаруашылық ұйымдары мен колхоз-

дардың кейбіреулері осы жолға түсіп отыр, мұндай договор жасау практикасының колхоздарды да, кәсіпорындарды да елеулі табыстарға жеткізетіндігін тәжрибе көрсетті.

Мұнан, екіншіден, мынадай қортынды шығады: еңбектің ең ауыр процестерін (ағаш өнеркәсібі, құрылыс ісі, көмір өнеркәсібі, жүк тиеу — жүк түсіру, транспорт, қара металлургия, т. т.) **механизацияландыруға** дереу көшу керек, бұл істі барынша өрістету керек. Бұдан, әрине, қол еңбегін тастау керек деген мағна шықпайды. Қайта, қол еңбегі өндірісте әлі көп уақыт елеулі роль атқаратын болады. Бірақ мұның мәнісі — еңбек процестерін механизациялау біздің үшін **жаңа, шешуші** күш болып табылады, мұнсыз біз қарқынымызды да, өндірістің жаңа көлемін де күшейте алмаймыз.

Бізде механизацияға да, колхоздармен жасасқан договорға да «сенбейтін» шаруашылық қызметкерлері аз емес. Бұлар — жаңа жағдайға түсінбейтін, жаңаша жұмыс істегісі келмейтін, жұмысшы күші кәсіпорындарға «өзі келіп тұрған» «ескі уақытты» көксейтін адамдар. Айтпаса да белгілі: жер мен көктің арасы қандай алыс болса, мұндай қызметкерлер де шаруашылық құрылысының жаңа жағдайдан туып отырған жаңа міндеттерінен сондай алыс жатыр. Олар жұмысшы күшін жетістірудегі қыйыншылық кездейсоқ нәрсе, жұмысшы күшінің жетіспеуі өз бетімен, былайша айтқанда, өзбетіндік жолымен жойылады деп ойлайтын шығар. Бұл адасқандық, жолдастар. Жұмысшы күшін жетістірудегі қыйыншылықтар өз бетімен жойылмайды. Ол қыйыншылықтарды өзі-

міздің күшімізді жұмсау нәтижесінде ғана жоюға болады.

Сонымен, **колхоздармен договор жасасу арқылы жұмысшы күшін ұйымдасқан түрде жыйнау керек, еңбекті механизацияландыру керек** — міндет осы.

Өнеркәсібімізді өркендетудегі бірінші жаңа шарт туралы мәселенің жайы осындай.

Енді екінші шарт туралы мәселеге келейік.

II
ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ

Мен жаңа ғана біздің кәсіпорындарымызға керекті жұмысшыларды ұйымдасқан түрде жыйнау туралы айттым. Бірақ жұмысшыларды жыйнап алумен ғана іс бітпейді. Біздің кәсіпорындарымызды жұмысшы күшімен қамтамасыз ету үшін жұмысшыларды өндіріске орнықтыра білу керек, кәсіпорындағы жұмысшылар құрамын азды-көпті тұрақтандыра білу керек. Өндіріс техникасын азды-көпті меңгерген және жаңа механизмдерге үйренген жұмысшылардың тұрақты құрамы болмаған жерде алға баса алмайтынымызды, өндірістік жоспарымызды орындай алмайтынымызды дәлелдеп жатудың керегі бола қоймас. Олай болмаған күнде жұмысшыларды өндіріске пайдалану орнына оларды жаңадан қайта үйретіп, уақыттың жарым-жартысын соларды үйретуге жұмсауға әрдайым тура келер еді. Ал бізде кәзір іс жүзінде не болып отыр? Кәсіпорындардағы жұмысшылар құрамы кәзір бізде азды-көпті тұрақты деп айтуға бола ма? Амал не, тұрақты деп айтуға болмайды. Қайта, біздің кәсіпорындарымызда жұмысшы күшінің **тұрақтамауы** дей-

тін нәрсе әлі де бар. Ол ол ма, бірсыпыра кәсіпорындарда жұмысшы күшінің тұрақтамауы жойылу орнына, артып, күшейіп барады. Қалай да, жарты жыл ішінде не тіпті бір тоқсан ішінде жұмысшылар құрамынын, кем дегенде, 30—40% өзгермеген кәсіпорындарын аз табасыз.

Бұрын, өнеркәсіпті қалпына келтіру дәуірінде, техникалық жабдықтар күрделі болмаған кезде, ал өндіріс көлемі шағын кезде жұмысшы күшінің тұрақтамауы дейтін нәрсеге өйтіп-бүйтіп «көнуге» болатын еді. Кәзір басқаша. Кәзір жағдай түбірінен өзгерді. Кәзір, қайтақұрылыс жұмысының өрістеген дәуірінде, өндірістің көлемі орасан ұлғайып, техникалық жабдықтар мейлінше күрделі болған кезде, жұмысшы күшінің тұрақтамауы кәсіпорындарымыздың берекесін кетіретін, өндіріске залалды кеселге айналды. Кәзір жұмысшы күшінің тұрақтамауына «көну» — өнеркәсібімізді бүлдіру, өндіріс жоспарын орындаудың мүмкіншілігін жою, өнімнің сапасын арттыру мүмкіншілігін жою деген сөз болады.

Жұмысшы күшінің тұрақтамау себебі не?

Себебі — жалақының дұрыс ұйымдастырылмауы, тариф системасының дұрыс болмауы, жалақы жөніндегі «солақай» теңгерменің болуы. Біздегі бірсыпыра кәсіпорындарда жалақы тарифтері дұрыс белгіленбеген, осының салдарынан мамандықты тілейтін еңбек пен мамандықты тілемейтін еңбектің арасындағы айырма, ауыр еңбек пен жеңіл еңбектің арасындағы айырма жойылғанға есеп болып отыр. Теңгерме мынаған әкеп соқтырады: мамандығы жоқ жұмысшы маман жұмысшының қатарына қосылуға қызықпайды, сөйтіп, ілгері басуға ұмтылмайды, осының салда-

рынан ол өзін уақытша ғана жұмыс істеп, азырақ «табыс тауып» алып, соңынан басқа жаққа «бақыт іздеуге» кететін өндірістегі «қонақтай» көреді. Теңгерме мынаған әкеп соқтырады: маман жұмысшы, ақырында барын мамандық тілейтін еңбекті бағалай білетін кәсіпорын табу үшін, шарасыздан бір кәсіпорыннан екінші кәсіпорынға ауысып отырады.

Мұнан бір кәсіпорыннан екінші кәсіпорынға «жаппай» ауысып отырушылық, жұмысшы күшінің тұрақтамауы келіп шығады.

Бұл кеселді жою үшін, теңгерменi құрту керек және ескі тариф системасын қыйрату керек. Бұл кеселді жою үшін, мамандықты тілейтін еңбек пен мамандықты тілемейтін еңбек арасындағы айырманы, ауыр еңбек пен жеңіл еңбек арасындағы айырманы ескеретін тариф системасын ұйымдастыру керек. Қара металлургиядағы жүк тасушының еден сыпырушымен бірдей ақы алуына көнуге болмайды. Темір жол транспортындағы машинистің қағаз көшірушімен бірдей ақы алуына көнуге болмайды. Маркс пен Ленин былай дейді: мамандықты тілейтін еңбек пен мамандықты тілемейтін еңбек арасындағы айырма социализм кезінде де, таптар құрығаннан кейін де болады, бұл айырма тек коммунизм тұсында ғана жойылуға тиіс, сондықтан «жалақы» социализм тұсында да әркімнің керегіне қарай емес, еңбегіне қарай берілуге тиіс. Бірақ біздің шаруашылық, кәсіподақ қызметкерлері арасындағы теңгермешілер бұған риза емес, бұлардың ойынша, бұл айырма біздің Советтік құрылыс тұсында-ақ жойылған тәрізді. Маркс пен Лениннің айтқаны дұрыс па, әлде теңгермешілдердікі дұрыс па? Маркс пен Лениннің айтқаны дұрыс деп білу керек.

Ал мұнан мынадай қортынды шығады: мамандықты тілейтін еңбек пен мамандықты тілемейтін еңбектің арасындағы айырманы ескермей, енді тариф системасын теңгерме «принциптеріне» негіздеп жасайтын адам марксизмнен қол үзеді, ленинизмнен қол үзеді.

Өнеркәсіптің әр тарауында, әрбір кәсіпорында, әрбір цехта азды-көпті маман жұмысшылардың жетекші топтары бар; егер кәсіпорында жұмысшылар құрамының тұрақты болуын шындап тілесек, алдымен және көбінесе осыларды өндіріске тұрақтату керек. Олар, жұмысшылардың осы жетекші топтары, өндірістің негізгі буыны болып табылады. Оларды кәсіпорынға, цехқа тұрақтату — жұмысшылардың барлық құрамын тұрақтату, жұмысшы күшінің тұрақтамаушылығын негізінен жою деген сөз. Ал бұларды кәсіп орынға қалай тұрақтатуға болады? Оларды тек жоғарылату арқылы, олардың жалақысының мөлшерін арттыру арқылы, қызметкердің мамандығын тиісті дәрежеде бағалайтындай етіп жалақы ұйымдастыру арқылы тұрақтатуға болады.

Ал оларды жоғарылатып, жалақыларының мөлшерін арттыру дегеніміз не, маман емес жұмысшылар жөнінде бұдан нендей нәтиже шығады? Мұның мәнісі, өзгесін былай қойғанда, — маман емес жұмысшыларға перспектива жасау және олардың алға ұмтылуына, маман жұмысшылардың қатарына қосылуына дем беру деген сөз. Өздеріңіз білесіздер, кәзір бізге жүз мыңдаған, миллиондаған маман жұмысшылар керек. Ал маман жұмысшылар кадрын жасау үшін, үйреніп жетілмеген жұмысшылардың алға басуына, жоғарылауына дем беріп, жол ашу керек. Біз бұл жолға неғұрлым батыл түссек, соғұрлым жақсы бо-

лады, өйткені жұмысшы күшінің тұрақтамауын жоятын негізгі құрал осы болып отыр. Бұл жөнде сараңдық ету — қылмыс істегендік болады, біздің социалистік индустриямыздың мүдделеріне қарсы шыққандық болады.

Бірақ небары бұл ғана емес.

Жұмысшыларды кәсіпорынға тұрақтату үшін, бұл айтылғандардың үстіне, жұмысшылардың жабдықталуын, пәтер-үй жағдайларын онан әрі жақсарту қажет. Соңғы жылдарда пәтер-үй құрылысы, жұмысшылардың жабдықталуы жағынан аз жұмыс істелген жоқ; мұны бекерге шығаруға болмайды. Бірақ істелген жұмыс жұмысшылардың тез өсіп келе жатқан тілектерін өтеу үшін мүлдем жеткіліксіз. Бұрын пәтер-үй кәзіргіден аз еді, сондықтан қолымыз жеткен нәтижелерге қанағаттана тұрайық деуге болмайды. Сол сияқты, бұрын жұмысшылардың жабдықталуы кәзіргіден әлдеқайда нашар еді, сондықтан осы күнгі жағдаймен қанағаттана тұрайық деуге де болмайды. Тек әбден шіріген, сасық адамдар ғана өткендегіні сылтауратып жұбанып отыра алады. Өткендегіге қарамай, жұмысшылардың қазіргі өсіп отырған тілектеріне қарау керек. Жұмысшылардың тіршілік жағдайлары бізде түбірінен өзгергендігін түсіну керек. Қәзіргі жұмысшы бұрынғы жұмысшы емес. Бүгінгі жұмысшы, біздің совет жұмысшысы, азық-түлікпен жабдықталу жағынан да, пәтер-үймен қамтамасыз етілу жағынан да, мәдени және өзге керектердің барлығымен қамтамасыз етілу жағынан да өзінің материалдық және мәдени тілектерінің бәрін қанағаттандырып, жақсы тұрғысы келеді. Оның бұған правосы бар, біз оған осы жағдайларды қамтамасыз етіп беруге мін-

деттіміз. Рас, біздің жұмысшы жұмыссыздықтың зардабын шекпейді, ол капитализмнің бұғауынан азат, ол енді құл емес, өз ісінің қожасы. Бірақ бұл жеткіліксіз. Ол өзінің материалдық және мәдени тілектерінің бәрін қамтамасыз етіп беруді талап етеді, біз оның осы тілегін орындауға міндеттіміз. Біздің өзіміз де қәзір жұмысшылар алдына белгілі талап қоятынымызды ұмытпаңыздар,— біз одан еңбек тәртібін, жұмысты жақсылап істеуін, жарысты, екпінділікті талап етеміз. Жұмысшылардың орасан көпшілігі Совет өкіметінің бұл талабын зор өрлеумен қабыл алып, ерлік көрсете орындап жатқандығын ұмытпаңыздар. Сондықтан, Совет өкіметінің талабын орындай отырып, жұмысшылар, өз тарапынан, Совет өкіметінен жұмысшылардың материалдық және мәдени күйін жақсарта беру жөніндегі борышын орындауды талап ететініне таң қалмаңыздар.

Сонымен, **жұмысшы күшінің тұрақтамауын жою керек, теңгермені құрту керек, жалақыны дұрыс ұйымдастыру керек, жұмысшылардың тұрмыс жағдайларын жақсарту керек** — міндет осы.

Өнеркәсібімізді өркендетудегі екінші жаңа шарт туралы мәселенің жайы осындай.

Енді үшінші шарт туралы мәселеге келейік.

III
ЕҢБЕКТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Мен жоғарыда жұмысшы күшінің тұрақтамауын жою, жұмысшыларды кәсіпорындарда тұрақтату туралы айтып өттім. Бірақ жұмысшыларды тұрақтатып қоюмен ғана іс бітпейді. Жұмысшылардың тұрақта-

мауын жою аздық қылады. Оның үстіне, жұмысшылардың еңбек ету жағдайларын оңдау керек; еңбек ету жағдайлары жұмысты жақсылап істеуге, еңбектің өнімділігін арттыруға, өнімнің сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін болсын. Ендеше, кәсіпорындарда еңбекті ұйымдастыра білу керек; ұйымдастырғанда, еңбектің өнімділігі ай сайын, тоқсан сайын арта түсетін етіп ұйымдастыру керек.

Кәсіпорындарымыздағы еңбектің осы күнгі іс жүзіндегі ұйымдастырылуы өндірістің кәзіргі замандағы тілектеріне сай келеді деп айтуға бола ма? Амал не, булай деп айтуға болмайды. Қалай да бізде, еңбек өте нашар ұйымдастырылған, жұмыстағы тәртіп, үйлесімділік дегеннің орнына тәртіпсіздік, былық орын алған, жұмысқа жауапты болу орнына жауапсыздық, иесіздік кең өріс алған кәсіпорындар әлі де бар.

Иесіздік деген не? Иесіздік дегеніміз — тапсырылған іске жауаптылық дегеннің болмауы, механизмдерге, станоктарға, құрал-саймандарға жауаптылықтың болмауы. Әрине, иесіздік жойылмай тұрғанда еңбек өнімділігін айта қаларлықтай арттыру туралы, өнімнің сапасын жақсарту туралы, механизмдерді, станоктарды, құрал-саймандарды күтіп ұстау туралы сөз де болуы мүмкін емес. Темір жол транспортында иесіздіктің аяғы неге соққанын өздеріңіз де білесіздер ғой. Өнеркәсіпте де ол сондай нәтижелерге соқтырып отыр. Біз темір жол транспортында иесіздікті жойдық және темір жол жұмысын өрлеттік. Өнеркәсіптің жұмысын жоғарғы сатыға көтеру үшін біз өнеркәсіпте де нақ соны істеуіміз керек.

Бұрын еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауына өйтіп-бүйтіп «көнуге» болатын еді; еңбектің дұрыс ұйым-

дастырылмауы иесіздікпен және әркімнің өзіне тапсырылған нақты ісіне жауапты болмаушылығымен ұштасып жатады. Қәзір іс басқаша. Қәзір жағдай мүлде өзгеше. Өндірістің кәзіргі зор көлемі тұсында және алып кәсіпорындар бар кезде иесіздік өнеркәсіпке үлкен сор болады; ол кәсіпорындардағы біздің барлық өндірістік және ұйымдастырушылық табыстарымызға қауіп туғызады.

Бізде бірталай кәсіпорындарда иесіздік қалайша орын тепті? Иесіздік кәсіпорындарға үздіксіз жұмыстың заңсыз жолдасы ретінде еріп келді. Үздіксіз жұмыс өндіріске иесіздікті сөзсіз ерте келеді деп айтсақ қате болған болар еді. Егер еңбек дұрыс ұйымдастырылса, әркім белгілі іске жауапты болса, механизмдерге, станоктарға жұмысшылардың белгілі-бір топтары ие болса, сапасы мен шеберлігі жағынан бірімен-бірі тең түсетін сменалар дұрыс ұйымдастырылса,— мұндай жағдайларда үздіксіз жұмыс еңбек өнімділігінің орасан өсуіне, жұмыстың сапасы артуына, иесіздікті құртуға жеткізеді. Мәселен, темір жол транспортындағы жай осындай болып отыр; онда кәзір үздіксіз жұмыс бар, бірақ онда енді иесіздік жоқ. Өнеркәсіп орындарындағы үздіксіз жұмыстың жайы сондай оңды болып отыр деп айтуға бола ма? Амал не, бұлай деп айтуға болмайды. Әңгіме мынада: бізде бірсыпыра кәсіпорындар үздіксіз жұмысқа тым асығыс көшті; күн бұрын тиісті жағдайларды әзірлеп алмай, сапасы, шеберлігі тең түсерліктей сменаларды әбден сайлап алмай, әр кімді белгілі іске жауапты етіп алмай барып көшті. Ал бұл мынаған әкеп соқты: өз бетімен қоя берілген үздіксіз жұмыс иесіздікке айналып кетті. Осының салдарынан

бірқатар кәсіпорындарда қағаз жүзіндегі, сөз жүзіндегі, үздіксіз жұмыс пен қағаз жүзіндегі емес, нағыз иесіздік бар. Осының салдарынан жұмыста жауапсыздықты сезбеу, механизмдерге ұқыпты болмау, станоктардың жаппай бұзылуы, еңбектің өнімділігін арттыруға ынтасыз болу орын теуіп отыр. «Біз еңбектің өнімділігін де арттырар едік, істі де оңдар едік, бірақ бізді кім бағаламақ, өйткені ешкім ешбір жұмысқа жауапты емес» деп жұмысшылар тегін айтып жүрген жоқ.

Бұған қарағанда, біздің кейбір жолдастар, кейбір жерлерде үздіксіз жұмысқа тым асығыс көшкен және, асығудың салдарынан, үздіксіз жұмысты бұрмалап, оны иесіздікке айналдырған.

Бұл жағдайды жойып, иесіздікті құрту үшін екі жол бар. Не үздіксіз жұмысқа көшу жағдайларын өзгерту керек; өзгерткенде үздіксіз жұмыс иесіздікке айналмайтындай етіп өзгерту керек, темір жол транспортының үлгісі бойынша өзгерту керек. Не, мұндай тәжрибе жасауға кәзір қолайлы жағдай болмаған жерде, — қағаз жүзіндегі үздіксіз жұмысты қойып, уақытша 6 күнде бір дем алатын жұмысқа көшу керек; жуықта Сталинград трактор заводы солай етті; сонан соң, қажет болса, қағаз жүзінде қалмайтын нағыз үздіксіз жұмысқа қайта көшуге, иесіздігі жоқ үздіксіз жұмысқа, бәлкім, қайта көшуге жағдай әзірлеу керек.

Басқаша жол жоқ.

Біздің шаруашылық қызметкерлеріміздің мұның бәрін жетерліктей жақсы түсінетіндігіне күмән болуы мүмкін емес. Бірақ олар үндемей отыр. Себебі не? Себебі — шындықтан именетін шығар. Бірақ большевиктер қашаннан бері шындықтан именетін

болып еді? Бірқатар кәсіпорындарда үздіксіз жұмыстың иесіздікке айналғаны, сонымен оның мүлдем бұрмаланғаны бекер ме? Мұндай үздіксіз жұмыс кімге керек? — деген сұрақ туады. Осы қағаз жүзіндегі, бұрмаланған үздіксіз жұмысты сақтап қалу мүдделері еңбекті дұрыс ұйымдастыру мүдделерінен жоғары, еңбек өнімділігін арттыру мүдделерінен жоғары, нағыз шын үздіксіз жұмыс мүдделерінен жоғары, біздің социалистік өнеркәсібіміздің мүдделерінен жоғары деп кім айта алар екен? Қағаз жүзіндегі үздіксіз жұмысты неғұрлым тез құртсақ, еңбектің дұрыс ұйымдастырылуын соғұрлым тез жүзеге асыратынымыз айқын емес пе?

Кейбір жолдастар иесіздікті қарғанумен, ауызды толтыра-толтыра сөз сөйлеумен жоюға болады деп ойлайды. Қайткенде де, иесіздікті жою жолындағы күресінде жыйлыстарға барып, иесіздікті қарғап қайта-қайта сөз сөйлеумен тынатын талай шаруашылық қызметкерлерін білемін; ондайлар, сірә, осындай сөз сөйлегеннен кейін иесіздік өзінен өзі, былайынша айтқанда, өзбетіндік жолымен құрып кетуге тиіс деп ойлайтын болса керек. Иесіздікті құр сөзбен, қарғап-сілеумен практикадан шығаруға болады деп ойласа, олар қатты қателеседі. Жоқ, жолдастар, иесіздік өзінен-өзі ешқашан жойылмақ емес. Оны біз өзіміз ғана құрта аламыз, құртуымыз да керек, өйткені біз өкімет басындамыз: біз барлық іске, соның ішінде иесіздікке де жауаптымыз. Менің ойымша, егер біздің шаруашылық басшыларымыз сөзуарлыққа салынып, қарғанудың орнына, айталық, бірер ай шахтада, я заводта болып, еңбекті ұйымдастырудың барлық егжей-тегжейін, «ұсақ-түйектерін» зерттесе, сондағы

иесіздікті іс жүзінде жойып, сонсын бұл кәсіпорынның тәжрибесін өзге кәсіпорындарға таратса, бұл анағұрлым жақсы болған болар еді. Бұл әлдеқайда жақсы болған болар еді. Бұл иесіздікке қарсы шын күрес болар еді, еңбекті большевикше, дұрыс ұйымдастыру үшін күрес жүргізгендік болар еді, кәсіпорындағы күшті дұрыс орналастыру үшін күрескендік болар еді.

Сонымен, **иесіздікті құрту керек, еңбектің ұйымдастырылуын жақсарту керек, кәсіпорындағы күшті дұрыс орналастыру керек** — міндет осы.

Өнеркәсібімізді өркендетудегі үшінші жаңа шарт туралы мәселенің жайы осындай.

Енді төртінші шарт туралы мәселеге келейік.

IV

ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Өнеркәсіптегі жалпы басшы қызметкерлер құрамы жөніндегі, соның ішінде инженер-техниктер құрамы жөніндегі жағдай да өзгерді.

Бұрын біздегі жағдай мынадай еді: бүкіл өнеркәсібіміздің негізгі көзі Украинаның көмір-металлургия базасы еді. Украина біздің өнеркәсіп аудандарының бәріне де, Оңтүстікке де, Москва мен Ленинградқа да металл жетістіріп тұрды. ССРО-дағы негізгі кәсіпорындарымызға көмір жеткізуші де сол еді. Мен бұл арада Оралды айтпай тұрмын, өйткені бұл жөнде Донбасқа қарағанда Оралдың салмағы оншалық емес-ті. Осыған сәйкес өнеркәсіпке басшы қызметкерлерді дайындап шығаратын негізгі үш орнымыз бар

болатын, олар: Оңтүстік, Москва ауданы, Ленинград ауданы болатын. Әрине, істің жайы осындай болған соң біздің елімізде сол кезде болған азын-аулақ инженер-техник күштерімен өйтіп-бүйтіп қанағаттануымызға болатын еді.

Күні кеше жай осылай еді.

Бірақ бізде кәзір жағдай мүлдем басқаша болып отыр. Меніңше, өндірісіміздің кәзіргі даму қарқындары мен зор көлемдерін сақтай отырып, жалғыз Украинаның көмір-металлургия базасымен ғана қанағаттануымызға болмайтыны енді айқын нәрсе. Өздеріңіз де білесіздер, өндіріс өнімі артып отырса да, Украина көмірі мен металы бізге енді жетпейтін болды. Өздеріңіз де білесіздер, соның үшін, бізге Шығыста жаңа көмір-металлургия базасын — Орал-Кузбасты жасау керек болды. Өздеріңіз де білесіздер, бұл базаны жасауда табыссыз емеспіз. Бірақ бұл әлі аз. Сонсын, Сібірдің күннен-күнге өсіп келе жатқан қажетін өтеп отыру үшін, Сібірдің өзінде металлургияны жасау керек. Біз оны жасап та жатырмыз. Бұлардан басқа Қазақстанда, Түркстанда түсті металлургияның жаңа базасын жасауымыз керек. Ақырында біз толып жатқан темір жолдар салу ісін өрістетуіміз керек. Мұны жалпы ССРО мүдделері — шалғай шетте жатқан республикалардың мүдделері де, орталықтың мүдделері де қатты талап етеді.

Ал бұдан шығатын қортынды — бұрын өзіміз қанағаттанып келген азын-аулақ инженер-техниктеріміз бен өнеркәсіптің басшы қызметкерлері бізге енді жетпейді. Бұдан шығатын қортынды — инженер-техниктер даярлайтын бұрынғы ордаларымыз енді жеткілікті бола алмайды; енді Оралда, Сібірде, Орта Азияда

көптеген жаңа ордалар жасап алуымыз керек. ССРО-ны социалистік жолмен индустрияландыру программасын орындауды шын ойласақ, өнеркәсіптегі инженер-техник, басшы қызметкерлерді үш есе, бес есе көбейтуіміз керек.

Бірақ бізге **кез келген** басшы қызметкерлердің, инженер-техниктердің керегі жоқ. Бізге **мынадай** қызметкерлер — еліміздің жұмысшы табының саясатын түсіне алатын, осы саясатты ұғып, оны шын ниетімен жүзеге асыра алатын басшы қызметкерлер мен инженер-техниктер керек. Ал мұның мәнісі не? Мұның мәнісі — біздің еліміз дамудың жаңа дәуіріне көшті; бұл дәуірде **жұмысшы табы** өзінің өндірістегі мүдделерін үстем таптың мүдделері ретінде қорғай алатын өзінің **өндірістік-техникалық интеллигенциясын жасауға тиіс.**

Үстем таптың бірде-бірі өзінің интеллигенциясынсыз күн көре алмады. ССРО жұмысшы табы да өзінің өндірістік-техникалық интеллигенциясынсыз ешнәрсе бітіре алмайды дегенге шек келтіруге ешбір дәлел жоқ.

Совет өкіметі осы жағдайды ескеріп, халық шаруашылығының барлық тарауы жөнінде жұмысшы табының және еңбекші шаруалардың адамдары үшін жоғары оқу орындарының есігін ашып отыр. Өздеріңіз білесіздер, кәзір жоғары оқу орындарында он мыңдаған жұмысшы-шаруа жастары оқып жатыр. Бұрын, капитализм тұсында, жоғары оқу орындары төрелердің балаларының монополиясы болған болса, кәзір, Советтік құрылыс тұсында, жоғары оқу орындарындағы үстем күш — жұмысшы, шаруа жастары болып отыр. Өзіміздің оқу орындарынан жақын ара-

да мыңдаған жаңа техниктер мен инженерлерді, өнеркәсібіміздің жаңа командирлерін алатындығымызда күмән жоқ.

Бірақ бұл істің бір жағы ғана. Істің екінші жағы мынау: жұмысшы табының өндірістік-техникалық интеллигенциясы жоғары мектептен оқып шыққандардан ғана емес, — кәсіп орындарымызда істеп жүрген қызметкерлерден, маман жұмысшылардан, жұмысшы табының заводтағы, фабрикадағы, шахтадағы мәдени күштерінен де толықтырылатын болады. Социалистік жарысты бастаушылар, екпінді бригадалардың жетекшілері, еңбек өрлеуіне іс жүзінде дем берушілер, құрылыстың белгілібір участоктерінде жұмыстарды ұйымдастырушылар, — жоғары мектептерді бітірген жолдастармен бірге жұмысшы табы интеллигенциясының ұйткысы, өнеркәсібіміздің басшы қызметкерлерінің ұйткысы болуға тиісті жұмысшы табының жаңа тобы міне осылар. Міндет — әлгідей «төменнен» шыққан талапкер жолдастардың бетін қайтармауда, оларды басшы қызметтерге батыл жоғарылатуда, олардың ұйымдастырғыштық іскерлігін көрсетуіне мүмкіндік беруде, білімдерін арттыруына мүмкіндік беріп, ақшаны аямай оларға тиісті жағдай туғызуда.

Бұл жолдастардың ішінде партияда жоқтар аз емес. Бірақ бұл оларды басшылық қызметке батылырақ жоғарылатып қоюға бөгет бола алмайды. Қайта нақ осыларға, партияда жоқ жолдастарға, айрықша көңіл бөлу керек, басшы қызметтерге жоғарылату керек; іскер, талапты қызметкерлерді партияның бағалай білетіндігін олар істе көріп, көзі жетсін.

Кейбір жолдастар фабрикаларда, заводтарда басшылық қызметтерге партияда бар жолдастарды ғана

жоғарлатып қоюға болады деп ойлайды. Осы себепті олар партияда жоқ кейбір іскер, талапкер жолдастарды шеттетіп, бұлардан іскерлігі, талабы кем болса да партияда барларды бірінші дәрежелі орынга жоғарылатады. Осындай «саясатсымақтан» асып түсетін ахмактық және реакциялық ешнәрсе жоқ екендігін айтпаса да болады. Мұндай «саясат» партияның беделін ғана түсіретінін, партияда жоқ жұмысшыларды партиядан аулақтататынын дәлелдеп жатудың керегі бола қояр ма екен. Біздің саясатымыз партияны томаға-тұйық кастаға айналдыру емес. Біздің саясатымыз партиядағы жұмысшылар мен партияда жоқ жұмысшылардың арасында «өзара сенім», «өзара тексеріс» **(Ленин)** болуын көздейді. Айта кету керек, нақ осындай саясатты қолданғандықтан да біздің партиямыз жұмысшы табының арасында күшті партия болып отыр.

Сонымен, **ССРО жұмысшы табының өзінің өндірістік-техникалық интеллигенциясы болатын ету керек** — міндет осы.

Өнеркәсібімізді өркендетудегі төртінші жаңа шарт туралы мәселенің жайы осындай.

Енді бесінші шарт туралы мәселеге келейік.

V

ЕСКІ ӨНДІРІСТІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ БЕТБҰРЫСТЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Ескі, буржуазияшыл өндірістік-техникалық интеллигенцияға көзқарас туралы мәселе де енді жаңаша қойылып отыр.

Бұдан екі жыл бұрын ескі техникалық интеллигенцияның ішіндегі ең маман жағы зиянкестік дертіне шалдыққан еді. Ол ол ма, ол кезде зиянкестіктің өзі бір салт болуға айналып еді. Біреулер зиянкестік істеуші еді, екіншілері оларды бүркеуші еді, үшіншілері біле тұра бейтараптық етуші еді, төртіншілері Совет өкіметі мен зиянкестердің екі арасында қобалжып, әрі-сәрі болушы еді. Әрине, ескі техникалық интеллигенцияның көпшілігі қызметін азды-көпті адал істеуде болды. Бірақ мұндағы әңгіме көпшілік туралы емес, техникалық интеллигенцияның ішіндегі ең маман жағы туралы болып отыр.

Зиянкестік қозғалысты тудырған, оны өсірген не еді? Мұны тудырған да, өсірген де ССРО ішінде тап күресінің шиеленісуі еді, Совет өкіметінің қала мен деревнядағы капиталистік элементтерге шабуыл жасау саясатын қолданғаны еді, капиталистік элементтердің Совет өкіметінің саясатына қарсылық істеуі еді, халықаралық жағдайдың шиеленісуі еді, колхоз, совхоз құрылысының қиындығы еді. Егер нағыз барып тұрған зиянкестердің белсенділігін капиталистік елдердегі империалистердің интервенттік істері мен еліміздің ішіндегі астық мәселесінің қиыншылықтары күшейтсе, ескі техникалық интеллигенцияның екінші бөлегінің қобалжып, белсенді зиянкестер жағына шығуын троцкийшіл-меньшевикшіл мылжыңдардың: «колхоздар мен совхоздардан бәрібір ешнәрсе шықпайды», «Совет өкіметі бәрібір азып, кешікпей құлайды», «большевиктер өздерінің саясатымен интервенцияға өздері дем береді» деген дағдылы өсектері, тағысын-тағы сол сияқтылар күшейтті. Оның үстіне, оппозиция уклонистер ішіндегі кейбір карт большевиктер

де «ығуға» қарсы тұра алмай, сол кезде партиядан бұра тартып жүргенде, большевизм исі мұрнына барып көрмеген ескі техникалық интеллигенцияның бір бөлегі, құдай жәрдемімен, қобалжып кеткеніне таңдануға болмайды.

Әрине, істің жайы осылайша болғаннан кейін, Совет өкіметінің ескі техникалық интеллигенция жөнінде бір-ақ саясатты — белсенді зиянкестерді **талқандау**, бейтараптарды **жіктеу**, адалдарын **іске тарту** саясатын ғана жүргізуі мүмкін еді.

Бұдан бір-екі жыл бұрын жай осылай еді.

Қазіргі жағдайымыз да нақ осындай деуге бола ма? Жоқ, бұлай деуге болмайды. Қайта біздегі қазіргі жағдай мүлдем басқаша болып отыр. Мынадан бастайық: біз қала мен деревнядағы капиталистік элементтерді талқандап, оларды ойдағыдай жеңіп келеміз. Әрине, бұл ескі интеллигенцияны қуанта алмайды. Олардың өздерінің талқандалған достарына әлі де жаны ашуы әбден ықтимал нәрсе. Бірақ белсенді достары қайтып оңалмастай болып қатты жеңілген соң, енді тілектестері, әсіресе, бейтараптар мен қобалжушылар олардың халіне ұшырауға өз еркімен ырза бола қоймаса керек.

Сонсын, біз астық қыйыншылықтарын жеңіп алдық; жеңіп алғандығымыз былай тұрсын, сонымен қатар Совет өкіметі өзі өз болғалы шетке шығарып көрмеген мөлшерде шетке астық шығарып отырмыз. Ендеше қобалжушылардың бұл «дәлелі» де дәлел болмай қалды.

Сонсын, колхоз, совхоз құрылысы майданында сөзсіз жеңіп, орасан зор табыстарға жеткендігімізді енді тіпті соқырлар да көргендей.

Ендеше, ескі интеллигенцияның «арсеналындағы» ең басты дәлел де түпсіз шыңырауға түсті. Буржуазияшыл интеллигенцияның интервенттерден үміттенуін алатын болсақ, ол да әзір құмға салынған үйдей негізсіз әңгіме болып шықты деп есептеу керек. Шынында да, алты жыл бойы интервенция жасаймыз деп уәде берілді, бірақ бірде-бір рет интервенция жасалған жоқ. Біздегі көреген буржуазияшыл интеллигенцияның босқа алданғанын мойындайтын мезгіл жетті. Белсенді зиянкестердің қылығының өзі Москвадағы әйгілі сот процесінде зиянкестік идеясының арқауын таркатуы керек еді: шынында олар солай етті де, мен оны айтып та тұрғаным жоқ.

Әрине, осы жаңа жағдайлар ескі техникалық интеллигенциямызға әсер етпей қалған жоқ. Жаңа жағдай техникалық ескі интеллигенция арасында жаңа ниет туғызуы керек еді, ол шынында да жаңа ниет туғызды. Бұрын зиянкестерге тілектес болған осы интеллигенцияның белгілі бөлегінің Совет өкіметі жағына бет бұрғандығының айқын белгілері бар болып отырғаны да міне осыдан. Ескі интеллигенцияның бұл тобы былай тұрсын, тіпті кешегі нағыз зиянкестер де, күні кешегі зиянкестердің бірқатары да бірсыпыра заводтар мен фабрикаларда жұмысшы табымен бірге қызмет ете бастады, — бұл факт ескі техникалық интеллигенцияның арасында бетбұрыс басталғанын сөзсіз көрсетеді. Бұл, әрине, бізде енді зиянкестер жоқ деген сөз емес. Жоқ, олай деген сөз емес. Бізде таптар бар тұрғанда, капиталистік қоршау бар тұрғанда, зиянкестер бар да, болады да. Алайда, бұрын зиянкестерге өйтіп бүйтіп тілектес болып келген ескі тех-

никалық интеллигенцияның едәуір бөлегі кәзір Совет өкіметіне бет бұрды, — бұл жағдай белсенді зыянкестердің енді азайып қалғанын, олардың оқшауланғанын және ондайлардың белгілі уақытқа дейін мейлінше жасырын күйге түсуге кіріптар болатынын көрсетеді.

Ал бұдан шығатын қортынды — ескі техникалық интеллигенция жөніндегі саясатымыз да осыған сәйкес өзгертілуі керек. Зыянкестіктің қызып тұрған кезінде ескі техникалық интеллигенция жөніндегі көзқарасымыз көбінесе талқандау саясатына негізделген болса, кәзіргі уақытта, сол интеллигенцияның Совет өкіметіне бет бұрған дәуірінде, ол жөніндегі көзқарасымыз оны көбінесе іске тарту, оның қамын жеу саясатына негізделуге тиіс. Жаңарған, өзгерген жағдайда да бұрынғы ескі саясатты жүргізе берген болсақ, мұнымыз дұрыс болмас еді, диалектика жолына қайшы келер еді. Ескі мектептен шыққан маманның, инженердің кез келгенін дерлік қолға түспей жүрген қылмысты адам, зыянкес деп қараушылық — ақылсыздық, ақымақтық болар еді. «Мамандарды қудалаушылық» бізде әрқашанда зиянды және масқара нәрсе деп саналып келді, бұдан былай да солай деп саналады.

Сонымен, **ескі мектептен шыққан инженер-техниктар жөніндегі көзқарасымызды өзгерту керек, оларға көбірек көңіл бөліп, қамын ойлау керек, оларды іркілмей іске тарту керек** — міндет осы.

Өнеркәсібімізді өркендетудегі бесінші жаңа шарт туралы мәселенің жайы осындай.

Енді ең ақырғы шарт туралы мәселеге келейік.

VI
ШАРУАШЫЛЫҚ ЕСЕП ТУРАЛЫ

Енді тағы бір жаңа шартты айтып өтпесем, істің жайы толық болмас еді. Әңгіме — өнеркәсіп үшін, халық шаруашылығы үшін қор жыйнаудың көзі туралы, сол қор жыйнаудың қарқынын күшейту туралы болып отыр.

Қор жыйнау жағынан қарағанда өнеркәсібіміздің өркендеуіндегі жаңалық, өзгешелік қандай? Ол өзгешелік сол — өнеркәсіпті онан сайын өрістету үшін қор жыйнаудың бұрынғы көздері жетпейтін бола бастады. Олай болса, индустрияландыру ісінің большевиктік қарқынын шын сақтап, өркендеткіміз келсе, қаржы құраудың жаңа көздерін тауып, бұрынғыларын күшейту керек.

Капиталистік елдердің тарихынан белгілі: өзінің индустриясын жоғары сатыға көтергісі келген жас мемлекеттің бірде-бірі ұзақ мерзімді кредит я заем түрінде сырттан жәрдем алмайынша ешнәрсе бітіре алмаған. Сондықтан да батыс елдердің капиталистері, шеттен кредит пен заем болмаса біздің елімізді индустриялау сөзсіз нәтижесіз қалады деп ойлап, біздің елімізге кредит пен заемды мүлдем бермей қойды. Бірақ капиталистер қателесті. Біздің елдің капиталистік елдерден айырықша екенін, бізде индустрияны қалпына келтіріп, онан сайын күшейтуге жетерлік қор жыйнаудың кейбір ерекше көздері барлығын олар ескермеді. Шынында да, біз өнеркәсіпті қалпына келтіріп қана қоймай, ауыл шаруашылығын транспортты қалпына келтіріп қана қоймай, ауыр өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, транспортты қайта құру жөнін-

дегі ұлы істі де жолға қойып үлгірдік. Әрине, бұл жұмысқа ондаған миллиард сом қаржы жұмсалды. Бұл миллиардтар қайдан алынды? Жеңіл өнеркәсіптен, ауыл шаруашылығынан, бюджет қорынан алынды. Соңғы кезге дейін біздегі істің жайы осындай болып келді.

Қәзір істің жайы бүтіндей басқаша болып отыр. Бұрын өнеркәсіп пен транспортты қайта құру үшін қор жыйнаудың бұрынғы көздері жететін болса, кәзір көрнеу жетпейтін бола бастады. Ендігі әңгіме — бұрынғы өнеркәсіпті қайта құруда емес. Әңгіме Оралда, Сібірде, Қазақстанда техника жағынан қаруланған жаңа өнеркәсіпті жасау туралы болып отыр. Әңгіме ССРО-ның астықты, мал өсіруші, шикізат қоры бар аудандарында жаңадан ірі ауылшаруашылық өндірісін құру туралы болып отыр. Әңгіме ССРО-ның Батысы мен Шығысы арасында жаңа темір жолдар салу туралы болып отыр. Әрине, мұндай зор жұмыстарға қор жыйнаудың бұрынғы ескі көздері жетпейді.

Тек бұл ғана емес. Мұның үстіне, істің салақ жүргізілгенінен кәсіпорындарымыз бен шаруашылық ұйымдарымыздың бірсыпырасында шаруашылық есеп принциптерінің бұзылғандығын қосу керек. Кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдардың бірсыпырасында есеп жүргізуді, калькуляция жасауды, кіріс пен шығыстың дәлелді балансын жасауды көптен бері қойып кеткендігі факт болып отыр. Кәсіпорындар мен шаруашылық ұйымдардың бірсыпырасында «үнемдеу тәртібі», «өнімсіз шығынды азайту», «өндірісті рационализациялау» деген ұғымдардың көптен бері салттан шығып қалғандығы факт болып отыр. Олар, Мемлекеттік банк «керек қаражатты бізге бәрібір беріп ту-

рады» деп ойлайтын шығар. Кәсіпорындардың бірсыпырасында өнімнің өзіндік бағасы соңғы кезде арта бастағаны факт болып отыр. Оларға өнімнің өзіндік бағасын 10 процент, онан да артық кемітілетін болсын деп тапсырма берілген, ал олар қайта оны арттыра түседі. Өнімнің өзіндік бағасын кеміту деген не? Өздеріңізге мәлім, өнімнің өзіндік бағасы бір процент кемігеннің өзінде өнеркәсіптің өз ішінен 150—200 миллион сом қор жыйнап аламыз. Әрине, мұндай жағдайларда өнімнің өзіндік бағасын арттыру — өнеркәсіпке, бүкіл халық шаруашылығына керекті жүздеген миллион сомнан айрылу деген сөз.

Мұның бәрінен шығатын қортынды — енді тек жеңіл өнеркәсіптің беретініне, тек бюджет қорларына, тек ауыл шаруашылығының кірісіне ғана сүйеніп отыруға болмайды. Жеңіл өнеркәсіп қор жыйнаудың мол көзі болып табылады, енді өсе беруге оның барлық мүмкіндіктері бар, бірақ бұл қордың шегі жоқ емес. Ауыл шаруашылығы да қор жыйнаудың мол көзі болып табылады, бірақ оның өзі кәзір, социалистік жолмен қайта құрылып жатқан дәуірде, мемлекеттен финансы жәрдемін алуға мұқтаж болып отыр. Бюджет қорына келсек, оның да шегі бар екенін, шегі болу керек екенін өздеріңіз білесіздер. Енді қалып отырған не? Енді қалып отырған ауыр өнеркәсіп. Олай болса, ауыр өнеркәсіптің де, еңалдымен оның машина жасайтын бөлімінің де қор жыйнап беретіндей болуына жетуіміз керек. Олай болса, қор жыйнаудың бұрынғы көздерін күшейтіп, өрістетумен қабат, ауыр өнеркәсіптің де, еңалдымен машина жасау кәсібінің де қор жыйнап беретіндей болуына жетуіміз керек.

Ендігі жол осында.

Ал бұл үшін не керек? Ұқыпсыздықты жою керек, өнеркәсіптің ішкі қорларын пайдаға асыру керек, барлық кәсіпорындарымызда шаруашылық есепті енгізіп, оны нығайту керек, өнімнің өзіндік бағасын үнемі кемітіп отыру керек, өнеркәсіптің барлық тарауларында да өнеркәсіптің ішкі қор жыйнау ісін күшейту керек.

Ендігі жол осындай.

Сонымен, **шаруашылық есепті енгізіп, нығайту керек, өнеркәсіптің ішкі қорын күшейту керек** — міндет осы.

VII

ЖАҢАША ЖҰМЫС ІСТЕП, ЖАҢАША БАСШЫЛЫҚ ЕТУ КЕРЕК

Өнеркәсібімізді өркендетудің жаңа шарттары осындай, жолдастар.

Бұл жаңа шарттардың маңызы сол — бұлар өнеркәсіп үшін жаңа жағдайлар туғызып отыр, ол жаңа жағдайлар жұмыстың жаңа әдісін, басшылықтың жаңа әдісін талап етеді.

Сонымен:

а) Демек, енді бұрынғыша жұмысшы күшінің өзбетіндігіне сеніп отыруға болмайды. Өнеркәсіпті жұмысшы күшімен қамтамасыз ету үшін, жұмысшы күшін ұйымдасқан тәртіппен құрап алу керек, еңбекті механизациялау керек. Біздің жұмысымыздың қарқындары мен өндірістің көлемі ұлғайып отырған жағдайда механизациясыз-ақ істі бітіруге болады деп ойлау — теңізді қасықпен сарқуға болады деп ойлаумен бірдей.

б) Демек, сонсын, мұнан былай өнеркәсіпте жұмысшы күшінің тұрақтамауына көнуге болмайды. Бұл кеселден құтылу үшін, жалақыны жаңаша ұйымдастырып, кәсіпорындардағы жұмысшылардың құрамын азды-көпті тұрақты ету керек.

в) Демек, сонсын, мұнан былай өндірістегі иесіздікке көнуге болмайды. Бұл кеселден құтылу үшін, еңбекті жаңаша ұйымдастыру керек, күштерді тәртіппен бөліп, бөлгенде жұмысшылардың әрбір тобы өз жұмысына, механизмдерге, станоктерге, жұмыстың сапасына жауапты болғандай ету керек.

г) Демек, сонсын, мұнан былай бұрынғыша, буржуазиялық Россиядан мұра болып қалған азын-аулақ ескі инженер-техниктермен ғана іс істеуге болмайды. Өндірістің қазіргі қарқынын, көлемін арттыру үшін, жұмысшы табының өзінің өндірістік техникалық интеллигенциясы болатын ету керек.

д) Демек, сонсын, бұрынғыша, ескі мектептерден шыққан мамандар мен инженер-техниктердің бәріне беталды бірдей қарауға болмайды. Өзгерген жағдайды ескеру үшін, жұмысшы табының жағына анық бет бұрып келе жатқан ескі мамандар мен инженер-техниктер жөнінде саясатымызды өзгертіп, оларға мейлінше қамқорлық ету керек.

е) Демек, ақыр аяғында, бұрынғыша, қор жыйнаудың бұрынғы көздеріне ғана сеніп отыруға болмайды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өркендей беруін қамтамасыз ету үшін, қор жыйнаудың жаңа көздерін пайдаға асыру керек, ұқыпсыздықты жойып, шаруашылық есепті енгізу керек, өнімнің өзіндік бағасын кемітіп, өнеркәсіптің өз ішіндегі қорын молайту керек.

Жұмысты жаңа әдіспен істеп, шаруашылық құрылысына жаңа әдіспен басшылық етуді тілейтін, өнеркәсіпті өркендетудің жаңа шарттары осындай.

Жаңаша басшылық ету ісін тәртіпке салу үшін не керек?

Бұл үшін, алдымен, біздің шаруашылықты басқарушы қызметкерлеріміз жаңа жағдайға түсініп, өнеркәсіпті өркендетудің жаңа шарттарын нақтылы үйреніп, өз жұмысын жаңа жағдайдың талаптарына үйлестіріп құруы керек.

Сонсын, бұл үшін, шаруашылықты басқарушы қызметкерлеріміз кәсіпорындарға «жалпылап», «аспаннан» басшылық етпей, дәлдеп, нақтылы басшылық етуі керек, олар әрбір мәселеге жалпы бос сөз тұрғысынан қарамай, іс жағын қатты құнттап, іс тұрғысынан қарауы керек, олар қағаз жазумен я жалпылаған сылдыр сөз, құрғақ ұранмен қанағат етпей, істің жайын біліп, істің байыбына барып, әрбір «ұсақ» мәселелерге зер салуы керек, өйткені кәзір «ұсақ-түйектерден» ұлы істер істелуде.

Сонсын, бұл үшін, кей кездерде бір өзінің құрамында 100—200 кәсіпорындары бар орасан үлкен бірлестіктерімізді дереу кішірейтіп, бірнеше бірлестіктерге бөлу керек. Әрине, бір өзіне жүз завод, онан да көп завод қарайтын бірлестіктің председателі ол заводтарды, олардың мүмкіндіктерін, жұмыстарын шындап біліп отыра алмайды. Әрине, заводтарды біліп отырмаған соң, оларға басшылық та ете алмайды. Ендеше, бірлестіктер председательдерінің заводтарды жақсы біліп, басшылық етуіне мүмкіншілік беру үшін, оларды басы артық заводтардан арылту керек,

бірлестіктерді бірнеше бірлестікке бөліп, заводтарға жақындату керек.

Сонсын, бұл үшін, бірлестіктеріміз алқа болып басқарудан шығып, дара басқарушылыққа көшуі керек. Қәзіргі жай мынадай: бірлестіктердің алқаларында 10—15 адам отырады, олардың бітіретіні қағаз жазу, өзара айтысу. Енді бұлай басқаруға болмайды, жолдастар. Қағаз «басшылықты» қойып, шын, іскерлік, большевиктік жұмысқа көшу керек. Бірлестіктің басында бірлестіктің председателі, оның бірнеше орынбасары қалсын. Бірлестікті басқаруға солар толық жетеді. Алқаның өзге мүшелерін төмен — заводтар мен фабрикаларға жіберсе жақсырақ болған болар еді. Бұл олардың өздеріне де, іске де анағұрлым пайдалы болған болар еді.

Сонсын, бұл үшін, бірлестік председательдері, олардың орынбасарлары заводтарды жиі-жиі аралап, заводтарда көбірек отырып жұмыс істеуі керек, завод қызметкерлерімен жақсылап танысуы керек, жергілікті адамдарға іс үйретіп қана қоймай, өздері де солардан үйренетін болуы керек. Қәзіргі уақытта кеңседе, конторда, заводтардан алыста отырып басшылық етуге болады деп ойлау — адасқандық. Заводтарға басшылық ету үшін, кәсіпорындардың қызметшілерімен жиі-жиі араласып, олармен тікелей қатнас жасап тұру керек.

Ақырында, 1931 жылдың өндіріс жоспары туралы бірер сөз. Партияны төңіректеп жүрген кейбір тоғышарлар бар, олар біздің өндірістік программамыз нақты емес, орындалмайтын программа деп сендірмекші болады. Бұлар, Щедрин айтқандай, «өздерінің бишаралығынан» төңірегіндегінің бәріне күдіктенетін

«дана шабақтар» сықылдылар. Біздің өндірістік программамыз нақты ма? Сөз жоқ, нақты! Оның нақты болатын бір себебі — бізде оны орындауға керекті шарттардың бәрі бар. Оның нақты болатын бір себебі — оның орындалуы енді тек біздің өзімізге, өзіміздегі мол мүмкіншіліктерді пайдалана білуімізге, пайдаланғымыз келуіне ғана байланысты. Бірсыпыра кәсіпорындар мен өнеркәсіптің бірсыпыра тарауларының кәзірдің өзінде-ақ жоспарды **асыра орындағандығы** бұған толық дәлел емей немене? Демек, кәсіпорындар мен өнеркәсіп тарауларының басқалары да жоспарды орындай алады, асыра орындай алады.

Өндірістік жоспарды цифрлар мен міндеттемелердің тізбесі ғана деп ойлау ағаттық болар еді. Шынында өндірістік жоспар дегеніміз миллиондаған адамның күнбе-күнгі, іс жүзіндегі қызметі. Біздің өндірістік жоспарымызды нақты ететін — жаңа тұрмыс орнатып жатқан миллиондаған еңбекшілер. Біздің программамызды нақты ететін — кәдімгі адамдар, біз бен сіздер, біздің еңбекке ұмтылған талабымыз, жұмысты жаңаша істеуге әзірлігіміз, жоспарды орындауға бел байлағандығымыз. Бізде сол бел байлағандық бар ма? Я, бар. Ендеше, біздің өндірістік программамыз орындалады, орындалуға тиіс те. (Ұзақ қол шапалақтау.)

«Правда», № 183,
5 июль, 1931 ж.

«АМО»[20] ЖҰМЫСШЫЛАРЫ МЕН ӘКІМШІЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ

«АМО» заводы жұмысшылары мен әкімшілік-техникалық қызметкерлерінің табысын БК(б)П ОК үлкен қанағаттанумен атап өтеді. Орыс капиталистерінің техникасы мешеу, еңбек өнімділігі төмен, қанаудың тағылық тәсілдерін қолданған автомобиль мастерскойларын ғана құра алған жерінде осы заманғы техниканың барлық табыстарын қолдана алатын, 25 000 жүк машинасын шығара алатын қуатты алып құрылды. Сіздердің табысыңыз — біздің еліміздің барлық еңбекшілерінің табысы. Бұл бірінші үлкен табыстарыңыздан кейін сіздердің басқа табыстарыңыз: заводтың жаңа техникасын меңгеру, өндірістік программаны бұлжытпай орындап отыру, өндіріс шығынын кеміту және өнім сапасын көтеру болатынына БК(б)П ОК кәміл сенетіндігін білдіреді.

ССР Одағындағы ең тұңғыш автомобиль алыбы — «АМО» заводы құрылысшыларының бәріне большевиктік жалынды сәлем!

БК(б)П ОК секретары ***И. Сталин***

«Правда» № 271,
1 октябрь, 1931 ж.

ХАРЬКОВ ТРАКТОРОСТРОЙЫНЫҢ ЖҮМЫСШЫЛАРЫ МЕН ӘКІМШІЛІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ

Біздің елдің еңбекшілері, миллиондаған колхозшылар және партия Харьков трактор заводы құрылысының барысына орасан зор назар салып отырды. Харьков тракторостройы — Украина ауыл шаруашылығын коллективтендірудің болат тірегі, оны құрушылар — миллиондаған украин шаруаларын социализм жолымен бастап отыратын авангард. Трактор заводтарының семьясына енгелі отырған Харьков трактор заводының құрылысы еліміздің социалистік индустриясының тарихында нағыз большевиктік қарқынның үлгісі болып қалады. БК(б)П ОҚ жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер жас өндірістің қиыншылықтарын жеңіп шығады, Сталинград заводының тәжрибесін пайдаланады, сөйтіп 1932 жылдың жауынгерлік программасын орындап шығады деп сенетіндігін білдіреді.

ССР Одағындағы екінші трактор алыбының құрылысшыларына большевиктік жалынды сәлем!

БК(б)П ОҚ секретары ***И. Сталин***

«Правда» № 271,
1 октябрь, 1931 ж.

«ТЕХНИКА» ГАЗЕТІНЕ[21]

Тұңғыш большевиктік техникалық газеттің жарыққа шығуын құттықтаймын.

«Техника» газеті техниканы меңгеру ісінде жұмысшылардың, шаруашылық қызметкерлердің, инженер-техник қызметкерлердің қалың бұқарасының күшті құралы болуға тиіс. «Техника» газеті партияның жұмысшы табы адамдарынан жүз мыңдаған жаңа техниктер мен инженерлерді — большевиктік қарқын үшін күресушілерді дайындап шығаруына жәрдемдесуге тиіс.

Газеттің жұмысы табысты болуына тілектеспін!

И. Сталин

«Правда» № 280,
10 октябрь, 1931 ж.

БОЛЬШЕВИЗМ ТАРИХЫНЫҢ ҚЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

„Пролетарская революция" журналының редакциясына хат

Құрметті жолдастар!

«Пролетарская Революция»[22] журналында (№ 6, 1930 ж.) Слуцкийдің «Большевиктердің герман социал-демократиясының соғыс алдындағы дағдарысы кезіндегі жайы туралы пікірлері» деген антипартиялық және жартылай троцкистік мақаласын айтыс мақала ретінде басқандарыңызға қатты қарсылық білдіремін.

Слуцкий: Ленин (большевиктер) герман социал-демократиясындағы және жалпы соғыс алдындағы социал-демократиядағы **центризмнің** қаупін жете бағаламады, яғни бетін бүркеген оппортунизмнің қаупін, оппортунизмге ымырашылдық етудің қаупін жете бағаламады деп соғады. Басқаша айтқанда, Слуцкийше, Ленин (большевиктер) оппортунизмге қарсы ымырасыз күрес жүргізбеген болып шығады, өйткені центризмді жете бағаламаудың өзі, шынында, оппортунизмге қарсы өрістете күрес жүргізуден бас тартқандық болады. Сөйтіп, соғыстың алдындағы дәуірде Ленин әлі нағыз большевик болмаған болып шығады,

Лениннің нағыз большевик болған кезі — империалистік соғыстың кезі не болмаса тіпті соғыстың бітер кезі ғана болып шығады.

Слуцкий өзінің мақаласында осылай дейді. Ал сіздер, бұл сықты жаңадан шыққан «тарихшыны» жалақор, бұрмалаушы ретінде масқаралаудың орнына, оған трибуна беріп, онымен айтысқа түсіп отырсыздар. Слуцкийдің мақаласын айтыс ретінде журналыңызда басқандарыңызға қарсылық білдірмей отыра алмаймын, өйткені Лениннің **большевиктігі туралы** мәселені, оппортунизмнің белгілі түрі болған центризмге қарсы Ленин принциптік түрде ымырасыз күрес **жүргізді ме**, әлде **жүргізбеді ме** деген мәселені, Ленин шын большевик **болды ма**, әлде **болмады ма** деген мәселені айтыс мәселесіне айналдыруға болмайды.

Сіздер Орталық Комитетке «Редакцияның атынан» 20 октябрьде жазып жіберген мәлімдемелеріңізде редакция Слуцкийдің мақаласын айтыс мақала ретінде басып, қателесті дегенді мойындарыңызға аласыздар. Редакцияның мәлімдемесі көп кешігіп шықса да, қатені мойынға алуларыңыз, әрине, жақсы нәрсе. Бірақ сіздер өз мәлімдемеңізде тағыда қателесіп, «большевиктердің соғысқа дейінгі II Интернационалмен арақатнасына байланысы бар барлық мәселелерді «Пролетарская Революция» журналының бетінде онан әрі талдауды редакция саяси жағынан өте маңызды және қажетті деп біледі» дегенді жарыялап отырсыздар. Мұның аты — большевизмнің аксиомасы болып отырған мәселелер жөнінде жұртты тағыда айтысқа тартуға ниеттеріңіз бар деген сөз болады. Мұның аты — Лениннің большевиктігі туралы мәселені сіздердің тағыда аксиомадан «онан әрі талдауды» ке-

рек қылатын мәселеге айналдыруға ойларыңыз бар деген сөз болады. Неге, бұған қандай дәлел бар?

Жұрттың бәріне мәлім, ленинизм оппортунизмнің барлық түрімен аянбай күресе отырып, соның ішінде батыстағы центризммен (Каутский), біздегі центризммен (Троцкий, тағы басқалары) күресе отырып туды, өсіп, ер жетті. Мұны большевизмнің тіпті ашық жаулары да өтірік дей алмайды. Бұл аксиома. Ал сіздер аксиоманы «онан әрі талдауды» керек қылатын мәселеге айналдырмақ болып, бізді кейін қарай тартып отырсыздар. Неге? Бұған қандай дәлел бар? Бәлкім, большевизм тарихымен таныс еместіктеріңнен шығар? Бәлкім, Слуцкийлер және Троцкийдің сол сықты шәкірттері аузымызды басады демесін деп істеген шірік либералдықтарың шығар? Мыналарың большевизмнің негізгі мүдделерінің есебінен жасалған таңқаларлық либерализм екен...

Редакция Слуцкий мақаласының неменесін айтыс ашуға жарамды деп санайды?

1) Слуцкий: Ленин (большевиктер) Германия социал-демократиясының оппортунистерінен, соғыстан бұрынғы дәуірдегі II Интернационалдың оппортунистерінен айрылысу, жіктеліп шығу жолын жүргізбеді, деп соғады. Сіздер Слуцкийдің осындай троцкистік тезисі жөнінде айтыспақсыздар. Ал мұнда айтысарлық не бар? Слуцкийдің Ленинге, большевиктерге кәдімгідей жала жауып отырғаны ашық емес пе? Жаланы айтысқа айналдыру керек емес, қайта оны масқаралау керек.

Ленин, соғыстан көп бұрын, шамасы 1903—1904 жылдардан бастап, Россияда большевиктер тобы қалыптасқан кезде-ақ және Германия социал-демокра-

тиясының солшылдары алғаш біліне бастаған кезде-ақ,— өзіміздің Россиялық социал-демократиялық партиядағы оппортунистерден де, анау II Интернационалдағы, соның ішінде герман социал-демократиясындағы оппортунистерден айырылысу, жіктеліп шығу жолын жүргізген; мұны, егер шын большевик болса, большевиктердің бәрі біледі.

Нақ сондықтан да сол кездің өзінде-ақ (1903—1905 жылдарда) большевиктерге II Интернационалдың оппортунистері тарапынан «жікшілдер», «бүлдіргіштер» деген құрметті атақтар тағылғанын да большевиктердің бәрі біледі. Бірақ II Интернационалдағы және, еңалдымен, герман социал-демократиясындағы солшылдар — нашар, дәрменсіз топ болса, ұйымдық жағынан қалыптаспаған, идеологиялық жағынан шынықпаған топ болса, тіпті «айырылысу», «жіктелу» деген сөзді ауызға алуға да қорқатын топ болса, Ленин не істей алатын еді, большевиктер не істей алатын еді? Лениннен, большевиктерден Россияда жатып солшылдар үшін батыс партияларының ішінде жіктелу жаса деп талап етуге болмайды ғой.

Мен бұл арада ұйымдық және идеологиялық жағынан әлсіздік тек соғыстан бұрынғы дәуірде ғана емес, онан кейінгі дәуірде де солшыл социал-демократтардың айрықша белгісі болды дегенді айтып та тұрғаным жоқ. Солшылдардың мұндай нашар белгілері соғыстан кейінгі дәуірде де сақталғаны жұртқа мәлім. Лениннің «Юниустің кітәпшасы туралы»* деген белгілі макаласында герман солшыл социал-де-

* Юниус — Роза — Люксембург, герман социал-демократиясындағы солшыл социал-демократтардың басшысы.

мократтарына берген бағасы жұрттың бәріне мәлім; ол мақала соғыс басталған соң екі жылдан да көбірек кейін, 1916 жылдың октябрінде басылған; Ленин ол мақаласында Германиядағы солшыл социал-демократтардың талай-талай ірі саяси қателерін сынай келіп, **«каутскийшілдердің оңбаған екіжүзділігінің, педанттығының, оппортунистермен «достықты сүйетіндігінің» торына жан-жағынан шырмалған барлық неміс солшылдарының әлсіздігін»** айта келіп: **«Юниус неміс социал-демократтарының, тіпті жіктеліп шығуға қорқатын, революциялық ұрандарды аяғына дейін айтып шығудан қорқатын солшыл социал-демократтардың «ортасынан» толық құтылған жоқ»**[23] дейді.

Ол кезде II Интернационал топтарының ішінде орыс большевиктері өзінің россиялық социал-демократиясының оппортунистерінен тура айрылысып кетуге, жіктеліп шығуға ұйымдық тәжрибесі жағынан, идеологиялық шынығуы жағынан шамасы келетін бірденбір топ болатын. Егер Слуцкийлер Ленин мен орыс большевиктері оппортунистерден (Плеханов, Мартов, Дан) жіктеліп шығуды ұйымдастыру жөнінде, центристерді (Троцкий және Август блогін қолдаған өзгелер) айдап шығу жөнінде өздерінің барлық күшін түгел пайдаланбады дегендей пікірді аса дәлелдеп көрсетпей-ақ, тек жорамалдап айтуға тырысса,— сонда ғана Лениннің большевиктігі, большевиктердің большевиктігі туралы таласуға болар еді. Бірақ әңгіме мынада: мұндай сөлекет жорамалды айтуға Слуцкийлердің аузын ашуға да батылы бармайды. Мұны айта алмайды, өйткені оппортунистердің барлық түрінен айрылып кету жөнінде орыс большевиктерінің батыл саясат жүргізгендігі (1904—1912 жыл-

дарда) туралы барша жұртқа мәлім фактылар мұндай жорамалды мейлінше әшкерелейді. Мұны айта алмайды, өйткені айта қалса ертеңінде-ақ өздерінің масқарасы шығатынын біледі.

Енді мынадай бір сұрақ туады: II Интернационалдың оппортунистерінен және центристерінен айрылысу жолын, жіктеліп шығу жолын жүргізе отырмай, орыс большевиктері империалистік соғыстан көп бұрын (1904—1912 жылдары) өзінің оппортунистерінен және центристері-ымырашылдарынан жіктеліп шығу ісін жүзеге асыра алатын ба еді? Орыс большевиктері оппортунистер мен центристер жөніндегі өз саясатын Батыс солшылдарына да үлгі бола алатын саясат деп санағанына кім күмән келтіре алады? Орыс большевиктерінің Батыстағы солшыл социал-демократтарды, соның ішінде герман социал-демократиясының солшылдарын, олардың өз оппортунистері мен центристерінен айрылу жолына, жіктеліп шығу жолына әрдайым итермелеп отырғанына кім күмән келтіре алады? Батыстағы солшыл социал-демократтар ержетіп есеймеуі себепті орыс большевиктерінің салып берген ізімен жүре алмаса, бұған Ленин мен орыс большевиктері кінәлі емес.

2) Слуцкий: герман социал-демократиясындағы солшылдарды батыл, үзілді-кесілді қуаттамады, қуаттағанда да қатаң шарт қойып қана қуаттады, солшылдарды ақырына дейін қуаттауға фракциялық пікірлер кеселдік қылды деп, Ленинді, большевиктерді кінәлайды. Сіздер міне осындай шарлатандық, мейлінше жалған кінәлаушылыққа қарсы айтыспаксыздар. Ал мұнда, шынында, айтысарлық не бар? Слуцкийдің бұл арада маневр жасап, Ленин мен большевиктерді жал-

ған кіналау арқылы, Германиядағы солшылдардың позициясындағы шын кемшіліктерді бүркеуге тырысып отырғаны айқын емес пе? Большевизм мен меньшевизмнің арасында ылғый ауытқып әрі-сәрі болып жүрген Германиядағы солшылдарды — оларға қатаң шарт **қоймайынша,** олардың қателерін мықтап **сынамайынша,** — большевиктер, егер жұмысшы табына және оның революциясына **опасыздық етем демесе,** қуаттай алмағандығы айқын емес пе? Қәззәптық маневрлерді айтысқа айналдырмай, масқаралау керек.

Я, большевиктер Германиядағы солшыл социал-демократтарды қуаттағанда оларға белгілі қатты шарттар қойып, олардың жартылай меньшевиктік қателерің сынай отырып қуаттады. Бірақ бұл үшін большевиктерді жазғыру емес, құттықтау керек.

Бұған шек келтіретін адамдар бар ма?

Тарихтан алынған жалпыға мәлім фактыларды келтіріп көрейік.

а) 1903 жылы партияға мүшелік туралы мәселе жөнінде Россияда большевиктер мен меньшевиктер арасында үлкен талас туды. Большевиктер партияға мүшелік туралы өз тұжырымы арқылы партияға пролетариат емес элементтердің ағылуына қарсы ұйымдық жағынан шек қойғысы келді. Мұндай ағылудың қаупі ол кезде өте күшті еді, өйткені орыс революциясы буржуазиялық-демократиялық сыйпатта еді. Орыс меньшевиктері пролетариат емес элементтерге партияның есігін кең ашып беретін қарама-қарсы позицияны қуаттады. Орыс революциясы мәселелерінің дүниежүзілік революциялық қозғалыс үшін маңызы зор болғандықтан бұл таласқа батыс-европалық социал-демократтар да араласуға ұйғарды. Бұған Гер-

маниядағы солшыл социал-демократтар да, солшылдардың сол күндегі басшылары Парвус пен Роза Люксембург те араласты. Ал бұлар қайтті? Бұлардың екеуі де меньшевиктерді жақтап, большевиктерге қарсы шықты. Онымен қоймай олар ультрацентрализмге, бланкистік тенденцияға түстіңдер деп большевиктерге кінә тақты. Меньшевиктер кейін осы оңбаған, мещандық теңеулерді іліп әкетіп, бүкіл дүние жүзіне жайды.

б) 1905 жылы Россияда орыс революциясының сыйпаты туралы большевиктер мен меньшевиктердің арасында алауыздық туды. Большевиктер пролетариат гегемониясы арқылы жұмысшы табы мен шаруаны одақтастыру идеясын қуаттады. Большевиктер: істі пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасына қарай бастау керек, сөйтіп, деревня кедейлерінің қолдауын қамтамасыз ете отырып, буржуазиялық-демократиялық революциядан дереу социалистік революцияға көшу керек деді. Россиядағы меньшевиктер буржуазиялық-демократиялық революциядағы пролетариат гегемониясы жөніндегі идеяны қабылдамады, олар жұмысшы табының шаруалармен одақтасу саясатынан либералшыл буржуазиямен келісу саясатын артық көрді, ал пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасын буржуазиялық революцияның дамуына қайшы келетін реакциялық бланкистік схема деп жарыялады. Бұл таластарға герман социал-демократиясындағы солшылдар, Парвус пен Роза Люксембург, қалай қарады? Олар жұмысшы табы мен шаруалардың одақ жасау саясатын мойындамайтын бастан-аяқ меньшевиктік рухқа бөленген перманент-

тік революция деген утопистік және жартылай меньшевиктік схеманы (революцияның маркстік схемасын бұрмалап көрсететін бірдеңені) ойлап шығарды, сөйтіп ол схеманы большевиктердің пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы деген схемасына қарама-қарсы қойды. Соңынан перманенттік революция деген осы жартылай меньшевиктік схеманы Троцкий (бір жағынан Мартов) іліп алып, ленинизмге қарсы күрестегі қаруға айналдырды.

в) Соғыстың алдындағы дәуірде II Интернационал партияларының алдына келіп шыққан ең маңызды мәселелердің бірі — ұлт-отар мәселесі, езілген ұлттар мен отарлар туралы мәселе, езілген ұлттар мен отарларды азат ету туралы мәселе, империализммен күресудің жолдары туралы мәселе, империализмді құлату жолдары туралы мәселе еді. Пролетарлық революцияны күшейту және империализмді қоршау мүддесі үшін большевиктер ұлттардың өзін-өзі билеуі негізіне сүйене отырып, езілген ұлттар мен отар елдердің азаттық қозғалысын қуаттау саясатын ұсынды және алдыңғы қатардағы елдердің пролетарлық революциясы мен отар және езілген елдердің халықтарының революциялық-азаттық қозғалысының біртұтас майданын құру схемасын өрістетті. Барлық елдердің оппортунистері, барлық елдердің социал-шовинистері мен социал-империалистері осыған байланысты дереу большевиктерге қарсы жабыла аттанды. Большевиктерді құтырған иттей қудалады. Сол уақытта Батыстағы солшыл социал-демократтар қандай позицияда болды? Олар империализм жөнінде жартылай меньшевиктік теорияны дамытты, ұлттардың өзін-өзі билеуінің (жеке бөлініп шығып, өз алдына мемле-

[7] И. В. Сталин, 13-том.

кет құруына дейін) маркстік ұғымдағы принципін қабылдамады, отарлар мен езілген елдердің азаттық қозғалысының революциялық зор маңызы бар екендігін қабылдамады, пролетарлық революция мен ұлттық-азаттық қозғалыстың арасында біртұтас майдан болуы мүмкін деген тезисті қабылдамады және ұлт-отар мәселесін бастан-аяқ жете бағаламаушылық болып табылатын осы жартылай меньшевиктік ботқаның бәрін большевиктердің маркстік схемасына қарама-қарсы қойды. Осы жартылай меньшевиктік ботқаны соңынан Троцкийдің іліп алып, ленинизмге қарсы күресте қару етіп пайдаланғаны жұртқа мәлім.

Германиядағы солшыл социал-демократтардың жұрттың бәріне аян қателері осындай.

Лениннің тиісті мақалаларында сыналып өткен Германия солшылдарының басқа қателері туралы мен айтып та отырғаным жоқ.

Мен большевиктердің Октябрь төңкерісі кезіндегі саясатына герман солшылдарының берген бағасындағы қателерін де айтып отырғаным жоқ.

Герман солшылдарының соғыстан бұрынғы кездегі тарихтан алынған осы қателері солшыл социал-демократтардың қаншама солшыл болғанымен меньшевиктік сүйретпеден әлі де арылмағанын көрсетпей нені көрсетеді?

Әрине, Германиядағы солшылдар тек ірі қателер жасаумен ғана тынған жоқ. Олар бұрын үлкен және елеулі революцияшыл істерді де істеген. Менің айтайын деп тұрғаным: олар ішкі саясат мәселелері жөнінде, соның ішінде, сайлау күресі жөнінде, парламенттің ішінде және парламенттен тыс күрес жүргізу мәселелері жөнінде, жалпы ереуіл туралы, соғыс

туралы және Россиядағы 1905 жылғы революция туралы, тағысын-тағылар туралы революциялық пікірлер айтып, бірсыпыра еңбектер сіңірді. Міне сондықтан да большевиктер олармен солшыл деп санасқан, оларды қуаттаған, ілгері қарай итермелеп отырған. Бірақ мұның өзі Германиядағы солшыл социал-демократтардың сонымен бірге саясат және теория жөнінде толып жатқан ірі қателері болғандығын, олардың меньшевиктік сүйретпеден әлі де арылып жетпегендігін, сондықтан большевиктердің оларды мықтап сынауы керек болғандығын, міне осы фактыларды бекерге шығармайды, шығара да алмайды.

Енді өздеріңіз ойлап қараңыздаршы, егер жұмысшы табының мүдделеріне опасыздық етем демесе, революция мүдделеріне опасыздық етем демесе, коммунизм мүдделеріне опасыздық етем демесе, Ленин мен большевиктер Батыстағы солшыл социал-демократтарды, оларға **қатаң шарт қоймайынша,** олардың қателерін **мықтап сынамайынша**, қолдай алар ма еді?

Слуцкий, егерде ол большевик болған болса, Ленин мен большевиктерді мұнысы үшін кінәламай, қайта құттықтаған болар еді, — Слуцкий Ленин мен большевиктерді кінәлап, өзінің жартылай меньшевик екендігін, бүркенген троцкийшіл екендігін әбден ашып әшкерелеп отырғандығы анық емес пе?

Слуцкий: Ленин мен большевиктер Батыстағы солшылдарға баға бергенде өздерінің фракциялық пікірлеріне сүйенді, олай болса, орыс большевиктері өздерінің фракцияшылдық мүддесі үшін халықаралық революцияның ұлы ісін құрбан қылды, деп жорыйды. Бұл жорамалдан асып түсетін жексұрындық, оңбағандық болуы мүмкін емес екенін дәлелдеудің

кerегі бола қояр ма екен. Бұдан асатын жексұрын нәрсе жоқ, өйткені орыс революциясы орыстардың өзінің ғана жеке ісі емес екендігін, қайта ол бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшы табының, дүниежүзілік пролетарлық революцияның ісі екендігін меньшевиктердің барып тұрған жексұрындары да түсіне бастады. Бұдан асатын оңбағандық жоқ, өйткені большевиктердің дәйекті және ақыр аяғына дейін революцияшыл интернационализмі барлық елдердің жұмысшылары үшін пролетарлық интернационализмнің үлгісі болып табылатындығын II Интернационалдың кәнігі жалақорлары да түсіне бастады.

Я, орыс большевиктері орыс революциясының негізгі мәселелерін алдыңғы қатарға қойды, ол мәселелер — партия туралы, марксистердің буржуазиялық-демократиялық революцияға көзқарасы туралы, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы, пролетариат гегемониясы туралы, парламент ішіндегі және парламенттен тысқарғы күрес туралы, жалпы ереуіл туралы, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы, пролетариат диктатурасы туралы, империализм туралы, ұлттардың өзін-өзі билеуі туралы, езілген ұлттар мен отар елдердің азаттық қозғалысы туралы, осы қозғалысты қолдау саясаты, т. т. туралы мәселелер. Большевиктер осы сықылды мәселелерді іргелі мәселе ретінде көтерді; олар осы іргелі мәселелер арқылы Батыстағы солшыл социал-демократтардың революцияшылдық табандылығын тексерді. Олардың бұған правосы бар ма еді? Я, бар еді. Правосы болғаны былай тұрсын, осылай істеуге міндетті еді. Олар осылай істеуге міндетті еді, өйткені бұл мәселелердің

бәрі де сонымен бірге дүниежүзілік революцияның негізгі мәселелері болатын; большевиктер өз саясатын, өз тактикасын дүниежүзілік революцияның міндеттеріне бағындырған еді. Олар осылай істеуге міндетті еді, өйткені II Интернационалдың қай тобының болса да революцияшылдығын тек осы мәселелер арқылы ғана шындап тексеруге болатын еді. Ал енді мұның қай жерінде орыс большевиктерінің «фракцияшылдығы» бар, мұнда қандай «фракцияшылдық» пікірлер бар? деген сұрақ туады.

Ленин 1902 жылы-ақ, «Не істеу керек?» деген кітапшасында былай деп жазған еді: **«тарих біздің алдымызға кәзір таяудағы міндетті қойып отыр, бұл міндет — өзге қай елдің пролетариатының болса да таяудағы барлық міндеттерінің ішінде өте-мөте революциялық міндет болып табылады», «бұл міндетті жүзеге асыру ісі, тек европалық реакцияның ғана емес, сонымен қатар азиялық реакцияның да (кәзір біз осылай деп айта аламыз) ең күшті қамалын қыйрату ісі орыс пролетариатын халықаралық революцияшыл пролетариаттың авангарды етер еді»**[21]. «Не істеу керек?» деген кітапшаның жарыққа шыққанынан бері 30 жыл өтті. Осы дәуірдің ішіндегі оқыйғалар Лениннің сөздерін тамаша растағанын ешкім де бекер дей алмайды. Ал бұдан орыс революциясы дүниежүзілік революцияның түйінді пункті болғаны (және болып та отырғаны), орыс революциясының негізгі мәселелері сонымен бірге дүниежүзілік революцияның да негізгі мәселелері болғаны (және кәзірде де болып отырғаны) келіп шықпай ма?

Батыстағы солшыл социал-демократтардың революцияшылдығын тек осындай негізгі мәселелер ар-

кылы ғана шындап тексеруге мүмкін болғандығы айкын емес пе?

Бұл мәселелерді «фракциялық» мәселелер деп караушылар өздерін жексұрын және азғын адамдар ретінде бастан-аяқ әшкерелейтіндігі айқын емес пе?

3) Слуцкий: Лениннің (большевиктердің) центризмге қарсы үзілді-кесілді және мейірімсіз күрес жүргізгенін көрсететін ресми документтер әлі жеткілікті табылған жоқ деп соғады. Ол осындай бюрократтық тезисті қолданып, Лениннің (большевиктердің) II Интернационалдағы центризм қаупін жете бағаламағандығына өзінше күшті дәлел келтірдім деп көрсеткісі келеді. Сіздер осындай былшылға карсы, осындай арамзалық сұрқыялыққа карсы айтыспақшысыздар. Ал мұнда айтысарлық не бар? Слуцкийдің документтер туралы сөз қылғанда өзінің бағытсымағының түкке тұрмайтындығын, жалғандығын бүркеуге тырысып отырғаны өзінен-өзі айқын емес пе?

Слуцкий кәзіргі қолданылып жүрген партиялық документтерді жеткіліксіз деп есептейді. Неге, бұған кандай дәлел бар? Ленин мен большевиктердің оппортунистер мен центристерге карсы күресте революцияшыл ымырасыздығын мейлінше ашық көрсету үшін II Интернационал жөніндегі, сондай-ақ россиялық социал-демократияның партия ішіндегі күресі жөніндегі жұрттың бәріне мәлім документтер жеткіліксіз болып па? Слуцкий тегінде осы документтермен таныс па екен? Оған тағыда кандай документтер керек екен?

Айталық, белгілі документтерден басқа центризмді құрту керектігін тағыда түсіндіретін большевиктердің қарарлары сыякты өзге де бірсыпыра документтер табылды делік. Бұдан — большевиктердің шын революю-

цияшылдығын, центризм жөніндегі шын ымырасыздығын көрсету үшін тек қана қағаз жүзіндегі документтердің барлығы жеткілікті болады деген сөз шыға ма? Құр қағаз жүзіндегі ғана документтерге дауасыз бюрократтардан басқа кім сенеді? Партияларды, көсемдерді олардың декларациясына қарап қана емес, алдымен олардың **істеріне** қарап тексеру керек екендігін архив кеміретін тышқандардан басқа кім түсінбейді? Мазасыз сыншылардан құтылу үшін талай социалистердің кез келген революцияшыл қарарларға қолдарын қоя бергені тарихта болған. Бірақ бұдан олар бұл қарарларды **іс жүзіне асырып жүрді** деген мағна шықпайды. Онан соң, **өзге** елдердің жұмысшы партияларынан барып тұрған революциялық істер істеуді аузын көпіртіп талап еткен талай социалистер тарихта болған. Бірақ бұдан олар өз партиясында немесе өз елінде **өздерінің** оппортунистері алдында, **өздерінің** буржуазиясы алдында дәрменсіздік **көрсетпеді** деген мағна шықпайды әлі. Міне сондықтан да бізді Ленин революцияшыл партияларды, ағымдарды, көсемдерді олардың декларацияларына, қарарларына қарап тексермей, олардың **істеріне** қарап тексеру керек деп үйретпеп пе еді?

Егер Слуцкий шынымен Лениннің, большевиктердің центризмге ымырасыз көзқараста болғанын тексеріп білгісі келсе, онда ол мақаласының **негізіне** бірер жеке документтерді, бір-екі жай хаттарды алмай, большевиктерді олардың істеріне, олардың **тарихына,** олардың **қыймылдарына** қарап тексеруге тиіс екендігі айқын емес пе? Біздің Россия социал-демократиясында оппортунистер, центристер болмап па еді? Большевиктер осы ағымдардың бәрімен үзілді-кесілді жә-

не ымырасыз күрес жүргізбеп пе еді? Бұл ағымдар идея жүзінде де, ұйымдық жағынан да Батыстағы оппортунистермен және центристермен байланысты болмап па еді? Большевиктер оппортунистер мен центристерді дүние жүзіндегі солшыл топтың бірде-біреуінің қолынан келмегендей түрде қыйратпап па еді? Осының бәрін көре-біле отырып, Ленин мен большевиктер центризмнің қауіптілігін жете бағаламады деп қалай айтуға болады? Большевиктерді бағалау жөнінде ірі маңызы бар осындай фактыларды Слуцкий неге елемеген? Слуцкий Ленинді, большевиктерді тексергенде олардың ісіне, қыймылына қарай тексеру сыяқты ең сенімді әдісті неге пайдаланбаған? Ол кездейсоқ қолға түскен қағаздарды тіміскілеу сыяқты сенімсіз әдісті қолдануды неліктен артық көрген?

Мұның себебі — сенімді әдісті қолданып, большевиктерді олардың істеріне қарай тексерсе, Слуцкийдің бүкіл бағыты ә дегенше-ақ астан-кестен болар еді.

Мұның себебі — большевиктерді істеріне қарай тексерсе, оппортунистер мен центристердің тас-талқанын шығарып, партиядан қуып шыққан дүние жүзіндегі **бірден-бір** революцияшыл ұйым большевиктер ғана екені көрінер еді.

Мұның себебі — большевиктердің шын істері мен шын тарихына зер салса, онда Россияда центризмді жайған, сол центризмнің ордасы ретінде Август блогі сыяқты арнаулы ұйым құрған **басты** және **негізгі** топ Слуцкийдің ұстаздары — троцкистер болғаны көрінер еді.

Мұның себебі — большевиктерді ісіне қарай тексерсе, онда Ленин мен большевиктерге центризмнің қауіптілігін жете бағаламады деп жала жабу арқылы

соғысқа дейінгі троцкизмнің центризмдігін бүркеуге тырысып отырған, партиямыздың тарихын бұрмалаушы Слуцкий әбден әшкереленер еді.

Міне, редактор жолдастар, Слуцкий мен оның мақаласының жайы осындай болып отыр.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, біздің партиямыздың тарихын бұрмалаушымен айтыс ашам деп редакция қате жасаған.

Редакцияны мұндай теріс жолға қандай нәрсе түсіріп отыр?

Менің ойымша, оны теріс жолға түсіріп отырған нәрсе — большевиктердің бір бөлегінің арасында осы күнде біраз өріс алған шірік либерализм. Кейбір большевиктер троцкизмді коммунизм фракциясы деп ойлайды, рас, қателесіп жүрген, көп ақымақтық істейтін, кейде тіпті Совет өкіметіне қарсы шығатын фракция, бірақ, қалай болғанмен де, коммунизм фракциясы деп ойлайды. Осыдан барып троцкистерге, троцкийше ойлайтындарға бірсыпыра либералдық көрсетушілік бар. Троцкизмге бұлайша караудың мейлінше қате екендігін және залалды екендігін дәлелдеп жатудың қажеті бола қояр ма екен. Шынында троцкизм коммунизмнің фракциясы болудан әлдеқашан қалған. Шынында троцкизм — коммунизмге қарсы, Совет өкіметіне қарсы, СССР-да социализм құруға қарсы күрес жүргізіп отырған контрреволюциялық буржуазияның алдыңғы қатардағы отряды.

Біздің елде социализм орнату мүмкін емес деп, большевиктер сөзсіз азып-тозады деп, тағысын-тағы осындай тезис жасап, контрреволюциялық буржуазияның қолына большевизмге қарсы күресу үшін руханп, идеологиялық қару берген кім? Оған бұл қаруды

берген троцкизм. ССРО-дағы антисоветтік топтардың барлығы да Совет өкіметімен күреспеске болмайтынын дәлелдемекші болған әрекеттерінде, троцкизмнің — біздің елде социализм орнату мүмкін емес, Совет өкіметі сөзсіз азып-тозады, капитализмге қайта оралу мүмкін деген белгілі тезисіне сүйенгендігі сияқты фактыны кездейсоқ нәрсе деп есептеуге болмайды.

ССРО-дағы контрреволюциялық буржуазияның қолына Совет өкіметіне қарсы ашықтан-ашық бой көрсетуге тырысу сияқты тактикалық қару берген кім? Бұларға бұл қаруды 1927 жылы 7 ноябрьде Москва мен Ленинградта антисоветтік демонстрациялар жасамақ болған троцкистер берді. Троцкистердің антисоветтік бой көрсетулері буржуазияның еңсесін көтеріп, буржуазиялық мамандардың зиянкестік жұмыстарына дем бергені факт.

Контрреволюциялық буржуазияның қолына антисоветтік жасырын ұйымдар жасауға тырысу сияқты ұйымдық қару берген кім? Оған бұл қаруды большевиктерге қарсы өздерінің құпия тобын ұйымдастырған троцкистер берді. Троцкистердің антисоветтік жасырын жұмысы ССРО-да антисоветтік топтардың ұйымдасу жағынан қалыптасуына жеңілдік бергені факт.

Троцкизм—контрреволюциялық буржуазияның алдыңғы қатардағы отряды.

Міне сондықтан троцкизмге, оның әбден талқаны шыққан, перде жамылған түрлеріне де либералдық жасау қылмыспен ұштасатын, жұмысшы табына опасыздық жасаумен ұштасатын басбұзарлық болады.

Міне сондықтан кейбір «әдебиетшілер» мен «тарихшылардың» біздің әдебиетімізге троцкизм сыпы-

рындыларын контрабанда жолымен өткізбек болатын әрекеттеріне большевиктер батыл соққы беріп отыруға тиіс.

Міне сондықтан троцкийшіл контрабандистермен әдебиет жүзінде айтыс ашуға жол беруге болмайды.

Менің байқауымша, троцкистік контрабандистердің қатарындағы «тарихшылар» мен «әдебиетшілер» өздерінің контрабандалық жұмысын әзірше екі жолмен жүргізуге тырысады.

Біріншіден, бұлар Ленин соғыс алдындағы дәуірде центризмнің қауіптілігін жете бағаламады деп дәлелдеуге тырысады, осы арадан барып тәжрибесі кем оқушыларға Ленин ол кезде шын революционер болмаған екен ғой, ол соғыстан кейін Троцкийдің жәрдемімен «қайтадан қаруланып» барып революционер болған екен ғой деген ой түсірмек. Бұл сияқты контрабандистердің кәдімгі өкілі деп Слуцкийді айтуға болады.

Слуцкиймен және оның серіктерімен көп әуреленудің керегі жоқтығын жоғарыда көрдік қой.

Екіншіден, бұлар Ленин соғыс алдындағы дәуірде буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы қажет екенін түсінбеді деп дәлелдеуге тырысады; осы арадан барып, тәжрибесі кем оқушыларға Ленин ол кезде шын большевик болмаған екен ғой, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы қажеттігін соғыстан кейін, Троцкийдің жәрдемімен «қайтадан қаруланып» барып түсінген екен ғой деген ой түсірмек. Бұл сияқты контрабандистердің кәдімгі өкілі деп «БК(б)П тарихы курсының» авторы Волосевичті айтуға болады.

Рас, Ленин 1905 жылда-ақ: **«біз демократиялық революциядан күшіміздің, саналы және ұйымдасқан пролетариаттың күшінің шамасына қарай, дереу социалистік революцияға көше бастаймыз», «біз үздіксіз революцияны жақтаймыз», «біз жарты жолға тоқтамаймыз»**[25] деп жазған болатын. Рас, мұндай фактылардың, документтердің Ленин шығармаларының ішінен талайын табуға болар еді. Бірақ Волосевичтерге Лениннің өмірінен алынған, істеген ісінен алынған фактылардың қаншама керегі бар? Волосевичтер большевиктік түрге еніп, өздерінің Ленинге қарсы контрабандаларын өткізу үшін, большевиктерге жала жабу үшін, большевиктік партияның тарихын бұрмалау үшін жазады.

Волосевичтер Слуцкийлермен барабар екенін көріп отырсыздар.

Троцкийшіл контрабандистердің «жолдары мен соқпақтары» осындай.

Бұл сияқты «тарихшыларға» айтыс трибунасын беру арқылы бұлардың контрабандалық жұмысын жеңілдетіп отыру «Пролетарская Революция» редакциясының ісі емес екендігін өздеріңіз де түсініп отырсыздар.

Менің ше, редакцияның міндеті большевизм тарихының мәселелерін тиісті сатыға көтеру, партиямыздың тарихын үйрену ісін ғылыми, большевиктік жолға қою және партиямыздың тарихын бұрмалаушы троцкистердің және басқа барлық бұрмалаушылардың бет пердесін үнемі аша отырып, соларға қарсы күресуге барынша назар аудару болып отыр.

Мұның өте-мөте қажеттігінің тағы бір себебі — тіпті біздің кейбір тарихшыларымыз да, — бұл арада

шын тарихшылар туралы, партиямыздың **большевик** тарихшылары туралы айтып отырмын, — Слуцкийлер мен Волосевичтердің отына май құятын қателерден сау емес. Амал не, бұған Ярославский жолдасты да қоспауға болмайды; оның БК(б)П тарихы жөніндегі кітаптарының, жақсы жағына қарамастан, бірсыпыра принциптік және тарихи қателері бар.

Коммунистік сәлеммен ***И. Сталин***

«Пролетарская Революция» журналы № 6 (113), 1931 ж.

НИЖНИЙ-НОВГОРОД АВТОЗАВОД

Құрлыстың жұмысшыларына және әкімшілік-техникалық қызметкерлеріне заводтың құрлыс жұмыстарын ойдағыдай аяқтауларымен байланысты жалынды сәлем.

Жеңістерің құтты болсын, жолдастар!

Монтаж, жөндеу ісінде және алып-заводты жұмысқа қосу ісінде бұдан былай да жеңіске жете берулеріңізге тілектеспіз. Барлық қыйыншылықтарды жеңіп, ел алдындағы өз міндеттеріңізді аброймен орындап шығатындарыңызға күмәніміз жоқ.

И. Сталин, В. Молотов

«Правда» № 305,
4 ноябрь, 1931 ж.

НЕМІС ЖАЗУШЫСЫ ЭМИЛЬ ЛЮДВИГПЕН ӘҢГІМЕ

13 декабрь, 1931 ж.

Людвиг. Сіздің мені қабылдауды мүмкін деп тапқаныңыз үшін мен Сізге өте ырза болдым. Мен 20 жылдан артығырақ уақыттан бері тарихи көрнекті адамдардың өмірі мен ісін зерттеп жүрмін. Өзімнің байқауымша, мен адамды жақсы айыра білемін, бірақ оның есесіне әлеуметтік-экономикалық жағдайлардан түк ұқпаймын.

Сталин. Сіз сыпайылық етіп отырсыз.

Людвиг. Жоқ шынында да солай. Міне сондықтан да менің Сізге беретін сұрақтарым Сізге өрескел болып көрінуі мүмкін. Бүгін осында, Кремльде, мен Ұлы Петрдің кейбір ескерткіштерін көрдім; сонда Сізден сұрайын деген бірінші сұрағым мынау: Сіз Ұлы Петр мен өзіңіздің араңызға параллель жасауға болады дейсіз бе? Сіз өзіңізді Ұлы Петрдің ісін ілгері апарушы деп есептейсіз бе?

Сталин. Жоқ, қай жағынан болса да олай емес. Тарихи параллельдер әрқашан да екіталай нәрсе болады. Бұл арадағы параллель тіпті ақылға сыймайды.

Людвиг. Бірақ Ұлы Петр өз елін өркендету үшін, Россияға батыс мәдениетін көшіру үшін өте көп жұмыс істеді ғой.

Сталин. Я, әрине, Ұлы Петр помещиктер табын көтеру үшін, жаңа туып келе жатқан купецтер табын өркендету үшін көп жұмыс істеді. Петр помещиктер мен саудагерлердің ұлттық мемлекетін құру және нығайту үшін өте көп жұмыс істеді. Мұнымен қатар, помещиктер табын көтеру, жаңа туып келе жатқан саудагерлер табына көмектесу, бұл таптардың ұлттық мемлекетін нығайту ісі крепостной шаруалардың есесінен болғанын, олар шаруалардың ет терісін сыдырғанын да айтып өту керек.

Маған келсек, мен тек қана Лениннің шәкіртімін және менің өмірімдегі мақсатым — оның атын ақтарлық шәкірті болу.

Менің өмірімді сарп ететін міндетім — басқа тапты, атап айтқанда — жұмысшы табын көтеру. Бұл міндет — қандай да болса «ұлттық» мемлекетті нығайту емес, социалистік мемлекетті, олай болса интернационалдық мемлекетті нығайту; және де бұл мемлекеттің қандай да болса нығаюы бүкіл халықаралық жұмысшы табының нығаюына көмек болады. Егер менің жұмысшы табын көтеру, бұл таптың социалистік мемлекетін нығайту жөніндегі әрбір қадамым жұмысшы табының хал-жайын оңдап, нығайтуға бағытталмаған болса, мен өз өмірімді мақсатсыз өмір деп есептер едім.

Көріп отырсыз ғой, сіздің параллеліңіз тура келмейді.

Ленин мен Ұлы Петрге келсек, Петр — теңіздегі бір тамшы да, Ленин — тұтас бір мұхит.

Людвиг. Марксизм жеке адамның тарихтағы көрнекті ролін бекерге шығарады. Тарихты материалистік ұғыну мен Сіздің тарихи жеке адамдардың көрнекті ролін қалайда мойындауыңыздың арасында қайшылық бар деп білмейсіз бе?

Сталин. Жоқ, бұл арада қайшылық жоқ. Марксизм көрнекті адамдардың ролін немесе тарихты адамдар жасайтынын тіпті де бекерге шығармайды. Маркстің «Философияның бишаралығы»[26] деген және басқа шығармаларынан тарихты нақ адамдар жасайтыны туралы сөздерді таба аласыз. Бірақ, әрине, адамдар тарихты жасағанда қандай да болса бір қиялға қарай жасамайды, ойына келгенінше жасамайды. Әрбір жаңа буын, өзі туған кезде бұрыннан даяр тұрған, белгілі жағдайларға кездеседі. Ұлы адамдардың осы жағдайларды дұрыс ұға білетіндігіне, осы жағдайларды қалай өзгертуді ұға білетіндігіне қарай ғана құны бар. Егер ол адамдар бұл жағдайларды ұқпаса және бұл жағдайларды өздерінің қиялына қарай өзгерткісі келсе, онда олар Дон-Кихоттың күйіне түседі. Сөйтіп, нақ Маркстің айтуы бойынша адамдарды жағдайларға қарсы қоюға тіпті болмайды. Адамдар өздері кездестірген даяр жағдайларды дұрыс ұғатын болғандықтан ғана, олар бұл жағдайларды қалай өзгертуді ұғатын болғандықтан ғана, — тарихты адамдар жасайды. Маркcті біз, орыс большевиктері, қалайда, осылай ұғамыз. Ал біз Маркcті әлденеше он жылдар бойы зерттеп үйрендік.

Людвиг. Бұдан 30 жыл бұрын, университетте оқып жүргенімде, өздерін тарихты материалистік ұғынуды жақтаушылармыз деп санаған толып жатқан неміс профессорлары: марксизм ерлердің ролін, ер адам-

дардың тарихтағы ролін бекерге шығарады деп құлағымызға құйған болатын.

Сталин. Олар—марксизмді дөрекілеушілер. Марксизм ешуақытта ерлердің ролін бекерге шығарған емес. Қайта, ол бұл рольді зор деп таныйды, бірақ, таныганда, жаңа ғана менің айтқан ескертулерімше таныйды.

Людвиг. Біздің отырған столымыздың айналасында 16 орындық бар. Шет елдерде, бірінші жағынан ССРО — барлық істі коллегия болып шешуге тиісті ел деп біледі, екінші жағынан, барлық істі жеке адам шешетінін біледі. Сонда шешетін кім?

Сталин. Жоқ, жеке адамның шешуіне болмайды. Жеке адамның шешуі әрқашанда немесе әрқашанда дерлік — сыңаржақ шешу. Қандай коллегияда болса да, қандай коллективте болса да пікірімен санасу керек болатын адамдар бар. Қандай коллегияда болса да, қандай коллективте болса да теріс пікір айтатын да адамдар бар. Үш революцияның тәжрибесінен біздің білетініміз — шамамен айтқанда, жеке адамдардың коллективте тексерілмеген, түзелмеген 100 шешуінің 90-ы — сыңаржақ шешу.

Біздің басшы органымызда, партиямыздың Орталық Комитетінде, барлық совет және партия ұйымдарымызға басшылық етіп отырған Орталық Комитетте 70 шамалы мүше бар. Орталық Комитеттің бұл 70 мүшесінің ішінде біздің таңдаулы өнеркәсіпшілеріміз, таңдаулы кооператорларымыз, таңдаулы жабдықтаушыларымыз, таңдаулы соғыс қызметкерлеріміз, таңдаулы насихатшыларымыз, таңдаулы үгітшілеріміз, совхоз ісіне жетіктеріміз, колхоз ісіне жетіктеріміз, жеке шаруалардың шаруашылығына жетіктеріміз, Совет

Одағының ұлттарына, ұлт саясатына жетіктеріміз бар. Партиямыздың даналығы осы ареопагта жыйналған. Біреудің жеке пікірін, ұсынысын түзетуіне әркімнің де мүмкіндігі бар. Әркімнің өз тәжрибесін ортаға салуына мүмкіндігі бар. Егер бұл болмаса, егер жеке адамдар шешетін болса, біздің жұмысымызда өте елеулі қателер болар еді. Бірақ әркімге жеке адамдардың қателерін түзетуіне болатын болғандықтан және біздің бұл түзетулермен санасып отыратын болғандығымыздан, біздің шешімдеріміз азды-көпті дұрыс болып шығады.

Людвиг. Сіз ондаған жылдар бойы астыртын жұмысты басыңыздан кешірдіңіз. Сіздің астыртын жүріп қару-жарақтарды да, әдебиетті де, тағы басқа заттарды да тасуыңызға тура келді. Совет өкіметінің жаулары Сіздің тәжрибеңізден үлгі алып, сол әдістермен Совет өкіметіне қарсы күресуі мүмкін деп есептемейсіз бе?

Сталин. Бұл, әрине, әбден мүмкін.

Людвиг. Сіздің өкіметіңіздің өз жауларына қарсы күресте қатал, мейрімсіз болатын себебі осыдан емес пе?

Сталин. Жоқ, басты себебі бұл емес. Кейбір тарихи мысалдарды келтіруге болады. Большевиктер өкіметке ие болған кезде, олар әуелі өзінің жауларына жұмсақтық істеді. Меньшевиктер жарыя өмір сүре берді және өздерінің газетін шығарып тұрды. Эсерлер де жарыя өмір сүре берді және өздерінің газеті болды. Тіпті кадеттер де өздерінің газетін шығарып тұра берді. Генерал Краснов Ленинградқа контрреволюциялық жорық ұйымдастырып, қолымызға түскенде, соғыс кезінің жағдайы бойынша біз ең аз дегенде оны тұтқынға алуымызға болатын еді, ол ол ма, біз оны

атуға тиіс едік. Ал біз оны «адал сөзіне» нанып босатып жібердік. Ақыры не болды? Ұзамай-ақ мұндай жұмсақтық, тек, Совет өкіметінің беріктігін әлсірететіні белгілі болды. Біз, жұмысшы табының жауларына осындай жұмсақтық етіп, қате істедік. Егер біз бұл қатені тағыда қайталасақ, жұмысшы табына қылмыс жасаған болар едік, оның мүддесін сатып жіберген болар едік. Бұл да ұзамай-ақ тіпті айқын болды. Біз жауларымызға неғұрлым жұмсақ қарасақ, ол жаулардың соғұрлым қарсылық білдіретіні тіпті ұзамай-ақ белгілі болды. Ұзамай-ақ, оңшыл эсерлер — Гоц және басқалар, оңшыл меньшевиктер Ленинградқа юнкерлердің контрреволюциялық шабуылын ұйымдастырды; соның салдарынан көп революцияшыл матростарымыз қырылды. «Адал сөзіне» нанып өзіміз босатып жіберген баяғы Краснов ақгвардиялық казактарды ұйымдастырды. Ол Мамонтовпен бірігіп, екі жыл бойы Совет өкіметіне қарсы қарулы күрес жүргізді. Ұзамай-ақ, бұл ақтар генералдарының артында Батыстағы капиталистік мемлекеттердің — Францияның, Англияның, Американың және Жапонияның агенттері тұрғаны белгілі болды. Жұмсақтық етіп, қате істегенімізге көзіміз жетті. Ол жауларға нағыз аяусыз жаныштау саясатын қолданған күнде ғана олардың сазайын беруге болатынын тәжрибеден ұқтық.

Людвиг. Менің байқауымша, Совет Одағындағы халықтардың едәуірі совет өкіметінен қорқып, қаймығып отырады, Совет өкіметінің тұрақтылығы, белгілі шамада, осы қорқу сезіміне байланысты. Менің білейін дегенім — өкіметті нығайту мүддесі үшін қорқыту керек екенін сезіп отырғанда, Сіздің өз басыңыздың көңіліңіз қандай болады. Сіз жолдастарыңыз-

дың, достарыңыздың арасында каймыктыру әдістерімен емес, тіпті баска әдістермен іс кыласыз ғой, ал халық қорқытылады.

Сталин. Сіз қателесіп отырсыз. Жәнеде сіздің катеңіз — көп кісінің басында бар қате. Сіз, үрей ұшыру, қорқыту әдісі арқылы 14 жыл бойы өкіметті ұстап тұруға, миллиондаған бұқараның көмегін алып отыруға болады деп шынымен-ақ ойлайсыз ба? Жок, ол мүмкін емес. Жұрттың бәрінен де гөрі патша үкіметі жақсырақ қорқыта білетін. Патша үкіметінің бұл жөнде бұрыннан көп тәжрибесі бар болатын. Европа буржуазиясы, оның ішінде француз буржуазиясы, патша үкіметіне бұл жөнде ылғый жәрдем беріп, халыкты қорқытуды үйретіп отырды. Бұл тәжрибеге карамастан, Европа буржуазиясының жәрдеміне карамастан, қорқыту саясаты патша үкіметін талкандалуға әкеліп соқтырды.

Людвиг. Бірақ Романовтар 300 жыл тұрды ғой.

Сталин. Солай-ау, бірак бұл 300 жыл бойында канша кетерілістер, ашынулар болды: Степан Разиннің көтерілісі, Емельян Пугачевтың көтерілісі, декабристердің көтерілісі, 1905 жыл революциясы, 1917 жылғы февраль революциясы, Октябрь революциясы болды. Бұқараның қараңғылығы, мәдениетсіздігі, көнбістілігі, саяси жағынан езілгендігі сол кездегі «әкімдердің» азды-көпті ұзақ мерзімге дейін өкімет басында отырып қала беруіне мүмкіндік берген ескі уакыттағы жағдайлардан еліміздің саяси, мәдени өміріндегі кәзіргі жағдайлардың айырмасы зор екені туралы мен сөз қылып та отырғаным жок.

Халыкка келсек, ССРО жұмысшылары мен шаруаларына келсек, олар тіпті де Сіздің ойлағаныңыздай

момындар, көнбістілер, каймығып қалғандар емес. Европада жұрттың көбі ССРО-дағы адамдарға баяғынша карайды, Россияда біріншіден — көнбісті адамдар, екіншіден — жалқау адамдар тұрады деп ойлайды. Бұл — тозығы жеткен, түбірімен теріс көзкарас. Бұл көзқарас орыс помещиктері Парижге барып, талап алған ақшаларын шашып, бос жүрген кезде пайда болған. Олар шынында да селкос, түкке тұрмайтын адамдар еді. «Орыс жалқаулығы» туралы қортынды осыдан шыққан. Бірақ мұның өмірге керекті құралды өз еңбегімен тауып келген және тауып отырған орыс жұмысшылары мен шаруаларына ешбір қатысы бола алмайды. Аз мерзімнің ішінде үш революция жасаған, патша өкіметі мен буржуазияны талкандаған, кәзірде жеңімпаздыкпен социализм құрып жатқан орыс шаруалары мен жұмысшыларын көнбісті, жалқау деп есептеу тым-ақ таңырканарлык нәрсе.

Сіз жаңа ғана менен: сіздерде барлық істі бір адам шеше ме, деп сұрадыңыз. Біздің жұмысшыларымыз бір адамның өкіміне енді ешуақытта, ешбір жағдайларда көнбес еді. Бізде ең беделі зор адамдар, — егер оларға жұмысшылар бұқарасы сенуден калса-ақ, олар жұмысшылар бұкарасымен бас косып істеуден айрылса-ақ, — түкке тұрмайтын болып, жоққа шығады. Плехановтың беделі елден ерекше еді. Ақыры не болды? Ол саясат жағынан ақсай бастағансын-ақ жұмысшылар оны есінен шығарды, одан алыстап, оны ұмытып кетті. Екінші мысал: Троцкий. Троцкийдің де, әрине, Плехановтың маңына келмесе де, беделі зор еді. Ақыры не болды? Ол жұмысшылардан алыстағансын-ак, жұмысшылар оны ұмытып кетті.

Людвиг. Мүлде ұмытып кетті ме?

Сталин. Кейде ашумен еске алады.

Людвиг. Бәрі де ашумен еске ала ма?

Сталин. Біздің жұмысшыларды алсақ, олар Троцкийді ашумен, түршігіп, жек көріп еске алады.

Әрине, халықтың азғантай бөлегінің шынымен Совет өкіметінен қорқатыны, онымен күресетіні бар. Менің айтып отырғаным — өліп бара жатқан, жойылып жатқан таптардың қалдықтары, бәрінен бұрын шаруалардың болмашы бөлімі — кулактар. Бұл топтарды қорқыту саясаты шынында да бар, бірақ бұл арада тек қорқыту саясаты туралы ғана әңгіме болып отырған жоқ. Жұрттың бәріне мәлім, біздер, большевиктер, бұл арада оларды қорқытумен ғана тынбаймыз, одан да әрі асамыз, істі бұл буржуазиялық топтарды жоюға дейін жеткіземіз.

Ал егер ССРО-ның еңбекші халқын алсақ, халықтың кемінде 90%-і жұмысшылар мен еңбекші шаруалар; олар Совет өкіметін жақтайды, олардың басым көпшілігі советтік тәртіпті белсеніп қолдайды. Ал олардың советтік құрылысты қолдайтын себебі — бұл құрылыс жұмысшылар мен шаруалардың түпкі мүдделеріне қызмет етеді.

Совет өкіметінің беріктігінің негізі — қорқыту саясатында емес, — міне осында.

Людвиг. Мен Сіздің бұл жауабыңызға көп рахмет айтам. Егер менің берейін деп отырған сұрағым Сізге өрескел болып көрінсе, ғапу етуіңізді өтінем. Сіздің өмірбаяныңызда, былайша айтқанда, «разбойниктік» қылмылдар кездесетін жерлері бар. Сіз Степан Разиннің кім екендігімен шұғылдандыңыз ба? Ондай «идеялы разбойникке» Сіз қалай қарайсыз?

Сталин. Біз, большевиктер, Болотников, Разин, Пугачев және басқалар сыяқты тарихи адамдарға әрқашанда зер салдық. Біз бұл адамдардың аттанысын езілген таптардың стихиялы ашынуының көрінісі, шаруалардың феодалдар езгісіне қарсы стихиялы көтерілісінің көрінісі деп білдік. Біздің үшін шаруалардың мұндай көтерілістерінің алғашқы қадамының тарихын зерттеп үйрену әрқашанда шұғылданарлық нәрсе болды. Бірақ, әрине, мұны большевиктермен ешбір салыстыруға болмайды. Шаруалардың жеке көтерілістері Степан Разин көтерілісіндей «разбойниктік», ұйымдаспаған көтеріліс болмаған күнде де ешбір маңызды нәтиже шығара алмайды. Шаруалардың көтерілістері жұмысшылардың көтерілістерімен ұштасқан күнде ғана, шаруалардың көтерілістерін жұмысшылар басқарған күнде ғана нәтижелі бола алады. Жұмысшы табы басқарған біріккен көтеріліс қана мақсатқа жеткізе алады.

Сонсын, Разин мен Пугачев туралы сөз болғанда олардың патшашыл болғанын ешуақытта ұмытпау керек: олар помещиктерге қарсы, бірақ «жақсы патша» үшін күресті. Олардың ұраны осындай еді ғой.

Көріп отырсыз, большевиктермен ешбір аналогия жасауға келмейді.

Людвиг. Сіздің өмірбаяныңызға байланысты бірнеше сұрақ беруге рұқсат етіңіз. Мен Масарикте болғанымда, ол маған — 6 жасымнан-ақ өзімді социалиспін деп таныдым, деді. Сізді социалист еткен не және сіз қашан социалист болдыңыз?

Сталин. Мен 6 жасымнан-ақ социализмге талпындым деп айта алмаймын. Ол түгіл тіпті 10 жасымнан, не 12 жасымнан талпындым деп те айта алмаймын.

Мен революциялық қозғалысқа 15 жасымнан кірістім; мен сол кезде Закавказьеде тұрған орыс марксистерінің астыртын тобымен байланыс жасадым. Бұл топтар маған үлкен әсер етті, марксистік астыртын әдебиетті сүйсініп оқыйтын етті.

Людвиг. Сізді оппозицияшылыққа итермелеген не? Бәлкім ата-анаңыздың жаман қарағандығы шығар?

Сталин. Жоқ. Менің ата-анам оқымаған адамдар еді, бірақ олар маған жаман қараған емес. Ал менің сол кезде оқыған жеріме — рухани семинарияға келсек, әңгіме басқаша. Семинариядағы қорлық тәртіпке, иезуиттік әдіске қарсы наразылық жасаудың арқасында мен марксизмді — нағыз революциялық ғылымды жақтайтын революционер болуға дайын едім және шынында да солай болдым.

Людвиг. Сондай-ақ Сіз иезуиттердің жақсы жақтарын мойындамайсыз ба?

Сталин. Я, оларда арам мақсатты орындау ісінде системашылдық, қажырлылық бар. Бірақ олардың негізгі әдісі — із аңду, тыңшылық, жанға тию, қорлау,— мұнда жақсы дерлік не бар? Мәселен, пансионаттағы із аңдуды алайық: сағат 9 да шайға шақырып қоңырау қағылады, асханаға кетеміз, ал бөлмемізге қайтып келсек сол екі ортада-ақ нәрсе салатын жәшігіміздің бәрін тінтіп, астан-кестен қылып қойған болып шығады... Мұнда жақсы дерлік не бар?

Людвиг. Мен Совет Одағында Американың барлық нәрсесін ерекше қадірлейтінін байқаймын; мен тіпті Американың барлық нәрсесіне, яғни долларлы елге, нағыз барып тұрған капиталистік елге бас июшілік бар дер едім. Бұл сезімдер Сіздің жұмысшы табыңызда да бар және ол тракторлар мен автомобильдер жө-

нінде ғана емес, жалпы американдар атаулы жөнінде де солай. Сіздіңше мұның себебі не?

Сталин. Сіз әсірелеп отырсыз. Бізде Американың барлық нәрсесін ешқандай ерекше кадірлеу деген жоқ. Бірақ біз американдық іскерлікті — өнеркәсіптегі, техникадағы, әдебиеттегі, тіршіліктегі іскерліктің бәрін кадірлейміз. Біз Солтүстік Америка Құрама Штаттарының капиталистік ел екенін ешуақытта ұмытпаймыз. Бірақ американдардың ішінде рухани және денелік жағынан мықты адамдар, жұмысқа, іске бүкіл көзқарасы жағынан мықты адамдар көп. Біз міне осы іскерлікке, осы қарапайымдыққа іш тартамыз. Америка жоғары дәрежеде өркендеген капиталистік ел болса да, онда өнеркәсіптегі дәстүрде, өндірістегі дағдыда демократизмнен бірдеңе бар; ал Европадағы капиталистік ескі елдер туралы бұлай деп айтуға болмайды, оларда феодалдық аристократияның төрелік рухы әлі күнге дейін өмір сүріп келе жатыр.

Людвиг. Сіз дұрыс айтып отырсыз, мұны сіз тіпті сезбейсіз ғой.

Сталин. Кім біледі, сезетін де шығармын.

Феодализм, қоғамдық тәртіп ретінде, Европада алдақашан қыйратылған болса да, феодализмнің едәуір калдықтары тұрмыста да, ғұрыпта да әлі өмір сүріп келеді. Феодалдық орта өнеркәсіпке, техникаға, ғылымға, әдебиетке төрелік ғұрыпты енгізетін техниктерді де, мамандарды да, ғалымдарды да, жазушыларды да әлі шығарып келеді. Феодалдық дәстүрлер ақырына дейін қыйратылған жоқ.

Америка туралы бұлай деп айтуға болмайды; Америка — помещиксіз, аристократсыз, «азат отаршылардың» елі. Американдардың өндірістегі мықты, біршама

карапайым дәстүрі осыдан келіп шығады. Америкада болған біздің жұмысшыларымыз — шаруашылық қызметкерлеріміз осы жағын бірден байқаған. Олар, бірсыпыра жылы шыраймен таңданып, — Америкада өндіріс процесінде инженер мен жұмысшыны сырт көрінісінен айыру қиын екенін әңгіме қылып жүрді. Бұл оларға, әрине, ұнайды. Европада әңгіме мүлде басқаша.

Ал егер қай ұлтты немесе дұрысырақ айтқанда қай ұлттың көпшілігін ұнататындығымыз туралы сөз қылатын болсақ, онда, әрине, немістерді ұнататындығымызды айтуымыз керек. Немістерді ұнатуымыз бен американдар жөніндегі сезімімізді салыстыруға болмайды!

Людвиг. Нақ неміс ұлтын ұнатуыңыздың себебі не?

Сталин. Мұның бір себебі — неміс ұлты дүниеге Маркс пен Энгельс сиякты адамдарды шығарды. Осы фактыны нақ факт ретінде көрсетудің өзі жеткілікті.

Людвиг. Соңғы уақыттарда бірсыпыра неміс саясатшыларының арасында, — ССРО мен Германияның арасындағы дәстүрлі достық саясаты кейінгі қатарға ысырылып қалады деген үлкен қауіп барлығы байқалады. Бұл қауіп ССРО мен Польшаның арасындағы келіссөзге байланысты туған. Егер осы келіссөздің нәтижесінде ССРО тарапынан Польшаның кәзіргі шекарасы дұрыс деп танылғаны фактыға айналса, онда бұл бүкіл Германия халқын қатты түңілдіру болар еді: ал Германия халқы әлі күнге дейін,— ССРО версал системасына қарсы күреседі және ол системаны дұрыс деп танығалы отырған жоқ, деп санайды.

Сталин. Немістердің кейбір мемлекеттік қайраткерлерінің арасында, — Совет Одағы өзінің Польшамен

келіссөзінде, немесе бір договорында Совет Одағы Польшаның иелігіндегі жерін, шекараларын қостап, кепілдігіне алатын болып жүрмесе жарар еді деген белгілібір наразылықтың, қауіптенудің байқалатынын мен жақсы білем.

Менің ойымша, бұл — қате қауіптену. Біз қай мемлекетпен болса да шабуыл жасаспау туралы шарт жасауға дайынбыз деп әрдайым айтып келеміз. Талай мемлекеттермен осындай шарттар жасап та қойдық. Біз Польшамен де сондай шарт жасауға дайын екенімізді ашық айттық. Егер біз Польшамен шабуыл жасаспау туралы шарт жасауға дайынбыз деп отырсақ, біз мұны құр сөз қылу үшін емес, шынында да сондай шарт жасасу үшін істеп отырмыз. Егер білгіңіз келсе, біз — ерекше саясатшылармыз. Бүгін бір нәрсені айтып не уәде беріп, ертеңіне я айтқанын ұмытып кететін, я айтқанынан танатын және ондайда тіпті беті де қызармайтын саясатшылар бар. Біз бұлай істей алмаймыз. Сыртта болып жатқан істер елдің ішінде де белгілі болмай қоймайды, жұмысшылар мен шаруалардың бәріне белгілі болады. Егер біз бір нәрсені айтып, екінші нәрсені істесек, халық бұқарасы арасында беделімізден айрылар едік. Поляктар шабуыл жасаспау туралы шарт жасау жөнінде бізбен келіссөз жүргізуге дайын екендігін білдірген кезде, біз, әлбетте, мақұл дедік те, келіссөзге кірістік.

Немістердің көзқарасынша бұдан шығатын нәтиженің ең қауіпті жері не? Немістерге көзқарастың өзгеруі, ол көзқарастардың нашарлауы болар ма? Бірақ бұлай деуге ешбір дәлел жоқ. Дәл поляктар сықты, біз де шартта Польшаның, ССРО-ның шекараларын өзгертуге немесе олардың тәуелсіздігін бұзуға

күш жұмсамаймыз, шабуыл жасамаймыз дегенді айтуға тиіспіз. Біздің поляктарға осындай уәде бергеніміз сияқты, поляктар да бізге дәл сондай уәде береді. Мемлекеттеріміздің тәуелсіздігін немесе шекараларының тұтастығын бұзуға соғыс ашпаймыз деген пункт болмаса, осындай пункт болмаса шарт жасауға болмайды. Мұнсыз шарт туралы сөз қылудың да орны жоқ. Міне, біздің істей алатынымыздың не бәрі осы.

Бұл версал системасын[27] дұрыс деп тану бола ма? Жоқ. Әлде бұл — шекаралардың кепілге алу болар? Жоқ. Біз ешуақытта Польшаның кепілі болған емеспіз, ешуақытта оның кепілі болмаймыз да; сол сияқты Польша да біздің шекараларымыздың кепілі болған емес, болмайды да. Біздің Германияға достық көзқарасымыз осы уақытқа дейін қандай болып келсе, сондай болып қала береді. Менің берік сенімім осы.

Сөйтіп, Сіздің айтып отырған қауіпіңіздің ешбір орны жоқ. Ол қауіптер кейбір поляктар мен француздар тараткан ұзынқұлақ хабарлардан шыққан. Егер шартқа Польша қол қоятын болса, бұл қауіптер біз шартты жарыялағаннан кейін жоғалмақ. Ол шартта Германияға қарсы ешнәрсе жоқ екенін жұрттың бәрі де көзімен көреді.

Людвиг. Мен сіздің бұл мәлімдемеңізге көп рахмет айтам. Сізге енді мынадай сұрақ беруге рұхсат етіңіз: Сіз «теңгерме» туралы сөз қыласыз, және де бұл сөздің жаппай теңгеру жөнінде белгілібір кекету мағнасы бар. Ал жаппай теңгеру социалистік идеал ғой.

Сталин. Жұрттың бәрі бір мөлшерде ақы алатын, бір мөлшерде ет, бір мөлшерде нан алатын, біртүрлі

костюм киетін, бір мөлшерде біртүрлі азық алатын социализм дегенді, — мұндай социализмді марксизм білмейді.

Марксизмнің жалғыз-ақ айтатыны: таптар түпкілікті жойылмаған кезде, еңбек күн көру құралынан адамдардың бірінші керегіне, қоғамға бола етілетін ерікті еңбекке айналмаған кезде жұрт өзінің істеген жұмысы үшін еңбегіне қарай ақы алады. «Әркімнен қабілетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай», — міне социализмнің марксистік формуласы, яғни коммунизмнің бірінші сатысының, коммунистік қоғамның бірінші сатысының формуласы осындай.

Тек коммунизмнің жоғарғы сатысында ғана, коммунизмнің жоғарғы фазасы тұсында ғана әркім өзінің қабілетіне қарай еңбек етіп, еңбегі үшін өзінің керегіне қарай алады. «Әркімнен қабілетіне қарай, әркімге керегіне қарай».

Социализм тұсында әртүрлі адамдардың керегі әртүрлі болатыны айдан анық. Социализм, тұтынылатын заттарды таңдауда, олардың саны мен сапасында айырма болатынын ешуақытта бекерге шығарған емес. Маркстің Штирнерді[28] теңгермеге бейімдігі үшін қалай сынағанын оқыңыз, Маркстің 1875 жылғы Гота программасына жасаған сынын[29] оқыңыз, Маркстің, Энгельстің, Лениннің одан кейінгі еңбектерін оқыңыз, — сонда олардың теңгермеге қарсы қатты шабуыл жасайтынын көресіз. Теңгерменің шығатын көзі — жеке шаруалық ой бейнесі, барлық игілікті теңбе-тең бөлісіп алу психологиясы, тұрпайы шаруалық «коммунизмнің» психологиясы. Теңгерменің маркстік социализммен ешбір байланысы жоқ. Марксизммен таныс емес адамдар ғана: орыс большевиктері барлық

игілікті бір жерге жыйнап, сонсын теңбе-тең бөліп бергісі келеді деп тұрпайы түсіне алады. Марксизммен ешбір байланысы жоқ адамдар мәселені осылай ұғады. Кромвельдің және француз революциясының заманындағы тұрпайы «коммунистер» сыяқты адамдар коммунизмді осылай ұққан. Бірақ марксизм мен орыс большевиктерінің ондай теңгермешіл «коммунистермен» ешбір байланысы жоқ.

Людвиг. Сіз шылым тартып отырсыз. Сіздің ертегіге айналған трубкаңыз қайда, Сталин мырза? Сіз бір кездерде: сөз бен ертегі өтеді де кетеді, іс қалады дегенсіз. Бірақ, наисаңыз, Сіздің кейбір сөздеріңіз бен істеріңізді білмейтін шет елдердегі миллиондаған адамдар Сіздің ертегіге айналған трубкаңызды біледі.

Сталин. Мен трубкамды үйде ұмытып қалдырыппын.

Людвиг. Мен Сізге бір сұрақ берем, ол сұрағымның Сізді қатты таңдандыруы мүмкін.

Сталин. Біздер, орыс большевиктері, таңдануды әлдеқашан ұмытқанбыз.

Людвиг. Я, Германияда біз де таңдануды ұмытқанбыз.

Сталин. Я, жақын арада Германияда сіздер де таңдануды қоясыздар.

Людвиг. Менің сұрағым мынау: Сіз талай рет алмағайып жерде, қауіпте болдыңыз, қуғынға ұшырадыңыз. Сіз ұрыстарға қатыстыңыз. Сіздің жақын достарыңыздың талайы қаза тапты. Сіз тірі қалдыңыз. Сіздіңше мұның себебі не? Және Сіз тағдырға сенесіз бе?

Сталин. Жоқ, сенбеймін. Большевиктер, марксистер «тағдырға» сенбейді. Тағдыр деген, «шикзаль» деген ұғымның өзі — соқырсенім, бос сөз; адам тағдырын тағдыр тәңірісі билейді деген ертедегі гректердің мифологиясы сияқты мифологияның қалдығы.

Людвиг. Демек, Сіздің өлмей қалуыңыз кездейсоқ нәрсе ғой?

Сталин. Ішкі себептер де, сыртқы себептер де бар; солардың бәрінің арқасында өлмей қалдым. Бірақ, бұған тіпті байланыссыз, менің орнымда басқа біреу бола алар еді, өйткені бұл жерде әйтеуір біреу отыруға **тиіс** еді. «Тағдыр» деген—заңға сыймайтын, мистика тәрізді бір нәрсе. Мен мистикаға сенбеймін. Әрине, менің қауіптен аман қалуымның себептері болды. Бірақ бұған тура қарама-қарсы нәтижеге әкеліп соқтыра алатын басқа талай кездейсоқтықтың, басқа талай себептердің болуы мүмкін еді. Тағдыр дегеннің бұл арада түк қатысы жоқ.

Людвиг. Ленин көп жылдарын шет елдерде, эмиграцияда өзкізді. Сізге шет елдерде тым аз болуға тура келді. Сіз мұны өзіңіздің кемшілігіңіз деп санайсыз ба; Сіз революцияға шет елдердегі эмиграцияда болып, Европаны толығырақ зерттеуге мүмкіншілігі болған, бірақ оның есесіне халықпен тура байланыс жасаудан қол үзген адамдар көп пайда келтірді деп санайсыз ба, әлде осында жұмыс істеген, халықтың ойын білген, бірақ оның есесіне Европаны аз білген революционерлер көп пайда келтірді деп санайсыз ба?

Сталин. Бұл салыстыруға Ленинді қоспау керек. Ленин шет елдерде ұзақ болса да, Россияда қалғандардың ішінде орыстың өмір шындығымен, ел ішін-

дегі жұмысшы қозғалысымен Лениндей нық байланысқандар өте аз. Әрдайым, мен 1906, 1907, 1912, 1913-жылдары[30] шет елдерге Ленинге барғанымда, оның үйінде Россиядағы практиктерден келген хаттар үйіліп жатқанын көруші едім, және қашан да болса Ленин Россияда қалғандардан көп білетін. Ол өзінің шет елдерде болуын ылғый ауыр көретін.

Әрине, біздің партиямызда, оның басшылығында бұрынғы эмигранттардан гөрі Россияда қалған, шет елдерге бармаған жолдастар анағұрлым көп, және олардың, әрине, шет елдерде болған эмигранттардан гөрі революцияға көбірек пайда келтіруге мүмкіншілігі болды. Бізде партияда қалған эмигранттар аз ғой. Партияның 2 миллион мүшесіне эмигранттардан 100—200 дей-ақ келеді. Орталық Комитеттің 70 мүшесінің ішінде эмиграцияда болғандар 3—4 тен артық бола қояр ма екен.

Европамен танысуға, Европаны зерттеуге келсек, онда, әрине, Европаны зерттегісі келгендердің мұны Европада тұрып істеуге мүмкіншілігі көбірек болды. Міне осы мағнада біздің ішіміздегі шет елдерде ұзақ болмагандар кейбір нәрседен құр қалды. Бірақ Европаның экономикасын, техникасын, жұмысшы қозғалысының кадрларын, әртүрлі беллетристикалық немесе ғылыми әдебиеттерін зерттеу үшін шет елдерде болудың тіпті де шешуші маңызы жоқ. Басқа теңбе-тең жағдайларда, әрине, Европаны барып зерттеу оңай. Бірақ Европада болмаған адамдардағы минустің ірі маңызы жоқ. Қайта, шет елдерде 20 жылдай болып, әлдеқайдағы бір Шарлоттенбургте немесе Латын кварталында тұрған, әлденеше жылдар бойы кафеде отырып, сыра ішкен, бірақ сонда да Европаны

зерттей алмаған, оны ұқпаған жолдастардың талайын білем.

Людвиг. Немістерде, неміс ұлтында, азаттықты сүюден гөрі тәртіпті сүю күштірек деп санамайсыз ба?

Сталин. Бір кездерде Германияда шынында да заңды өте қадірлейтін. 1907 жылы маған Берлинде 2—3 ай тұруға тура келді; сонда біз, орыс большевиктері, сол заңды қадірлеу жөнінде кейбір неміс достарымызға талай күлетінбіз. Мәселен, мынадай бір анекдот болатын: Берлин социал-демократиялық форштанды бір күні белгілібір сағатқа манифестация жасауға ұйғарады; оған қала маңындағы барлық ұйымдардың мүшелері келуге тиіс болады; осындай қала маңындағы бір ұйымның 200 адамы, қалаға айтылған сағатта дәл келсе де, демонстрацияға іліге алмайды, өйткені олар екі сағат бойы вокзалдың перронында тұрады; шығарда билетті алып қалатын контролер жоқ болғандықтан билетті кімге тапсыруын білмейді, перроннан шығып кетуге бата алмайды. Сонда бір орыс жолдас шығып, немістерге оп-оңай жол тауып беріпті: билетті тапсырмай-ақ перроннан шыға беріңдер... депті,— деп жұрт әзіл қылатын.

Ал кәзір Германияда осыған ұқсас нәрсе бар ма? Кәзір Германияда заңды қәдірлеп отыр ма? Буржуазиялық заңдарды басқалардан гөрі көбірек қорғауға тиісті ұлтшыл-социалистердің өзі-ақ ол заңдарды бұзып отырған жоқ па, жұмысшылардың клубтарын қыйратып жатқан жоқ па, ешбір жазаға тартылмастан жұмысшыларды өлтіріп жатқан жоқ па?

Буржуазиялық заңдарды қадірлеуді, менің байқауымша, әлдеқашан қойған жұмысшылар туралы мен сөз қылып та отырғаным жоқ.

Я солай, немістер соңғы уақыттарда көп өзгерді.

Людвиг. Жұмысшы табын бір партияның басшылығына қандай жағдайларда түпкілікті, толық біріктіруге мүмкін болады? Жұмысшы табын мұндай біріктіру, коммунистер айтқандай, пролетарлық революциядан кейін ғана мүмкін болатын себебі не?

Сталин. Жұмысшы табын коммунист партиясының маңына мұндай біріктіру басқалардан гөрі жеңімпаз пролетарлық революцияның нәтижесінде оңайырақ жүзеге асуы мүмкін. Бірақ ол, күмән жоқ, негізінде революциядан бұрын-ақ жүзеге асады.

Людвиг. Атаққұмарлық — тарихи ірі адамдардың ісіне жетекші бола ма, әлде кедергі бола ма?

Сталин. Әртүрлі жағдайларда атаққұмарлықтың ролі әртүрлі. Жағдайға қарай, атаққұмарлық — тарихи ірі адамдардың ісіне не жетекші, не кедергі болуы мүмкін. Атаққұмарлық көбінесе кедергі болады.

Людвиг. Октябрь революциясы қандай мағнада болса да ұлы француз революциясының жалғасы және аяқталуы болып табыла ма?

Сталин. Октябрь революциясы ұлы француз революциясының жалғасы да емес, аяқталуы да емес. Француз революциясының мақсаты — капитализмді орнату үшін феодализмді жою еді. Ал Октябрь революциясының мақсаты — социализмді орнату үшін капитализмді жою.

«Большевик» № 8,
30 апрель, 1932 ж.

НИЖНИЙ-НОВГОРОД. МОЛОТОВ ЖОЛДАСТЫҢ АТЫНДАҒЫ АВТОСТРОЙДЫҢ БАСТЫҒЫ МЕН АВТОЗАВОДТЫҢ ДИРЕКТОРЫНА

Автозаводтың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне, әкімшілік-саяси және техникалық басшыларына Автогиганттың құрылысын аяқтап, жұмысқа қосуларымен байланысты жалынды сәлем!

Құрылыс жұмыстарының басты ауыртпалықтарын өз мойындарымен көтеріп шыққан Автостройдың екпінділері мен екпінді әйелдерін жалынды түрде құттықтаймын!

Заводты жасау, монтаждау және жұмысқа қосу ісінде Совет Одағының жұмысшы табына көмек көрсеткен шетелдік жұмысшыларға, техниктерге және инженерлерге алғыс айтамын!

Жеңістерің құтты болсын, жолдастар!

Автозавод өндірістік процесті меңгеру және оны жолға қою қыйыншылықтарын, өндірістік программаны орындау қыйыншылықтарын тез араның ішінде, толық жеңіп шығады деп сенеміз.

Автозавод таяу араның ішінде елімізге біздің халық шаруашылығымыз үшін ауа мен судай қажет

мыңдаған және он мыңдаған машиналар бере алады деп сенеміз.

Жаңа жеңістерге қарай, алға баса беріңдер!

И. Сталин

«Правда» № 2,
2 январь, 1932 ж.

САРАТОВ. ҚОМБАЙНСТРОЙДЫҢ БАСТЫҒЫ МЕН ҚОМБАЙНЗАВОДЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫНА

Заводтың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне және барлық басшы қызметкерлеріне сәлем!

Заводтың активін, ең алдымен, екпінділері мен екпінді әйелдерін құрылысты ойдағыдай аяқтап, заводты іске қосуларымен қызу құттықтаймын!

Жолдастар! Қомбайндар елімізге тракторлар мен автомашиналардан кем керек емес. Заводтың өндірістік программасын толық орындау ісінде табысқа жететіндіктеріңізге күмәнданбаймын.

Жаңа жеңістерге қарай ілгері баса беріңдер!

И. Сталин

4 январь, 1932 ж.

«Правда» № 5,
5 январь, 1932 ж.

ОЛЕХНОВИЧ ПЕН АРИСТОВҚА ЖАУАП

„Большевизм тарихының кейбір мәселелері туралы“ „Пролетарская революция“ журналының редакциясына жазылған хаттар жөнінде

Олехнович жолдасқа

Сіздің хатыңызды алдым. Жұмыс бастылықтан кешігіп жауап беріп отырмын.

Сіздің пікіріңізге ешбір қосыла алмаймын, Олехнович жолдас. Ал оның себебі мынау.

1. «Троцкизм **ешуақытта** коммунизмнің фракциясы болған емес» деу дұрыс емес. Троцкистер ұйымдық жағынан меньшевизмнен қол үзгендіктен — уақытша болса да, — өздерінің антибольшевиктік көзқарастарын тоқтатқандықтан — уақытша болса да, — БК(б)П мен Коминтернге алынғандықтан және осы соңғылардың қарарларына бағынғандықтан, — троцкизм коммунизмнің күмәнсіз бөлігі, фракциясы болды.

Троцкизм сөздің **кең** мағнасында да, яғни дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың, өзінің топтық ерекшелігін сақтайтын, **бөлігі** ретінде де коммунизмнің фракциясы болды, сөздің **тар** мағнасында да, яғни БК(б)П ішінде, партияға ықпал жүргізу үшін күрескен, азды-көпті ұйымдасқан **фракция** ретінде де

коммунизмнің фракциясы болды. Троцкистердің БК(б)П ішіндегі фракция екені туралы жұрттың бәріне белгілі фактыларды, БК(б)П съездері мен конференцияларының карарларында көрсетілген фактыларды бекерге шығару күлкі болған болар еді.

БК(б)П фракцияларға төзбейді емес пе және олардың жарыя болуын макұлдай алмайды емес пе? Я, төзбейді және олардың жарыя болуын макұлдай алмайды. Бірак бұл әлі троцкистер іс жүзінде фракция болган жок деген сөз емес. Нак троцкистердің іс жүзінде өз фракциясы болғандығынан да олар осы фракцияны жарыя ету үшін күресті, — дәл сондыктан — шынында сондыктан да — олар сосын партиядан куылды.

Сіз троцкизмге катысты нәрсе троцкистерге катысты болуы мүмкін емес деп ойлап, **троцкизмді троцкистерден** бөліп алуға тырысу аркылы құтылуға талап етесіз. Баскаша айтканда, Сіздің троцкизм ешкашан коммунизмнің фракциясы болган емес, ал Троцкий мен троцкистер коммунизмнің фракциясы болды дегіңіз келеді. Мұның өзі схоластика және өзінді өзің алдау, Олехнович жолдас! Троцкизмді жактаушыларсыз, яғни троцкистерсіз троцкизм өмір сүре алмайды, сол сыякты троцкистер троцкизмсіз,— мейлі бүркемеленген, шектелген-ак болсын, дегенмен троцкизмсіз,— өмір сүре алмайды, бұлай болмаған күнде олар троцкистер болмаған болар еді.

Троцкистер коммунизмнің фракциясы болған кезде олардың ерекше сыйпаты неде болды? Ол мынада еді: троцкистер большевизм мен меньшевизмнің арасында «перманентті» ауыткумен болды, оның бержағында бұл ауыткулар партияға карсы фракциялык

күреске айналып, партия мен Коминтерннің әрбір бетбұрысы кезінде жоғарғы шекке дейін жетті. Бұл не деген сөз? Бұл — партияда болса да және оның қарарларына бағынса да троцкистер **шын** большевиктер болған емес, олар меньшевизм жағына жиі ауытқыса да, оларды **нағыз** меньшевиктер деп атауға да болмайды деген сөз. Бұл ауытқулар троцкистердің біздің партияда болған дәуірі бойында (1917 — 1927 жылдар) лениншілдер мен троцкистердің арасында болған партия ішіндегі күрестің негізі болды. Өздерінің антибольшевиктік көзқарастарын тоқтатып, сөйтіп партияға кіре отырып, дегенмен троцкистердің бұл көзқарастардан **бастартпаған**, осының нәтижесінде олардың, дәл осы көзқарастардың, партия мен Коминтерннің әрбір бетбұрысы кезінде өзін көрсетіп отырған фактысы троцкистердің нағыз ауытқуларының негізі болды.

Сіз, сірә, троцкизм туралы мәселені бұлай түсіндіруге қосылмайтын шығарсыз. Бірақ онда Сіз **теріс** екі қортындының біріне келуге тиіссіз. **Не** Сіз Троцкий мен троцкистер партияға кіріп, өз көзқарастарынан мүлде бастартты, **шын** большевиктерге айналды деген қортындыға келуге тиіссіз, бұл дұрыс емес, өйткені бұлай деп ойлағанда троцкистердің партия ішінде партияға қарсы үздіксіз жүргізген күресі, троцкистердің партиямызда болған бүкіл дәуірін лық толтыратын күресі түсініксіз және түсіндіруге келмейтін күрес болып шығады. **Не** Сіз троцкизм (троцкистер) **«барлық уақытта** меньшевизмнің фракциясы болды» деген қортындыға келуге тиіссіз, бұл тағы да дұрыс емес, өйткені **меньшевиктерді** бір минутке болса да коммунистік партия қатарына алып, Ленин мен

лениндік партия **принципті** қате жіберген болар еді.

2. Троцкизм **«барлық уақытта** меньшевизмнің фракциясы болды, жұмысшы қозғалысындағы әртүрлі буржуазиялық агентураның бір түрі болды» деу дұрыс емес, сондай-ақ «партияның троцкизмге жұмысшы қозғалысындағы буржуазиялық агентураның теориясы мен практикасы деп карауын» «партияның Троцкий мен троцкистерге белгілібір тарихи кезеңдегі көзкарасынан» Сіздің **бөліп алуға** әрекеттенуіңіз де дұрыс емес.

Біріншіден, мен мұны жоғарыда айттым да, Сіз троцкизмді троцкистерден және керісінше,— троцкистерді троцкизмнен жасанды түрде бөліп алып, қате жіберосіз, схоластикалық қате жіберосіз. Біздің партияның тарихы мынаны көрсетеді: мұндай бөліп алуды біздің партияның белгілібір бөлігі жасағандықтан ол әрқашан және **түгелдей** троцкизмнің пайдасына жарады, сөйтіп мұның өзі троцкизмнің партияға қарсы қылықтары кезінде ол әрекетін жасыруға оған жеңілдік жасады. Сіздің өзіңізге жасырып, мынаны айта аламын: Сіз троцкизм туралы мәселені троцкистер туралы мәселеден жасанды түрде бөліп алу әдісін біздің саяси практиканың дағдысына енгізіп, Троцкий мен троцкист контрабандистерге зор қызмет көрсетесіз.

Екіншіден, бұл қатені жіберіп, Сіз «белгілібір тарихи кезенде» партия Троцкий мен троцкистерді **шын** большевиктер деп қарады деп жорып, әлгі қатеден туатын **екінші** бір қатені жіберуге мәжбүр боласыз. Бірақ бұлай жору мүлде дұрыс емес және троцкистер мен лениншілдер арасындағы **партия ішінде бол-**

ған күрес тарихының фактыларымен мүлдем сыйыспайды. Олай болса, троцкистердің партияда болған бүкіл дәуірі бойына партия мен троцкистер арасындағы үздіксіз күресті немен түсіндіруге болады? Сіз мұның өзі принципті күрес емес, бақастық еді деп ойлайсыз ба?

Өзіңіз көріп отырсыз, менің ««Пролетарская Революция» редакциясына жазған хатым» жөніндегі Сіздің «түзетуіңіз» сорақылыққа әкеліп соғады.

Шындығында троцкистер біздің партиямызға кіргенге дейін троцкизм меньшевизмнің фракциясы болды, ал троцкистер біздің партиямызға кіргеннен кейін троцкизм коммунизмнің уақытша фракциясы болды, троцкистерді партиямыздан қуғаннан кейін троцкизм қайтадан меньшевизмнің фракциясы болды. «Ит құсығына қайта оралды».

Демек:

а) «белгілібір тарихи кезеңде» партия Троцкий мен троцкистерді **шын** большевиктер деп санады деуге болмайды, өйткені бұлай деп жору біздің партиямыздың тарихының 1917—1927 жылдар дәуіріндегі фактыларына түбірінен қайшы келеді;

б) троцкизм (троцкистер) **«барлық уақытта** меньшевизмнің фракциясы болды» деп есептеуге болмайды, өйткені бұлай деп жорысақ 1917—1927 жылдардағы дәуірде біздің партия **бір тұтас берік**-большевиктік партия болмай, большевиктер мен меньшевиктер арасындағы **блок** партиясы болып шығар еді, ал бұл мүлде дұрыс емес және большевизм негіздерімен сыйыспайды;

в) троцкистік айла-шарғылардың амалсыз құралына айналуға бел байламайынша, троцкизм туралы

мәселені троцкистер туралы мәселеден жасанды түрде бөліп алуға болмайды.

Ал қандай жол бар? Бір-ақ жол бар: троцкизм «белгілібір тарихи кезеңде» коммунизмнің фракциясы болды, — большевизм мен меньшевизм арасында ауытқушы фракция болды дегенмен келісу ғана қалады.

И. Сталин

15 январь, 1932 ж.

Аристов жолдасқа

Сізде түсінбеушілік бар, Аристов жолдас.

«Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің тактикасы»[31] (1924 ж.) деген мақала мен ««Пролетарская Революция» редакциясына жазған хаттың» (1931 ж.) арасында қайшылық жоқ. Бұл екі документ мәселенің **түрлі** жақтарын көрсетеді, ал бұл Сізге «қайшылық» болып көрінген. Бірақ мұнда «қайшылық» жоқ.

«Октябрь революциясы» деген мақалада 1905 жылы Ленинге **қарсы** «перманенттік» революция теориясын **ұсынған** Роза Люксембург емес, Парвус пен Троцкий екендігі туралы айтылады. Бұл — тарихи шындыққа толық сәйкес келеді. Дәл Парвус 1905 жылы Россияға келіп, арнаулы газетті редакциялап, мұнда ол «перманенттік» революцияны жақтап, лениндік «концепцияға» **белсене қарсы** шықты, дәл Парвуст, ал сонсоң, Парвустың ізімен және онымен бірге Троцкий, — дәл осы екеуі ол кезде революция-

ның лениндік схемасына «перманенттік» революция теориясын қарама қарсы қойып, ол схеманы бастырмалатқан-ды. Роза Люксембургке келетін болсақ, ол бұл кезде бой тасалады, әзірге күреске араласпауды, сірә, артық көріп, ол бұл негізде Ленинге қарсы белсене күресуден бой тартты.

«Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің тактикасы» деген мақалада Радекке қарсы айтыста мен мәселені Парвусқа тірей айттым, өйткені Радек 1905 жыл мен «перманенттік» революция туралы әңгіме ете отырып, Парвус туралы **әдейі** үндемеді. Ал оның Парвус туралы үндемеген себебі: Парвус 1905 жылдан кейін қауіпті адам болды, миллионер болды, герман империалистерінің тікелей агентіне айналды, сондықтан Радек «перманенттік» революция теориясын Парвустың қауіпті есімімен байланыстырғысы келмеді, тарихты орағытып кеткісі келді. Ал мен болсам турасына көштім, сөйтіп тарихи шындықты қалпына келтіріп, Парвустың тиісті үлесін бөліп беріп, Радектің айласының шыркын бұздым.

«Октябрь революциясы және орыс коммунистерінің тактикасы» деген мақаланың жайы осындай.

««Пролетарская Революция» редакциясына жазылған хатқа» келетін болсақ, онда енді мәселенің **басқа** жағы туралы айтылады, атап айтқанда—«перманенттік» революция теориясын Роза Люксембург пен Парвус **шығарғандығы** туралы айтылады. Ал бұл да тарихи шындыққа сәйкес келеді. «Перманенттік» революция теориясын Троцкий емес, Роза Люксембург пен Парвус **шығарды.** 1905 жылы «перманенттік» революция теориясын **ұсынып,** ол үшін

Ленинге **қарсы** белсене күрескен Роза Люксембург емес, Парвус пен Троцкий болды.

Кейіннен революцияның лениндік схемасына қарсы Роза Люксембург те белсене күресті. Бірақ бұл 1905 жылдан **кейін** болатын.

И. Сталин

25 январь, 1932 ж.

«Большевик» № 16,
30 август, 1932 ж.

МАГНИТОГОРСК. МАГНИТСТРОЙҒА

Телеграф ССРО-дағы, күніне 1000 тоннадан астам құйма шойын беретін, ал қайта істелетін шойынға айналдырғанда — күніне 1 200 тоннадай құйма шойын беретін тұңғыш алып домнаның іске қосылу дәуірі аякталып, іске кірісіп кеткені туралы хабар әкелді.

Магнитстройдың жұмысшылары мен әкімшілік-техникалық қызметкерлерін завод программасының бірінші бөлімін ойдағыдай орындауларымен құттықтаймын!

Европадағы ең тұңғыш алып уникум-домнаның техникасын меңгерулеріңізбен құттықтаймын!

Қыстың боран-шашын жағдайларында домнаны іске қосу және іске кірістіріп жіберу қыйыншылығын жеңіп шыққан және завод құрылысы жұмысының негізгі ауыртпалығын өз мойындарына алып жатқан Магнитстрой екпінділері мен екпінді-әйелдеріне сәлем!

Магнитогоршылар 1932 жылдың программасының басты бөлімін де ойдағыдай орындайтындығына, тағы

үш домна, мартен, прокат салатындығына, сөйтіп еліміздің алдындағы өз борышын аброймен орындайтындығына күманым жоқ.

И. Сталин

«Правда» № 89,
30 март, 1932 ж.

«АССОШИЭЙТЕД ПРЕСС» ТЕЛЕГРАФ АГЕНТТІГІНІҢ ӨКІЛІ РИЧАРДСОН МЫРЗАНЫҢ ХАТЫНА ЖАУАП[32]

Ричардсон мырзаға

Буржуазиялық баспасөзде мені ауру деп жалған хабарлар тарату дегендер бұл ғана емес. Менің, сірә, шын және ұзақ ауырып қалуымды, одан да жаманын былай қойғанда, тілейтін адамдар бар болса керек. Мүмкін бұл онша әдепті де болмас, бірақ, амал не, менің ол мырзаларды қуантарлықтай мәліметтерім болмай отыр. Өкінішті бола тұрса да, фактыға қарсы дәнеңе істей алмайсың: мен әбден саумын. Ал Цондек мырзаға келетін болсақ, ол ССРО-ға шақырылған жұмысына сай, басқа жолдастардың ден саулығымен айналыса беруіне болады.

И. Сталин

«Правда» № 93,
3 апрель, 1932 ж.

ШАҒЫМ БЮРОСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ ЖӨНІНДЕ

Біздің партия-совет, шаруашылық-кәсіподақ және комсомол аппараттарымыздың кемшіліктерін жою жолындағы күресте, біздің басқарма аппараттарымызды жақсартуда Шағым бюросы[33] жұмысының маңызы өте зор.

Ленин былай деген болатын: біз аппаратсыз әлдеқашан құрыған болар едік, ал аппаратты жақсарту жолында тынбастан күресе бермесек — біз сөзсіз құрыймыз. Мұның мәнісі, біздің аппараттарымыздағы енжарлыққа, төрешілдікке, қағазбастылыққа қарсы батыл және үнемі күрес жүргізіп отыру партияның, жұмысшы табының және біздің еліміздің барлық еңбекшілерінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады деген сөз.

Шағым бюросы маңызының зорлығы сонда, ол Лениннің аппаратты жақсарту жолындағы күрес туралы өсиетін жүзеге асыруда елеулі құралдардың бірі болып табылады.

Шағым бюросының бұл жағынан, дау жоқ, едәуір табыстары бар. Ендігі міндет — қол жеткен нәтиже-

лерді баянды ете отырып, бұл жөнінде шешуші табыстарға жету. Шағым бюросы өзінің төңрегіне жұмысшылар мен колхозшылардың белсенді жіктерін күннен күнге көбірек топтастыра отырып, оларды мемлекет басқару ісіне тарта отырып және партияда бар, сондай-ақ партияда жоқ еңбекшілердің үніне мұқыят құлақ қоя отырып — осындай шешуші табыстарға жететіндігіне күман болуы мүмкін емес.

Шағым бюросының жұмысы жөніндегі бескүндік Шағым бюросының жұмысын біздің ұстазымыз — Ленин көрсеткен жолмен өрістете беруге түрткі болады деп сенеміз.

И. Сталин

«Правда» № 97,
7 апрель, 1932 ж.

РАЛЬФ В. БАРНЕСТІҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП

3 май, 1932 ж.

1. **Сұрақ.** Американың кейбір топтарының арасында кәзір Москваға Құрама Штаттар мен ССРО-ның арасындағы сауда қатнастарын күшейте түсуге көмектесетін американың ресми емес сауда өкілін, оған ертіп мамандар штатын жіберудің мүмкіндігі қызу түрде талқыланып жатыр. Мұндай алғышартқа Совет үкіметі қалай қарар еді?

Сталин. ССРО өзімен дұрыс қарым-қатнастағы елдердің сауда өкілдері мен мамандарын жалпы алғанда ықласпен қабылдайды. Ал САҚШ-ты алатын болсақ, Совет үкіметі ондай бастамаға дұрыс қараған болар еді деп ойлаймын.

2. **Сұрақ.** Егер де совет-американ саудасының ұлғаюына Атлант мұқыйтының сыртында жасалып отырған кедергілердің бірқатары жойылатын болса, онда ССРО-ның Америкаға орналастыра алатын заказдарының шамасы қандай бола алар еді?

Сталин. Қателеспейін дегенде, күнілгері цифр атау қыйын. Дегенмен ССРО-ның өсіп кележатқан талаптары мен САҚШ өнеркәсібінің орасан зор мүмкіндік-

тері заказдар көлемінің бірнеше есе өсуіне толық жағдай туғызады.

3. **Сұрақ.** Американың кейбір жауапты топтарының арасында совет және америка үкіметтерінің Қыйыр Шығыстағы оқыйғаларға көзқарасы соңғы жеті айдың ішінде көріне ұқсастық білдіріп отыр, ал сондықтан келіп Советтер саясаты мен Америка саясатының арасындағы алалық бұған дейінгісінен азая бастап отыр деген ап-айқын ұғым бар.

Осы жөнінде Сіздің пікіріңіз қандай?

Сталин. Айқын бірнәрсе айтуға мүмкіндік жоқ, өйткені, амал не, САҚШ-тың қыйыршығыстық саясатының мәнін түсіну өте қыйын. Ал Совет Одағын алатын болсақ, ол Жапониямен де, Манчжуриямен де және жалпы алғанда — Қытаймен бейбітшілік сақтаудың берік саясатын ұстап отыр және бұдан былай да ұстай береді.

4. **Сұрақ.** Сіздің ел мен менің елімнің арасында үлкен айырмашылық бар, ал мұныммен қатар айқын ұқсастық та бар. Екеуінің де жері үлкен, ол жерде сауда жасау үшін таможня кедергілері сыяқты бөгеттер жоқ. Дөрекі салттар, әрине, басқа бірінші дәрежелі мемлекеттерге қарағанда ССРО мен Құрама Штаттарда экономикалық жұмысқа аз кедергі жасайды. ССРО-дағы индустрияландыру процесі, басқа батыс-европалық мемлекеттерге қарағанда, Құрама Штаттардағы осы процеске көбірек ұқсайды. Кейбір жағдайларда Москва мен Вашингтондағы саясат, мұны күтуге болатынындай, бір-бірінен онша алыстап кетпейтінін мен бұдан бұрынғы сұрағымда көрсетіп өттім. Ақырында, айқын айырмашылығының бәріне қарамастан, американ халқы мен совет халқының

арасында үлкен сүйкімділік бар екеніндс күман жоқ. Осындай фактілерді еске ала отырып, екі елдің арасында ешқашан және ешкандай жағдайда қарулы соқтығысу болмауға тиіс деген сенімді екі халықтың да миына қондыруға болмас па еді?

Сталин. Бірін-бірі қыру дегеннің зияндылығы мен қылмысты екендігіне екі елдің де халықтарын сендіруден оңай нәрсе жоқ. Бірақ, амал не, бейбітшілік пен соғыс мәселелерін әрқашан халық шеше бермейді. 1918—19 жылдары САҚШ-тың халық бұқарасы ССРО халықтарына қарсы соғысқысы келмегеніне менің күмәнім жоқ. Алайда бұл САҚШ үкіметінің 1918 жылы (Жапониямен, Англиямен, Франциямен бірге) ССРО-ға тиісуіне және ССРО-ға қарсы соғыс интервенциясын 1919 жылға дейін созуына бөгет болған жоқ. Ал ССРО-ны алатын болсақ, онда ССРО халықтары да, ССРО үкіметі де — «екі елдің арасында ешқашан және ешқандай жағдайда қарулы соқтығысу» бола алмауын тілейтіндерін тағы да дәлелдеп жатудың қажеті болар ма екен.

5. **Сұрақ.** Америкада екінші бесжылдық жоспардың шын сыйпаты жайында бірі-біріне қайшы келетін хабарлар тарады. 1933 жылдың 1 январынан бастап 1937 жылдың аягына дейінгі дәуірдің ішінде совет халқының күнбе-күндік мұқтажы осы кезге дейінгісінен көп көлемде қанағаттандырылатыны рас па? Басқаша айтқанда, жеңіл индустрия, шынында да осы кезге дейінгісінен зор көлемде дамыйтын бола ма?

Сталин. Я, жеңіл индустрия, осы кезге дейінгісінен анағұрлым зор көлемде дамыйды.

Бірінші рет басылып отыр

ҚУЗНЕЦК. ҚУЗНЕЦКСТРОЙ

№ 1 домнада шойын қорытудың жоғарғы дәрежесіне жеткен және ең жаңа техниканы меңгеруде большевиктік қарқын көрсеткен Кузнецк заводының екпінділері мен екпінді-әйелдеріне, техникалық қызметкерлері мен барлық басшыларына сәлем.

Кузнецкстройдың коллективі қолы жеткен табыстарды одан әрі өрістетеді, № 2 домнада одан кем емес табыстарға жетеді, жақын айлар ішінде қатарға мартендер мен прокат қосады, осы жылдың ішінде үшінші және төртінші домналарды салып, жұмысқа кірістіреді деп сенемін.

И. Сталин

«Правда» № 142,
24 май, 1932 ж.

БЛКЖО-ның БҮКІЛОДАҚТЫҚ VII КОНФЕРЕНЦИЯСЫНА ҚҰТТЫҚТАУ[34]

Ленин комсомолының жауынгерлеріне, Бүкілодақтық жетінші конференцияның делегаттары мен делегаткаларына сәлем!

Миллиондаған жұмысшы және шаруа жастарына коммунистік білім беріп, оларды ұйымдастыру ісінде табысты болуларыңды тілеймін!

Лениндік интернационализмнің туын жоғары ұстаңдар, халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық үшін күресіңдер, біздің еліміздің капиталистік шабуылға қарсы қорғанысын күшейтіңдер, құлдық пен қанаудың ескі дүниесін қопарып тастаңдар, азат етілген еңбек пен коммунизмнің жаңа дүниесін құрып, нығайтыңдар, өздеріңнің барлық жұмыстарыңда қуатты революциялық жігерді большевиктік құрылысшылардың қажырлы іскерлігімен біріктіруді үйреніңдер, біздің анамыз — Бүкілодақтық Коммунистік Партияның лайықты ұлдары мен қыздары болыңдар!

Комсомолдық ұрпақ жасасын!

И. Сталин

8 июль, 1932 ж.

«Правда» № 188,
9 июль, 1932 ж.

МАКСИМ ГОРЬКИЙГЕ ҚЎТТЫҚТАУ[35]

Қымбатты Алексей Максимович!

Сізді шын ықласыммен қўттықтап, қолыңызды қатты қысамын. Барлық еңбекшілерді қуантып, жўмысшы табы жауларының зәресін ала көп жылдар өмір сүріп, жўмыс істеуіңізді тілеймін.

И. Сталин

«Правда» № 266,
25 сентябрь, 1932 ж.

ДНЕПРСТРОЙ ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРЫНА

Амал не, жұмыс жағдайларына қарай Москвадан шығуға мүмкіндігім болмағандықтан Днепрстанциясының ашылуына келу туралы Сіздердің өтініштеріңізді орындай алмаймын.

Тарихи ұлы құрылысты ойдағыдай аяқтауларына байланысты Днепрстройдың жұмысшы коллективі мен басшы қызметкерлеріне жалынды сәлем жолдап, құтты болсын айтамын.

Днепрстройдың екпінділерінің, социалистік құрылыстың даңқты ерлерінің қолын қатты қысамын.

И. Сталин

«Правда» № 281,
10 октябрь, 1932 ж.

ЛЕНИНГРАДҚА ҚҮТТЫҚТАУ

Совет өкіметінің алтын бесігі — большевиктік Ленинградқа — Совет өкіметінің онбес жылдық мерекесі күні — жалынды сәлем!

Капитализмге қарсы Октябрь көтерілісінің туын бірінші болып көтерген, капиталистердің өкіметін құлатып, жұмысшы мен шаруа өкіметін — пролетариат диктатурасын орнатқан Ленинград жұмысшылары жасасын!

Жаңа табыстарға қарай алға баса беріңдер, ленинградтық жолдастар!

И. Сталин

«Правда» № 309,
7 ноябрь, 1932 ж.

«ПРАВДА» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫНА ХАТ

Менің жақын досым және жолдасым Надежда Сергеевна Аллилуева — Сталинаның қайтыс болғанына байланысты көңіл айтқан ұйымдарға, мекемелерге, жолдастарға және жеке адамдарға жүрегімнен алғыс айтамын.

И. Сталин

«Правда» № 318,
18 ноябрь, 1932 ж.

ҚЭМПБЕЛЛ МЫРЗА ӨТІРІК ҚОСҚАН

ССРО-да болып кеткен ауыл шаруашылығының белгілі қайраткері Кэмпбелл мырзаның «Россия — рынок пе әлде қауіп пе?» деген кітабы жақында Америкада ағылшын тілінде шықты. Бұл кітапта Кэмпбелл мырза, айта кету керек, 1929 жылдың январында Москвада Сталинмен «тілдескенін» баяндайды. Бұл «тілдеспенің» көзге түсер қасиеті сол — оның ішіндегі қай сөйлемін алсаңыз да не өтірік немесе кітапқа және оның авторына қызықтыру мақсатымен қыйыстырылған сенсациялық үзіп-жұлма.

Осы өтіріктерді әшкерелеу үшін бірнеше сөз айтуды артық болмас деп есептеймін.

Кэмпбелл мырза Сталинмен күндізгі сағат бірде басталған әңгіме «түн ортасынан кейін де, таң сәріге шейін созылды» деген жерінде көрер көзге қыялдап жіберген. Расында әңгіме екі сағаттан әрі кеткен жоқ. Кэмпбелл мырзаның қыялы аумаған американ қыялы.

Кэмпбелл мырза Сталин «менің қолымды екі қолымен ұстап тұрып: біз дос бола аламыз деді» деген

жерінде барынша бөскен. Расында ондай нәрсе болған жоқ және болуы да мүмкін емес. Сталиннің Кэмпбелл сияқтанған «достарға» құштар еместігін Кэмпбелл мырзаның білмеуі мүмкін емес.

Кэмпбелл мырза мені, әңгіменің жазбасын оған жібергенде шетіне: «осы ескерткішті сақтаңыз, бұл бір кезде маңызды тарихи документ болады» деп қосымша жазды-мыс дейтін жерінде тағы да мейлінше жанынан қосқан. Расында Кэмпбелл мырзаға жазбаны ешқандай қосымшасыз жіберген — аудармашы Яроцкий. Сталиннің атын саткысы келген дәме Кэмпбелл мырзаны мүлде масқара етіп отыр.

«Троцкийдің кезінде жұрт коммунизмді шынында да дүние жүзіне таратуға тырысты, Троцкий мен оның (яғни Сталиннің) ажырасуының бірінші себебі осы болды, Троцкий дүниежүзілік коммунизмге сенді, ал ол, Сталин, өзінің әрекетін өз елінен асырмағысы келді» деген сөздерді Сталинге таңған жерінде Кэмпбелл мырза өтірікті қосқан үстіне қосыңқыраған. Фактылардың астан-кестенін шығарған бұл мағнасыз өтірікке тек Каутскийлер мен Вельстердің лагеріне қашқандар ғана нана алатын шығар. Расында Кэмпбеллмен әңгіменің Троцкий туралы мәселеге ешқандай катысы болған жоқ және әңгіме үстінде Троцкийдің аты мүлде аталған емес.

Былайғылары да дәл осы тәрізде топшыланады...

Кэмпбелл мырза өзінің кітабында Сталинмен әңгіменің жазбасын атап кеткен, бірақ кітабында жазбаны жарыялауды керек деп таппаған. Неліктен? Жазбаны жарыялау Кэмпбелл мырзаның Сталинмен «тілдеспенің» төңрегінде, американ мещандарын Кэмпбеллдің кітабына қызықтыруға арналған сенса-

циялық өтіріктерді жосыту жоспарын бұзып жіберетін болғандықтан емес пе екен?

Менің ойымша, Кэмпбелл мырза мен Сталиннің арасында болған әңгіменің жазба текстісін жарияласақ, өтірікке белшесінен батқан Кэмпбелл мырзаға жазаның ең жақсысы болып табылар еді. Мұның өзі өтірікті әшкерелеп, фактыларды қалпына келтірудің ең дұрыс емі болар еді.

И. Сталин

23 ноябрь, 1932 ж.

ҚЭМПБЕЛЛ МЫРЗАМЕН ӘҢГІМЕНІҢ ЖАЗБАСЫ

28 январь, 1929 ж.

Сөз алысқаннан кейін Кэмпбелл мырза, өзі ССРО-да ресми емес кісі есепті жүргенімен, САҚШ-тан аттанар алдында Кулиджбен, сонымен қатар жаңа сайланған президент Гувермен кездескендігін және Россияға барып келу мәселесіне олардың рыйзалығын алғандығын айта келіп, өзінің ж. Сталинмен жолыққысы келетінін түсіндірді. Оның мұнда болғандығы бүкіл дүние жүзіне жұмбақ боп отырған ұлттың ғажап белсенділігін оған айқын көрсеткен. Оған әсіресе ауыл шаруашылығы құрылысының жобалары ұнаған. Россия туралы көптеген теріс ұғымдардың барлығы оған мәлім, бірақ оның өзі, мәселен, Кремльде болып, искусство ескерткіштерін сақтау саласында, жалпы алғанда мәдени өмірдің дәрежесін жоғарылату саласында жүргізіліп жатқан жұмысты көзімен көрген. Ол әсіресе жұмысшылар мен жұмысшы әйелдерге деген қамқорлыққа қайран қалған. Ол өзінің САҚШ-тан аттанарда президентке шақырылып, Кулиджідің бала-

сы мен бәйбішесін көргені, ал кеше өзіне қатты жаққан ССРО президенті Калининдікінде конақ болуы оған дәл келген қызықты оқиға болып табылған.

Жолдас Сталин. Ауылшаруашылық және өнеркәсіп құрылысының жоспарларын, сондай-ақ мәдени өмірді дамыту жөніндегі біздің қамқорлығымызды алатын болсақ, біз әлі істемек жұмысымыздың бас жағында ғана жүрміз. Өнеркәсіп құрылысындағы біздің істегендеріміз әлі тым аз. Ауыл шаруашылығын қайта құру жоспарларын жүзеге асыру саласында істелгені одан да аз. Біздің еліміздің ойсаң кенже қалғандығын және бұл кенжеліктің осы күнге дейін үлкен кедергі болып келе жатқанын біз ұмытуға тиісті емеспіз.

Айта кету керек, Россиядағы бұрынғы және жаңа қайраткерлердің арасындағы айырмашылық мынада: ескі қайраткерлер елдің кенжелігін, оны «ұлт ерекшелігі», «ұлт мақтаны» көріп, елдің тәуір қасиеті деп қараған болса, ал жаңа адамдар, совет адамдары, бұлармен, бұл кенжелікпен, күресуде, мұны түбімен құртылуға тиісті жаманшылық деп есептейді. Біздің табысымыздың кепілі — міне осында.

Біз өзіміздің қателерден құр еместігімізді білеміз. Бірақ біз сыннан қорықпаймыз, қыйыншылықтардың бетіне тура қарауға және өз қателерімізді әрдайым мойындауға именбейміз. Біз дұрыс сынды құп аламыз, құттықтаймыз. Біз САҚШ-қа көз тігудеміз, өйткені бұл ел ғылыми және техникалық жағынан жоғары тұрған ел. Бізге салса, Америкадағы ғылым мен техника адамдары техника жөнінен бізге оқытушы болуын, ал біз олардың оқушысы болуды қалар едік.

Әр дәуірде ұлт дамуының бір шарықтауы болмақ. Қазір бізде, Россияда, құрылыс шарықтауы болып жатыр. Россияның енді осы қасиеті басым. Қазір біздің құрылыс шарықтауын бастан кешіріп жатқан себебіміз осында. Мұның өзі САҚШ-тың азамат соғысынан[35] кейін бастан кешкен дәуірін еске түсіреді. САҚШ-пен техникалық-өнеркәсіптік және саудалық селбесудің арқауы және мүмкіндігі осында жатыр. Американ өнеркәсібімен қарым-қатнасты қамтамасыз ету үшін тағы не істеу керектігін мен білмеймін. Қазір осындай жақындасуды іс жүзіне асыруға не бөгет болып отырғанын түсіндіре алар ма едіңіз, егер мұның өзі болған болса, онда мұндай байланысу ССРО-ға да, САҚШ-қа да пайдалы болар еді.

Кэмпбелл мырза. Өздерінің үлкендігі, байлық-қорлары және тәуелсіздігі жөнінен САҚШ пен Россияның арасында ғажап ұқсастық барлығына мен сенемін. Сталин мырзаның азамат соғысы дәуіріне сілтегені — дұрыс. Азамат соғысынан кейін төтенше өсу байқалған. САҚШ-тағы халық Россияға ынтық. Россия аса зор елдің бірі, сондықтан оның дүниежүзілік қатнастардың ірі тұтқасы болмауы мүмкін емес деп мен сенімдімін. Орыс үкіметінің басындағы адамдардың қарауында ұлы істерді істерлік аса зор іргелі мүмкіндіктер бар. Жалғыз-ақ бұл үшін керегі — ұғыныстардың ашық болуынан айрылмау және әрдайым әділетті болу.

Мен іс жағынан дұрыс байланыстың пайдалылығын көріп отырмын, сондықтан мен, жай азамат болсам да, үкіметпен тығыз байланыс болуын қуаттаймын. Мен әңгімені, жай адам ретінде, жүргізіп отырмын. Менен САҚШ пен Россияның арасында байла-

ныс болуына не нәрсе бөгет болып отыр деп сұраганнан кейін, менің барынша ашық, қаймықпай, Сталин мырзаны лайығынша сыйлай отырып және ренжітпей жауап бергім келеді. Ол аса әділ ойлайтын адам, мұның өзі маған бір еркектің екіншісімен екі елдің игілігі үшін және мүлде құпия түрде сөйлесетініндей, әңгіме жүргізуге мүмкіндік беріп отыр. Егер бізде ресми мойындау болған болса, әркім істерді, барлық жерлердегі сияқты, кредит негізінде немесе басқа түрлі негіздерде жүргізу үшін осылай қарай ұмтылған болар еді. Американ фирмаларының істерді жүргізуге және ұзақмерзімді кредит беріп отыруға қобалжып жүргендерінің себебі — сіздің үкіметті біздің Вашингтон үкіметінің мойындамауы болып отыр.

Мұның бас себебі, алайда, мойындау ісіндегі жәй сәтсіздіктен емес. Біздің ойымызша (және мұның рас та болуы мүмкін), бас себеп — сіздің үкіметтің өкілдері біздің елде ылғый наразылықты себуге және Совет өкіметінің идеяларын таратуға тырысады.

Біздің өз елімізде «Монроэ доктринасы» дейтініміз бар, мұның мәнісі — біз дүние жүзіндегі бірде-бір елдің істеріне араласуды тілемейміз, біз аумастан өзіміздің төл істерімізбен айналысамыз деген сөз. Сондықтан біз ешбір елдің де — Англия, Франция, Германия, Россия немесе басқа ел болса да — біздің өзіміздің енші істерімізге араласқанын қаламаймыз.

Россия — соншалық зор ел, ол өзінің барша халқы істейміз деп ұйғарғанының бәрін өзбетінше орындай алады. Россияның өзінің әралуан төл байлық — қорлары бар, мұның өзі көп уақытты қажет етсе де,

түбінде орыстардың өз байлық — қорларын өзбетімен дамытуға шамалары келеді.

Көп реттерде орыс халқы үшін біздің үлгі болып табылатынымызды сезу бізде жағымды сезім туғызады, сондықтан менің ойымша біз орыс халқына, әсіресе уақытты үнемдеу жағынан, аса пайдалы болар едік. Өйткені біз көптеген шаруашылық мәселелерін шештік және біздің әдістерімізге, Россиядан баска, көптеген елдер тура еліктеп жүр, сондықтан совхоздар жасау сияқты әрекеттер сауда байланыстарын күшейту болып шығады, ал сайып келгенде сауда байланыстарының соңынан әйтеуір бір әділ негізде дипломатиялық тану да келеді. Жеке адамдар үшін сияқты, ұлттар үшін бір ғана жол бар, ол — ешқандай әдепсіздік жібермей ашық айтысып отыру, ал сонда әйтеуір бір келісімдер жасау уақыты шапшаң келмек. Біз неғұрлым тәрбиелі болсақ, соғұрлым біздің кезіміз мынаған жетіп отыр: біз көп нәрсеге, басқа құралдардан гөрі, ақылмен жетіп келеміз. Ұлы халықтардың, аралары шиеленіспей-ақ, пікірлері ала болулары мүмкін, бірақ ұлы адамдар ірі мәселелер жөнінде бәтуәлеседі. Олар әдетте келіссөздерін белгілібір келісіммен аяқтасады, — әуелі олардың түп тұрғылары бір-бірінен қаншама аулақ тұрғанмен, біріне-бірі икемге келе отырып, шамамен алғанда, жол ортасында келіп бітіседі.

Жолдас Сталин. Менің түсінуімше, кәзіргі минутта САҚШ үшін дипломатиялық тану ісі қыйынға соғулы. Совет үкіметінің өкілдерін Америка баспасөзінің көп және жиі бәлағаттағаны сонша, тіпті кілт бұрылу қыйын. Мен өз басым дәл кәзір дипломатиялық

тануды шешуші нәрсе деп санамаймын. Екі жаққа пайдалылық негізінде сауда байланыстарын дамыту маңызды. Сауда байланыстары қалыптастыруды қажет етіп отыр, ал егер бұл іс үшін белгілі заңдық негіз жасалса, онда мұның өзі дипломатиялық тану жолында бірінші және ең басты қадам болар еді. Дипломатиялық қатнастардың пайдалылығын екі жақ бірдей ұққан кезде дипломатиялық тану туралы мәселе өзінен өзі шешіледі. Бас негіз — сауда байланыстары және оларды белгілібір праволық нормаларды жасауға әкелетін қалыптастыру болып табылады.

Әрине, біздің еліміздің табиғат байлық-қорлары мол және әралуан. Олардың әралуандығы мен молдығы ресми айтылып жүргеннен гөрі көбірек, оның үстіне біздің зерттеуші экспедицияларымыз біздің байтақ елімізден үнемі тың байлық-қорлар табуда. Бірақ бұл біздің мүмкіндіктеріміздің бір жағы ғана. Басқа бір жағы мынада: біздің шаруаларымыз бен жұмысшыларымыз қазір помещиктер мен капиталистердің бұрынғы ауыртпалығынан құтылған. Помещиктер мен капиталистер бұрын рәсуалап келген нәрселер енді ел қолына тиіп отыр және ел ішінде елдің сатып алу қаблеттілігін арттырып отыр. Керексінудің өсуі соншa, біздің өнеркәсібіміз, өзінің даму шапшаңдығына қарамастан, керексінуден кем қалып отыр. Адам тұтынуының да, өндірістік тұтынудың да керексінуі орасан зор. Біздің шексіз мүмкіндіктеріміздің екінші жағы осында.

Бұл екеуі де САҚШ пен де, басқа өскелең елдермен де сауда және өнеркәсіп байланысын орнату үшін күрделі негіз жасайды.

Біздің еліміздің бұл байлық-қорлары мен мүмкіндіктеріне мемлекеттердің қайсысы күш салу керек деген мәселенің төңрегінде мемлекеттер арасында қатты талас жүріп жатыр. Амал не, САҚШ әлі де бұл таластан алыс тұр.

Немістер Совет өкіметінің қазығы бос, сондықтан советтік шаруашылық ұйымдарға күрделі кредит ашушы болмаңдар деп, барлық жерде шу көтеріп жүр. Сонымен қатар өздері ССРО-мен сауда-саттық жолдарын монополиялап алуға тырысып жүр, оған кредит ашуда.

Жұртқа мәлім, ағылшын іс адамдарының бір тобы да сұрапыл антисоветтік науқан жүргізуде. Сонымен қатар сол топтың өзі, ал онымен бірге Мак-Кеннің тобы да ССРО үшін кредиттер ұйымдастыруға әрекет жасауда. ССРО-ға февральда ағылшын өнеркәсіпшілері мен банкирлерінің делегациясы келетіні баспасөзден мәлім болды. Олар Совет үкіметіне сауда байланыстарының кең жобасын және заем ұсынбақ.

Герман және ағылшын іс адамдарының бұл екіжақтылығы неліктен? Мұның мәнісі мынада: САҚШ-ты үркітіп, аулақ жіберіп, ССРО-мен сауда-саттық байланыстарды өздерінің қолдарына монополиялап алу.

Ал оның бер жағында, басқа елдердің қайсысына қарағанда да, ССРО-мен кең іс байланыстарын жүргізу үшін САҚШ-тың дәлелдері көп екені маған айқын. Және мұның өзі САҚШ техникаға да, капиталдарға да бай болғандықтан ғана емес, сонымен бірге біздің іс адамдарымызды бірде-бір ел, САҚШ-тағы

сыякты, жайдарылық және меймандостықпен қабылдамайтындығынан болып отыр.

Насихатқа келетін болсақ, мен нағыз үзілді-кесілді түрде мәлімдеуге тиіспін: Совет үкіметі өкілдерінің ешқайсысы да өзі тұрған елдің ішкі істеріне тура да, жанамалай да араласуға праволы емес. САҚШ-тағы совет мекемелерінде істейтін біздің қызметкерлердің бүкіл құрамына бұл жөнінде мейлінше берік және қатал нұсқаулар берілген. Брон және оның қызметтестерінің қандай түрде болса да насихатпен зәредей де байланысы жоқ екеніне мен сенемін. Егер біздің қызметшілеріміздің біреуі араласпау жөніндегі берік директиваларды бұзған болса, ол дереу шақырып алынып, жазаланған болар еді. Әрине, біз өзімізге белгісіз және бағынбайтын адамдардың әрекеттері үшін жауапты бола алмаймыз. Бірақ біз шет елдердегі өзіміздің мекемелерімізде қызмет істейтін адамдардың араласпауы жөнінде жауапкершілікті өз мойнымызға ала аламыз және оған толық кепіл бола аламыз.

Кэмпбелл мырза. Мен мұны Гувер мырзаға айта алар ма екем?

Жолдас Сталин. Әрине.

Кэмпбелл мырза. Біз наразылық сеуіп жүрген адамдардың кімдер екенін білмейміз. Бірақ олардың болуы — айқын. Полиция оларды және олардың әдебиетін тауып жүр. Мен Бронды білемін, сондықтан оның істі ақ жүргізетін, адал, ашық мырза екеніне мен сенемін. Бірақ басқа кейбіреулер бар.

Жолдас Сталин. САҚШ-та Советтер үшін насихатты америкаи коммунист партиясының мүшелері жүргізуі мүмкін. Бірақ бұл партия САҚШ-тағы жарыя

партия, ол президент сайлауына ашық қатысады, президенттікке өздерінің кандидаттарын ұсынады, сондықтан біздің бұл ретте де сіздердің ішкі істеріңізге араласа алмайтындығымыз толық түсінікті.

Кэмпбелл мырза. Менің тарапымнан енді сұрақ жоқ. Айтпақшы, бар. Мен САҚШ-қа қайтып барғанымда, іс адамдары менен ССРО-мен істес болу қауіпсіз ба деп сұрасады. Машина жасайтын компаниялар ұзақмерзімді кредиттер беру мүмкіндігі туралы мәселеге өте-мөте құштар болады. Мен мақұлдай жауап бере алар ма екем? Кәзір Совет үкіметі кредит келісімдерін кепілдендіру үшін қолданып жатқан шаралар жайында мәліметтер ала алар ма екен, бұл мақсатқа делінген арнаулы салық немесе басқа белгілібір қор бар ма?

Жолдас Сталин. Менің өз елімді мақтағым келмеп еді. Алайда, сұрақ берілгендіктен, мен мынаны айтуға тиіспін. Совет үкіметінің немесе совет шаруашылық мекемелерінің қысқамерзімдісі немесе ұзақмерзімдісі бар барлық кредиттер бойынша берелерін ұқыпты және дер кезінде төлемеген бірде-бір жері болған емес. Біздің үш жүз миллиондық кредит бойынша немістерге қалай төлеп келе жатқанымыз жөнінде Германиядан анықтамалар алдыруға болар еді. Біз берелерімізді төлейтін қаржыны қайдан аламыз? Ақшаның аспаннан жаумайтынын Кэмпбелл мырза біледі. Біздің ауыл шаруашылығымыз, өнеркәсіп, сауда, бөрене-ағаш, мұнай, алтын, платина, т. б. — берелердің қоры міне осылар. Берелердің кепілі де осында. Мен Кэмпбелл мырзаның менің сөзіме сенуін тілеп отырғам жоқ. Ол менің айтқандарымды Герма-

ниядан-ақ тексере алады. Кейде бізге іс жүзінде, 15 —20% сияқты, болып көрмеген проценттерді төлеуге тура келіп отырған болса да, берешілердің бір де рет кешіктірілмегендігін ол табады.

Арнаулы кепілдемелерге келсек, менің ойымша, ССРО жөнінде бұл туралы шынымен-ақ сөз қозғап жатудың керегі жоқ.

Кэмпбелл мырза. Әрине, керегі жоқ.

Жолдас Сталин. Мүмкін, егер мен сізге, өте құпия түрде, заем туралы, кредит емес, ағылшын банкирлерінің бір тобы — Бальфур, Кингсли тобы ұсынған заем туралы, айтсам артық бола қоймас еді.

Кэмпбелл мырза. Бұл туралы менің Гуверге айтуыма болар ма екен?

Жолдас Сталин. Әрине, бірақ баспасөзге берілмесін. Бұл банкирлер тобы мынаны ұсынып отыр:

Біздің Англияға қарыздарымызды олар, шамасы, 400 миллион фунт стерлинг деп есептейді.

Мұны 25%-ке шағып тиянақты етуді ұсынады. Демек, 400 миллион фунт стерлингінің орнына — 100 миллион фунт стерлинг болмақ.

Мұнымен қатар 100 миллион фунт стерлинг заем ұсынылып отыр.

Сонымен, біздің борышымыз 200 миллион фунт стерлинг болмақ, төлеу мерзімі бірнеше он жылдарға ұзартылмақ. Мұның есесіне біз Британияның машина жасау өндірісін кәдірлеуге тиіспіз. Мұның өзі біз өзіміздің заказдарымызды Англияға ғана беріп отыруға тиісті боламыз деген сөз емес, әйтсе де біз кәдірлеуге тиіспіз.

Кэмпбелл мырза. Тілдескені үшін алғыс білдіре отырып, өзіне жолдас Сталиннің әділ, жақсы хабар-

дар, ашық адамның әсерін қалдырғанын айтады. Ол жолдас Сталинмен сөйлесудің реті келгеніне қатты қуанған және бұл тілдесуді тарихи деп санайды.

Жолдас Сталин. Кэмпбелл мырзаға әңгіме үшін алғыс айтады.

«Большевик» № 22,
30 ноябрь, 1932 ж.

ОГПУ-дың ОНБЕС ЖЫЛДЫҒЫНА

Совет Одағының жўмысшы табы мен шаруалары алдындағы өз міндетін адал және қажырлы орындап келе жатқан ОГПУ қызметкерлері мен жауынгерлеріне сәлем!

Пролетариат диктатурасының жауларын кўрту жолындағы қыйын істе олардың табысқа жетулерін тілеймін!

Жўмысшы табының қайраулы семсері — ОГПУ жасасын!

И. Сталин

«Правда» № 350
20 декабрь, 1932 ж.

БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ МЕН ОРТАЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ БІРІККЕН ПЛЕНУМЫ[37]

7 — 12 январь, 1933 ж.

«Правда» № 10, 17;
10, 17 январь, 1933 ж.

БІРІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ

1933 ж. 7 январьда жасалған баяндама

I

БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Жолдастар! Бесжылдық жоспар жарыққа шыққанда жұрт бесжылдықтың халықаралық орасан зор маңызы болар-ау деп ойлады ма екен. Қайта, жұрттың көбі бесжылдықты — Совет Одағының жеке өзінің ісі, зор маңызды, елеулі іс, дегенмен де Совет Одағының жеке өзінің ісі, ұлттық ісі деп ойлады.

Алайда, тарих бесжылдықтың халықаралық маңызының өлшеусіз зор екендігін көрсетіп отыр. Тарих бесжылдықтың Совет Одағының жеке өзінің ғана ісі емес, бүкіл халықаралық пролетариаттың ісі екендігін көрсетіп отыр.

Бесжылдық жоспардың жарыққа шығуынан көп бұрын, біз интервенттермен күресті аяқтап, шаруашылық құрылысының жолына көше бастаған кезімізде, — сол дәуірдің өзінде-ақ Ленин біздің шаруашылық құрылысымыздың халықаралық терең маңызы бар екендігін, Совет өкіметінің шаруашылық құрылысы жолындағы әрбір ілгері басқан қадамына капиталистік елдердегі неше түрлі топтардың ерекше құлақ түретіндігін және мұның өзі адамдарды екі лагерьге —

пролетарлық революцияны жақтаушылар лагері мен оған қарсылардың лагеріне бөлетіндігін айтқан.

Ленин сол кезде былай деген:

«Халықаралық революцияға біз қәзір негізгі әсерімізді шаруашылық саясатымыз арқылы тигізіп отырмыз. Дүние жүзіндегі барлық елдердің еңбекшілері, ешбірі қалмастан және ешбір асырмай айтқанда, тегісінен Советтік Россия республикасына қарап отыр. Осыған жеттік... Осы майдандағы күрес бүкіл дүниежүзілік көлемге көшіріліп отыр. Бұл міндетті шешсек — халықаралық көлемде сөзсіз, түпкілікті ұтқанымыз. Сондықтан шаруашылық құрылысындағы мәселелеріміздің маңызы біз үшін ерекше зор болып отыр. Бұл майданда біз жайлап, бірте-бірте, — тездетуге болмайды, — бірақ аумай жоғарылаумен және ілгері қозғалумен жеңуіміз керек» (қараңыз: XXVI том, 410—411-беттер[38]).

Лениннің бұл сөзі біз интервенттермен соғысты аяқтатып келе жатқан кезімізде, капитализмге қарсы соғыс майданында күресуден шаруашылық майданында күресуге көше бастаған кезімізде, шаруашылық құрылысы дәуіріне көше бастаған кезімізде айтылған.

Сонан бері көп жылдар өтті, ал Совет өкіметінің шаруашылық құрылысы саласындағы әрбір қадамы, әрбір жыл, әрбір тоқсан Ленин жолдастың бұл сөздерінің дұрыстығын тамаша растады.

Ал Ленин сөздерінің дұрыстығын өте-мөте тамаша растаған нәрсе — құрылысымыздың бесжылдық жоспары, бұл жоспардың тууы, оның өркендеуі, оның жүзеге асуы болды. Шынында да, Европадағы, Америкадағы, Азиядағы капиталистік елдердегі жұрттың түрлі-түрлі топтарының бәрі де, біздің бесжылдық жоспар туралы, оның өркендеп, жүзеге асырылуы ту-

ралы мәселеге құлақ түргеніндей еліміздегі шаруашылық құрылысының баска ешбір қадамына ерекше құлақ түрген жоқ сықылды.

Алғашқы кезде бесжылдық жоспарға буржуазия мен оның баспасөзі күліп қарады. Ол уақытта олар біздің бесжылдық жоспарымызға «қыял», «сандырақ», «утопия» деп ат қойды.

Сонан соң, бесжылдық жоспардың жүзеге асырылуынан нақтылы нәтижелер көріне бастаған уақытта, олар аттан сала бастады, бесжылдық жоспар капиталистік елдердің өмір сүруіне қауіп туғызады десті, бесжылдық жоспардың жүзеге асырылуы европалық рыноктерді товарға толтырады, демпингіні күшейтеді, жұмыссыздықты ұлғайтады десті.

Бұдан кейін, Совет өкіметіне қарсы пайдаланған бұл айладан да күткен нәтижелер шықпаған соң, түрлі фирмалардың, баспасөз орындарының, түрлі қоғамдардың, т. т. өкілдері бірінен соң бірі ССРО-ға саяхат жасауға кірісті; бұлардың мақсаттары ССРО-да шынында не болып жатқанын өз көздерімен көру еді. Мен бұл арада жұмысшылардың делегацияларын айтып тұрғаным жоқ; олар бесжылдық жоспардың басынан-ақ Совет өкіметінің бастаған жұмыстарын, табыстарын көріп, артықша сүйінді және ССРО жұмысшы табын қолдауға даяр екендігін білдіріп отырды.

Осы уақыттан бастап жұртшылық пікірі дейтін де, буржуазияшыл баспасөзде, түрлі-түрлі буржуазияшыл қоғамдарда, т. т. жарықшақтық шыға бастады. Біреулері: бесжылдық жоспар мүлдем күйреді, большевиктер құрығалы отыр десті. Екінші біреулері: керісінше, большевиктер жаман адамдар болғанмен де,

бесжылдық жоспарынан дегенмен іс шығып келеді, тегі бұлар көздеген мақсаттарына жететін шығар — деп сендірді.

Буржуазиялық баспасөздің әртүрлі органдарының пікірлерін келтірсем, бәлкім, артық болмас.

Мысалға Американың «Нью-Йорк Таймс»[39] деген газетін алайық. 1932 жылы ноябрьдің аяғында осы газет былай деп жазды:

«Пропорция сезімін бұзуды өзіне мақсат еткен, Москваның көбіне мақтанып айтып жүргеніндей «шығындарға қарамай» өз мақсатына ұмтылатын өнеркәсіптің бесжылдық жоспары — шынында жоспар емес. Ол — жалдаптық».

Оларша, бесжылдық тіпті жоспар емес, құр жалдаптық болып шығып отыр.

Ал енді Англияның «Дейли Телеграф»[40] дейтін буржуазиялық газетінің 1932 жылы, ноябрьдің аяғында айтқан пікірі мынадай:

«Егер жоспарды «жоспарланатын экономиканы» сынайтын таразы деп таныйтын болсақ, онда ол жоспар әбден күйреді деуіміз керек».

«Нью-Йорк Таймстың» 1932 жылғы ноябрьдегі пікірі:

«Коллективтендіру масқара болып құлады. Ол Россияны ашаршылық шегіне жеткізді».

Польшаның «Газета Польска»[41] деген буржуазиялық газетінің 1932 жылдың жазындағы пікірі:

«Совет үкіметі өзінің деревняны коллективтендіру саясатымен тұйыққа тірелгендігін хал-жай көрсетіп отырған сияқты».

Англияның «Финаншнэл Таймс»[42] дейтін буржуазиялық газетінің 1932 жылғы ноябрьдегі пікірі:

«Сталин мен оның партиясы өздерінің жүргізген саясатының нәтижесінде бесжылдық жоспар системасының күйреуіне және жоспарда жүзеге асырылуға тиіс болған барлық міндеттердің іске аспай қалуына таяу тұрған көрінеді».

«Политика»[13] дейтін Италия журналының пікірі:

«160 миллион адамы бар халықтың төрт жылдық қызметі, большевиктік тәртіп сықылды мықты тәртіптің төрт жылдық экономикалық және саясаттық керемет күш салуы түк өндірмеді деп ойлау мағнасыздық болар еді. Қайта, олар көп нәрсе істеді... Бірақ олай болса да апатқа ұшырауы көрініп тұр, бұл жұрттың бәріне аян факт болып отыр. Бұлай екендігіне достар мен дұшпандардың, большевиктер мен большевиктерге қарсылардың, оңшыл және солшыл оппозиционерлердің көздері жетті».

Ақырында, Американың «Керрент Истори»[44] дейтін буржуазиялық журналының пікірі:

«Сөйтіп, Россиядағы кәзіргі хал-жайды шолу бесжылдық программаның өзінің жарияланған мақсаттары жөнінен де іске аспай қалғанын, ал негізгі әлеуметтік принциптері жөнінен оның да гөрі іске аспай қалғанын көрсетіп отыр».

Буржуазиялық баспасөздің бір бөлегінің пікірлері осындай.

Бұл пікір айтушыларды сынап жату керек болар ма екен.

Менің ойымша, керек емес. Керек еместігі — бұл «сірі маңдай» адамдар орта ғасырлар дәуіріндегі қалдықтармен тектес, бұларға фактының мәні жоқ; бесжылдық жоспар бізде қаншама орындалса да, бұлар бәрібір өздерінікін айта береді.

Тағы да сол буржуазиялық лагерьдің ішіндегі басқа түрлі баспасөз орындарының пікірлеріне көшейік.

Францияның «Тан»[45] дейтін белгілі буржуазиялық газетінің 1932 жылғы январьда айтқан пікірі мынау:

«ССРО шет ел капиталының көмегінсіз индустрияланып, алғашқы кезекте ұтып шықты».

Сол «Танның» 1932 жылдың жазындағы пікірі:

«Капиталистік құрылыс ақырындап қана қозғалуға мүмкіндік беріп отырғанда, коммунизм қайтақұрылысты адам айтқысыз қарқынмен аяқтап келеді... Жер жеке меншіктенушілер арасына тілім-тілім болып бөлшектеніп отырған Францияда ауыл шаруашылығын механизацияландыру мүмкін емес; ал Советтер ауыл шаруашылығын индустрияландырып, мәселені шеше алды... Бізбен күш сынасқанда большевиктер жеңіп шықты».

Англияның «Раунд Тэйбл»[46] деген буржуазиялык журналының пікірі:

«Бесжылдық жоспардың табыстары адам таң қалғандай нәрсе. Харьков пен Сталинградтағы трактор заводтары, Москвадағы автомобиль жасайтын АМО заводы, Нижний-Новгородтағы автомобиль заводы, Днепрдегі гидро-электр станциясы, Магнитогорскідегі, Кузнецкідегі болат құйып шығаратын орасан үлкен заводтар, совет Рурына айналып келе жатқан Оралдағы толып жатқан машина жасайтын заводтар, химия заводтары — осының барлығы және бүкіл елдегі басқа да өнеркәсіп табыстары, ешбір қыйыншылықтарға қарамастан, советтің өнеркәсібінің, жақсы суарылған өсімдіктей өсіп, нығайып келе жатқанын көрсетеді... Бесжылдық жоспар келешектегі өркендеудің іргесін қалап берді және ССРО-ны өте күшейтті».

Англияның «Финаншиэл Таймс» дейтін буржуазиялық газетінің пікірі:

«Машина жасау өнеркәсібінің табыстарға жеткендігіне ешбір күман жоқ. Бұл табыстарды баспасөзде және сөйленген сөздерде мақтаушылық дәлелсіз емес. Бұрын Россия ең қарапайым машина мен құралдарды ғана жасағандығын ұмытуға болмайды. Рас, шеттен алғызып отырған машина мен сайманның жалпы саны қазірде де артуда, бірақ шеттен алынған машиналарды ССРО-ның өз ішінде жасалғандарымен салыстырғанда, әуел-

гінің салмағы ылғый кемуде. Металлургия және электр өнеркәсібіне керекті барлық жабдықтарды ССРО кәзір өз ішінде жасап отыр. Ол өзінің автомобиль жасайтын өнеркәсібін құра алды. Ол, үлкен дәлдікті тілейтін саймандардың ең кішкенесінен бастап, өте ауыр престерге дейін, бәрін де қамтыйтын құралдар мен саймандар өндірісін жасап алды. Ауылшаруашылық машиналары жағына келгенде ССРО кәзірдің өзінде шет елге тәуелді болмайтын болды. Сонымен бірге, Совет үкіметі, көмір мен темір өнімінің кешеулеуінен бесжылдық жоспарды төрт жылда орындауға ешбір бөгет келмеуіне де шаралар қолданып отыр. Жанадан салынған орасан үлкен заводтар ауыр өнеркәсіп өнімін бірталай арттыратынына күман жоқ».

Австрияның «Нейе Фрейе Прессе»[47] дейтін буржуазиялық газетінің 1932 жылдың басындағы пікірі:

«Большевизмді қарғауға болады, бірақ оны білу керек. **Бесжылдық жоспар** — өте зор **жаңа** іс, мұны еске алу және қайткенмен де шаруашылық жөнінен есепке алу қажет».

Англия капиталисі, «Юнайтед доминион» дейтін банкінің председателі Гиббсон Джарвидің 1932 жылы октябрьдегі пікірі:

«Мен коммунист те емеспін, большевик те емеспін, мен кәдімгі капиталиспін, жекешілмін, бірақ ашық айтуды қалаймын... Біздің өте көп заводтарымыз тоқтап жүрмей тұрғанда, халқымыздың 3 миллиондайы аласұрып, жұмыс іздеп жүргенде, Россия алға басып барады. Бесжылдықты келемеждеп, оны іске аспай қалады деп сәуегейлік жасап еді. Ал бесжылдық жоспар бойынша әуелдегі жобадан анағұрлым көп іс істелгеніне сіздің күманданбауыңызға болады... Мен аралап көрген өнеркәсіпті қалалардың бәрінде де белгілі жоспармен салынған, кең көшелі, ағашпен, бақпен түрленіп әсемделген жаңа аудандар бар екен, бұл аудандарда нағыз кәзіргі заманға ылайықты үйлер, мектептер, ауруханалар, жұмысшы клубтары бар екен; аналары жұмыс істеп жүрген балалардың қамын ойлайтын бала яслилері, бала үйлері бар екен... Орыстардың жоспарын жете баға-

ламауға тырыспаңыздар, Совет үкіметі құлайды деп сеніп, қателесіп жүрмеңіздер... Бүгінгі Россия — жаны бар, идеалы бар ел. Россия — таңқаларлықтай талапты ел. Россияның талабы дұрыс талап екеніне мен сенем... Бәлкім, ең маңыздысы осы болар, — Россиядағы бүкіл жастарда, жұмысшыларда бір ерекше нәрсе бар, амал не, қазірде капиталистік елдерде ол нәрсе жоқ, ол нәрсе — сенім».

Американың «Нейшен»[48] дейтін буржуазиялық журналының 1932 жылғы ноябрьдегі пікірі:

«Бесжылдық жоспардың төрт жылы шынында да **тамаша табыстарға жеткізді.** Жаңа өмірдің негіздерін қалаудың жасампаздық міндеті жөнінде Совет Одағы соғыс уақытындағыдай, бар жігер-күшін салып жұмыс жасады. **Елдің пішіні адам таңқаларлық болып өзгеріп жатыр...** Жүздеген көшелеріне тыңнан асфальт төселген, бақтары, жаңа үйлері бар, төңірегі жаңарған, шет-шетінде қаздай тізілген жаңа фабрикалары бар Москваның солай екені рас. Бұдан гөрі маңызы кемірек қалалардың да солай екені рас. Далаларда, шөлдерде жаңа қалалар салынды; бірнеше ғана қалалар емес, халқы 50 мыңнан 250 мыңға дейін баратын кемінде 50 қала салынды. Бұл қалалардың бәрі де соңғы төрт жыл ішінде салынды. бұл қалалардың әрқайсысы жаратылыс байлығын пайдаға асыру үшін салынған жаңа кәсіпорынның, я бірнеше кәсіпорындарының орталығы. Жүздеген аудандық жаңа электр станциялар, Днепрстрой сияқты толып жатқан алыптар Лениннің «Социализм дегеніміз Совет өкіметі және электрлендіру» деген формуласын біртебірте жүзеге асырып келеді... Совет Одағы бұрын Россияда ешуақытта істеліп көрмеген орасан көп заттарды: тракторларды, комбайндарды, асыл болаттарды, жасанды каучукті, шарикоподшипниктерді, күшті дизельдерді, 50 мың киловатты турбиналарды, телефон жабдықтарын, тау-кен кәсібіне керекті электр машиналарды, аэроплaндарды, автомобильдерді, велосипедтерді, әлденеше жүз түрлі жаңа машиналарды көптеп шығару ісін ұйымдастырды... Россия тарихта бірінші рет алюмини, магнезит, апатит, иод, сақар және басқа сондай бағалы өнім шығарды. **Совет даласының жол көрсеткіш белгілері бұрынғыдай**

крестермен шерксу мұнаралары емес, астық элеваторларымен силос мұнаралары. Колхоздар үйлерді, қора-жайларды, шошқа қораларын салып жатыр. Деревня электрленіп жатыр, радио мен газет деревняға жайылған. Жұмысшылар ең жаңа машиналарды баурап пайдалану үшін үйреніп жатыр. Шаруа жігіттері Америкадағыдан да қыйын, үлкен ауылшаруашылық машиналар өндіріп, солармен жұмыс істеп жүр. **Россия «машинамен ойлай» бастады.** Россия ағаш дәуірінен темір, болат, бетон, моторлар дәуіріне жеделдете өтіп келеді».

Англиядағы «солшыл»-реформашыл журнал «Форвардтың»[19] 1932 жылы сентябрьдегі пікірі:

«ССРО-да істеліп жатқан өте ірі жұмыс бірден көзге түседі. Жаңа заводтар, жаңа мектептер, жаңа кинолар, жаңа клубтар, зор жаңа үйлер — барлық жерде жаңадан салынып жатқан құрылыс орындары бар. Олардың көбі салынып болған, басқалары әзір ағашпен қоршаулы тұр. Соңғы екі жылда не істелгенін, бұдан кейін не істелетінін ағылшын оқушыларына айтып түсіндіру қыйын. Бұған нану үшін мұның бәрін көру керек. Біздің соғыс кезіндегі табыстарымыз ССРО-дағы істеліп жатқандармен салыстырғанда — болмашы ғана нәрсе. Батыстық штаттарда аса екпіндеп алға басқан дәуірде де ССРО-дағыдай күшті карқынды өнерпаздық істің болып көрмегенін американдар мойнына алады. Соңғы екі жыл ішінде ССРО-да соншама көп өзгеріс болды, бұл елде енді 10 жылдан кейін не болатынын оймен шамалаудан қаласың... ССРО жөнінде қоймастан, орынсыз өтірік айтатын Англия газеттерінің жырлап жүрген фантастикалық жексұрын хикаяларын бастарыңнан шығарыңдар. Сол сыяқты, ССРО-ға орта тап көзімен қамқорсый қарайтын, бірақ онда не болып жатқанын түк түсінбейтін даңғой интеллигенттер таратып жүрген, түсінбеушілікке негізделген шала шындық пен шала ұғымның бәрін бастарыңнан шығарыңдар ... ССРО берік негізді жаңа қоғам құрып жатыр. Бұл мақсатты орындау үшін тәуекелге бел байлау керек, энтузиазммен, бұған дейін дүниеде болмаған қайратпен жұмыс істеу керек, басқа дүниеден бөлектенген байтақ елде социализм құруға ұмтылуда кездеспей тұрмайтын үлкен қыйыншылықтар-

мен күресу керек. Ал бұл елге екі жыл ішінде екінші рет барғанымда бұл елдің берік прогресс жолымен алға басып бара жатқанын, жоспарлап, жасап, салып жатқанын, мұның бәрін өзіне дұшпан капиталистік дүниені майданға шақырғандай орасан кең көлемде істеп жатқанын көрдім».

Буржуазия лагеріндегі адамдардың алауыздығы, екіге бөлінуі осындай; бұлардың біреулері өздерінің ойынша іс болып шықпаған бесжылдық жоспармен қоса ССРО-ны құрту жағында, екіншілері, бесжылдықтың табыстарынан өздеріне аз да болса пайда табу үшін болса керек, ССРО-мен сауда істеу жағында.

Капиталистік елдердегі жұмысшы табының бесжылдық мәселесіне, ССРО-ның социалистік құрылысының табыстары туралы мәселеге қалай қарайтыны өзіне бөлек әңгіме. Бұл жерде жыл сайын ССРО-ға келіп қайтып жататын жұмысшы делегацияларының бірінің, мәселен, Бельгия жұмысшы делегациясының пікірін келтірумен тынсақ та жеткілікті болар еді. Қай елдің жұмысшы делегациясы болсын, францияныкі я Англиянікі болсын, Германиянікі я Американікі болсын, я басқа елдердің делегациялары болсын — бәрінің пікірі Бельгия жұмысшылары делегациясының пікірі сықылды. Ол мынау:

«Біз саяхат уақытында көрген зор құрылысқа аса таңданып қуандық. Москвада, сол сияқты Макеевкада, Горловкада, Харьковта, Ленинградта орасан күшті жігермен жұмыс істеліп жатқанын көрдік. Машиналардың бәрі де — ең жаңа конструкциялы машиналар. Заводтарда тазалық күшті, ауа, жарық мол. ССРО-да жұмысшыларға дәрігерлік, санитарлық жәрдем көрсетілетінін біз өз көзімізбен көрдік. Жұмысшылардың тұратын үйлері заводтарға жақын салынған. Жұмысшы қалаларында мектептер, яслилер ашылған; балаларға мейлінше қам-

қорлық жасалады. Біз ескі заводтар мен жаңадан салынған заводтар арасында, ескі үйлер мен жаңа үйлер арасында қандай айырма бар екенін көрдік. Біз көргеніміздің бәрінен коммунист партиясының басшылығы арқасында жаңа қоғам құрып жатқан еңбекшілердің қандай зор күші бар екенін айқын аңғардық. Басқа елдерде қай тарау болса да нашарлап, жұмыссыздық күшейіп жатқанда, ССРО-да мәдениеттің алға басып өрлеп бара жатқанын көрдік. Біз совет еңбекшілерінің өз жолында қандай зор қыйыншылықтарға кездесіп жатқанын көре алдық. Олардың өздерінің жеңістерін бізге масаттанып көрсеткенін біз өте жақсы түсінеміз. Олардың барлық кедергілерді жеңетініне біз сендік».

Бесжылдықтың халкаралық маңызы міне осы. Бір екі-үш жыл ғана құрылыс жұмысын істеп, бесжылдықтың алғашқы табыстарын көзге көрсетуіміз сол-ақ екен, бүкіл дүние жүзі екі лагерьге: бізге шабаландап уруден талмайтын адамдар лагеріне және бесжылдықтың табыстарына таңданған адамдар лагеріне бөлінді; бүкіл дүние жүзінде біздің өз лагеріміз — ССРО-дағы жұмысшы табының табыстарына куанатын, бүкіл дүние жүзі буржуазиясының зәресін алып, Совет елінің жұмысшы табына жәрдемдесуге дайын тұрған, капиталистік елдердегі жұмысшы табының лагері бар екендігі және оның күшейіп келе жатқандығы туралы айтып та тұрғаным жоқ.

Мұның мәнісі не?

Мұның мәнісі — бесжылдықтың халықаралық маңызы барлығы, бесжылдықтың табыстарының, жеңістерінің халықаралық маңызы барлығы күмәнсіз.

Мұның мәнісі — капиталистік елдерде пролетарлық революцияның толғағы жетті, оларда пролетарлық революцияның толғағы жеткендіктен де, буржуа-

және бесжылдықтың орындалуындағы кемшіліктерден революцияға қарсы жаңа дәлел табуға тырысады, ал, мұның керісінше, пролетариат бесжылдықтың табыстарынан бүкіл дүние жүзіндегі буржуазияға қарсы революция үшін жаңа дәлел табуға тырысады, іс жүзінде тауып та отыр.

Бесжылдықтың табыстары барлық елдердің жұмысшы табының революцияшыл күштерін капитализмге қарсы жұмылдырады, — даусыз факт осындай.

Бесжылдықтың халықаралық революциялық маңызы шынында өлшеусіз зор екендігіне ешбір күдік бола алмайды.

Сондықтан, бесжылдық туралы мәселеге, бесжылдықтың мазмұны туралы, бесжылдықтың негізгі міндеттері туралы мәселелерге біз сонғұрлым мықты назар сала қарауымыз керек.

Бесжылдықтың қорытындыларын, бесжылдық жоспарды орындаудың, жүзеге асырудың қорытындыларын сонғұрлым әбден талдауымыз керек.

II

БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОЛЫ

Бесжылдық жоспар туралы мәселенің өзіне көшейік.

Бесжылдық жоспар деген не?

Бесжылдық жоспардың негізгі міндеті қандай еді?

Бесжылдықтың негізгі міндеті — техникасы артта қалған, көбіне орта ғасыр техникасынан аспаған біздің елді қазіргі заманның жаңа техникасы жолына салу еді.

Бесжылдықтың негізгі міндеті — ССРО-ны аграрлық және әлсіз елден, капиталистік елдердің бәлденушілігіне тәуелді елден — индустриялы, күшті, мейлінше дербес, дүниежүзілік капитализмнің бәлденушіліктерінен тәуелсіз елге айналдыру еді.

Бесжылдықтың негізгі міндеті — ССРО-ны индустриялы елге айналдыра отырып, капиталистік элементтерді ақырына дейін ығыстыру, шаруашылықтың социалистік формаларының өрісін кеңейту, ССРО-да таптарды жою үшін, социалистік қоғам орнату үшін экономикалық база жасау еді.

Бесжылдықтың негізгі міндеті — елімізде тек бүтіндей өнеркәсіпті ғана емес, транспортты да, ауыл шаруашылығын да социализм негізінде қайта құралдандырып, қайта құра алатын индустрия жасау еді.

Бесжылдықтың негізгі міндеті — ұсақ, бытыранды ауыл шаруашылығын коллективтік ірі шаруашылық жолына салу, соның арқасында деревняда социализмнің экономикалық негізін қамтамасыз ету, сөйтіп ССРО-да капитализмнің қайта орнау мүмкіндігін жою еді.

Ақырында, бесжылдық жоспардың міндеті — шеттен соғыс интервенциясын жасауға тырысушылықтың қандайына болса да, шеттен соғыс шапқыншылығын жасауға тырысушылықтың қандайына болса да үзілді-кесілді тойтарыс беру ісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін етіп ел қорғау ісін мейлінше күшейту үшін елімізде барлық керекті техникалық және экономикалық алғышарттар жасау еді.

Бесжылдықтың бұл негізгі міндетін тудырған, оған негіз болған не?

Совет Одағын нашар халге ұшырататын техника-экономика жағынан артта қалғандығын жою қажет болды, елімізде техника-экономика жағынан алдыңғы қатарлы капиталистік елдерді қуып жетіп қана қоймай, кезінде басып озуға да мүмкіндік бергендей алғышарттар жасау қажет болды.

Совет өкіметі артта қалған өнеркәсіп базасында ұзақ өмір сүре алмайды, капиталистік елдердің өнеркәсібінен қалыспау түгіл, кезінде оны басып та оза алатын кәзіргі замандағы ірі өнеркәсіп қана Совет өкіметі үшін шын, сенімді негіз бола алады деген ой болды.

Совет өкіметі бір-біріне қарсы екі негізге, бір жағынан, капиталистік элементтерді **жоятын** ірі социалистік өнеркәсіпке, екінші жағынан, капиталистік элементтерді **тудыратын** ұсақ жеке меншікті шаруа шаруашылығына ұзақ сүйене алмайды деген ой болды.

Ауыл шаруашылығына ірі өндіріс базасы жасалынбаған жерде, ұсақ шаруа шаруашылықтары ірі коллективтік шаруашылықтарға бірлеспеген жерде ССРО-да капитализмнің қайта орнау қаупі болуы мүмкін болған барлық қауіптердің ішіндегі ең нақты қауіп болып қалады деген ой болды.

Ленин былай деген:

«Революция арқасында Россия өзінің **саяси** құрылысы жөнінен бірнеше ай ішінде алдыңғы қатардағы елдерді қуып жетті.

Бірақ бұл аз. Соғыс рахымсыз, соғыс мәселені өте мейрімсіз түрде қояды: я құру керек, я алдыңғы қатардағы елдерді қуып жетіп, оларды **экономика жөнінде де** басып озу керек... Құру, я барлық пәрменмен алға ұмтылу керек. Тарихтың мәселе қоюы осылай» (қараңыз: XXI том, 191-бет[50]).

Ленин былай деген:

«Біз әзірге ұсақ шаруалы елде отырғанымызда, Россияда коммунизмнен гөрі капитализм үшін берігірек экономикалық база бар. Мұны есте ұстау керек. Деревня тұрмысын қала тұрмысымен салыстырып, зер салып бақылаған әрбір адам, капитализмнің тамырын жұлмағанымызды, ішкі жаудың іргесін, негізін құлатпағанымызды біледі. Ішкі жау ұсақ шаруашылыққа сүйеніп отыр, ал оның негізін құлату үшін бір жол бар; ол жол — еліміздің шаруашылығын, оның ішінде егіншілікті де, жаңа техника негізіне, қазіргі замандағы ірі өндірістің техникалық негізіне салу... Тек еліміз электрленгенде ғана, өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, транспортқа қазіргі заманның ірі өнеркәсібінің техникалық негізін жасағанда ғана, тек сонда ғана біз түпкілікті жеңеміз» (қараңыз: XXVI том, 46—47-беттері[31]).

Дәл осы ережелер партияның бесжылдық жоспарды жасап шығаруға, бесжылдық жоспардың негізгі міндетін белгілеуге жеткізген пікірлеріне негіз болды.

Бесжылдықтың негізгі міндеті жөніндегі істің жайы осылай.

Бірақ мұндай зор жоспарды жүзеге асыру ісін беталды, кез келген жерден бастауға болмайды. Мұндай жоспарды жүзеге асыру үшін, алдымен, жоспардың негізгі буынын табу керек, өйткені тек осы негізгі буынды тауып алып, оны мықтап ұстағанда ғана жоспардың басқа барлық буындарын ұштастыруға мүмкін болды.

Бесжылдық жоспардың негізгі буыны не еді?

Бесжылдық жоспардың негізгі буыны — өзегі машина жасау болған ауыр өнеркәсіп еді. Өйткені тек ауыр өнеркәсіп қана бүтін өнеркәсіпті де, транспортты да, ауыл шаруашылығын да қайта құрып, аяғынан тік тұрғыза алады. Бесжылдық жоспарды жүзеге асыруды нақ осыдан бастау керек болды. Олай болса,

бесжылдық жоспарды жүзеге асыруда ауыр өнеркәсіпті қалпына келтіру ісін негізге алу керек болды.

Бұл туралы да Лениннің мынадай нұсқауы бар.

«Россияны сақтап қалатын нәрсе шаруа шаруашылығында егіннің жақсы шығуы ғана емес, — ол әлі аз, — шаруаларға тұтыну заттарын жетістіріп тұратын жеңіл өнеркәсіп күйінің жақсы болуы ғана емес, — ол да әлі аз,— сонымен бірге бізге **ауыр** индустрия қажет... Ауыр өнеркәсіпті сақтап қалмайынша, соны қалпына келтіріп алмайынша, біз ешқандай өнеркәсіпті жасай алмаймыз, ал мұнсыз біз тегінде дербес ел ретінде құрыймыз... Ауыр индустрия мемлекеттік қаржыға мұқтаж. Оны таба алмасақ,— социалистік мемлекет ретінде деп те тұрғаным жоқ, — мәдениетті мемлекет ретінде құрыймыз» (қараңыз XXVII том, 349-бет[52]).

Бірақ ауыр индустрияны, — әсіресе бесжылдықтың бас кезіндегі біздің еліміз сияқты артта қалған, кедей елде, — қалпына келтіріп, дамыту өте қиын іс, өйткені, өздеріңізге мәлім, ауыр индустрияға аса көп қаражат және белгілібір шамада тәжрибелі техникалық күштер керек, онсыз, жалпы айтқанда, ауыр индустрияны қалпына келтіру мүмкін емес. Мұны партия білді ме, бұл туралы өзіне өзі есеп берді ме? Я, білді. Тек біліп қана қойған жоқ, мұны бүкіл жұртқа білдіре жарыялады. Англияда, Германияда, Америкада ауыр индустрияның қалай жасалғанын партия білді. Бұл елдерде ауыр индустрияның я ірі заемдардың жәрдемімен, я басқа елдерді талау жолымен, я бұл екі жолдың екеуімен де бірдей жасалғанын партия білді. Біздің ел үшін бұл жолдардың жабық екенін партия білді. Ендеше, партия неменеге сенді? Партия еліміздің өз күшіне сенді. Партия ауыр индустрияны қалпына келтіріп, дамытуға қажетті жеткілікті қаражат жыйнау үшін Совет өкіметі арқасында

және жердің, өнеркәсіптің, транспорттың, банкілердің, сауданың национализацияландыуына сүйене отырып, мейлінше ұқыпты үнемшілік жүргізе алуымызға сенді. Бұл іске едәуір құрбандықтар керек екенін және, мақсатқа жетуді шын тілейтін болсақ, осы құрбандыққа ашықтан-ашық, әдейі көнуге тиіс екенімізді партия тура айтты. Партия бұл істі шеттен кіріптарлық кредиттер мен заемдар алмай, еліміздің ішкі күшімен орындауға сенді.

Бұл туралы Ленин міне былай деген:

«Біз мынадай мемлекет құруға тырысуымыз керек: бұл мемлекетте жұмысшылар шаруаларға басшылық ететін болуы керек, шаруаларды өздеріне сендіруі керек және барынша үнемді болып, өздерінің қоғамдық қатнастарынан ысырапшылдықтың қандайының болса да ізін қалдырмай жоюы керек.

Біз мемлекеттік аппаратымызды мейлінше ұқыпты үнемшілікке жеткізуге тиістіміз. Патшалық Россиядан, оның бюрократтық-капиталистік аппаратынан қалған сонша көп ысырапшылдықтың бәрін аппараттан қуып шығаруға тиіспіз.

Бұл шаруаның тар өрістілігінің дәурен сүруі болып кетпей ме?

Жоқ. Біз жұмысшы табының шаруаға басшылық етуін сақтасақ, ол уақытта біз мемлекетіміздегі шаруашылықта үнемшілікті аса күшейту арқасында әрбір азынаулақ жыйнақты біздің ірі машиналы индустрияны дамыту үшін, электрлендіруді, гидроторфты дамыту үшін, Волховстройды салып болу үшін және басқалары үшін сақтауға мүмкіндік аламыз.

Біздің үмітіміз осында, тек осында ғана болады. Тек сонда ғана біз, бейнелеп айтқанда, бір аттан екінші атқа, атап айтқанда, шаруаның, мужиктің көтерем атынан, күйзелген шаруа еліне арналған экономиялардың атынан, — пролетариаттың өзі іздеп отырған, іздемей отыра алмайтын атына, ірі машиналы индустрияның, электрлендірудің, Волховстройдың және сондайлардың атына ауысып міне аламыз» (қараңыз: XXVII том, 417-бет[53]).

Мужиктің көтерем атынан ірі машиналы индустрияның атына міну, — партияның бесжылдық жоспарды жасағандағы, оны жүзеге асыруға күш салғандағы көздеген мақсаты міне осы еді.

Орасан қатал үнемшілік тәртіп орнату және елімізді индустрияландыруға қажетті қаражат жыйнау керек болды, — ауыр индустрияны құру үшін, бесжылдық жоспарды жүзеге асыру үшін, міне осындай жолға түсу керек болды.

Батыл қойылған міндет емес пе? Қыйын жол емес пе? Бірақ біздің партия қыйыншылықтардан қорқуға правосы жоқ болғандықтан да Ленин партиясы деп аталады.

Ол ол ма. Бесжылдықтың орындалатынына, жұмысшы табының күшіне партияның сенімі күшті болғандығы сонша — партия бұл қыйын істі бесжылдық жоспардың керек еткеніндей бес жылда емес, төрт жылда, дұрысырағы — ерекше тоқсанды қосқанда, төрт жыл, үш айда орындау міндетін алдына қоюды мүмкін деп білді.

«Бесжылдықты төрт жылда орындаймыз» деген атақты ұран нақ осы негізде туды.

Сонымен қалай болып шықты?

Партияның айтқаны дұрыс болғанын кейін фактылар дәлелдеді.

Фактылар мынаны дәлелдеді: осындай батылдық, жұмысшы табының күшіне осындай сенім болмаған жерде партия біздің кәзір праволы түрде мақтаныш етіп отырған жеңісімізге жете алмас еді.

III
ТӨРТ ЖЫЛДА ОРЫНДАЛҒАН БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ӨНЕРКӘСІП ЖӨНІНДЕГІ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ

Енді бесжылдық жоспарды жүзеге асырудың қортындылары туралы мәселеге келейік.

Төрт жылда орындалған бесжылдықтың **өнеркәсіп** жөніндегі қортындылары қандай?

Бұл жөнінде біз жеңіске жете алдық па?

Я, жете алдық. Біз бұл жөнде дегенімізге жетудің үстіне, өзіміздің ойлағанымыздан, партиямыз ішіндегі өткір ойлайтындардың ойлағанынан да асып кеттік. Мұны біздің жауларымыз да енді бекер дей алмайды. Достарымыз екібастан бекер демейді.

Бізде елімізді индустрияландырудың негізі — қара металлургия жоқ еді. Қәзір ол бізде бар.

Бізде трактор өнеркәсібі жоқ еді. Қәзір ол бізде бар.

Бізде автомобиль өнеркәсібі жоқ еді. Қәзір ол бізде бар.

Бізде станок жасау жоқ еді. Қәзір ол бізде бар.

Бізде кәзіргі заманға лайықты, елеулі химия өнеркәсібі жоқ еді. Қәзір ол бізде бар.

Бізде кәзіргі заманның ауылшаруашылық машиналарын жасайтын елеулі, шын өнеркәсіп жоқ еді. Қәзір ол бізде бар.

Бізде авиация өнеркәсібі жоқ еді. Қәзір ол бізде бар.

Электр қуатын өндіру жөнінде біз ең артта едік. Қәзір біз алдыңғы қатардағы орындардың бірін алып отырмыз.

Мұнай заттары мен көмір өндіру жөнінде біз артта едік. Қәзір біз алдыңғы қатардағы орындардың бірін алып отырмыз.

Бізде, Украинада жалғыз ғана көмір-металлургия базасы бар еді, соның өзін үлкен еңбекпен меңгеруші едік. Біз осы базамызды күшейтіп қана қойғанымыз жоқ, сонымен қатар Шығыста да жаңа көмір-металлургия базасын жасап алдық; бұл еліміздің мақтанышы болып табылады.

Еліміздің Солтүстігінде жалғыз ғана тоқыма өнеркәсібіміз бар еді. Біз енді Орта Азия мен Батыс Сибирьде тоқыма өнеркәсібінің жаңадан екі базасын осы жуық арада жасап алатын болдық.

Біз өнеркәсіптің осындай орасан зор жаңа тарауларын жасап қана қойғанымыз жоқ; біз оларды жасағанда зор көлемде, мол мөлшерде жасап алдық; Европа индустриясының көлемі мен мөлшері мұның қасында көрнексіз болып қалды.

Ал осылардың бәрі мынаған жеткізді: капиталистік элементтер өнеркәсіптен біржола, қайталамастай болып ығыстырылып шығарылды, ал социалистік өнеркәсіп ССРО-дағы индустрияның бірден-бір формасы болды.

Ал осылардың бәрі мынаған жеткізді: біздің еліміз аграрлық елден индустриялы елге айналды, өйткені өнеркәсіп өнімінің салмағы, ауыл шаруашылығынікімен салыстырғанда, бесжылдықтың басында (1928 жылы) 48% болса, бесжылдықтың төртінші жылының ақырында (1932 жылы) 70% ке жетті.

Ал осылардың бәрі мынаған жеткізді: біз бесжылдықтың төртінші жылының ақырында бес жылға арналған жалпы өнеркәсіп өндірісінің программасын 93,7% орындап шықтық; өнеркәсіп өнімінің көлемін соғыстан бұрынғы мөлшерімен салыстырғанда **үш еседен** асыра өсірдік және 1928 жылғы мөлшерімен са-

лыстырғанда **екі еседен** асыра өсірдік. Ал ауыр өнеркәсіп өндірісінің программасына келсек, біз бесжылдық жоспарды 108% орындадық.

Рас, біз бесжылдықтың жалпы программасын 6% кем орындадық. Бірақ мұның себебі — көршілес елдер бір-бірімізге шабуыл жасамау туралы шарт жасасудан бас тартты және Қиыр Шығыстағы жайлар[54] шиеленісті, осылардың салдарынан отан қорғауды күшейту мақсатымен, бірқатар заводтарымызды дереу кәзіргі заманның қорғаныс құралдарын жасауға көшірдік. Мұның үшін азды-көпті әзірлік дәуірін өту керек болды, сондықтан ол заводтар төрт айдай өнім шығарудан қалды, бесжылдық жоспар бойынша өндірістің жалпы программасының 1932 жылда орындалуына мұның шарпуы тимей қалмады. Бұл іс ел қорғау жөніндегі олқылықтарды түгелімен толықтырып алуға жеткізді. Бірақ ол бесжылдық жоспардағы өндіріс программасының толық орындалуына шарпуын тигізбей қоймады. Егер мұндай көлденең жагдайлар болмағанда біз бесжылдық жоспардың жалпы-өндірістік цифр жагын сөзсіз орындап шығу былай тұрсын, тіпті асырып та орындайтын едік дегенге ешқандай күмән болмасқа тиіс.

Ақырында, осылардың бәрі мынаған жеткізді: Совет Одағы әлсіз, отан қорғауға әзірлігі кем елден отан қорғау жөнінде күшті елге айналды, қандай кездейсоқ оқиғаларға болса да даяр елге айналды, кәзіргі замандағы қорғаныс құралдарының бәрін көптеп жасай алатын, сырттан жау тисе, өз әскерін сол құралдармен жабдықтай алатын елге айналды.

Жалпы алганда, төрт жылда орындалған бесжылдықтың өнеркәсіп жөніндегі қортындылары осындай

Осы айтылғандардан кейін буржуазиялық баспасөздің — өнеркәсіп жөнінде бесжылдық жоспар «мерт болды» деген былшылдарында қаншама құн бар екенін енді өздерің ойлап қарандаршы.

Ал енді бұл күнде қатаң дағдарысты басынан кешіріп отырған **капиталистік** елдердің өнеркәсіп өнімінің өсу жайы қандай?

Жұрттың бәріне мәлім ресми мәліметтер мынадай:

ССРО-да 1932 жылдың аяғында **соғыстан бұрынғы** дәрежемен салыстырғанда өнеркәсіп өнімінің көлемі 334% **өскенде,** Солтүстік Америка Құрама Штаттарында өнеркәсіп өнімінің көлемі **кеміп,** сол айтылған уақытта соғыстан бұрынғы дәрежесінен 84% төмендеді, Англияда 75%, Германияда 62% төмендеді.

ССРО-да 1932 жылдың аягында өнеркәсіп өнімінің көлемі **1928** жылғы **дәрежемен** салыстырғанда 219%ке жетіп **өскенде,** Солтүстік Америқа Құрама Штаттарында өнеркәсіп өнімінің көлемі **кеміп,** сол айтылған уақытта 56%ке түсті, Англияда — 80%ке түсті, Германияда — 50% ке, Польшада 54% ке түсті.

Бұл мәліметтер өнеркәсіптің капиталистік системасының советтік системамен тартысқанда емтихан бере алмағанын, капиталистік системаға қарағанда барлық артықшылықтар түгелімен советтік системада екендігін көрсетеді, басқа ештеңені де көрсетпейді.

Бізге былай деседі: мұның бәрі жақсы-ақ, жаңадан көп заводтар салынған, индустрияланудың негіздері салынған. Бірақ индустрияландыру саясатынан, өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруді ұлғайту саясатынан бастартып, немесе, ең болмағанда, бұл жұмысты кейінге қалдыра тұрып, шыт, аяққиім, киім-кешек

және басқа көпшілік қолды товарлардың әртүрлісін өндірсе анағұрлым жақсы болған болар еді.

Көпшілік қолды товар шынында да керектен кемірек жасалды, ал ол белгілі қыйыншылықтар туғызады. Бірақ онда индустрияландыру міндеттерін кейінге ығыстыру жөніндегі мұндай саясаттың аяғы немене соғар еді, сол жағын ұғына білу, соның байыбына бара білу керек. Әрине, бізге осы кезеңнің ішінде ауыр өнеркәсіпті жабдықтауға шығарған бір жарым миллиард сом валютаның жартысын шеттен мақта, тері, жүн, каучук, т. т. алдыру үшін жұмсауға да болатын еді. Онда бізде кездеме де, аяқ киім де, киім-кешек те мол болар еді. Бірақ онда трактор жасайтын өнеркәсібіміз де, автомобиль жасайтын өнеркәсібіміз де болмас еді, жөнді қара металлургиямыз да болмаған болар еді, машиналар жасайтын металдарымыз да болмаған болар еді, — сөйтіп жаңа техникамен қаруланған капиталистер қоршап отырғанда біз құр қол отырған болар едік.

Онда біз ауыл шаруашылығына трактор, ауылшаруашылық машиналарын бере алмаған болар едік, — демек, астықсыз отырар едік.

Онда біз еліміздегі капиталистік элементтерді жеңу мүмкіншілігімізден де айырылған болар едік, — демек, капитализмнің қайта орнау мүмкіншілігін мейлінше күшейтіп жіберген болар едік.

Ол уақытта бізде қазіргі замандағы қорғаныс құралдары болмаған болар еді; бұл құралдарсыз елдің мемлекет ретінде тәуелсіздігі мүмкін **емес,** онсыз ел сыртқы дұшпандардың соғыс қыймылдарының объектіне айналады. Ол уақытта біздің халіміз —ауыр өнеркәсібі де, соғыс өнеркәсібі де жоқ болып отырған,

сондыктан оны кез келгендер жем қылып отырған осы күнгі Қытайдың халіне азды-көпті ұқсас болар еді.

Бір сөзбен айтқанда, мұндай болған уақытта бізде соғыс интервенциясы болар еді, шабуыл жасаспау туралы шарттар емес, соғыс болар еді, соғыс болғанда қатерлі, өлімдік, қанды соғыс, күштері тең емес соғыс болар еді, өйткені бұл согыста біз өзінің қолында шабуыл жасаудың осы күнгі барлық құралдары бар дұшпанға қарсы құр қол есебінде шығар едік.

Міне, істің түбі, жолдастар, осыған соғар еді.

Өзін-өзі сыйлайтын мемлекеттік өкімет, өзін-өзі сыйлайтын партия мұндай өлімге жетектейтін тұрғыда бола алмайтыны айқын.

Партия мұндай антиреволюциялық жолды қабылдамады, — нақ сондықтан ол өнеркәсіп жөнінде бесжылдық жоспарды орындауда шешуші жеңістерге жетті.

Партия бесжылдықты жүзеге асыра отырып, өнеркәсіп құрылысы жөніндегі жеңісті ұйымдастыра отырып, өнеркәсіпті өте тез қарқынмен өркендету саясатын жүргізді. Партия елдің алға ұмтылған шабысын жеделдетіп, асықтырып отырғандай болды.

Партияның қарқынды мейлінше тездету саясатын қолдануы дұрыс болды ма?

Я, сөзсіз дұрыс болды.

Жүз жылға артта қалып отырған және осы артта қалуынан өлім қаупінде отырған елді ілгері итермелемеске болмады. Тек осы ретпен ғана елдің тезірек жаңа техника негізінде қайта құралданып, ақырында кең жолға шығуына мүмкіндік беруге болды.

Сонсын, империалистердің қай күні ССРО-ға шабуыл жасап, құрылысымызды тоқтататындарын біз бі-

ле алмадық, ал олардың еліміздің техника-экономика жағынан нашарлығын пайдаланып, қай уақытта болса да шабуыл жасай алатындығына күмән болмасқа тиіс еді. Сондықтан партия, уақытты босқа жібермеу үшін, тынысты сарқа пайдалану үшін және ССРО-да оның күштілігінің базасы болатын индустрияландырудың негіздерін жасап үлгіру үшін, елді асықтыруға мәжбүр болды. Партияның күтуге, маневр жасауға мүмкіндігі болмады, сондықтан ол қарқынды мейлінше тездету саясатын жүргізуі керек болды.

Ақырында, партия мүмкін қадерінше қысқа уақыттың ішінде елдің отан қорғау жөніндегі нашарлығын жоюға тиіс болды. Осы кездегі жағдайлар, капиталистік елдерде қаруланудың күшеюі, қарусыздану идеясының іске аспауы, халықаралық буржуазияның ССРО-ға өшпенділігі, — осының бәрі партияны елдің отан қорғау қабілетін, оның тәуелсіз болуының негіздерін күшейту ісін жеделдетуге итермеледі.

Бірақ партияның қарқынды мейлінше тездету жөніндегі саясатын жүзеге асыруға нақтылы мүмкіндігі болды ма? Я, болды. Партияның бұл мүмкіндігі болуының себебі — партияның дәл уақытында елді тез ілгері жылжыту бағытына салуында ғана емес, алдымен оның кең жаңа құрылыс ісінде жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер меңгеріп алған, сондықтан даму қарқынының мейлінше тездетілуін жүзеге асыруға мүмкіндік берген ескі я жаңартылған фабрик заводтарға сүйене алғандығында болып отыр.

Міне, бізде бірінші бесжылдық дәуірінде жаңа құрылыстың тез өрлеуі, кең түрдегі құрылыстың шарықтауы, жаңа құрылыстардың ерлері мен екпінділері,

дамудың тез қарқындарының іс жүзінде қолданылуы осы негізде өсіп шыққан.

Екінші бесжылдықта да дәл осы сияқты қарқынды мейлінше тездету саясатын жүргізуге тура келеді деуге бола ма?

Жоқ, олай деуге болмайды.

Біріншіден, бесжылдықты ойдағыдай жүзеге асыру нәтижесінде біз оның бас міндетін — өнеркәсіпте, транспортта, ауыл шаруашылығында осы заманның жаңа техникалық базасын жасауды негізінде **орындап шықтық.** Бұдан кейін елді асықтырып, итермелеу керек пе? Әлбетте, енді бұлай етудің қажеті жоқ.

Екіншіден, бесжылдықты ойдағыдай орындау нәтижесінде біз еліміздің отан қорғау күшін осы **күннің өзінде-ақ** тиісті дәрежесіне жоғарылата **алдық.** Бұдан кейін елді асықтырып,- итермелеу керек пе? Әлбетте, енді бұлай етудің қажеті жоқ.

Ақырында, бесжылдықты ойдағыдай орындаудың нәтижесінде біз күрделі жаңа техникасы бар ондаған, жүздеген үлкен жаңа заводтар, комбинаттар құра алдық. Мұның мәнісі, — екінші бесжылдықта өнеркәсіп өнімін өндіру жөнінде негізгі орын алатын бірінші бесжылдықтағыдай техникасы меңгерілген ескі заводтар болмайды, техникасы әлі меңгерілмеген және меңгеруді керек қылатын жаңа заводтар болады. Ал жаңа кәсіпорындарды, жаңа техниканы меңгеріп алу, техникасы меңгерілген ескі я жаңаланған заводтар мен фабрикаларды пайдаланудан көп қиын. Ол, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің мамандығын арттыру үшін және жаңа техниканы толық пайдалануда жаңа іске төселіп жаттығу үшін көп уақыт керек қылады. Осы айтылғандардың бәрінен

кейін екінші бесжылдық ішінде, әсіресе, оның алғашқы екі-үш жылдарында, даму қарқындарын мейлінше тездету саясатын қолданғымыз келсе де, оны жүзеге асыра алмайтындығымыз айқын емес пе.

Міне сондықтан, менің ойымша, екінші бесжылдық ішінде өнеркәсіп өнімін өсіруде қарқынымыз бәсеңірек болу керек. Бірінші бесжылдық дәуірінде өнеркәсіп өнімінің жыл сайын өсуі орта есеппен 22% болды. Менің ойымша, екінші бесжылдық үшін өнеркәсіп өнімінің жыл сайын өсу мөлшерін орта есеппен кемінде 13—14% етіп алуымыз керек. Өнеркәсіп өнімінің мұндай өсу қарқыны капиталистік елдер үшін қол жетпейтін арман. Тіпті, өнеркәсіп өнімінің ондай қарқынмен өсуі түгіл, оларға орта есеппен жылына 5% өсу де кәзірде қол жетпейтін арман болып отыр. Бірақ олар соның үшін де капиталистік елдер. Шаруашылықтың советтік системасы бар Совет елі тіпті басқаша. Біздің шаруашылықтың системасында өнімді жыл сайын **кем дегенде** 13—14% арттырып отыруға толық мүмкіншілік бар, біз соны жүзеге асырып отыруға тиіспіз.

Бірінші бесжылдық дәуірінде біз **жаңа құрылыстың** қарқынын, шарықтауын ұйымдастыра алдық және шешуші табыстарға жеттік. Бұл өте жақсы-ақ. Бірақ кәзір бұл жеткілікті бола алмайды. Кәзір мұны жаңа заводтарды, жаңа техниканы **меңгеріп алу** қарқынымен, шарықтауымен, еңбек өнімділігін мықтап арттырумен, өнімнің өзіндік бағасын мықтап арзандатумен толықтыруымыз керек.

Кәзіргі басты мәселе осы.

Өйткені тек осы негізде ғана біз, айталық, екінші бесжылдықтың екінші жартысында құрылыс жағынан

да, өнеркәсіп өнімін арттыру жағынан да жаңадан, айта қалғандай, екпіндеп ілгері кете аламыз.

Ақырында, қарқынның өзі мен өнімнің жыл сайын өсу проценттері туралы бірнеше сөз. Біздің өнеркәсіпшілеріміз бұл мәселемен аз шұғылданып жүр. Ал бұл дұрысында өте көңіл бөлетін мәселе. Өнімнің өсу проценттері дегеніміз не, әрбір өсу проценті деген не болып шығады? Мысалға 1925 жылды, қалпына келтіру дәуірін алайық. Өнім ол кезде жылына 66% өсіп еді. Өнеркәсіптің жалпы өнімі 7700 миллион сом еді. Ол кездегі 66% тура цифрлармен есептегенде 3 миллиард сомнан көбірек еді. Солай болғаннан кейін, ол кездегі өсудің әрбір проценті 45 миллион сомға тең болып отырды. Енді 1928 жылды алып көрейік. Онда өсім 26% болып шықты, яғни процент жөнінде 1925 жылдағыдан үш еседей кем. Өнеркәсіптің жалпы өнімі ол уақытта 15 500 миллион сом болды. Бір жылдың ішіндегі бүкіл өсімі тура цифрлармен есептегенде 3 280 миллион сом еді. Ендеше, бұл кездегі өсудің әрбір проценті 126 миллион сомға тең болды, яғни өсімі 66% болған 1925 жылғыдан үш есе дерлік артық болды. Ақыр аяғында, 1931 жылды алайық. Бұл жылы өсім 22% болды, яғни 1925 жылдағыдан үш есе кем болды. Өнеркәсіптің жалпы өнімі ол кезде 30 800 миллион сом болды. Бұл жылы бүкіл өсім тура цифрлармен есептегенде 5 600 миллион сомнан аса болды. Солай болғаннан кейін, өсудің әрбір проценті 250 миллион сомнан артығырақ келді; яғни өсімі 66% болған 1925 жылғыдан алты есе, өсімі 26% болған 1928 жылғыдан екі еседен артып түсті.

Мұның бәрі нені көрсетеді? Мұның көрсететіні — өнімнің өсу қарқындарын зерттеген уақытта өсім про-

центтерінің жалпы сомасын ғана қарастырып, сонымен ғана тынуға болмайды, — оның үстіне, өсудің әрбір процентінде қандай сыр барын да, бір жылда өскен өнімнің жалпы сомасы қандай екендігін де білу керектігін көрсетеді. Мысалы, 1933 жылда өсім 16% болуы керек деп отырмыз; яғни 1925 жылғыдан төрт есе кем. Бірақ мұнымыз өнімнің бұл жылғы өсуі де төрт есе кем болады деген сөз емес. 1925 жылы өнімнің өсуі тура цифрлармен есептегенде 3 миллиард сомнан аса болған еді; әрбір процентінің өзі 45 миллион сомға тең еді. Күмән жоқ, тура цифрлармен есептегенде 1933 жылы, өсім 16% болғанда, өнімнің өсуі 5 миллиард сомнан кем болмайды, яғни 1925 жылғыдан екі еседей артық болады, ал өсудің әрбір проценті кемінен 320—340 миллион сом шамасы болады, яғни сомасы 1925 жылғы өсудің әрбір процентінен кемінен жеті есе артық.

Өнімнің өсу қарқыны, проценттері туралы мәселені нақтылап алып қарасақ, істің мәнісі осындай болып шығады, жолдастар.

Төрт жылда орындалған бесжылдықтың өнеркәсіп жөніндегі қортындылары осындай.

IV

ТӨРТ ЖЫЛДА ОРЫНДАЛҒАН БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ

Енді төрт жылда орындалған бесжылдықтың ауыл шаруашылығы жөніндегі қортындыларына келейік.

Ауыл шаруашылығы жөніндегі бесжылдық — коллективтендіру бесжылдығы болды. Коллективтендіруді жүргізгенде партия нені негізге алды?

Партия пролетариат диктатурасын нығайтып, социалистік қоғам орнату үшін, индустрияландырудан басқа, ұсақ, жекеше шаруа шаруашылығынан тракторлармен, осы күнгі ауылшаруашылық машиналарымен қамтамасыз етілген, Совет өкіметінің деревнядағы бірденбір берік негізі болатын ірі, коллективтік ауыл шаруашылығына көшудің де керектігін негізге алды.

Партия коллективтендірусіз елімізді социализмнің экономикалық негізін құрудың даңғыл жолына түсіру, миллион-миллион еңбекші шаруаларды мұқтаждықтан, надандықтан құтқару мүмкін еместігін негізге алды.

Ленин былай деген:

«Ұсақ шаруашылық арқылы мұқтаждықтан құтылуға болмайды» (қараңыз: XXIV том, 540-бет[55]).

Ленин былай деген:

«Егер біз бұрынғыша ұсақ шаруашылық қалпында отырсақ, еркін жердегі ерікті азаматтар болсақ та, бәрі бір, сөзсіз жойылу қаупі үстімізден кетпейді» (қараңыз: XX том, 417-бет[56]).

Ленин былай деген:

«Империалистік соғыстың бізді айдап тыққан тұйығынан тек ортақтасқан, артель, серіктік болып істеген еңбектің жәрдемімен ғана құтылуға болады» (қараңыз: XXIV том, 537-бет[57]).

Ленин былай деген:

«Ірі, үлгілі шаруашылықтарда жерді бірлесіп өңдеуге көшу керек; мұнсыз Россияның кездесіп отырған күйзелісінен, шын ес кетерлік күйінен шығуға болмайды» (қараңыз: XX том, 418-бет[58]).

Осыдан Ленин мынадай негізгі қортындыға келген:

«Қогамдасқан, коллективтескен, серіктескен, артельдескен түрде жер өңдеу ісінің артықшылықтарын шаруаларга іс жүзінде көрсете алған күнде ғана, серіктескен, артельдескен шаруашылықтың арқасында шаруаларга көмек көрсете алған күнде ғана, тек сонда ғана, мемлекеттік өкіметті қолында ұстап отырған жұмысшы табы өзінің ісі дұрыс екендігін шаруаға шындап дәлелдей алады, миллиондаған шаруа бұқарасын мықтап, шындап өз жағына шығара алады» (қараңыз XXIV том, 579-бет[59]).

Ауыл шаруашылығын коллективтендіру программасын, ауыл шаруашылығы жөніндегі бесжылдықтың программасын жүргізуде партия Лениннің осы ережелерін негізге алды.

Осыған байланысты бесжылдықтың ауыл шаруашылығы жөніндегі міндеті: тракторларды, кәзіргі заманның ауылшаруашылық машиналарын пайдалана алмайтын шаруалардың бытыраңқы, ұсақ жеке шаруашылықтарын күшті өркендеген ауыл шаруашылығының кәзіргі замандағы барлық құралдарымен жабдықталған ірі коллективтік шаруашылықтарға біріктіру, ал қалған бос жерлеге үлгілі мемлекеттік шаруашылықтарды, совхоздарды, құру болды.

Бесжылдықтың ауыл шаруашылығы жөніндегі міндеті: ССРО-ны ұсақ шаруалы және артта қалған елден коллективтік еңбек негізіне ұйымдасқан, товарлы өнімді неғұрлым көп беретін ірі ауыл шаруашылығы бар елге айналдыру болды.

Ауыл шаруашылығы жөніндегі бесжылдықты төрт жылда орындау программасын жүргізуде партия қандай табыстарға жетті? Бұл программаны партия орындады ма, әлде орындай алмай күйреп қалды ма?

Партия мына табыстарға жетті: небары үш-ақ жылдың ішінде партия 200 мыңнан артық колхоз, 5 мың шамасы астық совхоздары мен мал совхозда-

рын қ̄ұра алды, мұнымен қатар 4 жыл ішінде егіс көлемін 21 миллион гектар арттыра алды.

Партия мына табыстарға жетті: шаруа шаруашылықтарының 60% тен астамы колхозға ұйымдасты, шаруа жерінің 70% тен астамы колхоздарға қарайтын болды, бұл бесжылдықтың **үш есе артығымен орындалғанын** көрсетеді.

Партия мына табыстарға жетті: шаруалардың жеке шаруашылықтары басым болып тұрған кезде жылына 500—600 миллион пұт товарлы астық дайындалса, қазір партия жылына 1 200—1 400 миллион пұт товарлы астық дайындау мүмкіндігіне жетіп отыр.

Партия мына табыстарға жетті: әлі құртылып болмаса да кулактар тап ретінде талқандалды, еңбекші шаруалар кулактың құлдығынан, қанауынан құтылды, Совет өкіметінің деревняда берік экономикалық тірегі, коллективтік шаруашылық тірегі жасалды.

Партия мына табыстарға жетті: ССРО осы күннің өзінде-ақ ұсақ шаруа шаруашылықты елден дүние жүзіндегі ең ірі ауылшаруашылықты елге айналды.

Төрт жылда орындалған бесжылдықтың ауыл шаруашылығы жөніндегі қортындылары жалпы алғанда осындай.

Енді өздеріңіз ойлаңыздаршы: осының бәрінен кейін буржуазиялық баспасөздің коллективтендіру «күйреді», ауыл шаруашылығы жөнінде бесжылдық «орындалмай қалды» деген былшылдарының не бағасы қалады?

Ауыл шаруашылығы күшті дағдарысқа ұшырап отырған **капиталистік** елдерде ауыл шаруашылығы не күйде?

Бұл туралы жұртқа мәлім ресми мәліметтер мынау:

Негізгі астық өндіретін елдерде егіс көлемі 8—10% кеміді. Солтүстік Америка Құрама Штаттарында мақта егісі көлемі 15%, Германия мен Чехословакияда қант қызылшасы 22—30%, Литва мен Латвияда зығыр 25—30% кеміді.

Американың ауылшаруашылық департаментінің мәліметтеріне қарағанда Солтүстік Америка Құрама Штаттарында ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің құны 1929 жылғы 11 миллиард доллардан 1932 жылы 5 миллиард долларға түсіп, **кеміді.** Астық жағынан жалпы өнімінің құны сол елде 1929 жылғы 1 288 миллион доллардан 1932 жылы 391 миллион долларға түсіп, **кеміді**. Ондағы мақта өнімінің құны 1929 жылғы 1 389 миллион доллардан 1932 жылы 397 миллион долларға түсіп, **кеміді.**

Бұл фактылардың бәрі ауыл шаруашылығының советтік системасының капиталистік системадан артық екенін көрсетпей ме? Бұл фактылар жеке, капиталистік шаруашылықтарға қарағанда колхоздар өмірге аса жарамды шаруашылық формасы екенін көрсетпей ме?

Колхоздар мен совхоздар толық рентабельді емес, оларға өте көп қаражат кетеді, мұндай кәсіпорындарды ұстап отырудың ешқандай жөні жоқ, оларды таратып жіберіп, тек рентабельділерін ғана қалдырған жөн деушілер бар. Бірақ халық шаруашылығы мәселелерінен, экономика мәселелерінен түк түсінбейтін адамдар ғана бұлай дей алады. Мұнан бірнеше жыл бұрын тоқыма кәсіпорындарының жартысынан артығы рентабельді емес еді. Сол кезде бірсыпыра

жолдастар бізге бұл кәсіпорындарды жабу жөнінде ұсыныс жасады. Олардың дегенін істесек, не болған болар еді? Біз еліміз алдында, жұмысшы табы алдында аса үлкен қылмыс істеген болар едік, өйткені бұл ісімізбен біз өрлеп келе жатқан өнеркәсібімізді бүлдірер едік. Онда біз не істедік? Біз бір жылдан артық шыдадық, сөйтіп бүкіл тоқыма өнеркәсібін рентабельді еттік. Ал біздің Горький қаласындағы автомобиль заводымыз ше? Бұл да әзірше рентабельді емес қой. Оған бола оны жабуға бола ма? Немесе әзірінше рентабельсіз қара металлургиямыз ше? Оны да жабамыз ба, жолдастар? Рентабельділікке осылай қарасақ, ол уақытта өнеркәсіптің рентаны ең көп беретін кейбір тарауларына ғана, мәселен, кондитер өнеркәсібін, ұн тарту өнеркәсібін, парфюмерия, трикотаж, балалар ойыншығын жасайтын өнеркәсіпті, т. т. ғана барынша күшейтуге тиіс болар едік. Әрине, мен өнеркәсіптің бұл тарауларының өркендетілуіне қарсы емеспін. Қайта бұл тараулар күшейтілуі керек, өйткені халық үшін бұлар да керек. Бірақ бұлар, біріншіден, құрал-саймансыз, отынсыз өркендей алмайды, ал оларды ауыр индустрия береді. Екіншіден, индустрияландыру ісін оларға негіздеу мүмкін емес. Істің тетігі міне осында, жолдастар.

Рентабельділікке саудагершілік тұрғысынан, қазіргі минуттың тұрғысынан қарауға болмайды. Рентабельділікті жалпы халық шаруашылығы тұрғысынан, бірнеше жыл бойына алу керек. Тек осындай көзқарас қана нағыз лениншіл, нағыз марксшіл көзқарас болады. Бұл көзқарас тек өнеркәсіп жөнінде ғана емес, әсіресе, колхоз, совхоздар жөнінде анағұрлым міндетті көзқарас. Өздеріңіз ойлап қараңыз-

дарны: біз бас аяғы үш жылдың ішінде 200 мыңнан астам колхоз, 5 мыңдай совхоз құрып алдық, яғни бүтіндей жаңа ірі кәсіпорындарды құрдық; фабрика, заводтардың өнеркәсіп үшін қандай маңызы болса, бұлардың ауыл шаруашылығы үшін маңызы да сондай. Үш жылдың ішінде жаңадан 205 мың ірі кәсіпорын емес, тіпті 25 мың сондай кәсіпорын құрып алған қандай ел бар, атап беріңіздерші. Атай алмайсыздар, өйткені ондай ел жоқ, болған да емес. Ал біз ауыл шаруашылығында 205 мың жаңа кәсіпорын құрып алып отырмыз. Енді осы кәсіпорындар бірден рентабельді болсын, бірден рентабельді болмаса оларды бытыратып, таратып жіберу керек дейтін де жер жүзінде адамдар бар көрінеді. Осындай кісі таңқаларлық адамдарға Герострат даңқы ұйқы бермей жүргені айқын емес пе?

Колхоздар мен совхоздардың рентабельсіздігі туралы сөз қылғанда, мен эсте олардың бәрі бірдей рентабельсіз дегім келмейді. Тіпті де олай емес! Бәріңізге мәлім, кәзірдің өзінде өте рентабельді бірталай колхоз, совхоздарымыз бар. Кәзірдің өзінде толық рентабельді мыңдаған колхоздарымыз, ондаған совхоздарымыз бар. Бұл колхоздар мен совхоздар — партиямыздың, Совет өкіметінің шын мақтанарлық ісі. Әрине, колхоз, совхоздар барлық жерде бірдей емес. Колхоз, совхоздардың ішінде ескілері де, жаңалары да, тіпті өте жастары да бар. Бұл әлі әлсіз, қалыптанып жетпеген шаруашылық организмдер. Фабрика, заводтарымыз 1920—1921 жылдарда қандай дәуірді басынан кешірсе, бұлар да кәзір өзінің ұйымдасу құрылысында, шамасы, дәл сондай дәуірді басынан кешіріп отыр. Әрине, бұлардың көпшілігі

жақсарту жөнінде бұл табыстардан қандай нәтиже шықты? Еңбекшілердің материалдық тұрмысын негізінен жақсарту тұрғысынан қарағанда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы табыстарымыздың негізгі нәтижелері қандай?

Ол негізгі нәтижелер, біріншіден, **жұмыссыздықтың жойылуында** және жұмысшылар арасында ертең не боларына сенбеушіліктің жойылуында болып отыр.

Ол негізгі нәтижелер, екіншіден, кедей шаруалардың бәрі дерлік колхозға ұйымдастырылып, осы негізбен шаруалардың кулак, кедей болып жіктелуінің жойылуында, **осыған байланысты деревнядағы жоқшылықтың, қайыршылықтың жойылуында** болып отыр.

Жолдастар, бул — аса зор табыс; буржуазиялық мемлекеттердің бір де бірі, тіпті ол қаншама ең «демократияшыл» мемлекет болса да, мұндай табысқа жетуді ойына да келтіре алмайды.

Бізде, ССРО-да, жұмысшылар жұмыссыздықты ұмытқаны әлдеқашан. Мұнан үш жыл бұрын бізде бір жарым миллион шамасында жұмыссыздар бар еді. Жұмыссыздықты жойғанымызға міне екі жыл болды. Бұл уақыт ішінде жұмысшылар жұмыссыздықты, оның ауыртпалығын, азабын ұмытып та үлгірді. Капиталистік елдерге қараңыздаршы, онда жұмыссыздықтың салдарынан қандай сұмдықтар болып жатыр. Ол елдерде кәзір кемінде 30—40 миллион жұмыссыздар бар. Бұлар қандай адамдар? Бұларды әдетте «ісі біткен адамдар» деп атайды.

Олар күн сайын жұмыс сұрайды, жұмыс іздейді, қандай ауыр шартпен болса да жұмыс істеуге да-

йын, бірақ оларды жұмысқа алмайды, өйткені олар «керексіз» адамдар. Ал, олар сондай күйге ұшырап тұрғанда, капиталистер мен помещиктердің өздерін заманның еркесі деп білетін ұлдарының қырсықтануына бола орасан көп товар, азық ысырап болып жатыр.

Жұмыссыздарға тамақ бермейді, өйткені олардың тамаққа төлейтін ақшасы жоқ; оларға пәтер бермейді, өйткені олардың пәтерге төлейтін ақшасы жоқ. Олар қайда тұрады, немен күн көреді? Олар байбатшалардың болар-болмас сарқытын жеп күнелтеді, жуынды төгетін жәшіктерді тіміскілеп, астың шіріген қалдығын жеп күнелтеді, үлкен қалалардың шытырман лас орындарында тұрады, көбінесе жәшік тақтайынан, ағаш қабықтарынан өздері жасап алған, қаланың сыртындағы лашықтарда тұрады. Тек бұл ғана емес. Жұмыссыздықтан зиян көріп отырған тек жұмыссыздар ғана емес. Жұмыссыздықтан жұмысы бар жұмысшылар да зиян көреді. Зиян көретін себебі — жұмыссыздардың көп болуы жұмысы барлар үшін өндірісте тұрақсыздық, ертеңгі күннің не боларына сенімсіздік туғызады. Бүгін олар кәсіпорында жұмыс істесе, ертең ұйқысынан тұрғанда жұмыстан шығып қалмауына олардың сенімі болмайды.

Төрт жылда орындалған бесжылдықтың негізгі табыстарының бірі — біз жұмыссыздықты жойып, ССРО жұмысшыларын жұмыссыздықтың қатерінен құтқардық.

Шаруалар туралы да дәл осыны айту керек. Олар да шаруалардың кулак, кедей болып жіктелуін, кулактардың кедейлерді қанап, шаруасын бүлдіріп,

14*

жыл сайын неше жүз мың, миллион кедейлерді қаңғыртып жіберуін ұмытты. Мұнан 3—4 жыл бұрын барлық шаруалардың кемінен 30% ті кедейлер еді. Бұл жыйырма миллион шамасындай адам болатын еді. Ал бұдан да бұрын, Октябрь революциясына дейін шаруалардың кемінен 60% ті кедей еді. Кедейлер кім? Бұлар — әдетте шаруашылығы үшін я тұқымы, я аты, я құралы жетпейтін, я мұның бәрі де жетпейтін адамдар. Кедейлер — аштықтан өлмешінің күнін көріп, көбінесе кулактардың, ал ескі уақытта кулактардың да, помещиктердің де құлдығында болған адамдар. Мұнан аз уақыт бұрын ғана жыл сайын екі миллионнан астам кедей оңтүстікке — Солтүстік Кавказға, Украинаға кәсіпке кетіп, кулактарға жалданатын еді, ал онан ілгерірек уақытта кулактарға да, помещиктерге де құлшылыққа баратын еді. Онан да көбі жыл сайын заводтардың қақпаларының алдына тоқталып, жұмыссыздардың қатарын көбейтетін еді. Мұндай ауыр күйде болған тек кедейлер ғана емес. Орташалардың жартысынан астамы кедейлердей мұқтаждықта, жоқшылықта болды. Осының бәрін шаруалар бұл күнде ұмытып үлгірді.

Төрт жылда орындалған бесжылдық кедейлерге, орташалардың әлсіз жағына не берді? Бесжылдық кулактарды тап есебінде әлсіретіп, жойып, кедейлерді, орташаның жартысынан көбін кулактардың құлдығынан құтқарды. Бесжылдық кедейлер мен орташаларды колхозға ендіріп, оларды тұрақты күйге түсірді. Осының арқасында бесжылдық шаруалардың қанаушы—кулактар, қаналушы—кедейлер болып жіктелу мүмкіндігін жойды, деревнядағы жоқшылықты жойды. Бесжылдық колхоздағы кедейлерді, әлсіз ор-

ташаларды қамтамасыз етілгендердің қатарына көтеріп, оның арқасында шаруалардың күйзелу, кедейлену процесін жойды. Қәзір бізде миллиондаған шаруалардың тұрған жерлерін тастап, жыл сайын қыйыр өлкелерге жалшылыққа кетушілігі жоқ. Шаруаны өзінің колхозынан тыс басқа бір жаққа жұмысқа жіберу үшін енді колхозбен шарт жасасу керек, оның үстіне колхозшының темір жол шығынын төлеуі керек. Қәзір бізде жыл сайын жүз мыңдаған, миллиондаған шаруалардың күйзеліп, заводтар мен фабрикалардың есіктерін тоздыруы деген жоқ. Мұндай жағдай болған еді, бірақ ол әлдеқашан келмеске кетті. Қәзір шаруа — қамтамасыз етілген қожайын, қарамағында тракторлары, ауылшаруашылық машиналары, тұқым қоры, запас қоры, басқа сондайлары бар колхоздың мүшесі.

Бесжылдықтың кедейлер мен орташалардың әлсіздеріне бергені міне осы.

Жұмысшылар мен шаруалардың материалдық тұрмысын жақсарту жөнінде бесжылдықтың негізгі табыстарының мәні міне осында.

Жұмысшылар мен шаруалардың материалдық тұрмысын жақсарту жөніндегі осы негізгі табыстардың нәтижесінде бірінші бесжылдықта біздің тапқанымыз мыналар:

а) ірі өнеркәсіптегі жұмысшылар мен қызметшілердің саны 1928 жылғыдан **екі есе** өсіп, бесжылдық жоспар 57% артығымен орындалды;

б) халық табысының өсуі,— олай болса, жұмысшылар мен шаруалар табысының өсуі,— 1932 жылы 45,1 миллиард сомға жетіп, 1928 жылғымен салыстырғанда 85% артты;

в) ірі өнеркәсіптегі жұмысшылар мен қызметшілердің жылдық жалақысы орта есеппен 1928 жылдағыдан 67% артып, бесжылдық жоспар 18% артығымен орындалды;

г) әлеуметтік қамсыздандыру қоры 1928 жылғыдан 292% артып, (1928 жылы 1 050 миллион сом болса, 1932 жылы 4120 миллион сомға жетіп), бесжылдық жоспар 111% артығымен орындалды;

д) өнеркәсіптің шешуші тарауларында жұмысшылардың 70% тен артығы көпшілікті тамақтандыру орындары арқылы тамақтандырылып, бесжылдық жоспар алты есе артық орындалды.

Әрине, біз жұмысшылар мен шаруалардың материалдық керегін толық өтегендей болған жоқпыз. Және таяу жылдар ішінде бұған жете алармыз ба екен. Бірақ біз сөзсіз мынаған жеттік: жұмысшылар мен шаруалардың материалдық тұрмысы бізде жыл санап жақсарып келеді. Бұған Совет өкіметінің қас дұшпандары ғана, яки халықтың экономикасы мен еңбекшілердің жай-күйі жөнінде, айталық, Абиссиния королінің жоғарғы математика жөнінде білгенінен артық білмейтін буржуазиялық баспасөз өкілдерінің кейбіреулері, олардың ішінде осы баспасөздің Москвадағы тілшілерінің бір бөлегі ғана күмәндануы мүмкін.

Ал капиталистік елдердегі жұмысшылар мен шаруалардың материалдық тұрмысы қандай?

Бұл туралы ресми мәліметтер мынау:

Капиталистік елдерде жұмыссыздар саны адам айтқысыз түрде өсті. Ресми мәліметтер бойынша, Солтүстік Америка Құрама Штаттарында тек өңдеуші өнеркәсібіндегі жұмысшылар 1928 жылғы 8,5 мил-

лионнан 1932 жылы 5,5 миллионға түсті; ал Америка еңбек федерациясының мәліметі бойынша, Солтүстік Америка Құрама Штаттарының барлық өнеркәсібіндегі жұмыссыздар саны 1932 жылдың ақырында 11 миллионға дейін өскен. Ресми санақтың мәліметтері бойынша, Англиядағы жұмыссыздар саны 1928 жылы 1 290 мың еді, 1932 жылы 2,8 миллион адамға жетті. Ресми мәліметтер бойынша, Германиядағы жұмыссыздар саны 1928 жылы 1 376 мың еді, 1932 жылы 5,5 миллионға жетті. Мұндай күй капиталистік елдердің қай-қайсысында болсын көрініп отыр; ал оның бер жағында ресми санақта жұмыссыздар жөніндегі мәліметтер әдетте азайтылып көрсетіледі, жұмыссыздар саны капиталистік елдерде 35—40 миллион адам шамасында.

Жұмысшылардың жалақылары үнемі кемітілуде. Ресми мәліметтер бойынша, 1928 жылғы қалыппен салыстырғанда жұмысшылардың орташа айлық жалақысы Солтүстік Америка Құрама Штаттарында 35%, Англияда сол уақыттың ішінде 15%, Германияда тіпті 50% кеміді. Америка еңбек федерациясының есебі бойынша, жалақының үнемі кемітілуі нәтижесінде Америка жұмысшылары 1930/31 жылы 35 миллиардтан аса доллардан айрылған.

Англия мен Германияда жұмысшыларды қауіпсіздендірудің онсыз да азғантай қоры тағы бірсыпыра кемітілді. Солтүстік Америка Құрама Штаттары мен Францияда жұмыссыздарды қауіпсіздендірудің ешбір формасы жоқ, яки жоқтың қасы; сондықтан оларда, әсіресе, Солтүстік Америка Құрама Штаттарында үйсіз жұмысшылар мен панасыз балалар саны қаулап өсіп барады.

Капиталистік елдердегі шаруалардың халі бұдан жақсы емес; оларда ауылшаруашылық дағдарысы шаруалар шаруашылығының тамырын қопарып, миллиондаған күйзелген шаруалар мен фермерлерді қайыршының дәрежесіне түсіріп отыр.

Төрт жылда орындалған бесжылдықтың ССРО еңбекшілерінің материалдық тұрмысын жақсарту жөніндегі қортындылары осындай.

VI

ТӨРТ ЖЫЛДА ОРЫНДАЛҒАН БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ҚАЛА МЕН ДЕРЕВНЯ АРАСЫНДАҒЫ ТОВАР АЙНАЛЫМЫ ЖӨНІНДЕГІ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ

Енді төрт жылда орындалған бесжылдықтың қала мен деревня арасындағы товар айналымының өсуі жөніндегі қортындылары туралы мәселеге көшейік.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өнімінің орасан өсуі, өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да товардың артық өндірілуінің өсуі, ақырында, жұмысшылар мен шаруалардың қажетінің өсуі,— осының бәрі қала мен деревняның арасында товар айналымын жандандырып, ұлғайтуға тиісті еді, шынында да осылай етті.

Өндірістік байланыс — қала мен деревня арасындағы байланыстың негізгі формасы. Бірақ жалғыз ғана өндірістік байланыстың болуы жеткіліксіз. Қала мен деревняның байланысы үздіксіз, берік болу үшін, өндірістік байланысты товар байланысымен толықтыру керек. Бұған совет саудасын өрістету арқылы ғана жетуге болады. Совет саудасын қандай да болса тек бір жол арқылы, мысалы, кооператив арқылы ғана күшейтуге болады деп ойлау қате болар еді. Со-

вет саудасын күшейту үшін барлық жолдарды: кооператив орындарын да, мемлекеттік сауда орындарын да, колхоз саудасын да пайдалану қажет.

Кейбір жолдастар совет саудасын өрістетуді, әсіресе, колхоз саудасын өрістетуді нэптің бастапқы сатысына кері қайту деп ойлайды. Бұл тіпті дұрыс емес.

Совет саудасының, соның ішінде колхоз саудасының және нэптің алғашқы сатысындағы сауданың арасында түбірлі айырмашылық бар.

Нэптің алғашқы сатысында біз капитализмнің жандануына жол бердік, жеке товар айналымына жол бердік, жеке саудагерлердің, капиталистердің, жалдаптардың «әрекетіне» жол бердік.

Бұл, мемлекеттің тәртіптеуші ролі арқылы ғана тежелген, азды-көпті еркін сауда болды. Ол кезде жеке капиталистік сектор еліміздегі товар айналымында недәуір үлкен орын алды. Ол кезде кәзіргідей өркендеген өнеркәсібіміз де жоқ еді, жоспармен істеп, мемлекетке ауылшаруашылық өнімдері мен қалада жасалатын бұйымдар қорын көптеп жетістіріп беріп отырған колхоз, совхоздарымыз да жоқ еді; оны мен айтып та отырғаным жоқ.

Кәзірде біздің күйіміз сондай деп айтуға бола ма? Әрине, олай деп айтуға болмайды.

Біріншіден, кәзіргі совет саудасын нэптің алғашқы сатысының кезіндегі саудамен, оны тіпті мемлекет тәртіпке салып отырса да, қатар қойып теңеуге болмайды. Нэптің бастапқы сатысындағы сауда капитализмнің жандануына, капиталистік жеке сектордың товар айналымына араласуына жол берсе, кә-

зіргі совет саудасы мұның екеуін де керек қылмайды. Совет саудасы дегеніміз не? Совет саудасы дегеніміз үлкенді-кішілі капиталистерсіз жүргізілетін сауда, үлкенді-кішілі жалдаптарсыз жүргізілетін сауда. Бұл — айрықша сауда, тарихта бұрын болып көрмеген сауда, советтік даму жағдайларында біз, большевиктер, ғана қолданып отырған сауда.

Екіншіден, совет саудасын өркендету үшін мемлекетке ауылшаруашылық, өнеркәсіптік товарларды мол жеткізіп тұратын бізде кәзір ойдағыдай өркендеген мемлекеттік өнеркәсіп пен толып жатқан колхоз, совхоздар бар. Нэптің алғашқы сатысының жағдайларында бұл күй болған жоқ, болуы мүмкін емес те еді.

Үшіншіден, біз соңғы кезде товар айналымынан жеке саудагерлерді, көпестерді, әртүрлі делдалдарды мүлде куып шықтық. Әрине, бұған қарап, жеке саудагерлер мен жалдаптар өздеріне ең қолайлы майданды, атап айтқанда — колхоз саудасын пайдаланып, атавизм заңы бойынша товар айналымында қайта бас көтермейді деуге болмайды. Ол тұрсын, колхозшылардың өздері кейде жалдаптыққа салынудан да онша әрі болмайды; бұл, әрине, колхозшыларға аброй алып бермейді. Бірақ бұл қолайсыз қалыптарға қарсы бағытталған, жалдаптықты тыю және жалдаптарды жазалау туралы Совет өкіметінің жуықта шыққан заңы бар[60]. Әрине, бәріңіз де білесіздер, ол заң жұмсақ заң емес. Әрине, бәріңізге түсінікті, нэптің алғашқы сатысында ондай заң болып көрген жоқ, болуы да мүмкін емес еді.

Көріп отырсыздар, осының бәрінен кейін, нэптің алғашқы сатысының кезіндегі саудаға кері қайттық

деу — советтік экономикамыздан түк түсінбегендік болып шығады.

Бізге: сауда атаулыны, мейлі совет саудасы-ақ болсын, жақсы ақша шаруашылығы болмаған жерде, валюта құнды болмаған күнде күшейтуге болмайды, сондықтан алдымен ақша шаруашылығын, советтік валютамызды емдеу керек, өйткені бұл валютаның ешқандай құндылығы жоқ деушілер бар. Мұны айтатын капиталистік елдердің экономистері. Менің ойымша, бұл қадірменді экономистердің саяси экономиядан білетіндері Кентерберийский архиепископының дінге қарсы насихат жөніндегі білімінен артық болмаса керек. Біздің совет валютасының түк құны жоқ деп қалайша айтуға болады? Біз осы валютаға Магнитстройды, Днепрстройды, Кузнецкстройды, Сталинград, Харьков трактор заводтарын, Горький, Москва автомобиль заводтарын салып, жүз мыңдаған колхоздар, мыңдаған совхоздар құрып отырғандығымыз ақиқат емес пе? Әлде бұл мырзалар біздің жаңағы кәсіпорындарымыздың бәрі белгілібір құны бар шын материалдардан емес, сабаннан, балшықтан салынды деп ойлай ма екен? Елдің товар айналымында бағыныштығана маңызы бар ұйымдаспаған рынокті емес, елдің товар айналымында шешуші маңызы бар ұйымдасқан рынокті еске алғанда, — совет валютасының тұрақты болуын қамтамасыз ететін не? Әрине, тек алтын запасы ғана емес. Мемлекеттің қолындағы адам айтқысыз орасан көп товардың тұрақты бағамен товар айналымына түсуі, — міне совет валютасының тұрақтылығын қамтамасыз ететін алдымен осы. ССРО-да ғана орын алып отырған валюта тұрақты-

лығының осындай қамтамасыз етілуі алтын запасының қандайынан болса да сенімді екенін қай экономист бекер дей алады? Валютаның тұрақтылығын «бірден-бір» қамтамасыз ететін алтын запасы ғана дейтін теориялармен өздерінің біржола шатасқандықтарын капиталистік елдердің экономистерінің түсінетін кезі болар ма екен?

Совет саудасын өрістетуге байланысты мәселелердің жайы осылай.

Бесжылдықты іске асыру нәтижесінде совет саудасын өрістету жөнінде қандай табысқа жеттік?

Бесжылдықтың қортындысында біз мынаған жеттік:

а) жеңіл өнеркәсібіміздің өнімі өсіп, 1928 жылғымен салыстырғанда 187% ке жетіп отыр;

б) кооперативтік-мемлекеттік бөлшек сауда товар айналымы өсіп, кәзір 1932 жылғы бағамен 39,6 миллиард сом болып отыр, яғни бөлшек саудадағы товардың жалпы саны өсіп, 1928 жылғымен салыстырғанда 175% болып отыр;

в) мемлекеттік-кооперативтік сауда орындары өсіп, 1929 жылғыдан 158 мың дүкен, магазин артық болып отыр;

г) колхоз саудасы және кейбір мемлекеттік және кооперативтік ұйымдардың ауылшаруашылық заттарын дайындауы күн санап артып, өрістеп келеді.

Фактылар осындай.

Капиталистік елдерде товар айналымының күйі бүтіндей өзгеше; оларда дағдарыс сауданы мейлінше тарылтты, кәсіпорындарды топтап жаптырды, ұсақ, орташа саудагерлерді жұтатты, ірі сауда фирмаларын күйретті, еңбекшілер бұқарасының зат сатып

аларлық қуатын кемітіп, сауда орындарын өтпей қалған товармен лық толтырды.

Төрт жылда орындалған бесжылдықтың товар айналымын өркендсту жөніндегі қортындылары осындай.

VII

ТӨРТ ЖЫЛДА ОРЫНДАЛҒАН БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ЖАУ ТАПТАРДЫҢ ҚАЛДЫҚТАРЫМЕН КҮРЕСУ ЖӨНІНДЕГІ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ

Бесжылдықты өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында және сауда ісінде жүзеге асырғандықтың нәтижесінде біз халық шаруашылығының барлық салаларында да социализм принципін баянды еттік, олардан капиталистік элементтерді қуып шығардық.

Мұның аяғы капиталистік элементтерді не күйге түсіру керек еді, шынында не күйге түсірді?

Бұл мынаған жеткізді: өліп бара жатқан таптардың ақтық қалдықтары — жеке өнеркәсіпшілер мен олардың итаршылары, жеке саудагерлер мен олардың сойылын соғушылар, бұрынғы дворяндар мен поптар, кулактар мен олардың құйыршықтары, бұрынғы ақ офицерлер мен урядниктер, бұрынғы полицейлер мен жандармдар, шовинист реңкті түрлі буржуазияшыл интеллигенттер және басқа да антисоветтік элементтердің бәрі тұғырынан тайды.

Тұғырынан тайдырылғаннан кейін бүкіл ССРО-ның әр жеріне бытырап кеткен, осы бұрынғы дәурен сүргендер біздің заводтарымызға, фабрикаларымызға, мекемелерімізге, сауда ұйымдарымызға, темір жол транспорты мен су транспортының кәсіпорындарына, көбінесе — колхоздарымыз бен совхоздарымызға қарай жорғалады. Бұлар жорғалап барып, «жұ-

мысшы», «шаруа» деген перде жамылып, сонда орналасты, ал оның үстіне кейбіреулері тіпті партияға да кіріп кетті.

Бұлар ол орындарға қандай пейілмен кірді? Бұлар, әрине, Совет өкіметін мейлінше жек көріп, шаруашылықтың, тұрмыстың, мәдениеттің жаңа формаларына барып тұрған жау сезіммен кірді.

Енді бұл мырзалардың Совет өкіметіне қарсы тіке атака жасауға шамасы келмейді. Бұлар және бұлардың таптары әлденеше рет осындай атака жасап баққан, бірақ олар талқандалған, ыдыратылған. Сондықтан бұлардың жалғыз-ақ істей алатыны — жұмысшыларға, колхозшыларға, Совет өкіметіне, партияға кесір келтіріп, зиян тигізу. Бұлар ізін білдірмей қыймылдап, қолынан келген барлық зиянын тигізіп те жүр. Складтарды өртейді, машиналарды сындырады. Саботаж ұйымдастырады. Колхоздарда, совхоздарда зиянкестік ұйымдастырады, мұнымен бірге олардың кейбіреулері,— бұлардың ішінде кейбір профессорлар да бар,—зиянкестік жасағанда тіпті өршеленіп, колхоз бен совхоздардың малдарына чума, қарасан ауруларын әдейі еккен; жылқы малына менингит ауруының жайылуына себеп болған, т. т.

Бірақ әңгіменің үлкені мұнда емес. Бұл бұрын дәурен сүргендердің «ісіндегі» ең үлкені мынау: бұлар мемлекеттің, кооперацияның мал-мүлкін, колхоздың меншікті дүниелерін жаппай ұрлауды, талауды ұйымдастырған. Фабрика, заводтардан ұрлау, талау, темір жолдардағы жүктерді ұрлау, талау, сауда орындарынан, складтардан ұрлау, талау,— әсіресе, совхоздар мен колхоздарда ұрлау, талау,— жаңағы бұрын дәурен сүргендердің «ісінің» ең негізгі формасы

міне осындай. Олар таптық сезімімен білгендей-ақ, совет шаруашылығының негізі қоғамдық меншік екенін, Совет өкіметіне зиян келтіру үшін нақ сол негізді шайқалту керек екенін сезеді,— олар шынында да жаппай ұрлық, жаппай талау ұйымдастырып, қоғамдық меншіктің іргесін шайқалтуға тырысады.

Талан-тараждды ұйымдастыру үшін бұлар кешегі жеке шаруа, бүгін колхоз мүшесі болып отырған колхозшылардың жеке меншіктілік әдеттері мен солардың сарқыншақтарын пайдаланады. Сіздер, марксистер, білулеріңіз керек: адамдардың санасының өсуі олардың іс жүзіндегі хал-жайынан кейін қалып отырады. Колхозшылардың халіне қарағанда олар енді жеке шаруа емес, коллектившілер, бірақ олардың санасы әзірге бұрынғы ескі қалпында, жеке меншіктілік қалыпта. Қанаушы таптардың қатарларындағы бұрын дәурен сүргендер колхозшылардың осы жеке меншіктілік әдеттерін пайдаланып, қоғам мүлкін талан-таражға салдырмақ, ондағы көздегені — Совет құрылысының негізіне — қоғамдық меншікке нұқсан келтіру.

Көп жолдастарымыз осындай құбылысқа немқұрайды қарайды, жаппай ұрлық пен талан-тараждың сырын, мәнін ұқпайды. Олар мұндай фактыларды, соқыр адамдай, көрмей — «мұнда оншалық ешнәрсе жоқ» деп ойлап өте шығады. Бірақ олар, бұл жолдастар, өте адасуда. Капитализмнің негізі жеке меншік болғандығы сықылды, біздің құрылысымыздың негізі — қоғамдық меншік. Капиталистер кезінде капиталистік құрылысты нығайтып, жеке меншікті қасиетті меншік, қол сұғуға болмайтын меншік деп жа-

рыяласа, біз, коммунистер, өндіріс пен сауданың барлық тарауларында шаруашылықтың жаңа социалистік формаларын нығайту үшін қоғамдық меншікті қасиетті меншік, қол сұғуға болмайтын меншік деп екібастан жарыялауымыз керек. Қоғамдық меншікті, — мейлі мемлекеттікі, немесе кооперативтікі, колхоздікі болсын, бәрі бір — ұрлатып, талан-таражға салдырып қою, ондай контрреволюциялық сұмдықтарды байқамай өте шығу — қоғамдық меншікті өзінің базасы етіп сүйенген Советтік құрылыстың іргесін бұзуға дем бергендік болады. Жуықта қоғамдық меншікті сақтау туралы заң шығарғанда Совет үкіметі осы жағдайларды ескеріп барып шығарды[61]. Бұл заң дәл осы күні революциялық заңдылықтың негізі болып табылады. Ал бұл заңды бұлжытпай жүзеге асыру — әрбір коммунистің, әрбір жұмысшы мен колхозшының ең бірінші борышы.

Кейбіреулер: кәзіргі кездегі революциялық заңдылықтың нэптің алғашқы дәуіріндегі революциялық заңдылықтан ешбір айырмасы жоқ, кәзіргі кездегі революциялық заңдылық нэптің алғашқы дәуіріндегі революциялық заңдылыққа қайтып оралғандық деседі. Бұл мүлдем дұрыс емес. Нэптің алғашқы дәуіріндегі революциялық заңдылық көбінесе соғыс коммунизмінің шектен шығушылығына, «заңсыз» конфискациялар мен алымдарға қарсы бағытталған болатын. Ол кездегі революциялық заңдылық, советтің заңдарына толық бағынып отырса, жеке қожайынға, жекешеге, капиталиске мал-мүлкін аман сақтауды қамтамасыз еткен болатын. Кәзіргі революциялық заңдылық бүтіндей басқаша түрде. Кәзіргі революциялық заңдылық бүгінде дүниеде жоқ соғыс коммунизмінің шек-

тен шығушылығына қарсы бағытталып отырған жоқ, қоғамдық шаруашылықтағы ұрыларға, зиянкестерге, қоғамдық меншікті талап-таражға салатындарға, бейбастақ-бұзықтарға қарсы бағытталып отыр. Олай болса, қазіргі революциялық заңдылықтың көздеген негізгі міндеті басқа нәрсе емес, қоғамдық меншікті сақтау болып отыр.

Соның үшін, Совет өкіметінің заңдары беріп отырған барлық шараларды, барлық құралдарды пайдалана отырып, қоғамдық меншікті қорғау үшін күресу — партияның негізгі міндеттерінің бірі.

Өліп бара жатқан таптардың ақтық қалдықтарын қыйратып, быт-шытын шығару үшін, олардың ұрлық-сұмдықтарын жою үшін бізге дәл қазір күшті, қуатты пролетариат диктатурасы керек.

Кейбір жолдастар таптарды жою, тапсыз қоғам жасау, мемлекеттің бірте-бірте өшуі туралы тезисті: еріншектікті, жайбарақаттықты ақтау, тап күресі сөнеді, мемлекеттік өкімет әлсізденеді дейтін контрреволюциялық теорияны ақтау деп түсінулі. Мұндай адамдардың біздің партиямен мүлде қосыла алмайтындығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Бұлар — азғындар, не екіжүзділер, ондайларды партиядан аластау керек. Таптарды жою міндеті тап күресін бәсеңдетумен орындалмайды, тап күресін күшейтумен орындалады. Мемлекеттің бірте-бірте өшуі мемлекеттік өкіметті әлсіретумен орындалмайды, қайта, өліп бара жатқан таптардың қалдықтарын жаныштап, капиталистік қоршауға қарсы, қоршау болғанда әлі жойылып бітпеген және тез жойылмайтын қоршауға қарсы, отан-қорғау үшін керекті мемлекеттік өкіметті мейлінше күшейту арқылы орындалады.

Бесжылдықты жүзеге асырудың нәтижесінде біз жау таптардың ең ақтық қалдықтарын олардың өндірістік позицияларынан мүлдем қуып шығардық, кулактың тас-талқанын шығардық, оны мүлдем құртуға негіз даярлап қойдық. Буржуазияның ақтық отрядтарымен күресу жөніндегі бесжылдықтың қортындысы осындай. Бірақ бұл әлі аз. Ендігі міндет — осы бұрынғы дәурен сүргендерді өз кәсіпорындарымыздан, мекемелерімізден қуып шығып, олардан ешқандай зиян келмейтіндей етуіміз керек.

Бұрын дәурен сүргендер зиянкестік, ұрлық-сұмдықтармен ССРО-дағы кәзіргі күйдің бір жерін өзгертіп жіберер-ау деуге ешбір қиысын жоқ. Совет өкіметінің шараларына қарсы тұруға олар тым әлсіз, тым нашар. Бірақ біздің жолдастарымыз революциялық қырағылықпен қаруланып алмаса, қоғамдық меншікті ұрлау, талан-таражға салу фактыларына обывательдік-жайбарақат қараудан іс жүзінде арылмаса, онда бұрын дәурен сүргендердің тигізетін қырсығы аз болмақ емес.

Совет мемлекетінің күші артқан сайын, өліп бара жатқан таптардың ақтық қалдықтарының қарсыласуы күшейе беретіндігін есте сақтау керек. Олар дәл өліп бара жатқандықтан, өмірінің ақтық күндерін өткізіп жатқандықтан аттаныстың бір түрінен екінші түріне, неғұрлым қатаң түріне көше бермек, халықтың артта қалған топтарына шағып, оларды Совет өкіметіне қарсы жұмылдырмақ. Бұрын дәурен сүргендердің Совет өкіметіне жақпаған күйесі, жаппаған жаласы жоқ, олар сол жалаларының төңрегіне артта қалған элементтерді ұйымдастыруға тырысып көрмей қалған жоқ. Осындайдың салдарынан контрреволю-

циялық ескі партиялардың — эсерлердің, меньшевиктердің, орталықтағы, шеткері аймақтардағы буржуазияшыл ұлтшылдардың тас-талқан болған топтары жанданып, қыбырлай бастауы мүмкін; троцкистер, оңшыл уклонистер ішіндегі контрреволюцияшыл элементтердің жанданып, қыбырлай бастауы мүмкін. Бұл, әрине, қорқынышты емес. Бірақ бұл элементтерді тез және пәлендей құрбандыққа ұшырамай құртып бітіреміз десек, осы айтылғандардың бәрін есте ұстау керек.

Соның үшін, революциялық қырағылық кәзір большевиктерге өте-мөте қажетті қасиет болып табылады.

VIII
ЖАЛПЫ ҚОРТЫНДЫЛАР

Бесжылдық жоспарды жүзеге асырудың өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы жөніндегі, еңбекшілердің тұрмысын жақсарту жөніндегі, товар айналымын дамытудағы, Совет өкіметін нығайту жөніндегі, құрып бітуге айналған таптардың қалдықтары мен сарқыншақтарына қарсы тап күресін үдету жөніндегі негізгі қортындылар осындай.

Совет өкіметінің соңғы төрт жылда тапқан табыстары, жетістіктері осындай.

Осы табыстарға қарап, барлық ісіміз тап-түйнақтай екен ғой деу қате болар еді. Әрине, әлі барлық ісіміз бірдей тап-түйнақтай емес. Ісіміздегі кемшіліктер, қателер жетерліктей. Іс жүзінде шаруашылыққа немқұрайды караушылық, жөнсіздік әлі де бар. Маған тапсырылған қортындылы баяндаманың желісі осы-ақ болғандықтан, кемшіліктер мен қателерге, амал не,

кәзір токтала алмаймын. Бірақ әңгіме енді онда емес. Әңгіме мынада: кемшіліктер мен кателеріміз жоқ деп ешкайсымыз да таласпаймыз, біз соларға карамастан айтарлыктай ірі табыстарга жетіп отырмыз; бұл табыстарымызды көріп, бүкіл дүние жүзіндегі жұмысшы табы шаттануда; біздің жеңістеріміздің шынында да бүкіл дүниежүзілік тарихи маңызы бар.

Қателер мен кемшіліктерге қарамастан, партиямыздың бесжылдыкты төрт жылда орындауда калайда айта қалғандай шешуші табыстарға жетуіне бас себеп бола алған шынында не нәрсе?

Ештемеге карамастан осындай тарихи жеңіске жетуімізді камтамасыз еткен негізгі күштер қайда?

Бұл, алдымен, жұмысшылар мен колхозшылардың миллиондаған бұкарасының белсенділігі мен жанкыярлығы, жігері мен талабы, бұлардың инженер-техник кызметкерлермен бірге социалистік жарыс пен екпінділікті өрістетуде айта қалғандай зор жігерлілік көрсеткендігі. Күмән жоқ, осы жағдай болмаса, біз көздеген максатымызға жете алмайтын едік, ілгері карай бір кадам да аттап баса алмайтын едік.

Бұл, екіншіден, бұқараны ілгері өрлеуге шақырған, көздеген максатка жету жолындағы түрлі кыйыншылыктардың бәрін де жеңіп отырған партия мен үкіметтің мыкты жолбасшылығы.

Бұл, акыр аяғында, шаруашылыктың советтік системасының ерекше касиеті мен өзгеше артыкшылығының аркасы; кыйыншылыктарды жеңуге қажетті зор мүмкіншіліктер осы системаның өзінің бойында.

ССРО-ның тарихи жеңісін қамтамасыз етіп берген негізгі үш күш осылар.

Жалпы корытындылар:

1. Бесжылдықтың қортындылары буржуазиялық және социал-демократиялық қайраткерлердің: бесжылдық жоспар қиял, сандырақ, орындалмайтын арман — деген сөздерін бекерге шығарды. Бесжылдықтың қортындылары бесжылдық жоспардың орындалып қойғанын көрсетті.

2. Бесжылдықтың қортындылары — жұмысшы табы ескіні ғана қирата алады, жаңадан жасау оның қолынан келмейді — деген белгілі буржуазиялық «наным символын» быт-шыт қылды. Бесжылдықтың қортындылары жұмысшы табының ескіні қирату қолынан қандай келсе, жаңаны жасау да қолынан сондай жақсы келетіндігін көрсетті.

3. Бесжылдықтың қортындылары социал-демократтардың: жеке алынған бір елде социализм орнату мүмкін емес — деген тезисін быт-шыт қылды. Бесжылдықтың қортындылары бір елде социалистік қоғамды орнатуға әбден мүмкін екенін көрсетті, өйткені ондай қоғамның экономикалық іргесі ССРО-да осы күнде-ақ орнатылып болды.

4. Бесжылдықтың қортындылары буржуазиялық экономистердің: шаруашылықтың капиталистік системасы ең жақсы система, шаруашылықтың бұдан бөтен системасының қандайы болса да баянсыз, экономикалық дамудың қиыншылықтарына төтеп бере алмайды — деген сөздерін бекерге шығарды. Бесжылдықтың қортындылары шаруашылықтың капиталистік системасының әлсіз, баянсыз екенін, бұл системаның заманы өтіп бара жатқанын, бұл система өзінің орнын басқа, анағұрлым жоғары тұрған, шаруашылықтың советтік, социалистік системасына беруге тиісті екенін, дағдарыстардан қорықпайтын, капитализм шеше

алмайтын қыйыншылықтарды жеңе алатын шаруашылықтың бірден-бір системасы — шаруашылықтың советтік системасы екендігін көрсетті.

5. Ақырында, бесжылдықтың қортындылары, **егер** жұмысты қалай қарай бастауын білсе және қыйыншылықтардан қорықпаса, коммунистік партияның ешқашан жеңілмейтіндігін көрсетті.

(**Көпке дейін басылмаған ду қол шапалақтаудың аяғы овацияға айналды, бүкіл зал түрегеліп Сталин жолдасты құттықтап, кошемет етті.**)

ДЕРЕВНЯДАҒЫ ЖҰМЫС ТУРАЛЫ

1933 ж. 11 январьда сөйленген сөз

Жолдастар! Менің ойымша, шешендер партияның деревнядағы жұмысының күйін, оның кемшіліктерін, оның жақсылық жағын, — әсіресе, оның кемшілік жақтарын дұрыс көрсетті. Сонда да, менің ойымша, олар деревнядағы жұмысымыздың ең басты кемшіліктерін айтқан жоқ, сол кемшіліктердің тамырын ашып берген жоқ. Ал біздің өте-мөте зер салатын жағымыз осы жағы. Сондықтан деревнядағы жұмыстарымыздың кемшіліктері туралы өз пікірімді айтуға, айтқанда большевикше тура айтып беруге рұқсат етіңіздер.

Деревнядағы жұмысымыздың соңғы жылдағы, 1932 жылдағы басты кемшілігі қайсы?

Ең басты кемшілік мынау: бұл жылы астық дайындау жұмысы алдыңғы, 1931 жылға қарағанда, көп қыйыншылықтармен өтті.

Мұның себебі егіннің жаман шығуынан болды деудің ешбір қыйсыны жоқ, өйткені бұл жылы егініміздің өнімі 1931 жылғыдан жаман болған жоқ, қайта жақсы болып шықты. 1931 жылы ССРО-ның Солтүстік-Шығыс жақтарындағы негізгі бес ауданда құрғақ-

шылық болғандықтан еліміздің астық балансы бірсыпыра кеміп қалған еді; ал 1932 жылғы жалпы астық өнімі сол 1931 жылғыдан артық болды; мұны бекер деп ешкім де айта алмайды. Рас, Кубань мен Теректе және Украинаның кейбір аудандарында ауа райы қолайсыз болғандықтан 1932 жылы да егін бірсыпыра ысырап болды. Бірақ 1932 жылгы егіннің ысырап болуы қанша дегенмен де ССРО-ның Солтүстік-Шығыс аудандарындагы құрғақшылықтың салдарынан болған 1931 жылғы егін ысырабының тең жартысына да жеткен жоқ; бұған да күмән болмасқа тиіс. Ендеше еліміздің 1932 жылғы астығы 1931 жылғыдан артық болды. Сонда да, осы жағдайға қарамастан, былтырғыға қарағанда 1932 жылғы астық дайындау жұмысымыз көп қыйыншылықтармен өтті.

Мұның мәнісі қалай? Жұмысымыздағы осы кемшіліктің себебі неден? Бұл сәйкессіздікті немен түсіндіруге болады?

1) Алдымен, мұның себебі мынау: жергілікті орындардағы жолдастарымыз, деревнядағы қызметкерлеріміз колхоздың астық саудасын жарыялаудан туған деревнядағы жаңа жағдайды ескере білмеді. Бұлар нақ осы жаңа жағдайды ескермегендігінен, нақ сондықтан олар жаңа жағдайға лайықты жаңа қалыпқа бейімделе алмады. Колхоздың астық саудасы жарыққа шықпай тұрғанда, астықтың бағасы: мемлекеттік баға және рынок бағасы деп екі түрлі бағаға бөлінбей тұрғанда деревнядағы жағдай бір басқа еді. Колхоздың астық саудасын жарыялаумен қабат бұл жағдай кенет өзгеруге тиіс болды; өйткені колхоз саудасын жарыялаудың өзі астықтың рыноктегі бағасына, мемлекет белгілеген бағадан көтеріңкі бағасына жол

беру болып табылады. Бұл жағдай шаруалар арасында мемлекетке астық тапсыруға келгенде белгілі самарқаулық тудыратыны айқын еді; мұны дәлелдеп жатудың ешбір қажеті жоқ. Шаруаның есебі: «колхоздың астық саудасы жарияланды, рынок бағасына жол берілді; астығымды базарға сатқандағы аларым мемлекетке тапсырғанда алатынымнан көп болады екен, — ендеше мен ақмақ болмасам, астығымды ұстай тұруым керек, мемлекетке астықты аз тапсырып, колхоз саудасына молырақ қалдыруым керек, сөйтіп мөлшері бірдей астықты сатқаныма неғұрлым көбірек пұл алып қалуға тырысуым керек» деген есеп еді.

Нағыз ұғымды және табиғи логика!

Бірақ мұндағы қырсық мынау болды: біздің деревнядағы қызметкерлеріміз, қалай дегенмен де олардың бірталайы, осы ұп-ұғымды, табиғи нәрсені ұқпады. Совет өкіметінің тапсырмаларын мүлтіксіз орындау үшін коммунистеріміз осы жаңа жағдайда егін орудың басынан-ақ, 1932 жылғы июль айынан-ақ, астық дайындау жұмысын мейлінше жеделдетіп, тығыздай беруі керек еді. Жағдай осыны талап етті. Ал іс жүзіне келгенде олар қайтті? Астық дайындау жұмысын жеделдетудің орнына, олар колхоздарда әртүрлі қорлар жасауды жеделдетіп кетті; сөйтіп астық тапсырушылардың мемлекет алдындағы міндеттерін орындаудағы тартыншақтығын күшейтіп жіберді. Олар жаңа жағдайды ұқпай қалып, шаруалардың астық тапсыруда өзін тежеуінің астық дайындау жұмысына тұсау болуынан қорыққан жоқ, қайта шаруалар барлық астығын элеваторларға құйып жіберіп, колхоз саудасының ретімен кейін рынокке шығару үшін астықты ұстай тұруды ұмытып кетеді-ау деп қорықты.

Басқаша айтқанда, деревнядағы коммунистеріміз, қалайда солардың көпшілігі, колхоз саудасының **дұрыс** жағын ғана байқады; оның **дұрыс** жағын ғана ұғынып, көңіліне тоқыды, бірақ колхоз саудасының **теріс** жақтарын мүлдем ұғынбады, көңліне тоқый алмады; олар, яғни коммунистер, егін орудың басынанақ астық дайындау науқанын мейлінше жеделдетпесе, колхоз саудасының теріс жағы мемлекетке үлкен зыян келтіруі мүмкін екендігін ұғынған жоқ.

Ал бұл қате тек колхоз қызметкерлерінде ғана болып қойған жоқ. Бұл қате совхоз директорларында да болды; бұлар мемлекетке тапсырылатын астықты тежеп қылмыс істеді, сол астықты көлденең жаққа анағұрлым көтеріңкі бағамен сата бастады.

Колхоздың астық саудасымен байланысты пайда болған бұл жаңа жағдайды колхоз саудасын өрістету туралы шығарған өзінің белгілі қаулысында[62] Халық Комиссарлары Советі мен Орталық Комитет ескерді ме? Я, ескерді. Бұл қаулыда: астық дайындау жоспарын толық орындап, тұқымды жыйнап болғаннан кейін ғана колхоздың астық саудасын ашуға болады деп анық айтылған. Ол қаулыда: астық дайындауды аяқтап, тұқым қорын құйғаннан кейін ғана, осы шарттар орындалғаннан кейін ғана, шамалап айтқанда 1933 жылғы 15 январьда ғана колхоздың астық саудасын ашуға болады деп анық айтылған. Халық Комиссарлары Советі мен Орталық Комитет бұл қаулысында, деревнядағы қызметкерлерімізге: түрлі қор, запас дегендерге бар назарларыңды аударып жіберіп, ең басты міндетті елеусіз қалдырып жүрмеңдер, астық дайындау жұмысын егін орудың басынан жеделдетіп, қызу жүргізіңдер; өйткені, бірінші парыз — астық да-

йындау жоспарын орындау, екінші парыз — тұқым қорын құю; осы шарттарды тегіс орындап шыққаннан кейін ғана колхоздың астық саудасын бастауларыңа, өрістетулеріңе болады деп айтқан болатын.

Орталық Комитеттің Саяси Бюросы мен Халық Комиссарлары Советінің қатесі, мүмкін, мынау шығар: бұлар істің осы жағын жеткілікті түрде қатаң көрсетпеген болар, колхоз саудасының бойында қандай қауіп барлығын деревнядағы қызметкерлерімізге жеткілікті түрде қатты ескертпеген болар. Бірақ бұлардың осындай қауіптің барлығын ескерткенінде және жеткілікті түрде ескерткенінде ешбір күмән болмасқа тиіс. Турасын айту керек, Орталық Комитет пен Халық Комиссарлары Советі жергілікті орындардағы қызметкерлердің, аудандық қызметкерлердің ғана емес, бірсыпыра облыстық қызметкерлердің де, лениншіл шынықкандығын, көрегендігін біраз асыра бағалап жіберді.

Бәлкім, колхоздың астық саудасын жариялаудың керегі жоқ болған шығар? Әсіресе, колхоз саудасында дұрыс жақтарымен қатар, кейбір теріс жақтары да бар екендігін ескергенде, колхоз саудасын жариялау, бәлкім, қате болған шығар?

Жоқ, бұл қате болған жоқ. Дұрыс іске асырылмаса, революциялық шараның қандайы болса да кейбір теріс жағдайлардан сау болмайды. Колхоздың астық саудасы жөнінде де соны айту керек болады. Колхоз саудасы деревняға да, қалаға да, жұмысшы табына да, шаруаларға да әрі керек, әрі пайдалы. Пайдалы болғаны үшін де колхоз саудасын ашу керек болды.

Халық Комиссарлары Советі мен Орталық Комитет колхоздың астық саудасын ашқанда нені көздеді?

Олар ең алдымен, қала мен деревня арасындағы товар айналымының базасын кеңейтуді, жұмысшыларды ауылшаруашылық заттармен, шаруаларды қала бұйымдарымен жабдықтау ісін жақсартуды көздеді. Мұның үшін тек мемлекеттік я кооперативтік сауда жеткіліксіз екенінде күмән болмасқа тиіс. Товар айналымының бұл саласын жаңа саламен — колхоз саудасымен толықтыру керек болды. Колхоз саудасын ашып, біз бұл саланы толықтырдық та.

Олар, мұнан кейін, колхоздың астық саудасының жәрдемімен колхозшыларға қосымша кіріс беріп, оның экономикалық күйін оңдауды көздеді.

Олар, ақырында, колхоз саудасын ашу арқасында егін егу жөніндегі болсын, егінді жыйнау жөніндегі болсын колхоздардың жұмысын оңдауға шаруаның ынтасын арттыруды көздеді.

Бәріңізге мәлім, Халық Комиссарлары Советі мен Орталық Комитеттің бұл пікірлерінің бәрі дұрыс болғанын соңғы кездегі колхоз тұрмысындағы фактылар түгелімен анықтады. Колхоздардың нығаю процесінің күшеюі, колхоздан шығудың тоқталуы, жеке шаруалардың колхозға кіруінің көбеюі, колхозшылардың жаңа мүшелерді талғап алатын болуы — мұның бәрі және баска да сондай фактылар колхоз саудасы колхоздардың күйін нашарлатпағанын, қайта күшейткенін, нығайтқанын күмәнсіз көрсетеді.

Олай болса, деревнядағы жұмысымыздың кемшіліктері колхоз саудасынан емес, оны кейде дұрыс жүргізбеуімізден, жаңа жағдайды есепке ала білмеуден, колхоздың астық саудасын жарыялаудан туған жаңа жағдайға сәйкес өз қатарымызды қайта құра білмеуімізден.

2) Деревнядағы жўмысымыздағы кемшіліктердің екінші себебі: жергілікті орындардағы жолдастарымыз, — тек бўл жолдастар ғана емес, — негізгі астықты аудандарда колхоздардың үстемдік алуы себепті деревнядағы жўмысымыздың жағдайы өзгергенін түсінбеді. Астықты аудандарымызда шаруашылықтың колхоздық формасы үстемдік алғанына бәріміз де қуанамыз. Бірақ бўл жағдайдың ауыл шаруашылығын дамыту ісіндегі қамымызды, жауаптылығымызды кемітпейтінін, қайта арттыратынын бірсыпыра жўрт түсінбейді. Бірсыпыра жўрт белгілібірауданда, белгілібір облыста коллективтендіру, айталық, 70% яки 80% ке жетсе, сонымен барлық жўмыс біткендей көреді, ендігі жўмысты коллективтендірудің өзі істеп, коллективтендірудің өзі ауыл шаруашылығын күшейтетіндей көреді, сондықтан жўмысты енді өз бетімен жіберіп, өзбетіндікке салса да болатындай көреді. Бірақ бўл үлкен адасқандық, жолдастар. Дўрысында шаруашылықтың басым формасы болып табылатын колхоз шаруашылығына көшу, біздің ауыл шаруашылығына қамқорлығымызды кемітпейді, қайта арттырады, ауыл шаруашылығын көтеру ісінде коммунистердің басшылық ролін кемітпейді, қайта арттырады. Ауыл шаруашылығын дамытуда өзбетіндік кәзір бўрынғыдан да қауіпті. Өзбетіндік кәзір барлық ісімізді бүлдіруі мүмкін.

Деревняда жеке шаруалар басым болып тўрғанда, партия ауыл шаруашылығын дамыту ісіне жеке жәрдемдер көрсету, кеңес беру немесе ескертулер жасау арқылы қатнасып, сонымен қанағаттанып отыра алушы еді. Ол кезде жеке шаруа өз шаруасының қамын өзі ойлауға тиіс еді, өйткені ол тек өзінің жеке басы-

ның шаруашылығы болған бұл шаруашылыққа жауаптылықты өзінен басқа ешкімге жүктей алмайтын еді, сондықтан өзінен басқа ешкімге ол сене алмайтын еді. Ол кезде жеке шаруа, астықсыз қалып, аштыққа ұшырағысы келмесе, егін салудың, егін жыйнаудың қамын және ауылшаруашылық еңбектің жалпы процестерінің қамын өзі істеуге міндетті еді. Коллективтік шаруашылыққа көшкеннен кейін істің жайы айтарлықтай өзгерді. Колхоз жеке шаруашылық емес. Колхозшылар қазірде: «колхоз менікі де, менікі емес те, колхоз менікі, бірақ сонымен бірге ол Иванға да, Филипке де, Михаилға да, колхоздың өзге мүшелеріне де бірдей, колхоз бәрімізге ортақ» дейді. Енді ол, колхозшы, кешегі жеке шаруа, бүгінгі коллективші,— қазір ол жауапкерлікті өзгеге аудара алады, колхоздың өзге мүшелеріне сене алады, өйткені колхоздың оны астықсыз тастамайтынын біледі. Сондықтан колхозшының шаруашылық үшін қам етуі жеке шаруа кезіндегіден кеміді, өйткені шаруашылықтың қамын жеу, оған жауаптылық қазір барлық колхозшылардың бәріне бірдей ортақ іс болды.

Мұнан қандай қортынды шығады? Мұнан шығатын қортынды — шаруашылықты жүргізуге жауаптылықтың салмағы қазір жеке шаруалардан колхоз басшылығына, колхоздың басшы ұйтқысына ауды. Енді шаруалар, шаруашылықтың қамын жеуді, істі дұрыстап жүргізуді өздерінен талап етпей, колхоз басшылығынан талап етеді, немесе, дәлдеңкіреп айтқанда, өздерінен гөрі колхоз басшылығынан көбірек талап етеді. Мұның аты не? Мұның аты: партия қазір ауыл шаруашылығын дамыту процесіне ішінара қатнасумен қанағат етіп отыра алмайды. Партия қазір кол-

хоздарға басшылықты өз қолына алып, жұмысқа жауаптылықты өз мойнына алып, бұдан былай шаруашылықты ғылым мен техника негізінде жүргізуде колхозшыларға жәрдемдесіп отыруға тиіс.

Бірақ мұнымен де іс бітпейді. Колхоз — ірі шаруашылық. Ал ірі шаруашылықты жоспарсыз жүргізуге болмайды. Жүздеген, кейде мыңдаған үйді қамтып отырған ірі егін шаруашылығын тек жоспарлы басшылықпен ғана жүргізуге болады. Онсыз ірі шаруашылық бүлінуге, құруға тиіс. Міне, колхоз құрылысы тұсындағы тағы бір жаңа жағдай, — жеке ұсақ шаруашылықты жүргізу жағдайларынан негізінен өзгеше жағдай осы. Мұндай шаруашылықты жүргізу ісін бетімен жіберуге, өзбетіндікке салуға бола ма? Әрине, болмайды. Мұндай шаруашылықты жүргізу үшін, шаруашылықты жоспарлай алатын, оны ұйымдасқан түрде жүргізе алатын біраз сауаты бар адамдармен колхозды тіпті аздап болса да қамтамасыз ету керек. Совет өкіметі колхоз құрылысының ісіне үнемі қатнасып, үнемі жәрдем көрсетіп отырмаған жерде мұндай шаруашылықты жолға қою мүмкін емес екендігі түсінікті.

Ал мұнан шығатын қортынды қандай? Мұнан шығатын қортынды: колхоз құрылысы партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын дамыту жөнінде қамқорлығын, жауаптылығын кемітпейді, қайта арттырады. Мұнан шығатын қортынды: партия, колхоз қозғалысына басшылық етейін десе, колхоз тұрмысы мен колхоз басшылығының барлық егжей-тегжейіне жете араласуға тиіс. Мұнан шығатын қортынды: партия колхоздармен байланысын азайтпауы керек, қайта үдете түсуі керек; партия колхоздарда болып жатқан

істің бәрін біліп отыруы керек; сөйтіп кезінде жәрдем көрсетіп, колхозды қауіп-қатерден алдын ала сақтап отыратын болуы керек.

Ал іс жүзінде не көріп отырмыз? Іс жүзінде бірсыпыра аудандық, облыстық ұйымдардың колхоз тұрмысынан, олардың тілегінен қол үзіп отырғандығын көріп отырмыз. Бірсыпыра адамдар колхоздардың төрешіл кеңселерден тыс дамып жатқанын сезбей, өздерінің кеңседе отырып, қағаз жазғанына мәз. Қей жерде колхоздан алыстағандық сонша — өлкелік ұйымдардың кейбір мүшелері өз өлкесіндегі колхоздардың жайын тиісті аудандық ұйымдардан білмей, Орталық Комитеттің Москвадағы мүшелерінен естіп біліпті. Бұл қайғылы хал, бірақ бұл факт, жолдастар. Жеке шаруашылықтан колхоз шаруашылығына көшу деревнядағы коммунистердің басшылығын күшейтуге тиіс еді. Ал іс жүзінде бірсыпыра жерде колхозға көшкеннен кейін коммунистер коллективтендірудің көп процентін бетке ұстап, жайбарақаттыққа салынды, істі өзбетіндікке салды, жұмысты бетімен жіберді. Колхоз шаруашылығына жоспармен басшылық ету мәселесі колхоздарда коммунистердің басшылығын күшейтуге тиіс еді. Ал іс жүзінде бірсыпыра жерлерде коммунистер өздерін көрсете алмай, колхозды бұрынғы ақгвардиялық офицерлер, бұрынғы петлюрашылдар, жалпы айтқанда жұмысшылар мен шаруалардың дұшпандары билеп кетті.

Деревнядағы жұмысымыздың кемшіліктерінің екінші себебі осы.

3) Деревнядағы жұмысымыздағы кемшіліктердің үшінші себебі: біздің көп жолдастарымыз шаруашылықтың жаңа формасы ретінде колхоздарды асыра

бағалап жіберді, асыра бағалап, колхоздарды иконаға айналдырды. Олар шаруашылықтың социалистік формасы болып табылатын колхоздарға көшкеннен кейін-ақ барлық іс біткендей көрді, колхоз істерін дұрыс жүргізу, колхоз шаруашылығын дұрыс жоспарлау, колхоздарды үлгілі социалистік шаруашылыққа айналдыру ісі сонымен қамтамасыз етіледі деп түсінді. Ұйымдастыру жағынан колхоздардың әлі әлсіз екенін, сыналған большевик қызметкерлер жетістіру жөнінде болсын, колхоздың күнбе-күнгі істеріне басшылық ету жөнінде болсын, партияның мықты жәрдеміне мұқтаж екенін олар түсінбеді. Бірақ барлық кемшілік бұл емес және бұл басты кемшілік те емес. Басты кемшілік мынау: біздің көп жолдастарымыз ауыл шаруашылығын ұйымдастырудың жаңа формасы болған колхоздардың күштерін және мүмкіншіліктерін асыра бағалады. Колхоз шаруашылықтың социалистік формасы болғанымен әлі де түрлі қауіпке ұшырауы ғажап емес екенін, контрреволюциялық түрлі элементтердің ептеп колхоз басшылығына өтуі ғажап емес екенін, белгілі жағдайларда колхоздарды антисоветтік элементтердің өз мақсаттары үшін пайдалануы ғажап емес екенін түсінбеді.

Саяси ұйымның социалистік формасы Советтер болғаны сияқты, **шаруашылық** ұйымның социалистік формасы — колхоз. Колхоздар болсын, Советтер болсын — революциямыздың ұлы табысы, жұмысшы табының ұлы табысы. Бірақ колхоздар мен Советтер — ұйымның **формасы** ғана, рас, социалистік формасы, бірақ не дегенмен **формасы** ғана. Барлық жұмыс осы формаға қандай **мазмұн** беруге байланысты.

Жұмысшы, солдат депутаттары Советтерінің белгілі дәуірде революцияға қарсы контрреволюцияны қолдағанын білеміз. Бізде, ССРО-да, мәселен, 1917 жылы июльде, Советтерге меньшевиктер, эсерлер басшылық еткен кезде осындай болды, бұл кезде Советтер революцияға қарсы контрреволюцияны бүркемеледі. Германияда 1918 жылдың аяғында, Советтерге социал-демократтар басшылық еткен кезде осындай болды, ол кезде Советтер революцияға қарсы контрреволюцияны бүркемеледі. Олай болса, істің мәні ұйымның формасы болған Советтерде ғана емес; бұл форманың өзі революцияның ұлы табысы бола тұрса да солай. Істің мәні, алдымен, Советтердің жұмысының мазмұнында, Советтердің жұмысының сыйпатында; Советтерге басшылық етіп отырған **кім** — революционерлер ме, әлде контрреволюционерлер ме, әңгіме осында. Контрреволюционерлердің кей уақыттарда Советтерге қарсы шықпайтын мәнісі де осында. Жұртқа мәлім, мәселен, орыс контрреволюциясының бастығы Милюков Кронштадт көтерілісі[63] кезінде Советтерді жақтап сөйлеген болатын, бірақ Советтерде коммунистер болмасын деген болатын. Орыс контрреволюциясының бастығы Милюков ол кезде «Советтер коммунистерсіз болсын» деген ұран шығарған болатын. Істің мәні тек Советтердің өздерінде ғана емес, ол Советтерге кім басшылық етеді, істің мәні алдымен осында екенін контрреволюционерлер түсінді.

Колхоздар туралы да осыны айту керек. Егер колхоздың басында нағыз революционерлер, большевиктер, коммунистер отырса, шаруашылықты ұйымдастырудың социалистік формасы болған колхоздар шаруашылық құрылысының керемет үлгісін көрсете ала-

ды. Және мұның керісінше — егер колхоздарда эсерлер, меньшевиктер, петлюраның офицерлері мен өзге ақгвардияшылар, бұрынғы деникиншілдер мен колчакшылдар дегенін істеп отырса, колхоздар бірсыпыра уақыт бойына түрлі контрреволюциялық қылықтарды бүркейтін орынға айналып кетуі мүмкін. Оның үстіне мынаны есте ұстау керек: ұйымның формасы болған колхоздарға антисоветтік элементтердің өтіп кетуі ғажап емес екендігі былай тұрсын, қайта колхоздар контрреволюционерлердің бастапқы кезде оларды уақытша пайдалануы үшін аз кем қолайлы да болады. Шаруалар жеке шаруашылық құрып отырғанда, олар бытыраңқы болушы еді, бір-бірінен бөлектеніп тұрушы еді; сол себепті шаруалар ортасында антисоветтік элементтердің контрреволюциялық істері үлкен әсер ете алмады. Шаруалар колхоз шаруашылығына көшкенде жай мүлдем өзгеше болып шығып отыр. Енді шаруалардың колхоз сыякты бұқаралық ұйымының даяр формасы бар. Сол себепті антисоветтік элементтердің колхозға кіріп кетуі және олардың антисоветтік істері анағұрлым үлкен әсер ете алады. Антисоветтік элементтер мұның бәрін жақсы ескеретін болса керек. Контрреволюционерлердің бір бөлегі, мысалы, Солтүстік Кавказда, өздерінің астыртын ұйымдарын әшкере бүркеп отыру үшін өздері бастап колхоз сыякты бірдеңе құруға тырысатын көрінеді, бұл бізге мәлім. Сол сыякты, бірсыпыра аудандарда әлі де болса әшкереленбеген, талқаны шығарылмаған антисоветтік элементтер колхоз ішінде контрреволюциялық жұмыстардың ұясын құру үшін өздері колхозға ұмтылып кіреді, тіпті колхозды мақтай түседі, бұл да мәлім. Сол сыякты, антисоветтік элементтердің бір

бөлегі кәзір өздері бас болып колхозды жактайды, бірақ колхозда коммунистер болмасын деп шарт кояды, бұл да мәлім. «Қолхоздар коммунистерсіз болсын» — антисоветтік элементтер кәзір міне осындай ұран тастайды. Олай болса, істің мәнісі ұйымның социалистік формасы болған колхоздардың өзінде ғана емес, алдымен бұл формаға қандай мазмұн берілуінде, — колхоздың басында **кім** отыр, колхозды **кім** басқарып отыр, істің мәні алдымен міне осында.

Ленинизм тұрғысынан қарағанда, ұйымның формасы ретінде, Советтер сыяқты, колхоздар да құрал болып табылады, тек құрал ғана. Белгілі жағдайларда бұл құралды революцияға карсы жұмсауға да болады. Бұл құралды контрреволюцияға қарсы жұмсауға да болады. Бұл құрал жұмысшы табы мен шаруаларға да қызмет істей алады. Бұл құрал белгілі жағдайларда жұмысшы табының, шаруалардың дұшпандарына да қызмет ете алады. Барлық іс осы құралдың кімнің қолында болуында, кімге қарсы жұмсалуында.

Мұны таптық сезім арқылы жұмысшылар мен шаруалардың дұшпандары да түсіне бастады.

Бірақ, амал не, мұны кейбір коммунистеріміз әлі түсінбей келеді.

Кейбір коммунистеріміз осы ұп-ұғымды акыйқатты түсінбегендіктен де, — нақ сондықтан кәзір бірсыпыра колхоздарымыздың істерін түсін бояған антисоветтік элементтер билеп, колхозда зыянкестік, саботаж ұйымдастырып отыр.

4) Деревнядағы жұмысымыздың кемшіліктерінің төртінші себебі: жергілікті орындардағы бірсыпыра жолдастарымыз кулактарға қарсы күрес майданын қайта құра білмей жүр; соңғы кезде тап жауының пі-

шіні өзгергенін, тап жауының деревнядағы тактикасы өзгергенін, табыстарға жету үшін осыған сәйкес біз де өз тактикамызды өзгертуіміз керектігін ұғынбай жүр. Жау өзгерген жағдайды түсінді, деревнядағы жаңа құрылыстың күшін, қуатын ұғынды, осыларды ұққан соң жау қайта құрылды, өз тактикасын өзгертті, — колхозға тура атака жасаудан шығып, іштен іріту айласына түсті. Ал біз осыны ұқпадық, жаңа жағдайды көре алмай қалдық, тап жауын әлі күнге дейін оның тайып жоқ болып кеткен жерінен іздеудеміз, кулакпен күресуде ескі тұрпайы тактиканы жүргізе берудеміз, ал бұл тактиканың өзі әлдеқашан ескіріп қалған тактика.

Тап жауын колхоздардан тыс жерден іздеушілік бар; тап жауын айуан келбетті, азуы алты қарыс, жуан мойын, қолында шолақ мылтығы бар адам деп іздеушілік бар. Кулакты плакаттарда көріп жүрген бейнесінде кездестіреміз деп іздеушілік бар. Бірақ ондай кулактар жер үстінде көптен бері жоқ. Қазіргі кулактар, олардың құйыршықтары, кәзіргі деревнядағы антисоветтік элементтер көбінесе «момын», «жылы шырайлы», «әулие» сықылды болып жүреді. Бұларды колхоздан ұзап шығып іздеудің керегі жоқ, бұлар колхоздың өз ішінде отыр, колхозда қоймашы, завхоз, есепші, хатшы, т. т. сондай қызметте отыр. Бұлар «колхоздар жойылсын» деп ешқашан айтпайды. Бұлар колхоз «жағында». Бірақ бұлар колхоздың ішінде саботаж жасауда, зиянкестік жүргізуде, бұлардың бұл жұмыстары колхоздарға жайлы тимейді. Бұлар «астық дайындау жойылсын» деп ешқашан айтпайды. Бұлар астық дайындау «жағында». Бұлар демагоктікке «ғана» түсіп алып, колхоздың мал шаруашылығы-

на арнап кор құрауды, мұның мөлшері, нагыз керегінен үш есе артық болуын талап етеді, колхоздан сақтық қорын құрауды, мұның мөлшері нағыз керегінен үш есе артық болуын талап етеді, колхоздың көпшілік тамақтандыру ісіне бір күнге қызметші басына беретін наны 6 дан 10 қадаққа шейін болуын, т. т. талап етеді. Әрине, мұндай «қорлардан» соң, көпшілік тамақтандыру ісіне жаңағыдай үлес берген соң, мұндай алаяқтық демагогияға салынғаннан соң, колхоздың шаруашылық қуаты қайтады, астық дайындау жұмысына ешбір орын да қалмай қояды.

Сондай епті жаудың өзін табу үшін, оның демагогиясына беріліп кетпес үшін, революциялық қырағылық керек; жаудың бет пердесін жұлып тастап, оның нағыз пішінін, контрреволюциялық пішінін колхозшыларға көрсетіп бере алатын болу керек. Ал енді сондай қабілеті бар коммунистер біздің деревняда көп пе? Коммунистердің ондай тап жауларының сырын әшкерелемей жүргені былай тұрсын, қайта сол жаудың алаяқтық демагогиясына беріліп, солардың дегенімен кетіп қалатындары да сирек емес.

Жаңа перденi бүркеніп алған тап жауын көрмей, оның зұлымдық айла-сұмдықтарын әшкерелей алмай жүріп, кейбір жолдастарымыз кейде: бұл жарық дүниеде кулактар жоқ, кулактарды тап ретінде жою саясатының арқасында деревняда антисоветтік элементтер жойылып бітті, сондықтан большевиктік колхоз да, антисоветтік колхоз да болмай, «битарап» колхоздардың болуына көнуге болады, олар өзінен-өзі-ақ, стихиялы түрде Совет өкіметі жағына шығатын болады, деп өздерін өздері жұбатады. Бірақ бұл үлкен адасқандық, жолдастар. Кулактар қыйратылды, бірақ

олар әлі бір жолата жойылып біткен жоқ. Ол ол ма, — коммунистер аузын ашып, жайбарақаттыққа салынып, кулактар өзінің стихиялық дамуы бойынша өзінен-өзі-ақ жоқ болып, көрге кіреді деп отыра берсе, — кулактар тез арада бір жолата жойыла коймайды да. Ал енді «битарап» колхоз дегенге келсек, ондай колхоздар тегінде жоқ, болуға мүмкін де емес. «Битарап» колхоз дегендер — көзі түк көрмеу үшін жаралған адамдардың қыялы ғана. Қазір біздің Совет елінде шиеленіскен қызу тап күресі болып жатқанда, «битарап» колхоздарға ешбір орын жоқ; қазіргідей жағдайда колхоздар не большевиктік болады, не антисоветтік болады. Біз басшылық етпеген колхоз болса, ондағы басшылық антисоветтік элементтердің қолында болғаны. Бұған еш күман болмасқа тиіс.

5) Деревнядағы жұмысымыздың кемшіліктерінің ең соңғы бір себебі бар. Ол себеп мынау: коммунистердің колхоз құрылысындағы ролі мен жауаптылығын, коммунистердің астық дайындау ісіндегі ролі мен жауаптылығын жете бағаламайтындық бар. Коммунистер астық дайындау жұмысының қыйыншылықтарын сөз қылғанда, әдетте, жауаптылықтың бәрін де шаруаларға аударады, бәріне шаруалар кіналы дейді. Бірақ бұл мүлдем дұрыс емес және сөзсіз әділдік емес. Бұл арада шаруалар кіналы емес. Әңгіме жауаптылық пен кіналілік туралы болса, жауаптылық түгелімен коммунистерге ауады, барлық іске кіналілер біздер, коммунистер ғана.

Біздің Совет өкіметіндей күшті, беделді өкімет дүние жүзінде болған емес, жоқ та. Біздің коммунист партиясындай күшті, беделді партия дүние жүзінде болған емес, жоқ та. Колхоздарымыздың ісін, колхоз-

дардың мүдделері тілегендей, мемлекеттің мүдделері тілегендей етіп жүргізуімізге ешкім бөгет болып отырған жок, бөгет бола алмайды да. Кейде колхоз ісін ленинизм тілегендей етіп жүргізе алмай келсек, кейде, мәселен, астық дайындау жұмысында кешірілместік бірсыпыра ірі кателер істеп коятын болсак, мұның бәріне біз өзіміз ғана кіналіміз.

Колхоздың астық саудасының теріс жағын жете көре алмай, бірқатар ірі қате істедік, бұған **біз** айыптымыз.

Бірқатар партия ұйымдарымыз колхоздан қол үзіп кетті, жайбарақаттыққа салынып, істі өзбетіндік сарынына салып жіберді, бұған біз айыптымыз.

Бірсыпыра жолдастарымыз әлі күнге дейін бұқаралық ұйымның формасы болған колхоздарды асыра бағалап жүр; істің мәнісі форманың өзінен гөрі колхоздарға басшылық ету жұмысын өз қолымызға алуда екенін, колхоз басшылығынан антисоветтік элементтерді қуып шығуда екенін ұғынбай жүр, бұған **біз** айыптымыз.

Біз жаңа жағдайды көре білмедік, іштен ірітіп жүрген тап жауларының жаңа тактикасын ұғынып жетпедік, бұған **біз** айыптымыз.

Мұнда шаруалар қалайша кінәлі болады? деген сұрақ туады.

Мен өркендеп, көркейіп келе жатқан, мемлекеттің тапсырмаларын мұқыят орындап жүрген, шаруашылық жағынан күн санап күшейіп келе жатқан бірталай колхозды білемін. Екінші жағынан, осылармен іргелес отырған, егіндерінің өнімі де бірдей, объективтік жағдайы да бірдей болғанына қарамастан азып-тозып, ірп бастаған колхоздардың да бірталайын бі-

лемін. Мұның себебі не? Мұның себебі — колхоздардың бастапқыларына нағыз коммунистер басшылық етіп отыр; ал соңғыларына басшылық етіп отырғандар — «шляпалар», рас, қалталарында партия билеттері барлар, сонда да «шляпалар».

Мұнда шаруалар қалайша кіналы болады? деген сұрақ туады.

Коммунистердің ролі мен жауаптылығын жете бағаламаушылықтың нәтижесі мынау: деревнядағы жұмыстарымыздың кемшілік себептерін көбінесе іздемейтін жерден іздейтіндік бар, сондықтан ол кемшіліктер жойылмай қалады.

Астық дайындаудағы қыйыншылықтардың себебін шаруалардан іздемей, өзімізден, өз арамыздан іздеу керек. Өйткені өкімет басында отырған **біз**, мемлекет құралдары **біздің** қолымызда, колхоздарға **біз** басшылық етуге міндеттіміз, олай болса, деревнядағы жұмысқа түгелімен **біз** жауапты болуымыз керек.

Деревнядағы біздің жұмысымыздағы кемшіліктерді тудырған негізгі себептер осындай.

Менің сөзім күңгірт жағдайды суреттеу болып көрінуі мүмкін, деревнядағы бүкіл жұмысымыз ылғый кемшілік қана болып көрінуі мүмкін. Бірақ бұл, әрине, дұрыс емес. Шынында деревнядағы жұмыстарымыздың бұл кемшіліктерімен қатар толып жатқан аса күрделі, шешуші табыстары бар. Бірақ табыстарымызды сыйпаттау менің міндетіме жатпайтынын, мен деревнядағы жұмыстарымыздың кемшіліктері туралы ғана айтпақ болғанымды сөзімнің басында-ақ ескертіп өткенмін.

Бұл кемшіліктерді түзетуге бола ма? Я, сөзсіз болады. Біз бұл кемшіліктерді жуық арада түземіз

бе? Я, сөзсіз түзетеміз. Бұған ешбір күман болмау керек.

Менінше, МТС пен совхоздардың саяси бөлімдері бұл кемшіліктерді неғұрлым тез уақытта жоюға жәрдем беретін шешуші құралдарымыздың бірі болып табылады. (Ұ з а қ, д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

«РАБОТНИЦАҒА»[64]

Өмір сүруіне он жыл толған күні «Работницаны» қызу құттықтаймын. Пролетарлық әйелдер бұқарасын социализмнің толық салтанат құруы үшін күресу рухында, ұстазымыз Лениннің ұлы өсиеттерін орындау рухында тәрбиелеу ісінде «Работницаның» табысқа жетуін тілеймін.

И. Сталин

«Правда» № 25,
26 январь, 1933 ж.

И. Н. БАЖАНОВ ЖОЛДАСҚА ХАТ

Құрметті И. Н. Бажанов жолдас!

Менің жұмысым үшін сыйлық ретінде өзіңіздің екінші орденіңізді маған беру туралы хатыңызды алдым.

Жылы сөзіңіз бен жолдастық сыйлығыңыз үшін Сізге көп рахмет. Менің пайдам үшін Сіздің нені қыйып отырғаныңызды мен жақсы білемін және Сіздің ниетіңізді әбден бағалаймын.

Солай бола тұрса да, мен Сіздің екінші орденіңізді ала алмаймын. Ала алмаймын және алуға тиіс те емеспін, оның себебі — орден Сізге ғана тиісті, өйткені оған Сіз ғана еңбек сіңірдіңіз; оның тағы бір себебі — мені онсыз да жолдастар назарына алып, құрмет етіп сыйлап жүр, — демек, менің Сізді тонауға правом жоқ.

Ордендер онсыз да белгілі адамдар үшін емес, көбінесе, белгілілігі шамалы және жұрттың бәріне белгілі етілуге тиісті ер-адамдар үшін шығарылған.

Оның үстіне, Сізге айта кетейін, менде кэзірдің өзінде екі орден бар. Нансаңыз, бұдан артығының қажеті жоқ.

Кешіктіріп жауап бергенім үшін ғапу етіңіз.

Коммунистік сэлеммен ***И. Сталин***

P. S. Орденді иесіне қайтарып отырмын.

И. Сталин

16 февраль, 1933 ж.

Бірінші рет басылып отыр.

ЕКПІНДІ КОЛХОЗШЫЛАРДЫҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ БІРІНШІ СЪЕЗІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ[65]

19 февраль, 1933 ж.

Жолдастар, колхозшылар мен колхозшы әйелдер! Мен сіздердің съездеріңізде сөйлеймін деп ойлаған жоқ едім. Ойламаған себебім — менен бұрын сөйлеген шешендердің сөздерінде айтылуға керекті сөздердің бәрі-ақ айтылды, — жақсы айтылды, дәл тауып айтылды. Бұдан кейін тағыда сөйлеудің керегі бар ма? Бірақ сіздер маған сөйле деп талап еттіңіздер, ал күш сіздердің қолдарыңызда (*Ұзақ қол шапалақтау*), — мен бағынуға міндеттімін.

Жеке мәселелер жөнінде бірнеше сөз айтып өтейін.

I

ҚОЛХОЗДАР ЖОЛЫ — БІРДЕН-БІР ДҰРЫС ЖОЛ

Бірінші мәселе — колхозшы шаруалардың түскен жолы дұрыс па, колхоз жолы дұрыс па?

Бұл мәселе ермек үшін қойылған мәселе емес. Сіздер, колхоз екпінділері, колхоздардың дұрыс жолда екендігіне күмәнданбайтын шығарсыздар. Мүмкін, сондықтан бұл мәселе сіздерге артық болып та көрі-

нер. Бірақ шаруалардың бәрі бірдей сіздерше ойламайды. Шаруалардың арасында, соның ішінде колхозшылардың арасында да, колхоз жолының дұрыстығына күманданатын адамдар әлі де аз емес. Ал мұның таңданарлық ешнәрсесі жоқ.

Шынында да, жұрт жүз жылдар бойына ескіше өмір сүріп, ескі жолмен жүріп келді, кулак пен помещиктің, өсімқор мен жалдаптың қанауында болып, соларға бас иіп келді. Осы ескі, капиталистік жолды шаруалар мақұлдап отырды деп айтуға болмайды. Бірақ бұл ескі жол үйреншікті, дағдылы жол еді; ал бұл жолдан басқаша, жақсырақ түрде өмір сүруге болатындығын ешкім де іс жүзінде әлі көрсеткен жоқ еді. Оның үстіне буржуазиялық елдердің бәрінде жұрт әлі ескіше өмір сүрумен келе жатыр... Міне осындай батпақты ескі өмірге большевиктер кенет дауылдай тиіп: ескі жолды тастайтын уақыт жетті, жаңаша, колхозша өмір сүретін уақыт жетті, барлық буржуазиялық елдердегідей емес, жаңаша, артельше өмір сүретін уақыт жетті деді. Бұл жаңа өмір деген немене, — оны кім біледі. Ол ескі өмірден жаман болып шығып жүрмесін. Қалайда жаңа жол — дағдыланбаған, үйреншікті болмаған, әлі толық барланбаған жол. Ескі жолда-ақ қала бергеніміз жақсы болмас па? Жаңа жолға, колхоз жолына көшуді кідірте тұрсақ жақсы болмас па? Тәуекел етудің керегі не?

Қәзіргі уақытта еңбекші шаруалардың бір бөлегінде міне осындай күмандану бар.

Мұндай күмандануды жоюға тиістіміз бе? Мұндай күмандanулардың басын ашып, бұлардың құны қанша екенін көрсетуге тиістіміз бе? Әрине, тиістіміз.

Олай болса, жоғарыда қойылған мәселені ермек үшін қойылған мәселе деп айтуға болмайды.

Сонымен, колхозшы шаруалардың түскен жолы дұрыс жол ма?

Кейбір жолдастар жаңа жолға, колхоз жолына түсу бізде мұнан үш жыл бұрын басталды деп ойлайды. Бұл шінара ғана дұрыс. Әрине, колхоздардың жаппай құрылысы бізде мұнан үш жыл бұрын басталды. Жұртқа мәлім, бұл жаңа беттің белгісі: кулактар қыйратылды, кедей, орта шаруалардың миллиондаған бұқарасы колхозға қарай бет алды. Мұның бәрі дұрыс-ақ. Бірақ жаппай колхозға көше бастау үшін кейбір алғышарттар қолда болу керек еді, онсыз тегінде ешқандай жаппай колхоз қозғалысы болуы мүмкін емес еді.

Бәрінен бұрын шаруалардың колхоздар жолына түсуіне жәрдемдескен және осы кезде де жәрдемдесіп отырған Совет өкіметі болуы керек болды.

Екіншіден, помещиктер мен капиталистерді айдап шығу керек болды; олардың заводтарын, жерін тартып алып, бұларды халықтың меншігі етіп жарыялау керек болды.

Үшіншіден, кулактарды ауыздықтап, олардың машиналарын, тракторларын тартып алу керек болды.

Төртіншіден, машиналармен тракторларды тек колхоздарға бірлескен кедейлер мен орташалар ғана пайдалана алады деп жарыялау керек болды.

Ақырында, елімізді индустрияландыру керек болды, колхозшы шаруаларды тракторлармен, машиналармен мол жабдықтау үшін жаңа трактор өнеркәсібін жолға қою, ауылшаруашылық машиналарын жасап шығаратын жаңа заводтар салу керек болды.

Осындай алғышарттар болмаса, бұдан үш жыл бұрын колхоздар жолына жаппай көше бастау туралы ойлауға да болмайтын еді.

Олай болса, колхоздар жолына түсу үшін, ең алдымен Октябрь революциясын жасап, капиталистер мен помещиктерді құлатып, олардың жерлері мен заводтарын тартып алып, жаңа өнеркәсіпті жолға қою керек болды.

Жаңа жолға, колхоздар жолына бет алудың өзі де осы Октябрь революциясынан басталды. Бұл бет-алыстың бұдан үш жыл бұрын жаңа күш алып, өрістегенінің себебі: тек осы қарсаңда ғана Октябрь революциясының шаруашылық нәтижелері кеңінен жарыққа шықты. Тек осы кезде ғана елімізді индустрияландыру ісін ілгері бастыруға мүмкіндігіміз болды.

Халықтардың тарихында талай революция болған. Олардың Октябрь революциясынан өзгелігі — олардың бәрі де сыңаржақ революция болған. Еңбекшілерді қанаудың бір түрінің орнына қанаудың екінші түрі ауыстырылып отырған, бірақ қанаудың өзі қала берген. Бір қанаушылар мен езушілердің орнына екінші қанаушылар мен езушілер ауыстырылып отырған, бірақ қанаушылар мен езушілердің өздері қала берген. Тек Октябрь революциясы ғана қанау **атаулыны** жойып, қанаушылар мен езушілердің **қандайын болса да бәрін де** құртуды өзіне мақсат етіп қойды.

Құлдар революциясы құл иеленушілерді құртып, еңбекшілерді қанаудың құлиеленушілік түрін жойды. Бірақ бұлардың орнына ол крепостниктерді қойды, еңбекшілерді қанаудың крепостниктік түрін орнатты.

Бір қанаушылардың орнына екінші қанаушылар ауыстырылды. Құлдық дәуірінің тұсында «заң» құл иеленушілердің құлдарды өлтіруіне рұқсат еткен еді. Крепостниктік тәртіптердің тұсында «заң» крепостниктердің крепостнойларды сатуына «ғана» рұқсат етті.

Крепостной шаруалардың революциясы крепостниктерді құртып, қанаудың крепостниктік түрін жойды. Бірақ бұлардың орнына ол капиталистер мен помещиктерді қойды, еңбекшілерді қанаудың капиталистік, помещиктік түрін орнатты. Бір қанаушылардың орнына екінші қанаушылар ауыстырылды. Крепостниктік тәртіптердің тұсында «заң» крепостнойларды сатуға рұқсат еткен еді. Капиталистік тәртіптердің тұсында «заң» еңбекшілерді жұмыссыз қалдыруға, жоқшылыққа ұшыратып, күйзелтуге, аштан өлтіруге «ғана» рұқсат етеді.

Тек біздің советтік революция ғана, біздің Октябрь революциясы ғана бір қанаушылардың орнына екінші қанаушыларды ауыстырмай, қанаудың бір түрінің орнына екінші түрін ауыстырмай, — қанау атаулыны құртып, қанаушылардың қандайын болса да, байлардың, езушілердің қандайын болса да, ескісін де, жаңасын да, бәрін де құрту мәселесін қойды. (*Ұзақ қол шапалақтау.*)

Соның үшін де Октябрь революциясы шаруалардың жаңа жолға, колхоз жолына түсуіне күнілгері жағдай жасау және қажетті алғышарт болып табылады.

Шаруалар Октябрь революциясын қолдап дұрыс істеді ме? Я, олар дұрыс істеді. Олардың дұрыс істеген себебі — Октябрь революциясы шаруалардың помещиктер мен капиталистерді, өсімқорлар мен кулак-

тарды, көпестер мен жалдаптарды желкелерінен жұлып түсіруіне жәрдемдесті.

Бірақ бұл — мәселенің бір ғана жағы. Езушілерді қуып жіберу, помещиктер мен капиталистерді қуып жіберу, кулактар мен жалдаптарды ауыздықтап қою — бұл өте жақсы-ақ. Бірақ бұл аз. Ескі бұғаулардан біржолата құтылатын болу үшін, қанаушыларды тек қыйратып тастау жеткіліксіз. Бұл үшін оның үстіне жаңа өмір құру керек, бұл жаңа өмір еңбекші шаруалардың материалдық және мәдениеттік халін оңдап, күннен күнге, жылдан жылға өрлеп, жоғары көтерілуіне мүмкіншілік беретіндей болуы керек. Бұл үшін деревняда жаңа құрылысты, колхоздық құрылысты орнату керек. Мәселенің екінші жағы осы.

Ескі құрылыстың жаңа, колхоздық құрылыстан өзгешелігі қайсы?

Ескі құрылыс тұсында шаруалар жұмысты жеке-жеке болып істеген, бабаларының ескілікті әдісімен істеген, ескі еңбек құралдарымен істеген, помещиктер мен капиталистерге, кулактар мен жалдаптарға істеген, өзгелерді байытып, өздері аш жүріп істеген. Жаңа құрылыс, колхоздық құрылыс тұсында шаруалар жұмысты бірігіп, артельдесіп істейді, жаңа құралдармен — трактор, ауылшаруашылық машиналарымен істейді, өздеріне, өз колхоздарына істейді, капиталистерсіз, помещиктерсіз, кулактарсыз, жалдаптарсыз тұрып, күннен күнге өздерінің материалдық және мәдениеттік халдерін оңдау үшін істейді. Сонау ескі құрылыс кезіндегі үкімет буржуазияның үкіметі болатын, ол еңбекші шаруаларға карсы байларды қолдайтын. Мына жаңа, колхоздық құрылыс тұсындағы үкімет — жұмысшы-шаруа үкіметі, бұл байлардың

қандайына болса да, бәріне де қарсы, жұмысшылар мен шаруаларды қолдайды. Ескі құрылыс капитализмге алып барады. Жаңа құрылыс социализмге алып барады.

Міне, сіздерге екі жол: капиталистік жол мен социалистік жол, алға — социализмге қарай бастайтын жол мен кейін — капитализмге қарай бастайтын жол.

Басқа бір үшінші жолға түсуге болады деп ойлайтын адамдар бар. Ешкім білмейтін бұл үшінші жолға, әсіресе, колхоз жолының дұрыстығына әлі толық сеніп жетпеген кейбір солқылдақ жолдастар жармасқыш келеді. Олардың дегенінше, біз бұрынғы ескі құрылысқа, жеке шаруашылыққа қайтуымыз керек, бірақ капиталистер мен помещиктер болмау керек. Олардың дегенінше, біздің шаруашылық құрылысымыздағы заңды нәрсе есебінде «тек» кулактарға және басқа ұсақ капиталистерге жол беруіміз керек. Дұрысында, бұл үшінші жол емес, капитализмге апаратын екінші жол. Өйткені жеке шаруашылыққа қайтып, кулактарды қайта орнатсақ не болар еді? Мұның өзі кулактардың езуін, кулактардың шаруаларды қанауын қайта орнатып, билікті кулактың қолына бергендік болар еді. Бірақ кулактарды қайта орнатып, онымен қатар Совет өкіметін сақтап отыруға бола ма? Жоқ, болмайды. Кулактардың қайта орнауы кулактар өкіметінің құрылуына, Совет өкіметінің жойылуына соғуға тиіс, — олай болса, бұл буржуазиялық үкіметтің құрылуына бастауға тиіс. Ал буржуазиялық үкіметтің құрылуы өз кезегімен помещиктер мен капиталистердің қайта орнауына, капитализмнің қайта орнауына бастауға тиіс. Үшінші жол деген дұрысында екінші жол, капитали-

змге кері қайту жолы. Шаруалардың өздерінен сұраңыздаршы, — олар кулактардың езуін қайта орнатуды, капитализмге кері қайтуды, Совет өкіметін жоюды, помещиктер мен капиталистердің өкіметін орнатуды тілей ме екен? Еңбекші шаруалардың көпшілігі қай жолды бірден-бір дұрыс жолға есептейтінін шаруалардың өздерінен сұрасаңыздар, білесіздер.

Олай болса, тек екі жол бар: я өрлеп — жаңа, колхоздық құрылысқа қарай алға басу, я ылдыйлап — бұрынғы, кулак-капиталистік құрылысқа кері қайту.

Үшінші жол жоқ.

Еңбекші шаруалар капиталистік жолды алмай, колхоз құрылысы жолына түсіп, дұрыс істеді.

Колхоздар жолы дұрыс жол, бірақ қыйын жол деушілер бар. Бұл ішінара ғана дұрыс. Әрине, бұл жолда қыйыншылықтар бар. Жақсы өмір қолға тегін түспейді. Бірақ әңгіме мынада: негізгі қыйыншылықтарды өттік, ал алдымыздағы қыйыншылықтар оншама сөз қылып жатуға да тұрмайды. Қалай дегенмен де, мұнан 10—15 жыл бұрын жұмысшылар көрген қыйыншылықтармен салыстырғанда, колхозшы жолдастар, сіздердің қазіргі қыйыншылықтарыңыз баланың ойыншығындай. Сіздердің араларыңыздағы шешендер бұл съезде сөйлеп, Ленинградтың, Москваның, Харьковтың, Донбастың жұмысшыларын мақтады. Олар: жұмысшылардың жетістіктері бар, біздің колхозшылардың жетістіктері анағұрлым кем дегенді айтты. Менімше, шешендеріңіздің сөзінде кейбір жолдастық ретімен қызғаныштық та болды ғой деймін: егерде біздің, колхозшы-шаруалардың да сіздің, Ленинград, Москва, Донбас, Харьков жұмысшыларының

жетістіктеріндей жетістіктері болған болса, бұл қандай жақсы болған болар еді... — дегендей болды.

Мұның бәрі де жақсы. Бірақ Ленинград, Москва жұмысшыларына бұл жетістіктер оңай түспегендігін, ақыр аяғында, бұл жетістіктерге жету үшін қандай қыйыншылықтарды басынан кешіргендігін білесіздер ме? Бұл жөнде жұмысшылардың 1918 жылғы тұрмысынан бірнеше фактылар келтіре алар едім; ол кезде жұмысшыларға ет, басқа азықтар былай тұрсын, апта бойы нан берілмеген уақыттар болды. Ленинград, Москва жұмысшыларының жартылай күнжарадан пісірілген бір қадақ қара нанның сегізден бір бөлегін алған күндері жақсы күндер деп есептелетін еді. Мұндай қыйыншылық бір ай, жарты жылға созылған жоқ тұтас екі жылға созылды. Бірақ жұмысшылар оған шыдады, оған қынжылған жоқ, өйткені жақсы уақыттар келетінін, шешуші табыстарға жететінін олар білді. Ақыры не болды, — өздеріңіз көріп отырсыздар, жұмысшылар қателескен жоқ. Міне, өздеріңіздің қыйыншылықтарыңызды, көрген азаптарыңызды жұмысшылар көрген қыйыншылықтармен, олар көрген азаппен салыстырып көріңіздер, ол қыйыншылықтарыңыздың оншама сөз қылып жатуға тұрмайтынын сонда көрерсіздер.

Колхоз қозғалысын онан сайын алға бастырып, колхоз құрылысын мейлінше өрістету үшін не істеу керек?

Мұның үшін, ең алдымен, колхоздардың егін салуға толық жарамды, жеткілікті жері болу керек. Ол сіздерде бар ма? Я, бар. Бәріңе мәлім, ең жақсы жерлердің бәрі колхоздарға берілді және ол жерлер колхоздардың қарамағында баянды етілді. Олай болса,

колхозшылар ол жердің басқаға кетуінен қауіптенбей, бұл жерді ұқсатып, мейлінше оңдап отыра алады.

Мұның үшін, екіншіден, колхозшылар тракторларды, машиналарды пайдалана алатын болуы керек. Бұлар сіздерде бар ма? Я, бар. Жұрттың бәріне мәлім, біздің трактор заводтарымыз, ауылшаруашылық машиналарын істейтін заводтарымыз ең алдымен және көбінесе колхоздар үшін істеп, колхоздарды осы замандағы құралдардың бәрімен жабдықтап отырады.

Мұның үшін, ақыр аяғында, үкіметтің колхозшы шаруаларға адаммен де, қаржымен де мейлінше жәрдемдесіп, жау таптардың қалдықтарының колхозды ірітіп бүлдіруіне жол бермей отыруы керек. Мұндай үкіметіңіз бар ма? Я, бар. Ол жұмысшы-шаруалардың совет үкіметі деп аталады. Капиталистерді, помещиктерді, кулактарды және басқа байларды емес, еңбекші шаруаларды қолдап отыратын үкіметі бар елді маған айтып беріңіздерші. Жер жүзінде ондай ел жоқ, болған да емес. Барлық байларға, қанаушыларға қарсы шығып, жұмысшыларды, колхозшы-шаруаларды, қала мен деревнядағы барлық еңбекшілерді мейлінше қорғайтын үкімет тек бізде, Совет елінде ғана бар. (Ұзақ қол шапалақтау.)

Олай болса, колхоз құрылысын үдетуге, бұрынғы ескі бұғаудан толық арылып болуға керекті шарттың бәрі де сіздерде бар.

Сіздерден талап етілетін тек бір нәрсе: адал еңбек етіңіздер, колхоз кірістерін еңбекке қарай бөліңіздер, колхоз мүлкін сақтаңыздар, тракторларды, машиналарды сақтаңыздар, ат-көліктеріңізді жақсылап күтіңіздер, өзіңіздің жұмысшы-шаруа мемле-

кетіңіздің тапсырмаларын орындап отырыңыздар, колхоздарды нығайтыңыздар, колхозға кіріп кеткен кулактарды, олардың құйыршықтарын аластап қуыңыздар.

Бұл қыйыншылықтарды жеңу, яғни адал істеу, колхоз мүлкін сақтау — онша қыйын іс емес десем, бәріңіз де маған қосылатын шығарсыздар. Оның бер жағында, кәзір байларға, қанаушыларға істемейсіздер, өздеріңізге, өз колхоздарыңызға істейсіздер.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, колхоз жолы, социализм жолы — еңбекші шаруалар үшін бірден-бір дұрыс жол болып табылады.

II
БІЗДІҢ ТАЯУДАҒЫ МІНДЕТІМІЗ — БАРЛЫҚ КОЛХОЗШЫЛАРДЫ АУҚАТТЫ ЕТУ

Екінші мәселе — жаңа жолда, біздің колхоз жолында біздің қолымыз неге жетті және таяудағы 2—3 жылда біз неге қол жеткізбекпіз?

Социализм — игі іс. Социалистік бақытты өмір — даусыз игі іс. Бірақ осының бәрі де — келешекте болатын іс. Кәзіргі мәселенің ең бастысы келешекте не нәрсеге қолымыз жететіндігінде емес. Мәселенің ең бастысы — қолымыздың осы күнде неге жеткендігінде. Шаруалар колхоз жолына түсті. Бұл өте жақсы. Ал осы жолда олар не нәрсеге жетті? Колхоз жолымен жүргеннен бері қолымыз қандай елеулі іске жетті?

Біз мынаған жеттік: біз миллиондаған кедейлер бұқарасының колхозға кіруіне көмектестік. Біз мынаған жеттік: колхозға кіріп, жердің ең шұрайлысымен пайдаланып, өндіріс құралының ең жақсыларын

қолданып, миллиондаған кедей бұқарасы орташалар дәрежесіне көтерілді. Біз мынаған жеттік: миллиондаған кедейлер бұқарасы бұрын ашты-тоқты тұрған болса, бұл күнде колхозда орташа болып алды, қамтамасыз адамдарға айналды. Біз мынаған жеттік: шаруалардың кедей және кулак болып жіктелуін жойдық, кулактарды қыйраттық, кедейлерге колхоз ішінде өз еңбегіне өзі қожа болуына, орташа болуына көмектестік.

Колхоз құрылысы өрістеместен бұрын, бұдан 4 жыл бұрын, күй қандай еді? Кулактар байып, өрлей беруші еді. Кедейлер кулактардың құлдығына түсіп, жоқшылыққа ұшырап, күйзеле беруші еді. Орташалар тырысып, тырбанып кулактарға қарай өрмелеген сайын тайып, төмен құлдырап түсетін еді, кулакқа күлкі болып, кедейлердің қатарына қосылушы еді. Мұндай әурешіліктен тек кулактар, мүмкін, бірлі-жарым ауқаттылар ғана ұтқанын түсіну қыйын емес. Деревнядағы әрбір 100 үйден 4—5 үй кулак, 8 немесе 10 үй ауқатты, 45—50 үй орташа, 35 үй кедей болатын еді. Олай болса, барлық шаруалардың ең кем болғанда 35% шамалысы амалсыздың күнінен кулактың торына түсетін кедей болатын еді. Орта шаруалардың тең жартысынан көбірегі болған әлсіз орташалар өз алдына, оларды айтып тұрғаным жоқ, олардың жайы кедейлерден артық болған жоқ, олар да кулактарға тікеден-тіке тәуелді болып отыратын еді.

Біз колхоз құрылысын өрістетіп, жаңағы әурешілік пен әділетсіздікті құрттық, кулактың құлданушылығын құрттық, әлгі қалың кедей бұқарасын колхозға тарттық, оларды жақсылап күн көре алатын еттік; оларды колхоздың жерімен, колхоздарға берілетін же-

ціліктермен, тракторлармен, ауылшаруашылық машиналарымен пайдалана алатын орташалар дәрежесіне жеткіздік.

Ал бұл не деген сөз? Бұл — кем дегенде 20 миллион шаруаны, кемінде 20 миллион кедейді қайыршылықтан, күйзелушіліктен, кулактың құлдығынан құтқардық, колхоздардың арқасында оларды қамтамасыз адамдарға айналдырдық деген сөз.

Бұл үлкен жетістік, жолдастар. Бұл бүгінге дейін дүние жүзінде болып көрмеген жетістік, дүниедегі ешбір мемлекеттің әлі қолы жетіп көрмеген жетістік.

Міне бұл—колхоз құрылысының іс жүзіндегі, елеулі нәтижесі, шаруаның колхоз жолына түскендігінің нәтижесі.

Бірақ бұл — біздің тек **алғашқы** қадамымыз, колхоз құрылысы жолындағы **алғашқы** жетістігіміз ғана.

Біз осы алғашқы қадамымызбен, алғашқы жетістігімізбен тоқтап қалуымыз керек деп ойлау дұрыс болмас еді. Жоқ, жолдастар, біз бұл жетістіктермен тоқтап қала алмаймыз. Онан сайын ілгері басып, колхоздарды біржола нығайту үшін, біз **екінші** қадам басуымыз керек, **жаңа** табысқа жетуіміз керек. Бұл екінші қадам дегеніміз не? Екінші қадам дегеніміз колхозшыларды, — бұрынғы кедейлерді де, бұрынғы орташаларды да, — одан әрі жоғары көтеру. Екінші қадам дегеніміз **барлық колхозшыларды ауқатты ету.** Я, жолдастар, ауқатты етуіміз керек. (Ұзақ қол шапалақтау.)

Біз мынаған жеттік: колхоз арқылы біз кедейлерді орташа қатарына жеткіздік. Бұл өте жақсы. Бірақ бұл аз. Біз тағыда бір қадам алға басып, барлық кол-

хозшылардың, бұрынғы кедейлердің де, бұрынғы орташалардың да ауқатты шаруалардың қатарына жетуіне көмектесуіміз керек. Бұған жетуге болады және біз қайткенмен де осыған жетуіміз керек. (Ұ з а қ қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Алдымызға қойған осы мақсатқа жетуімізге біздің кәзір барлық мүмкіндігіміз бар. Кәзір біздің тракторларымыз, машиналарымыз нашар пайдаланылып отыр. Жерді өңдеуіміз де жөнді емес. Машиналар мен тракторларды оңдап пайдалансақ, жерді жырту ісін оңдасақ болғаны, сонда азық-түлік мөлшерін екі есе, үш есе арттыра аламыз. Ал барлық колхозшыларды колхоз даласының ауқатты еңбекшілеріне айналдыру үшін осының өзі де толық жеткілікті.

Бұрын ауқатты болу үшін қалай ету керек еді. Бұрын ауқатты болу үшін өз көршілеріңді ренжіту керек болатын, оларды қанау керек болатын, оларға сататынды қымбатқа сатып, олардан алатынды арзанға алу керек болатын, батрактардың кейбіреулерін жалшылыққа жалдап алып, оларды мықтап қанау керек болатын, азды-көпті капитал жыйнап, нығайып алғаннан кейін кулак қатарына шығу керек болатын. Бұрын, жеке шаруашылық тұсында кедей, орташалардың ауқатты шаруаларға сенбей, оларды жек көретін мәнісі де осыдан болатын. Кәзір іс бүтіндей басқаша. Кәзір жағдай да басқа. Колхозшылардың ауқатты болуы үшін кәзір өз көршілерін ренжітуі немесе қанауы керек емес. Бүгінде біреудің біреуді қанауы оңай да емес, өйткені жерді жеке меншіктену немесе арендалау бізде енді жоқ; машиналар мен тракторлар мемлекеттікі; ал капиталы бар адамдар колхоздарда енді салттан шықты. Мұндай салт бұрын болған, кәзір

енді мәңгі жоғалды. Колхозшылардың аукатты болуы үшін кәзір бір-ақ нәрсе керек — колхозда адал жұмыс істеу керек, тракторлар мен машиналарды дұрыс пайдаланып, жұмыс көлігін дұрыс пайдаланып, жерді дұрыс өңдеу керек, колхоз меншігін сақтау керек.

Кейбіреулер былай дейді: социализм болғаннан кейін еңбек етіп не керек? Бұрын да еңбек еттік, кәзір де еңбек етіп отырмыз,— еңбек етуді қоятын уақыт жеткен жоқ па осы? Мұндай сөздер мүлдем қате, жолдастар. Бұл — адал еңбекшілердің емес, жалқаулардың философиясы. Социализм еңбекті еш бекерге шығармайды. Қайта керісінше, социализм еңбек арқасында құрылады. Социализм мен еңбек бір-бірінен ажыраса алмайды.

Біздің ұлы ұстазымыз Ленин: «Кімде-кім еңбек етпесе, ішіп жемейді» деген. Бұл не деген сөз, Лениннің бұл сөзі кімге қарсы айтылған? Қанаушыларға қарсы айтылған, өздері еңбек етпей, басқаларға істетіп, солардың еңбегімен баитындарға қарсы айтылған. Тағы кімдерге қарсы айтылған? Өздері жалқаулық етіп, басқаның есебінен күнелтуге тырысқандарға қарсы айтылған. Социализм жалқаулықты керек қылмайды, жұрттың бәрінің адал еңбек етуін, басқалар үшін емес, байлар мен қанаушылар үшін емес, өзі үшін, қоғам үшін еңбек етуін талап етеді. Егер біз адал еңбек етсек, өзіміз үшін, өзіміздің колхозымыз үшін еңбек ететін болсақ, — бас аяғы 2—3 жылдың ішінде барлық колхозшыларды, бұрынғы кедейлерді де, бұрынғы орташаларды да аукаттылар қатарына, азық-түлігі мол, нағыз мәдениетті өмір сүретін адамдар қатарына жеткіземіз.

Біздің кәзіргі таяудағы міндетіміз осы. Біз бұған жете аламыз және біз қалай да осыған жетуіміз керек. (Ұзақ қол шапалақтау.)

III
ЖЕКЕ ЕСКЕРТУЛЕР

Енді кейбір жеке ескертулер жөнінде айтуға рұқсат етіңіздер.

Алдымен деревнядағы **партиядағыларымыз** туралы. Сіздердің араңызда партиядағылар бар, бірақ партияда жоқтар онан да көп. Съезге партияда жоқтардың партиядағылардан көп жыйналғаны өте жақсы, өйткені ісімізге алдымен сол партияда жоқтарды тартуымыз керек. Партияда жоқ колхозшыларға большевикше қарайтын коммунистер бар. Бірақ өзінің партияда барлығына бөлденіп, партияда жоқтарды өзіне жақындатпайтын коммунистер де бар. Бұл жақсы емес және зыянды. Большевиктердің күші, коммунистердің күші мынада: олар партияда жоқ миллиондаған белсенділерді партиямыздың төңірегіне ұйымдастыра біледі. Егер партияда жоқ миллиондаған жұмысшылар мен шаруаларды партия жағына аударып, партияға сендіре білмесек, біз, большевиктер, кәзіргі жетіп отырған табыстарымызға жете алмаған болар едік. Ал мұның үшін не істеу керек? Мұның үшін партиядағылар партияда жоқтардан іргесін аулақ салмай, тек өздерімен өздері болмай, өзінің партияда екеніне бөлденбей, партияда жоқтардың үніне құлақ қойып отыруы керек, партияда жоқтарды үйретіп қана қоймай, сонымен қатар олардан өздері де үйреніп отыратын болуы керек.

Партиядағылар аспаннан түспейтінін ұмытпау керек. Партиядағылардың өздері де бір кезде партияда болмағанын еске алу керек. Бүгін партияда жоқ адам ертең партияға өте алады. Олай болса, бұл жерде бәлденудің не жөні бар? Біздің қарт большевиктердің арасында партияда 20—30 жыл жұмыс істегендері аз емес. Ал бір кезде біздің өзіміз де партияда жоқ едік. Егерде мұнан 20—30 жыл бұрын сол кездегі партия мүшелері бізді елемесе, партияға жуытпаса, не болған болар еді? Мүмкін онда біз партиядан әлденеше жыл алыстаған болар едік. Ал біздер, қарт большевиктер, ең соңғы адамдар емеспіз ғой, жолдастар. (Көңілді күлкі, ұзақ қол шапалақтау.)

Сондықтан да партияда жоқтар алдында кейде мұрнын көкке көтеретін партиядағылар, кәзіргі жас коммунистер, мұның бәрін де есте ұстауы керек, большевиктердің көркі менмендік емес, кішіпейілдік екенін есте ұстауы керек.

Енді **әйелдер, колхозшы әйелдер** туралы бірнеше сөз. Колхоздарда әйелдер мәселесі — үлкен мәселе, жолдастар. Бірсыпыраңыз әйелдерді жете бағаламайсыз, ол түгіл, оларға күле қарайсыз, мен мұны жақсы білем. Бірақ, жолдастар, бұл қате, тіпті үлкен қате. Бұл жерде әңгіме әйелдердің бүкіл халықтың жартысы болуында ғана емес. Әңгіме алдымен мынада: колхоз қозғалысы толып жатқан аса тамаша және іскер әйелдерді басшылық қызметтерге көтерді. Съезге, съезд өкілдеріне қараңыздар, сонда әйелдердің арттағылар қатарынан әлдеқашан алдыңғы қатарға шыққанын көресіздер. Колхоздарда әйелдер үлкен күш. Ол күшті елемеу қылмыс істегендік

болады. Біздің міндет — колхоздарда әйелдерді алға бастыру және бұл күшті іске қосу.

Әрине, мұнан біраз бұрын Совет өкіметінің колхозшы әйелдермен кішкене түсініспе алмаушылығы болды. Әңгіме сыйыр туралы еді. Бірақ кәзір сыйыр туралы әңгіме шешілді, ол түсініспеушілік жойылды. (Ұзақ қол шапалақтау.) Біз мынаған жеттік: кәзір колхозшы шаруалардың көбінің үй басына бір-бір сыйыры бар. Бір-екі жыл өткеннен кейін қолында сыйыры жоқ бір колхозшыны да таба алмайсыз. Біз, большевиктер, барлық колхозшылардың бір-бір сыйыры болуына тырысып бағамыз. (Ұзақ қол шапалақтау.)

Колхозшы әйелдердің өздеріне келсек, олар колхоздың әйелдер үшін қандай күші, маңызы бар екенін естен шығармауға тиіс, әйелдер еркектермен тең болуға мүмкіндікті тек колхозда ғана табатынын естен шығармауға тиіс. Колхозсыз теңдік болмайды, колхозда ғана право теңдігі болады. Колхозшы әйел жолдастар мұны естен шығармай, колхоздық құрылысты көзінің қарашығындай сақтасын. (Ұзақ қол шапалақтау.)

Колхоздағы **комсомолецтер мен комсомолкалар** туралы бір-екі сөз. Жастар — біздің келешегіміз, біздің үмітіміз, жолдастар. Жастар біздің қарттардың орнын басуға тиіс. Жастар біздің туымызды ақырғы жеңіске дейін ұстап баруға тиіс. Шаруалар арасында ескіліктің шырмауынан, ескі әдеттен қол үзбеген, ескі тұрмысты ұмытпаған шалдар аз емес. Әрине, олар өнебойы партияға, Совет өкіметіне ілесіп отыра алмайды. Ал біздің жастарымыз ондай емес. Олар ескіліктің шырмауынан бос жә-

не олар Лениннің өсиеттерін бәрінен тез ұғады. Міне, жастар Лениннің өсиеттерін бәрінен тез ұғатыдықтан да, нақ сондықтан да олар артта қалғандарды, солқылдақтарды алға бастыруға міндетті. Рас, олардың білімі жетпейді. Бірақ білім — табылатын нәрсе. Бүгін білімің болмаса, ертең болады. Сондықтан міндет — ленинизмді үйрену, үйренген үстіне үйрену. Комсомолецтер мен комсомолка жолдастар! Большевизмді үйреніңдер, солқылдақтарды алға бастырыңдар! Мылжыңды азайтып, жұмысты көп істеңдер, — сонда істеріңіз сөзсіз алға басады. (Қол шапалақтау.)

Жеке шаруалар туралы бірнеше сөз. Мұнда жеке шаруалар туралы аз айтылды. Бірақ бұдан олар енді мүлдем жоқ екен деген мағна шықпайды. Жоқ, ондай мағна шықпайды. Жеке шаруалар бар, оларды есептен шығарып тастауға болмайды, өйткені олар — ертеңгі колхозшыларымыз. Жеке шаруалардың бір бөлегі біржола азып, жалдаптыққа түсіп кеткенін білемін. Колхозшылардың жеке шаруаларды колхозға мықтап тексеріп алу, кейде мүлдем алмай қою себебі де осыдан болуға тиіс. Әрине, бұл дұрыс және бұған қарсы сөз болмау керек. Бірақ жалдаптыққа түсіп кетпеген, өзінің адал еңбегімен күн көріп отырған жеке шаруалардың екінші бір көпшілік жағы бар. Бұл жеке шаруалар колхозға кіруден тартынбас та еді. Бірақ оларға, бір жағынан, өзінің колхоз жолының дұрыстығына сеніп жетпеген солқылдақтығы, екінші жағынан, осы күнде колхозшылар арасында жеке шаруаларға қырын қараушылықтың барлығы кедергі болып отыр.

Әрине, колхозшыларды ұғына білу керек, олардың жағдайымен санасу керек. Осы жылдарда олар жеке шаруалардың талай-талай ренжітуіне, күлкі-сықағына көніп келді. Бірақ ренжіту, сықақ дегендеріңіздің бұл жерде аса күшті маңызы болуы керек емес. Ренжігенін ұмыта білмейтін, өзінің ренжу сезімін колхоз ісінің мүддесінен жоғары ұстайтын басшы жақсы басшы емес. Егер сіздер басшы боламын десеңіздер кейбір жеке шаруалардың өздеріңізді ренжіткенін ұмытуларыңыз керек. Мен бұдан екі жыл бұрын Еділ бойындағы бір жесір шаруа әйелден хат алдым. Ол әйел өзін колхозға алмай жатқанын шағым етіп, менің қолдауымды талап етіпті. Мен колхоздан сұрастырдым. Колхоздан маған: ол әйел колхоз жыйналысын қорлағандықтан оны колхозға ала алмаймыз деген жауап келді. Бұл қалай? Мұның мәнісі — колхозшылар шаруалардың жыйналысында жеке шаруаларды колхозға кіруге шақырған кезде жаңағы әйел бұл үндеуге жауап ретінде етегін көтеріп: мә, сендерге колхоз, депті. (Көңілді жүз, күлкі.) Сөз жоқ, бұл әйел қате істеген және жыйылысты қорлаған. Бірақ бір жылдан кейін шын пейілімен өкініп, қатесін мойнына алса, оны колхозға алмай қоюға бола ма? Менің ойымша, оны колхозға алмасқа болмайды. Мен колхозға осылай деп жаздым да. Жесір әйелді колхозға алды. Аяғында не болды? Әлгі әйел колхозда арттағылардың қатарында емес, алдыңғы қатарда жұмыс істеп келеді. (Қол шапалақтау.)

Егер басшылар шын басшы боламын десе, істің мүддесі үшін ренжу дегенді ұмыта білуге тиіс екенін көрсететін тағы бір мысал міне осы.

Жалпы жеке шаруалар туралы да нақ осыны айту керек. Колхозға тексеріп алу дегенге мен қарсы емеспін. Бірақ талғаусыз барлық жеке шаруаларға колхоз есігін жауып қою дегенге мен қарсымын. Бұл біздің саясатымыз емес, бұл большевиктік саясат емес. Колхозшылар өздерінің де кеше ғана жеке шаруа болғанын ұмытпаулары керек.

Ақырында, **Безенчук колхозшыларының хаты туралы**[66] бірнеше сөз. Бұл хат баспасөз бетінде жарияланды, оны оқыған боларсыз. Бұл хат талассыз жақсы хат. Біздің колхозшылар арасында еліміздің мақтануына тұрарлықтай колхоз ісінің тәжрибелі, саналы ұйымдастырушылары, үгітшілері аз емес екендігі осы хаттан көрініп тұр. Бірақ хаттың ішінде ешбір қосылуға болмайтын бір қате жері бар. Әңгіме мынада: Безенчуктегі жолдастар өздерінің колхоздағы еңбегін өте кішкене, елеусіз етіп көрсеткен де, кейде үш құлаш сөз сөйлейтін шешендер мен көсемдердің еңбегін ұлы, творчестволық еңбек деп көрсеткен. Бұған қосылуға бола ма? Жоқ, жолдастар, бұған ешбір қосылуға болмайды. Безенчуктегі жолдастар бұл жерде қателесіп отыр. Мүмкін, олар бұл жерде кішіпейіл болғысы келіп қателескен шығар. Бірақ мұнымен ол қате қате болмай қала алмайды. Көсемдер бірден-бір тарих жасаушылар болып саналып, жұмысшылар мен шаруалар санға алынбай қалатын заман өткен. Қәзір халықтардың, мемлекеттердің тағдырын тек көсемдер ғана шешпейді, ең алдымен, көбінесе еңбекшілердің миллиондаған бұқарасы шешеді. Айқай-ұйқайсыз фабрикалар мен заводтарды, шахталар мен темір жолдарды салып жатқан, колхоз, совхоздарды құрып жатқан, тіршіліктің бар игілігін жасап, бүкіл дүниені

тамақтандырып, киіндіріп отырған жұмысшылар мен шаруалар, — мінеки, нағыз ерлер, жаңа тұрмыстың жасаушылары осылар. Сірә Безенчуктегі жолдастар мұны ұмытып кетсе керек. Адамдар өз күшін асыра бағалап, өз еңбегін айтып, менмендікке салынса, бұл жаман болады. Мұның аяғы мақтаншылыққа соғады, ал мақтаншылық жақсы қылық емес. Ал адамдар өздерінің күшін жете бағаламаса, өздерінің «сәл», «болмашы» еңбегі шынында тарихтың тағдырын шешетін ұлы, творчестволық еңбек екенін көрмесе, одан да жаман болады.

Безенчуктегі жолдастардан өздерінің хатына менің осы кішкене түзетуімді мақұлдауын тілер едім.

Қәні, осымен тоқтайық, жолдастар.

(Ұзақ уақытқа дейін басылмай, оваңияға айналған қол шапалақтау. Жұрттың бәрі орындарынан тұрып, Сталин жолдасқа қошемет көрсетті. «Ура» деген дауыстар шықты. «Сталин жолдас жасасын, Ура! Алдыңғы қатардағы колхозшы жасасын! Біздің көсеміміз Сталин жолдас жасасын!» — деген дауыстар залды жаңғырықтырып жатты.)

«Правда» № 53,
23 февраль, 1933 ж.

ҚЫЗЫЛ АРМИЯНЫҢ 15 ЖЫЛДЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚҮТТЫҚТАУ

ССР Одағының Революциялық Соғыс Советіне

Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясының жауынгерлеріне, командирлеріне және саяси қызметкерлеріне сәлем!

Лениннің басшылығымен құрылған Қызыл Армия ССРО-дан интервенттерді қуып шығып, елімізде социализм ісін қорғап қалып, азамат соғысының ұлы шайқастарында өзін өшпес даңққа бөледі.

Қызыл Армия енді бейбітшіліктің және жұмысшылар мен шаруалардың бейбіт еңбегінің тірегі, Совет Одағы шекараларының кірпік қақпас күзетшісі болып табылады.

Біздің еліміздің жұмысшылары бесжылдықты төрт жылда жеңісті түрде аяқтап, Қызыл Армияны отан қорғаудың жаңа қаралармен қаруландырып жатыр. Сіздердің міндеттеріңіз, жолдастар — осы қаруларды жетік меңгеріп, егер жау елімізге соқтыға қалса, ел алдындағы өз борыштарыңызды өтеп шығу.

Лениннің туын, коммунизм үшін күрестің туын жоғары ұстаңдар!

Батыр Қызыл Армия, оның басшылары, оның Революциялық Соғыс Советі жасасын!

И. Сталин

«Правда» № 53,
23 февраль, 1933 ж.

БАРНЕС МЫРЗАНЫҢ ХАТЫНА ЖАУАП

20 март, 1933 ж.

Құрметті Барнес мырза!

Сіздің ССРО-дағы американ азаматтардың қауіпсіздігі жайында қауіптенуіңіздің ешқандай дәлелі жоқ.

ССРО ұлттық өшпенділік білдіру немесе шетелдіктерді шетелдіксің деп жек көру дегендерді заң бойынша жауапқа тартатын дүние жүзіндегі азғантай мемлекеттердің бірі болып табылады. Ұлттық тегіне бола біреудің ССРО-да қуғынға ұшырауы деген болған емес және болуы да мүмкін емес. Бұл әсіресе ССРО-дағы шетелдік мамандар жөнінде, оның ішінде жұмыстары, менің ойымша, алғыс айтуға тұрарлық американдық мамандар жөнінде әбден дұрысқа келеді.

Ал «Метро-Виккерстегі»[67] бірнеше ағылшындарды алатын болсақ, олар ағылшын болғандықтан емес, тергеуші орындардың дәлелдеулері бойынша, ССРО-ның заңдарын бұзған адамдар болғандықтан жауапқа тартылып отыр. Орыстардың өзі де солай жауапқа тартылып отырған жоқ па? Бұл істің американ азаматтарға қандай қатысы бар екенін мен білмеймін.

Қызметіңізге дайын ***И. Сталин***

Бірінші рет басылып отыр

С. М. БУДЁННЫЙ ЖОЛДАСҚА

Азамат соғысында бірге болған жауынгер жолдас, даңқты Қызыл аттыәскердің ұйымдастырушысы және жетекшісі, революцияшыл шаруалардың Қызыл Армия басшылығына көтерген аса талантты өкілі, Буденный жолдасқа, оның елу жасқа толған күні — большевиктік жалынды сәлем!

Қолыңызды қатты қыстым, қымбатты Семён Михайлович.

И. Сталин.

«Правда» № 115,
26 апрель, 1933 ж.

ПОЛКОВНИК РОБИНСПЕН ӘҢГІМЕ

13 май, 1933 ж.

(Қысқаша жазба)

Сталин. Қандай қызмет көрсете аламын?

Робинс. Мен сізбен дыйдарласуға мүмкіндік алғандығымды өзім үшін үлкен аброй деп есептеймін.

Сталин. Мұнда тұрған оншалық ештеңе жоқ. Сіз асырып айтып отырсыз.

Робинс (күледі). Маған ең қызықты болған нәрсе — мен бүкіл Россия бойына барлық жерлерде Ленин — Сталин, Ленин — Сталин, Ленин — Сталин деп бірге айтылған есімдерді кездестірдім.

Сталин. Бұл арада да асырып айтқандық бар. Маған Ленинмен барабар келу қайда.

Робинс (күледі). Бүкіл осы уақыт ішінде дүние жүзіндегі ең тұрақты үкімет Советтік Россия үкіметі — Халық Комиссарлары Советі болды деп айту да асырып айтқандық бола ма?

Сталин. Бұл, сірә, асырып айтқандық бола қоймас.

Робинс. Тамаша, маңызды нәрсе: бұл үкімет өзінің жұмысында реакциялық бағытпен кетпеді, Ленин тағайындаған үкімет күшті болып шықты. Ол барлық жаулық бағытқа қарсылық жасауда.

Сталин. Бұл рас.

Робинс. Мен Россияның 15 жыл ішінде өркендеп кеткендігін бірінші май демонстрациясында өте айқын көріп, терең түсіндім, өйткені мен бірінші май демонстрациясында 1918 жылы болған едім, ал кәзір, 1933 жылы — болып отырмын.

Сталин. Кейінгі уақыт ішінде біз азды-көпті істер істеп үлгердік. Шынында 15 жыл деген мерзім — бұл ұзақ мерзім.

Робинс. Осы уақыттың ішінде Советтік Россияның қолы жеткен мұндай зор прогресс жасау үшін мемлекеттің тіршілігіне дегенмен де бұл қысқа мерзім.

Сталин. Біздің мұнан да көп істеуге мүмкіндігіміз бар еді, бірақ істей алмадық.

Робинс. Екі демонстрацияның негізгі ұрандары мен негізгі бағыттарын салыстыру тамаша нәрсе. 1918 жылғы демонстрация сыртқа, бүкіл дүние жүзі пролетариатына, революция жасауға шақырып халықаралық пролетариатқа назар аударған еді. Кәзіргі ұран басқаша. Кәзір еркектер, әйелдер, жастар демонстрацияға шыққанда — міне менің елім, мұны біз өркендетіп жатырмыз, міне менің елім, мұны біз бар күшімізді салып қорғаймыз деп айту үшін шығып отыр.

Сталин. Демонстрация ол кезде үгіттік сыйпат алған болатын, ал кәзірде — қортындылық сыйпат алып отыр.

Робинс. 15 жыл бойына екі елдің арасында дұрыс қарым-қатнас орнату ісіне менің зер салып келгенімді және Американың билеп-төстеуші топтарының тарапынан болып келген жаулық көзқарасты жоюға тырысып келгенімді, мүмкін, Сіз білетін боларсыз.

Сталин. Мен бұл туралы 1918 жылы Лениннің айтуы бойынша, ал одан кейін фактылар жүзінде білгем. Мен мұны білемін.

Робинс. Мен мұнда жай азамат ретінде өз бетіммен келдім, сондықтан өз атымнан сөйлеймін. Менің келудегі басты мақсатым: қарым-қатнас болашағын анықтау, орыс жұмысшыларының жұмыс істей білу, творчестволық өнер табу қабілеттілігі жөнінде нағыз фактыларды анықтау. Антисоветтік насихат былай дейді: орыс жұмысшысы жалқау, орыс жұмысшысы жұмыс істей білмейді, оның қолындағы машина бүлінуде, мұндай елдің болашағы болмайды дейді. Менің бұл насихатпен сөзбен ғана емес, сонымен қатар қолыма фактыларды ұстай отырып күрескім келеді.

Менің жоғарыдағыға байланысты білгім келетін екінші мәселе—ауыл шаруашылығының хал-жайы туралы мәселе. Индустрияландыру ауыл шаруашылығын күйзелтті, шаруалар егін салуды қойды, астық жыйнауды қойды десіп жүр. Россия быйыл аштан сөз жоқ өледі деп жыл сайын айтады. Осы айтылып жүргендерді теріске шығару үшін ауыл шаруашылығы саласындағы фактылармен танысқым келеді. Менің бірінші рет, быйылғы жылы, жаңа дақыл себілген жерлерді көрем деген ойым бар. Менің ерекше білгім келетін нәрсе: Совет Одағының негізгі дәнді дақылдарының дамуы.

Менің білгім келетін үшінші мәселе — халық ағарту ісі, балалар мен жастардың жетілуі, олардың тәрбиесі жайындағы мәселе. Творчестволық даналық, өнер тапқыштық деп аталатын искусство мен әдебиет саласында халық ағарту ісі қаншалықты дамығанды-

ғын білгім келеді. Америкада творчествоның екі түрі — бірі кабинеттік творчество, екіншісі — кең өмірлік творчество, творчестволық рухтың өмірге асуы рұхсат етіледі. Менің білгім келетіні — балалардың қалай жетілетіндігі, жастардың қалай жетілетіндігі. Олардың қалай оқыйтынын, олардың қалай тәрбиеленетіндігін және қалай жетілетіндігін іс жүзінде көрем деген менің ойым бар.

Бірінші және үшінші мәселелер жөнінде мен кейбір бағалы нәрселерді кәзірдің өзінде-ақ байқап отырмын, ал бұдан былай қосымша мәліметтер аламын деп ойлаймын. Екінші мәселе жөнінде — ауыл шаруашылығының дамуы жөнінде, менің Магнитогорскіге, одан Ростов, Харьковке сапар жүрген және одан қайтқан жолымда шын фактыларды зерттеп пайымдармын деген ойым бар. Менің колхоздарға көз салып, ертеден келе жатқан аралас танапты егістің қай түрде жойылып жатқанын және ірі ауыл шаруашылығының қай түрде дамуын көрем деген ойым бар.

Сталин. Сізге менің пікірім қажет пе?

Робинс. Я, Сіздің пікіріңізді білгім келеді.

Сталин. Совет жұмысшысының машинаны игеруге қабілеті жоқ, оларды қыйратады деп айтылып жүрген сөздер — мүлдем дұрыс емес.

Мен бұл жөнінде мынаны айтуға тиіспін: Батыс Европа мен Америкада болған жағдайлар бізде жоқ, онда жұмысшылар машинаны әдейі қыйратқан болатын, өйткені машиналар оларды бір үзім нанынан айырған-ды. Бізде машиналарға жұмысшылар тарапынан ол сыякты көзқарас жоқ, өйткені машиналар жұмыссыздық жоқ жағдайда жаппай түрде еніп отыр, өйткені машиналар, сіздердегідей, жұмысшыларды на-

нынан айырмайды, қайта олардың еңбегін жеңілдетеді.

Жұмысшылардың жұмыс істей білмеуіне, мәдениетсіздігіне келетін болсақ, — ол рас, бізде мәдениетті жұмысшы аз, сондыктан олар, Европадағы немесе Америкадағы сыякты, машиналарды онша жақсы игере алмайды. Бірақ мұның өзі бізде уақытша нәрсе. Егер, мәселен, жаңа техниканы меңгеру ісін тарих бойына жұмысшылар қай жерде тез үйренді — Европада ма, Америкада ма немесе осы 5 жылда Россияда ма — деген мәселені зерттесек, — менің ойымша, Россияда жұмысшылар, мәдениеттілігінің төмендігіне карамастан, тезірек үйренді. Шынында, Батыста дамыған техника бола тұрса да, онда дөңгелекті трактор өндіру ісін меңгеру бірнеше жылға созылды. Бізде бұл іс тезірек меңгерілді. Мәселен, Сталинградта, Харьковта трактор өндірісі небәрі 12—14 айларда-ақ меңгерілді. Қәзір Сталинград трактор заводы жобаланған қуаты бойынша ғана орындап коймайды, күніне 144 трактор беріп қана коймайды, ал кейде 160 трактор береді, яғни жобаланған қуатынан асырып істейді. Мен мұны мысал үшін алып отырмын. Бізде трактор өнеркәсібі — жаңа, ол бұрын болмаған. Сондай-ақ авиация өнеркәсібі де — жаңа, күрделі іс, бұл да тез меңгерілді. Меңгерудің тездігі жағынан алғанда автомобиль өнеркәсібі де осындай күйде. Станок жасау ісі де — осындай.

Менің ойымша, машиналар өндіру ісін мұндай тез меңгерудің тетігі орыс жұмысшыларының ерекше қабілеттілігінде емес, оның тетігі, айталық, самолет өндіру ісі, оған мотор өндіру, тракторлар, автомобильдер, станоктар өндіру ісі бізде адамның жеке басының

ісі болып саналмай, қайта мемлекеттік іс болып саналатындығында. Онда, Батыста, жұмысшылар жалақы алу үшін өндіреді, ал басқасына қолын бір-ақ сілтейді. Бізде өндіріс қоғамдық іс, мемлекеттік іс болып саналады, аброй әперетін іс болып саналады. Міне сондықтан да бізде жаңа техника соншалық тез меңгеріледі.

Мен жалпы алғанда белгілібір ұлт жұмысшылары жаңа техниканы меңгеруге қабілетсіз келеді-міс деп мәселе көтеруге болмайды деп есептеймін. Мәселеге нәсіл тұрғысынан қарайтын болсақ, онда Америкада, мәселен, негрлер «төмен адамдар» болып саналады, алайда, олардың техниканы меңгеруі ақтардан кем емес. Белгілібір ұлт жұмысшыларының техниканы меңгеруі жөніндегі мәселе биологиялық мәселе емес, тұқым қуатын мәселе емес, уақытқа байланысты мәселе: бүгін меңгермесе, ертең үйренеді де меңгереді. Техниканы жұрттың бәрі де меңгере алады, соның ішінде бушмен де, егер оған көмектессе, меңгере алады.

Робинс. Оның үстіне меңгеруге ынта да, талап та болуы керек.

Сталин. Әрине. Орыс жұмысшыларында талап, ынта әбден жеткілікті. Олар жаңа техниканы меңгеру ісін аброй әперетін іс деп санайды.

Робинс. Мен мұны сіздердің фабрикаларыңызда байқадым да, онда социалистік жарыстың нәтижесінде жаңа жігер, жаңа ынта пайда болатындығын көрдім, мұны ешуақытта да ақшаның сатып алуы мүмкін емес, өйткені жұмысшылар өзінің бұл жұмысынан ақшаның беретінінен гөрі жақсырақ, зорырақ бір нәрсе күтеді.

Сталин. Бұл дұрыс. Ол аброй әперетін іс.

Робинс. Мен өзіммен бірге Америкаға өндірісті жақсартып отырған, өндіріске бірсыпыра қор жыйнақтап беріп отырған жұмысшылардың өнертапқыштығының, жұмысшылардың творчестволық ұсыныстарының өркендеуін көрсететін диаграммалар апарамын. Мен Совет Одағына өндірісті жақсарту, қор жыйнау мағнасында алғанда көп нәрсе берген жұмысшы өнертапқыштардың портреттерін көрдім.

Сталин. Мұндай жұмысшылар бізде едәуір көбейді, бұл — өте қабілетті адамдар.

Робинс. Мен Москвадағы сіздердің үлкен заводтарыңыздың бәрінде — АМО, Шарикоподшипник, Фрезер және басқаларында болдым, барлық жерде де жұмысшылардың өнертапқыштығын арттыру жөніндегі ұйымдарды кездестірдім. Ерекше әсер туғызған — осы заводтардың бірқатарындағы аспаптар цехы. Оның себебі: осы аспаптар цехтары өз заводтары үшін өте бағалы аспаптар береді, бұл цехтардағы жұмысшылар өздерінің барлық қабілеттілігін салып, өздерінің барлық творчестволық бастамасын қолданып жұмыс істейді, сөйтіп таңқаларлықтай нәтижелерге ие болып отыр.

Сталин. Осыларға қарамастан, бізде кемістік те көп. Бізде маман жұмысшылар аз. Ал олар бізге өте көп керек. Техника қызметкерлері де аз. Бұл қызметкерлердің саны жыл сайын өсуде, дегенмен олар бізге керек болып отырғанынан әлі аз. Бізге американдар көп көмектесті. Мұны мойындау керек. Басқалардан жақсы және басқалардан батыл көмектесті. Бұл үшін оларға рахмет.

Робинс. Мен сіздердің кәсіпорындарыңызда нағыз интернационализм көрдім, ол маған күшті әсер етті.

Сіздердің заводтарыңыздың басшылығы қай елдің де — Францияның да, Американың да, Англияның да немесе Германияның да — техникалық табыстарын ол елдер жөнінде еш бір соқыр сенімсіз пайдалануға әзір. Ал менің ойымша осы интернационализм басқа елдердің машиналарының артықшылығының бәрін бір машинаға біріктіруге, сөйтіп анағұрлым жетілдіріле түскен машиналар жасауға мүмкіндік береді.

Сталин. Бұл болады.

Екінші мәселе — индустрияландыру ісі ауыл шаруашылығын күйзелтті-мыс деген мәселе жөнінде. Бұл да теріс пікір. Индустрияландыру бізде ауыл шаруашылығын күйзелтпейді, қайта ауыл шаруашылығын сақтайды, шаруаны сақтайды. Бізде бұдан бірнеше жыл бұрын өте бытыраңқы ұсақ, тым ұсақ шаруа шаруашылығы өмір сүрген еді. Жерді бөлшектеудің өсуіне байланысты шаруалардың үлесі соншама ұсақталды, тіпті тауықты жіберетін де жер болмады. Бұған тың жерді ғана емес, тіпті кәдімгі азын-аулақ қатаң жерді де жыртуға күші келмейтін ауыл шаруашылығының соқа сияқты тұрпайы құралы мен қоңсыз атты қосыңыз, сонда Сіз ауыл шаруашылығының кері кетуінің бейнесін көретін боласыз. Бізде бұдан 3—4 жыл бұрын ССРО бойынша 7 миллион шамасы соқа болатын. Шаруалардың қалауына қалғаны: не тізе бүгіп өлу, не жерді пайдаланудың жаңа түріне, жерді машина арқылы өңдеу әдісіне көшу болды. Совет өкіметінің шаруаларға осы қарсаңда жасаған шақыруының — өздерінің ұлтарақтай ұсақ жерлерін біріктіріп үлкен аумақты жер жасауға, бұл жерлерді өңдеу үшін, егінді жый-

нап бастыру үшін үкіметтен тракторлар, егін жыйнайтын машиналар, молотилкалар алуға шақырған ұсынысының — шаруалар арасында өте күшті қуатталғандығын да, шынында, осыдан деп білу керек. Совет үкіметінің ұсынысын шаруалардың қабыл алғандығы, өздерінің ұлтарақтай жерлерін біріктіріп үлкен жерлер жасай бастағандығы, тракторлар мен басқа да машина алғандығы, сөйтіп ауыл шаруашылығын ірілендірудің даңғыл жолына, ауыл шаруашылығын түбірінен жақсартудың жаңа жолына түскендігі түсінікті.

Демек, индустрияландыру нәтижесінде шаруалар тракторлар мен басқа машиналар алды, ол шаруаларды сақтап қалды, ауыл шаруашылығын сақтап қалды.

Бізде ұсақ шаруа шаруашылығын селолар бойынша ірі шаруашылық етіп біріктіру процессі коллективтендіру деп, ал біріккен ірі шаруашылықтың өзі — колхоздар деп аталады. Бізде жерге жеке меншіктің жоқтығы, жерді национализациялағандық коллективтендіру ісін недәуір жеңілдетеді. Жер колхоздарға мәңгі пайдалануға берілген, ал жерге жеке меншіктің жоқтығына байланысты бізде жерді сауда-саттыққа салу деген болмайды, сөйтіп осының бәрі колхоздың құрылысы мен даму ісін недәуір жеңілдетеді.

Мен бұлай дегенде, мұның бәрі, яғни коллективтендіру және басқалары ешбір қыйыншылықсыз өтіп жатыр дегім келмейді. Қыйыншылық, әрине, бар және кіші-гірім де емес. Әрбір үлкен жаңа іс сыяқты, коллективтендірудің де достары ғана емес, сонымен қатар жаулары да бар. Осыған қарамастан, де-

генмен шаруалардың басым көпшілігі коллективтендіру жолында болып отыр, ал оның жауларының саны барған сайын кеми түсуде.

Робинс. Әрбір ілгері өрлеу белгілі шығынды керек етеді, сондықтан оны біз еске аламыз және өзіміздің есебімізге қосамыз.

Сталин. Алайда осы қыйыншылықтарға қарамастан, бір нәрсе айқын — және бұл факт жөнінде мен ешбір күмәнданбаймын: ауыл шаруашылығын коллективтендірудің факт болып отырғандығын, одан кері қайтудың болмайтындығын шаруалардың $^{19}/_{20}$ мойындады, ал шаруалардың көпшілігі бұларды үлкен қуанышпен қарсы алды. Сонымен мұның өзі кәзірдің өзінде-ақ іс жүзіне асып отыр. Ауыл шаруашылығының біздегі басым формасы кәзір — коллективтік шаруашылық. Егер егістің немесе егін жыйнаудың, астық өндірудің цифрларын алатын болсақ,— кәзіргі уақытта жеке шаруалар астықтың барлық жалпы өнімінің 10—15% ғана береді. Қалғанын колхоздар береді.

Робинс. Мына мәселені білгім келеді — өткен жылы егін жыйнау қанағаттанғысыз өтті деген рас па, өткен жылы егін жыйнау қанағаттанғысыз өткеніне қарамастан, кәзір егіс науқаны қанағаттанарлық түрде өтіп жатыр деген рас па?

Сталин. Өткен жылы егін жыйнау оның алдындағы жылға қарағанда онша қанағаттанарлық болмады.

Робинс. Мен Сіздің сөйлеген сөзіңізді оқыдым, ал сол тұрғыдан қарап, осы жылы егін жыйнау жұмысының неғұрлым ойдағыдай өтуі қамтамасыз етіледі ғой деп ойлаймын.

Сталин. Егін жыйнау, барлық деректерге қарағанда, анағұрлым тәуір өтуге тиіс.

Робинс. Сіздер ауыл шаруашылығын индустрияландыра алдыңыздар, ал басқа елдің ешқайсысы да мұны істей алмаған еді, мен бұл аса зор табысты Сізменен кем бағаламайды деп ойлаймын. Капиталистік елдердің бәрінің де ауыл шаруашылығы терең кризисті басынан кешіріп жатыр және индустрияландыруды керек етіп отыр. Капиталистік елдердің өнеркәсіп өндірісі өйтіп-бүйтіп қолдарынан келіп отыр, ал ауыл шаруашылығы олардың бірде-бірінің қолынан келмей отыр. Совет Одағының үлкен табысы сол — ол осы міндетті шешуді қолға алды, ол міндетті ойдағыдай шешуде.

Сталин. Я, бұл факт.

Ауыл шаруашылығы саласындағы біздің табыстарымыз бен кемістіктеріміз осындай.

Енді үшінші мәселе — балалардың, жалпы алғанда жастардың тәрбиесі жөнінде. Бізде жастар жақсы, шат көңілді. Біздің мемлекет балаларға жақсы күтім болып, жастарға жақсы тәрбие беру үшін қаражат аямайды, мұның өзі оның басқа мемлекеттердің бәрінен де айырмашылығы болып табылады.

Робинс. Америкада былай деп санайды: сіздерде баланың жетілуі белгілібір қатаң шектермен шектелген, ал ол шектер творчестволық рухтың дамуына еркіндік, ақыл еркіндігін қалдырмайды. Сіз творчестволық рухтың дамуына еркіндіктің, ойын айта білу еркіндігінің,— ерекше үлкен маңызы бар деп санамайсыз ба?

Сталин. Біріншісі—шектелу жөнінде—дұрыс емес. Екіншісі дұрыс. Бала тұйықтық, тар шеңберлі регла-

менттеу режимі тұсында, белгілі түрде еркіндік болмаса, ынтасын қолдап отыру болмаса өзінің қабілеттілігін дамыта алмайтындығы сөзсіз. Жастарға келетін болсақ, оларға барлық жол ашық және ол бізде еркін кемеліне келе алады.

Бізде баланы ұрмайды, оны өте сирек жазалайды, оған өзіне ұнайтынын таңдауға мүмкіндік береді, оған өзі таңдаған жолға түсуге мүмкіндік береді. Мен балалар жөнінде, оның тәрбиесі, жетілуі жөнінде біздегі, Совет Одағындағы, қамқорлық сыяқты қамқорлық ешбір жерде жоқ деп ойлаймын.

Робинс. Жаңа ұрпақ адамдарының мұқтаждық езгісінен құтылғандығы, экономикалық жағдай жанышитауынан құтылғандығы нәтижесінде, осы құтылу творчестволық жігердің гүлденуіне, жаңа искусствоның гүлденуіне, мәдениеттің және бұрын жоғарыда айтылған бұғаулардың бәрінің қыспағында болып келген искусствоның да гүлденуіне бастайды деп санауға бола ма?

Сталин. Бұл сөзсіз дұрыс.

Робинс. Мен коммунист емеспін және коммунизм жөнінде түсінуім де онша мардымды емес, алайда мен Американың осы жерде, Совет Россиясында, болып отырған дамуға қатысуына мүмкіндік алуын тілер едім; бұл мүмкіндікті американдар тану жолымен, кредит беру жолымен, екі елдің арасында, мәселен, Қыйыр Шығыста, дұрыс өзара қатнас орнату жолымен алуын тілер едім, сіздерде болып отырған зор жігер салуды қамтамасыз ету үшін, ол зор жігер салудың табыспен аяқталуы үшін алуын тілер едім.

Сталин (күлген бейнемен). Жақсы тілегіңіз үшін Сізге алғыс айтамын.

Робинс. Менің ең жақын достарымның бірі сенатор Бора, ол Совет Одағының қалтқысыз досы және американ мемлекет басшыларының арасында Совет одағын тануды жақтап келген күрескер болатын.

Сталин. Бұл рас, ол біздің елдеріміздің арасында дұрыс қатнас болуы үшін көп қам жеуде. Бірақ, амал не, әзірге ол нәтиже шығара алмай жүр.

Робинс. Барлық нақтылы фактылардың екі елдің арасында өзара дұрыс қатнас орнату бағытында, кейінгі 15 жылдың ішінде жасаған қыймылдарынан, кәзір анағұрлым күшті қыймыл жасап отырғанына мен сенемін.

Сталин. Бұл рас. Бірақ бұған бөгет болып отырған бір факт бар: Англия бұған бөгет болып отыр, менің ойымша (күледі).

Робинс. Мұның осылай екені күмәнсіз. Алайда жағдай бізді ең алдымен өзіміздің тән мүдделеріміздің тұрғысынан карауға мәжбүр етіп отыр, ал өзіміздің мүдделеріміз бен басқа елдер бізді итермелеп отырған мүдденің арасындағы дау-жанжал Американы сондай өзара қатнас орнатуға кәзір қай уақыттағыдан да артық итермелеп отыр. Біз американ экспортының дамуына құштармыз. Үлкен мүмкіндіктері бар бірден-бір үлкен рынок, осы уақытқа дейін ешкім толық пайдаланбаған рынок,— орыс рыногі. Американың іс адамдары, егер көңілі сокса, ұзақмерзімді кредиттер бере алар еді. Олар Қыйыр Шығыста тыныштықтың болуына құштар, бұған Совет Одагымен дұрыс азара қатнас орнату үлкен жәрдем

жасар еді, баска ешнәрсе мұндай жәрдемдесе алмас еді. Бұл жөнінде Литвинов мырзаның шабуыл жасаушы елді анықтау мәселесі бойынша Женевада жасаған мәлімдемесі түгелімен Брианның — Келлоганың пактысы бағытында жатыр, бұл пакт бейбітшілік туралы мәселеде ірі роль атқарды. Американың мүддесі бүкіл дүние жүзінде экономикалық өзара катынасты тұрақтандыруды көздейді, сонымен қатар, ССРО жалпы экономикалық системадан оқшау болып отырған уақытта, экономикалық дұрыс өзара қатнас орнатуға болмайтындығын біз өте жақсы түсінеміз.

Сталин. Мұның бәрі дұрыс.

Робинс. Мен түзелмейтін оптимиспін және сол қалпымда қалып та отырмын. Мен бір кезде, бұдан 15 жыл бұрын, большевиктік революцияның басшыларына сенгенмін. Ол кезде оларды неміс империализмінің агенттері деп көрсететін, атап айтқанда Ленинді немістің агенті деп санады. Алайда мен Ленинді кемеңгер адам, бүкіл дүние жүзі тарихында аса кемеңгер көсем деп санап келдім және солай деп санаймын да.

Бірінші деректемелерден мен алған түсінік информация екі елдің жақындасу және өзара істес болу жоспарын жүзеге асыруға бәлкім жәрдемдесе алар деп мен сенемін, мен ол жоспар жөнінде айтып кеттім.

Сталин (к ү л і п). Құдай бұйыртсын.

Робинс (к ү л е д і). Егер сіз американша айткан болсаңыз, онда Сіз — «Екі қолым сау болсын» дер едіңіз. Американдықтардың өз қолында көп күш қалғанына сенімі жоқ.

Сталин. Солай-ақ болсын.

Робинс. Мен жаңа дүние жасауға қатысудан, кәзірде біз шұғылданып отырған іске қатысудан жоғары дәреже, аса зор ешнәрсе жоқ деп санаймын. Жаңа дүние творчествосы мен оны орнату ісіне қатысу фактысы кәзір ғана емес, сонымен қатар мыңдаған жылдар тұрғысынан қарағанда да өте зор маңызы бар нәрсе болып табылады.

Сталин. Дегенмен бұл іс өте қыйын (күледі).

Робинс (күледі). Сіздің маған көңіл бөлгеніңіз үшін мен Сізге өте алғыс айтамын.

Сталин. Сіздің 15 жыл өткеннен кейін ССРО туралы есіңізге түсіріп, оған келгеніңіз үшін Сізге алғыс айтамын (екеуі де күледі. Робинс баснеді).

Бірінші рет басылып отыр

БЛКЖО-ның ОНБЕСЖЫЛДЫҚ МЕРЕКЕСІ КҮНГІ ҚҰТТЫҚТАУ

Лениншіл жұмысшы-шаруа комсомолына, біздің даңқты революцияшыл жастардың ұйымдастырушысына, оның онбесжылдық мерекесі күні — достық сәлем!

Біздің жастарды ленинизм рухында тәрбиелеу ісінде, біздің жастарды жұмысшы табының жауларына қарсы бітіспес күрес рухында және дүние жүзінің барлық тілдері мен нәсілдерінің еңбекшілері арасында интернационалдық туысқандық бірлікті мейлінше нығайту рухында тәрбиелеу ісінде оның табысқа жетуін тілеймін.

Екпінді комсомолдар мен екпінді комсомолкалар заводтардың, фабрикалардың, шахталардың, темір жолдардың, совхоздардың, колхоздардың жаңа құрылысы дәуірінде өздерін даңққа бөледі. Екпінді комсомолдар мен екпінді комсомолкалар халық шаруашылығының барлық саласында жаңа техниканы меңгеру ісінде, еліміздің отан қорғау күшін арттыру ісінде, армиямызды, флотымызды, авиациямызды ны-

ғайту ісінде одан да артық ерлік көрсетіп, бастама жасайды деп сенеміз.

Ленин комсомолы өзі өмір сүрген 15 жыл бойына Лениннің даңқты туын берік ұстап, батыл түрде ілгері басты, ол тудың төңірегіне миллиондаған жұмысшы, шаруа жастарды, миллиондаған жұмысшы, шаруа жас әйелдерді ойдағыдай топтастырды. Ленин комсомолы алдағы уақытта да Ленин туын жоғары ұстап, оны біздің даңқты күресіміздің жеңісінің ақырына дейін, социализмнің толық жеңісіне дейін абыроймен апарады деп сенеміз.

Ленин комсомолы жасасын!

Ленин комсомолының Орталық Комитеті жасасын!

И. Сталин

28 октябрь, 1933 ж.

«Правда» № 299,
29 октябрь, 1933 ж.

«НЬЮ-ЙОРК ТАЙМС» ГАЗЕТІНІҢ ТІЛШІСІ ДЮРАНТИ МЫРЗАМЕН ӘҢГІМЕ

25 декабрь, 1933 ж.

Дюранти. Америка халқына «Нью-Йорк Таймс» арқылы хат жазуға рыйзалығыңыз болмас па екен?

Сталин. Жоқ. Қалинин мұны жазды[68], мен оның ерекше правосына қол сұға алмаймын.

Егер әңгіме САҚШ пен ССРО арасындағы қатнас жөнінде болып отырса, онда, әрине, мен зор маңызы бар акт ретінде, қатнастың жаңғырғанына рыйзамын, өйткені саяси жағынан — мұның өзі бейбітшілік сақтауға мүмкіндік береді; экономикалық жағынан — мұның өзі көлденең элементтерді аулақтайды, сөйтіп біздің елдерімізге олардың мүддесі бар мәселелерді нақтылы негізде талқылауға мүмкіндік береді; ақырында, мұның өзі өзара кооперациялану үшін жол ашады.

Дюранти. Сіздің ойыңызша, совет-америкаң саудасының болашақ көлемі қандай болмақ?

Сталин. Литвиновтың Лондонда болған экономикалық конференцияда[69] айтқаны күшінде қалады. Біз дүние жүзіндегі орасан зор рынокпыз және көптеген товарларга заказ беріп, оларды төлеп алуға

дайынбыз. Бірақ бізге кредит шартының қолайлы болуы керек және, оның үстіне, төлей алатындығымыз жөнінде біздің сеніміміз болуы тиіс. Біз экспортсыз импорт жасай алмаймыз, неге десеңіз мерзімінде төлей алуға сеніміміз болмай тұрып, заказ бергіміз келмейді.

Біздің төлеп отырғанымызға және төлей алатындығымызға жұрттың бәрі таң қалады. Мен білемін,— қазір кредит бойынша төлеу деген қойылған нәрсе. Бірақ мұны біз қоймай отырмыз. Басқа мемлекеттер төлемдерін тоқтатты, бірақ ССРО бұлай істеген жоқ, істемейді де. Көп адамдар бізді төлей алмайды, төлеуге ешнәрсесі жоқ деп ойлады, бірақ төлей алатындығымызды біз оларға көрсеттік, сондықтан олардың оны мойындауына тура келді.

Дюранти. ССРО-да алтын өндіру жөніндегі мәселе қалай?

Сталин. Бізде алтын шығатын аудандар көп, ал олар тез дамып отыр. Біздің өніміміз қазірдің өзінде-ақ патша уақытындағыдан екі есе артты, ал қазір жылына жүз миллион сомнан астам береді. Әсіресе соңғы екі жылда біз барлау жұмысымыздың әдісін жақсарттық және үлкен қор-байлықтар таптық. Бірақ біздің өнеркәсібіміз әлі жас — алтын жөнінде ғана емес, сонымен қатар шойын, болат, мыс, барлық металлургия жөнінде де жас, сондықтан біздің жас индустриямыздың алтын өнеркәсібіне тиісті жәрдем жасауға әзірге шамасы келмей отыр. Бізде даму қарқыны тез, бірақ көлемі әлі онша емес. Егер драгаларымыз және басқа машиналарымыз көп болса, біз аз уақытта-ақ алтын өндірісін төрт есе арттырған болар едік.

Дюранти. Советтің шет елге кредит бойынша бересісінің жалпы сомасы қандай?

Сталин. 450 миллион сомнан аздап асады. Соңғы жылдарда біз үлкен сомалар төледік — бұдан екі жыл бұрын біздің кредит бойынша бересіміз 1400 миллион болатын. Мұның бәрін төлеп келдік, мезгілінде 1934 жылдың аяғында немесе 1935 жылдың басында, кезекті мезгілінде, төлейміз де.

Дюранти. Советтің төлеуге әзір екендігіне енді күмән жоқ-ақ делік, бірақ та Советтің төлеу қабілеттілігі жөнінде істің жәйі қалай?

Сталин. Бізде бірінші мен екіншінің арасында ешбір айырмашылық жоқ, өйткені біз өзімізге төлей алмайтын міндеттемені алмаймыз. Біздің Германиямен экономикалық қатнасымызға көз салыңыз. Германия шет елдерге борышының едәуір бөлегі жөнінде кешеуілдету жарыялады, ал біздің де Германияның үлгісін пайдаланып, Германия жөнінде дәл солай істеуімізге болатын еді. Бірақ біз оны істегеніміз жоқ. Ал оның бержағында біз кәзір германияның өнеркәсібіне бұрынғыдай онша тәуелді де емеспіз. Өзімізге қажет болған құрал-жабдықты біз өзіміз де жасай аламыз.

Дюранти. Америка жөнінде Сіздің пікіріңіз қандай? Сіз Буллитпен ұзақ әңгімелесті деп естідім, Буллит жөнінде Сіздің пікіріңіз қандай? Сіз біздің кризисті осыдан үш жыл бұрын, өзіңіздің маған айтқаныңыздай, капитализмнің ақырғы кризисі емес деп санайсыз ба?

Сталин. Буллит маған және менің жолдастарыма жақсы ұнады. Мен онымен бұған дейін кездескен жоқ едім, бірақ ол жөнінде Лениннен көп естіген болатынмын, Ленинге де ол ұнайтын. Маған ұнағаны:

ол әдеттегі дипломат сияқты болып сөйлемейді, — ол бірбеткей адам, ойындағысын айтады. Ол жалпы алғанда мұнда тіпті жақсы ұнады.

Рузвельт, барлық мәліметтерге қарағанда, батыл және жігерлі саясатшы. Мынадай бір философиялық система — солипсизм дейтін — бар, оның мәні мынадай: адам сыртқы дүниенің өмір сүріп отырғанына сенбейді, тек өзінің **мен** дегеніне ғана сенеді. Ұзақ уақыт бойы америка үкіметі осындай системаны басшылыққа алып, ССРО-ның өмір сүріп отырғанына сенбей келген сияқты еді. Ал Рузвельт, сірә, бұл ерсі теорияны жақтаушы емес болар. Ол реалист, шындықты өзі қандай түрде көріп отырса, оның дәл сондай екендігін білді.

Экономикалық кризиске келетін болсақ, ол шынында да ақырғы кризис емес. Әрине, кризис барлық істі шайқалтты, бірақ кейінгі уақытта іс оңала бастаған тәрізді. Мүмкін экономикалық құлдыраудың ең төменгі сатысы өтілген болар. Мен 1929 жылдың өрлеу дәрежесіне жете алады деп ойламаймын, бірақ кризистен депрессияға және істің кейбір жандануына жуық арада көшу — расында, жоғары да, төмен де аздап ауытқу арқылы көшу мүмкіндігі жойылмағаны былай тұрсын, сонымен қатар, бәлкім тіпті ықтимал нәрсе.

Дюранти. Ал Жапония жөнінде қалай?

Сталин. Біз Жапониямен жақсы қатнаста болғымыз келеді, бірақ, амал не, бұл бізге ғана байланысты емес. Егер Жапонияда ақылға сыйымды саясат үстем бола қалса, біздің екі еліміз достық өмір сүреді. Бірақ біз соғысқұмар элементтердің ақылға сыйымды саясатты кейінгі қатарға ығыстыруы мүмкін деп қа-

уіптенеміз. Шын қауіп осында, сондықтан біз бұған әзірленуге мәжбүр болып отырмыз. Шабуыл болу қаупін үкіметтің өзі көре отырып, қорғануға әзірлік жасамайтын болса, ешбір халық өзінің мұндай үкіметін сыйламайды. Менің ойымша, егер ССРО-ға Жапония шабуыл жасаса, оның тарапынан ақылсыздық болады. Жапонияның экономикалық жағдайы онша жақсы емес, оның Корея, Манчжурия, Қытай сықылды осал жерлері бар, ал онсоң бұл авантюрада ол басқа мемлекеттерден жәрдем алады деп есептеуге бола қояр ма екен. Амал не, соғыстың жақсы мамандары барлық уақытта бірдей жақсы экономист бола бермейді, сондықтан олар қару күші мен экономика заңының күші арасындағы айырмашылықты барлық уақытта бірдей біле бермейді.

Дюранти. Ал Англиямен қалай?

Сталин. Мен Англиямен сауда шартына қол қойылып, экономикалық қатнас өрістейді деп ойлаймын, өйткені консервативтік партия ССРО-мен сауда жасауға кедергі жасап, өзінің ешбір пайда таппайтындығын түсінуге тиіс. Бірақ кәзіргі жағдайда екі елдің де саудадан ойлағандай үлкен пайда табады дегенге менің шәгім бар.

Дюранти. Ұлттар лигасының реформасы туралы мәселенің италияша қойылысына қалай қарайсыз?

Сталин. Біздің өкіліміз италиялықтармен бұл мәселені талқылағанымен, біз бұл жөнінде Италиядан ешбір ұсыныс алған жоқпыз.

Дюранти. Ұлттар лигасы жөнінде Сіздің позицияңыз әрқашанда да ылғый қарсы ма?

Сталин. Жоқ, әрқашанда да емес және барлық жағдайда да емес. Сіз, сірә, біздің көзқарасымызды

жете түсінбейтін боларсыз. Германия мен Жапонияның Ұлттар лигасынан шығып кеткеніне қарамастан — немесе, бәлкім, нақ сондықтан да — Лига соғыс қыймылының туып кетуін тежеу немесе оған кедергі жасау үшін кейбір фактор бола алады. Егер бұл осылай болып, егер Лига соғыс ісін біраз қыйындату бағытында ең болмағанда кейбір кедергі болып табылып, бейбітшілік ісін біраз дәрежеде жеңілдетсе, — онда біз Лигаға қарсы емеспіз. Я, егер тарихи оқыйғаның барысы осылай болған уақытта, Ұлттар лигасын, оның орасан зор кемістігіне қарамастан, біздің қуаттауымыз мүмкін нәрсе.

Дюранти. Қәзір ССРО-ның ішкі саясатының ең маңызды проблемасы болып отырған нәрсе не?

Сталин. Қала мен деревня арасында товар айналымын өрістету, транспорттың барлық түрін, әсіресе теміржол транспортын күшейту. Бұл мәселелерді шешу онша оңай емес, бірақ біз шешіп кеткен мәселелерге қарағанда жеңіл, сондықтан мен біздің бұл мәселелерді шешетіндігімізге сенемін. Өнеркәсіп проблемасы шешілген. Ауыл шаруашылығы проблемасын, шаруа-колхоз проблемасын — ең қыйын проблеманы — кәзірдің өзінде-ақ шешілді деп санауға болады. Енді товар айналымы мен транспорт проблемасын шешу керек.

«Правда» № 4,
4 январь, 1934 ж.

БК(б)П ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ПАРТИЯНЫҢ XVII СЪЕЗІНЕ ЕСЕПТІ БАЯНДАМА[70]

26 январь, 1934 жыл

I

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК КАПИТАЛИЗМ КРИЗИСІНІҢ СОЗЫЛУЫ ЖӘНЕ СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ СЫРТҚЫ ХАЛІ

Жолдастар! XVI съезден бері үш жылдан аса уақыт өтті. Бұл онша үлкен дәуір емес. Бірақ бұл өзге дәуірлердің қай-қайсысынан болса да мазмұны бай дәуір. Меніңше, кейінгі он жылдың ішіндегі ешбір дәуір оқиғаға дәл осындай бай дәуір болып көрген жоқ.

Экономика жөнінде бұл жылдар дүниежүзілік экономикалық кризистің созыла берген жылдары болды. Кризис тек өнеркәсіпті ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығын да түгелімен қамтыды. Кризис тек өндіріс пен сауда саласында ғана өршіп отырған жоқ. Ол ел-елдің арасында орныққан кредит пен валюта қатнастарын астын-үстіне келтіріп, кредит пен ақша айналымының саласына да жайылды. Бұрын жұрт кей жерлерде дүниежүзілік экономикалық кризис бар деп, не жоқ деп таласушы еді, кәзір бұл туралы таласпайды, өйткені кризистің бар екендігі, оның ойрандау әрекеті өте айқын болып отыр. Кәзіргі талас басқаша болып жүр, енді кризистен құтылатын жол бар ма, әлде жоқ па, — бар болатын болса, оны қалай іске асырмақ керек? деседі.

Саясат жөнінде бұл жылдар капиталистік елдердің арасындағы қатнастардың да, сол елдердің өз ішіндегі қатнастардың да шиеленісе түскен жылдары болды. Жапонияның Қытаймен соғысуы, Манчжурияны оккупациялап алуы, мұның өзі Қиыр Шығыстағы қатнастарды шиеленістірді; Германияда фашизм жеңіп, өш алу идеясы үстемдік алды, мұның өзі Европадағы қатнастарды шиеленістірді; Жапония мен Германия Ұлттар Лигасынан шықты, бұл қаруланудың өсуіне, империалистік соғысқа әзірлену ісіне жаңадан тағы да бір түрткі болды; Испанияда фашизмнің жеңілуі[71], мұның өзі революциялық кризистің жетіліп келе жатқанын, фашизм өмірінің мүлде ұзақ еместігін тағы бір рет көрсетті, — міне, есеп беріліп отырған дәуіріміздегі аса маңызды фактылар осылар. Соның үшін буржуазиялық пацифизмнің демі бітіп бара жатыр, ал қарусыздану бағытының орнын турадан-тура ашық қарулану, қаруды көбейте түсу бағыты басып отыр, мұның ешбір таңданарлығы жоқ.

Осы экономикалық күйзелістер мен соғыс-саясат апаттарының тулаған толқынының ортасында ССРО шыңдағы бөлек жартастай болып жеке тұр, ол өзінің социалистік құрылыс ісін жүргізуде, бейбітшілікті сақтау үшін күресуде. Анау капиталистік елдерде экономикалық кризис әлі алай-түлей болып жатса, ССРО-да өнеркәсіп те, ауыл шаруашылығы да өрлеп алға басып барады. Анау капиталистік елдерде дүниені, ықпал жүргізу салаларын тағы қайта бөлісу үшін жаңа соғысқа жанталаса әзірлік жүргізіліп жатса, ССРО соғыс қаупіне қарсы, бейбітшілік үшін үзбей қажырлы күрес жүргізуде, оның бержағында ССРО-ның бұл жөндегі істері ешбір нәтиже бермеді деуге болмайды.

Міне, кәзіргі халықаралық жағдайдың жалпы жайы осындай.

Енді капиталистік елдердің экономикалық және саяси күйі жайындағы негізгі мәліметтерді қарастырып көрейік.

1. КАПИТАЛИСТІК ЕЛДЕРДЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КРИЗИСТІҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Капиталистік елдердегі кәзіргі экономикалық кризистің осы сықылды кризистердің қай-қайсысынан да бір өзгешелігі: мұның ең созылыңқы және ең ұзақ кризис екендігінде болып отыр. Егер бұрын кризистер 1—2 жыл ішінде бітіп отырған болса, кәзіргі кризис мінеки бесінші жылға созылып, жылдан-жыл капиталистік елдердің шаруашылығын ойсыратып, оның бұрынғы жылдарда жыйған сөлін сорып жатыр. Сондықтан бұл кризис бұрынғы кризистердің бәрінен де анағұрлым ауыр болып отырғанында таңырқарлық ешнәрсе жоқ.

Кәзіргі өнеркәсіп кризисінің осындай бұрын-сонды болып көрмеген дәрежеде созылыңқы болып отырған себебі не?

Мұның себебі, ең алдымен, өнеркәсіп кризисі капиталистік елдердің бәрін тегіс қамтып, бір елдердің екінші елдер есесінен жол табуын қыйындатып отыр.

Мұның себебі, екіншіден, өнеркәсіп кризисі аграрлық кризиспен ұштасып, бұл кризис аграрлық және жартылай аграрлық елдердің бәрін тегіс қамтып отыр, бұл жағдай өнеркәсіп кризисін шиеленістірмей және тереңдетпей қоя алмады.

Мұның себебі, үшіншіден, осы уақыттың ішінде аг-

рарлық кризис күшейіп, ауыл шаруашылығының барлық саласына, оның ішінде мал шаруашылығына жайылды, ауыл шаруашылығын кері кетірді, машинадан қол еңбекке, трактордан атқа көшірді, жер тыңайтқыш заттарды қолдану жағын қатты азайтты, ал кей жерлерде тіпті мүлдем тоқтатты, мұның өзі өнеркәсіп кризисін онан әрі созып жіберді.

Мұның себебі, төртіншіден, өнеркәсіпте үстемдік етіп отырған монополиялық картельдер товар бағасын қымбат ұстауға тырысып отыр, — бұл кризисті өте шиеленістіріп, товар қорларын өткізуге бөгет болатын жағдай.

Мұның себебі, ақырында, — және бұл ең басты себебі — өнеркәсіп кризисі капитализмнің **жалпы** кризисінің жағдайында етек алып отыр, капитализмнің кәзір негізгі мемлекеттерде де, отарларда және тәуелді елдерде де соғыстан бұрынғыдай, Октябрь революциясына дейінгідей күші, қуаты жоқ және бола да алмайтын кезінде, капиталистік елдердің өнеркәсібі империалистік соғыстан кәсіпорындарының қуатын ұдайы толық пайдалана алмауды және миллиондаған жұмыссыздар армиясын мұра етіп алып, олардан енді ол құтыла алмайтын кезінде келіп етек алып отыр.

Қәзіргі өнеркәсіп кризисін аса ұзаққа созған жағдайлар, міне, осылар.

Жеке елдердің, сондай-ақ жеке елдер ішіндегі әлеуметтік топтардың арасындағы дәстүрлі қатнастарын бұзып, кризистің өндіріс, сауда саласынан асқан, кредит системасын, валютаны, қарыз міндеттемелері саласын және басқаларын қамтыған себебі де осы жағдайлардан болып отыр.

Бұл жөнде товар бағаларының түсуі де үлкен роль

аткарды. Монополиялык картельдердің карсыласуына карамастан, бағаның түсуі кауырт етек алды, онсоң ең алдымен және көбінесе ұйымдаспаған товар иелерінің, — шаруалардың, қолөнершілердің, ұсақ капиталистердің товарларының бағасы түсті, ал ұйымдасқан товар иелерінің, — картельдерге біріккен капиталистердің товарларының бағасы тек бірте-бірте ғана және кемірек түсті. Бағаның түсуі борыштылардың (өнеркәсіпшілер, қолөнершілер, шаруалар және басқалары) халін қатты нашарлатты, ал қайта кредиторлардың халін орасан жақсартып жіберді. Мұндай жагдай фирмаларды, жеке кәсіп иелерін үлкен күйзелушілікке ұшыратуға тиіс еді, шынында да солай болды. Кейінгі 3 жылдың ішінде осы себептен Солтүстік Америка Құрама Штаттарында, Германияда, Англияда, Францияда ондаган мың акционерлік қоғамдар құрып кетті. Акционерлік когамдар құрығаннан кейін валютаның құны түсе бастады, ол борыштылардың жағдайын біраз жеңілдетті. Валютаның құны түскеннен кейін — сыртқы борыштарды да, ішкі борыштарды да мемлекет төлемейтін дагды шыкты. Германияда Дармштадт және Дрезден банктері, Австрияда Кредит-Анштальт банкісі сыякты банктердің, Швецияда Крейгер концерні, Солтүстік Америка Құрама Штаттарында Инсул-Концерн сыякты концерндердің және т. б. күйреп кеткені — жұрттың бәріне мәлім.

Кредит системасының негіздерін шайқаған осындай құбылыстардан кейін кредиттер мен шетелдік заемдар төлемінің токталуы, одактастар арасындағы борыштар төлемінің тоқталуы, капиталды сыртқа шығарудың токталуы, сырткы сауданың тағы да ке-

муі, товар экспортының тағы да кемуі, сыртқы рыноктер үшін күрестің күшеюі, ел-елдің арасында сауда соғысының және демпингтің болуы тиіс екені және оның шынында да солай болып отырғаны түсінікті. Я, жолдастар, демпинг деп отырмын. Менің айтып тұрғаным Европа мен Американың ардақталып жүрген парламенттерінің кейбір ардақты депутаттары жуырда ғана даусы қарлыққанша айқай салған советтік жалған демпинг емес. Менің айтып тұрғаным: «цивилизациялы» мемлекеттердің бәрі дерлік қазір қолданып отырған, бірақ осы ержүрек, ардақты депутаттар ол жөнінде әдейі жұмған аузын ашпай отырған шын демпинг.

Өнеркәсіп кризисімен қатар жүретін, өндіріс саласынан тыс болған, осындай бұзғыш құбылыстар келіп өнеркәсіп кризисінің аяқ алысына әсер етіп, оны терендетпей, шиеленістірмей қоймайтыны да түсінікті.

Өнеркәсіп кризисі қозғалысының жалпы жайы осындай.

Өнеркәсіп кризисінің есеп беріліп отырған дәуір ішіндегі қозғалысын көрсететін ресми материалдардың кейбір цифрлары мынадай.

Өнеркәсіп өнімінің көлемі процент есебімен 1929 жылға шаққанда:

	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
ССРО	100	129,7	161,9	184,7	201,6
САҚШ	100	80,7	68,1	53,8	64,9
Англия	100	92,4	83,8	83,8	86,1
Германия	100	88,3	71,7	59,8	66,8
Франция	100	100,7	89,2	69,1	77,4

Көріп отырсыздар, бұл кесте өзінен өзі түсінікті.

Негізгі капиталистік елдердің өнеркәсібі, 1929 жылға қарағанда, жылдан-жылға төмендеп, тек 1933 жылы ғана кішкене түзеле бастаған болса, сонда да 1929 жылғы дәрежесіне жете алмаған болса, ССРО-ның өнеркәсібі жылдан-жылға үздіксіз өсіп, үнемі өрлеу үстінде болды.

Негізгі капиталистік елдердің өнеркәсібі өз өнімінің көлемін 1933 жылдың аяғында, 1929 жылғысына қарағанда, орта есеппен 25% және онан да көбірек процент **кеміткен** болса, ССРО-ның өнеркәсібі бұл уақыттың ішінде екі еседен аса, яғни 100 проценттен аса **өсті**. (Қол шапалақтау.)

Бұл кестеге қарағанда 4 капиталистік елдің ішінде Англияның халі тәуірлеу болып көрінуі мүмкін. Бірақ олай деу дұрыс бола қоймайды. Егер бұл елдердің өнеркәсібін оның соғыстан бұрынғы дәрежесімен салыстырып қарайтын болсақ, мәселенің түрі басқарақ болып шығады.

Бұл жөндегі кесте мынадай.

Өнеркәсіп өнімінің көлемі процент есебімен соғыстан бұрынғы дәрежесіне шаққанда:

	1913 ж.	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
ССРО	100	194,3	252,1	314,7	359,0	391,9
САҚШ	100	170,2	137,3	115,9	91,4	110,2
Англия . . .	100	99,1	91,5	83,0	82,5	85,2
Германия . .	100	113,0	99,8	81,0	67,6	75,4
Франция . . .	100	139,0	140,0	124,0	96,1	107,6

Өздеріңіз көріп отырсыздар, Солтүстік Америка Құрама Штаттары мен Франция соғыстан бұрынғы-

сынан біраз процент асып түсіп отырғанда, Англия мен Германияның өнеркәсібі соғыстан бұрынғы калпына әлі де жете алмай отыр, ал ССРО осы уақыттың ішінде өнеркәсібінің өнімін, соғыстан бұрынғысымен салыстырғанда, 290% тен де артығырақ көтеріп — асырып отыр. (Қол шапалақтау.)

Бірақ бұл кестелерден тағы бір қортынды туады. Негізгі капиталистік елдердің өнеркәсібі 1930 жылдан бастап, әсіресе 1931 жылдан бастап ылғый құлдырап, 1932 жылы құлдыраудың ең төменгі шегіне жеткен болса, — 1933 жылы ол біраз оңалып, көтеріле бастаған. Егер 1932 жыл мен 1933 жылдың жеке айларының мәліметтерін алып қарасақ, бұл қортындыны олар тағыда неғұрлым айқындай түседі, өйткені бұл мәліметтер осы елдердің өнеркәсібінің өнімі 1933 жылдың ұзына бойына өзгеріп отырғанына қарамастан, бұл өзгеріс 1932 жылдың жазында жеткен ең төменгі шегіне жетерліктей бола коймағанын көрсетеді.

Бұл не деген сөз?

Мұның мәнісі, негізгі капиталистік елдердің өнеркәсібі құлдырап ең төменгі шегіне жетуді, сірә, өткен болу керек, ол шекке ол 1933 жылдың бойында қайтып оралған жоқ, деген сөз.

Кейбіреулер мұны тек соғыстық-инфляциялық конъюнктура сияқты жасанды факторлардың ғана әсерінен болып отыр дегісі келеді. Сөз жоқ, мұнда соғыстық-инфляциялық конъюнктураның әсері де аз емес. Бұл әсіресе Жапония жөнінде дұрыс болады. Жапонияда осы жасанды фактор өнеркәсіптің кейбір тарауларын, ең алдымен, соғыс өнеркәсібі тарауларын біркатар жандандырған басты және шешуші күш

болып табылады. Бірақ бәрін де осы соғыстық-инфляциялық конъюнктураның әсерінен деп түсіндіру үлкен қате болар еді. Мұндай түсіндірудің дұрыс емесін мынаның өзі де көрсетеді: өнеркәсіптегі жоғарыда мен сыйпаттаған аздап алға басушылық жеке, кездейсоқ аудандарда ғана емес, өнеркәсіпті елдердің бәрінде немесе бәрінде дерлік, оның ішінде валютасы тұрақты елдерде де, көрініп отыр. Бұл жерде соғыстық-инфляциялық конъюнктурамен қатар капитализмнің ішкі экономикалық күштерінің де әсері болу керек.

Капитализм **жұмысшылардың есебінен** — оларға еңбекті қыса істетіп, оларды қанауды күшейту жолымен, **фермерлердің есебінен** — олардың еңбегінің өніміне, азық-түлікке және ішінара шикі заттарға бағаны неғұрлым төмен қою саясатын жүргізу жолымен, **отар елдердегі шаруалардың және экономика жағынан әлсіз елдердегі шаруалардың есебінен** — олардың еңбегінің өніміне, ең алдымен, шикі затқа, онан кейін азық-түлікке бағаны онан да гөрі кеміту жолымен өнеркәсіп күйін біраз жеңілдетті.

Бұл капитализм кризистен өтіп, өнеркәсіпті жаңадан көтеретін және гүлдендіретін, әдеттегі депрессияға көшті деген сөз болып шыға ма? Жоқ, шықпайды. Қалай дегенмен де кәзіргі кезде, турасынан болсын, жанамалап болсын, капиталистік елдерде өнеркәсіптің көтеріле бастағанын көрсететін мәліметтер жоқ. Ол түгіл, кәзіргі жайға қарағанда, ондай мәліметтердің, әйтеуір, жуық арада болуы мүмкін емес. Мүмкін емес болатын себебі, капиталистік елдердің өнркәсібінің елеулі түрде көтерілуіне жол бермейтін қолайсыз жағдайлардың бәрі де әлі бар. Әңгіме мұнда капита-

лизмнің **жалпы** кризисінің созылып келе жатқаны, осы жағдайда **экономикалық** кризистің болып жатқаны туралы, кәсіп орындарының ұдайы толық пайдаланылмай келе жатқаны туралы, жалпылама жұмыссыздықтың үнемі бола беруі туралы, өнеркәсіп кризисінің ауылшаруашылық кризисімен ұштасып жатқаны туралы, негізгі капиталдың әдетте өрлеу болатынын алдынала көрсететін елеулі жаңаруының жоқтығы туралы, және т. б. және т. с. болып отыр.

Тегінде мұның өзі өнеркәсіптің ең құлдырап түскен шегінен, өнеркәсіп кризисінің ең ұласқан шегінен депрессияға көшкендікті, бірақ әдеттегіден басқа депрессияға, өнеркәсіптің жаңадан көтерілуіне, көркеюіне бастамайтын, сол сияқты, өнеркәсіпті қайтадан ең құлдырап түскен шегіне қайырмайтын айрықша депрессияға көшкендікті көрсететін болу керек.

2. КАПИТАЛИСТІК ЕЛДЕРДЕ САЯСИ ЖАҒДАЙДЫҢ ШИЕЛЕНІСУІ

Ұзаққа созылған экономикалық кризистің нәтижесінде капиталистік елдердің өз ішінде болсын, бұл елдердің арасында болсын саяси жағдай бұған дейін болмаған түрде шиеленісті.

Сыртқы рыноктер үшін күрестің күшеюі, еркін сауданың ақтық қалдықтарының жойылуы, басқа ел товарын кіргізбейтін баждардың шығуы, сауда соғысы, валюта соғысы, демпинг және басқа осы сықылды, экономика саясатында асқынған **ұлтшылдықты** көрсететін, көптеген шаралардың қолданылуы ел-елдің арасындағы қатнастарды мейлінше шиеленістірді, соғыстық шайқасуларға негіз салды, сөйтіп күштірек

мемлекеттер пайдасына дүниені және ықпал аймағын қайтадан бөлудің құралы ретінде соғысты кезекке қойды.

Жапонияның Қытаймен соғысуы, Манчжурияның оккупациялап алынуы, Жапонияның Ұлттар Лигасынан шығуы және Солтүстік Қытайға кіруі жағдайды бұрынғыдан да қатты шиеленістірді. Ұлы Мұхит үшін күрестің күшеюі және Жапонияда, Солтүстік Америка Құрама Штаттарында, Англияда, Францияда соғыс-теңіз каруларының өсуі осы шиеленісудің нәтижесі болып отыр.

Германияның Ұлттар Лигасынан шығуы, өш алу әрекетінің сезілуі Европада жағдайдың шиеленісіп, каруланудың өсе түсуіне жаңадан түрткі болды.

Сондықтан буржуазиялық пацифизмнің кәзір беделінің әбден түскені, ал қарусыздану туралы мылжың қарулану және каруды көбейту туралы «іскерлік» әңгімелермен алмасқаны таңданарлық нәрсе емес.

Тағыда, 1914 жылғы сияқты, соғысқұмар империализмнің партиялары, соғысты, өш алуды тілейтін партиялар алға шығарылып отыр.

Істің беті көріне жаңа соғысқа қарай ауды.

Осы айтылған факторлардың әсерінен капиталистік елдердің ішкі жайы бұрынғыдан да күшті шиеленісіп барады. Өнеркәсіп кризисінің төрт жылы жұмысшы табын жүдетіп, әбден ашындырды. Ауыл шаруашылығы кризисінің төрт жылы негізгі капиталистік елдерде ғана емес, сонымен қатар — әсіресе — тәуелді елдер мен отар елдерде де шаруалардың дәулетсіз жіктерін әбден күйзелтті. Жұмыссыздардың санын кемітіп көрсетуді көздеген әртүрлі санақ ай-

ласына қарамастан, буржуазиялық мекемелердің ресми мәліметтері бойынша жұмыссыздардың саны, Европаның басқа елдерін былай қойғанда, Англияда 3 миллионға, Германияда 5 миллионға, Солтүстік Америка Құрама Штаттарында 10 миллионға жетіп отырғаны факт. Бұған ішінара жұмыссыздарды қосыңыз, бұлардың саны ондаған миллионнан асады, бұған шаруасы бүлінген миллиондаған шаруалар бұқарасын қосыңыз, — сонда еңбекшілер бұқарасының мұқтаждығы, қыйын күйге ұшырағаны қандай екенін шамалауыңызға болады. Халық бұқарасы әзір капитализмге шабуыл жасайтындай дәрежеге жете қойған жоқ, бірақ бұқараның санасында шабуыл жасау идеясының пісіп келе жатқанына — күмән бола қоярма екен. Мұны фашизмнің тәртібін құлатқан Испания революциясы және Қытайдағы совет аудандарының өсуі сыяқты фактылар айқын көрсетіп отыр. Қытайдағы совет аудандарының өсуін қытай мен шетел буржуазиясының біріккен контрреволюциясы тоқтата алмай отыр.

Капиталистік елдердің үстем таптары жұмысшы табының езушілерге қарсы күресінде пайдалануына болатын парламентаризм мен буржуазиялық демократияның ақырғы қалдықтарын мұқыят жойып жатқаны, немесе жоққа шығаруы, коммунистік партияларды қудалап, жасырын істейтін күйге салуы, өз диктатурасын сақтаудың ашықтан-ашық террорлық әдістеріне көшуі міне осыдан.

Сыртқы саясаттың негізгі элементтері ретінде шовинизм жасау және соғысқа әзірлену, келешектегі соғыс майдандарының тылын нығайтуға керекті шара ретінде ішкі саясатта жұмысшы табын ауыздықтау,

оған террор жасау, — міне кәзіргі империалистік саясатшылардың өте-мөте шұғылданып отырған мәселелері осылар.

Фашизм кәзір соғысқұмар буржуазияшыл саясатшылар арасында ең өтімді товар болып отырғанында таңданарлық ешнәрсе жоқ. Мен жалпы фашизм туралы ғана айтып отырғаным жоқ, ең алдымен герман фашизмі типтес фашизм туралы айтып отырмын, ол ұлттық-социализм делініп теріс аталып жүр, өйткені қадағалап қарасаңыз, онан тіпті социализмнің ұрғыны да табылмайды.

Осыған байланысты Германияда фашизмнің жеңуін жұмысшы табының әлсіздігінің белгісі ғана, фашизмге жол ашқан социал-демократияның жұмысшы табына опасыздық етуінің нәтижесі ғана деп қарамау керек. Оны, сонымен қатар, буржуазияның әлсіздігінің белгісі, буржуазия енді бұрынғы парламентаризм және буржуазиялық демократия әдістерімен билігін жүргізе алмайды, сондықтан ол ішкі саясатта ел билеудің террорлық әдістеріне амалсыздан жармасқанының белгісі, — буржуазия енді кәзіргі жағдайынан сыртқы бейбітшілік саясатқа сүйеніп құтыла алмайды, сондықтан ол шарасыз соғыс саясатына жармасқанының белгісі деп қарау керек.

Жай осылай.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, істің беті империалистік жаңа соғысқа қарай ауды, кәзіргі қыйын халден шығудың шарасы осы делініп отыр.

Әрине, соғыс бұл халден шын құтқарады деп жоруға ешбір дәлел жоқ. Қайта, соғыс хал-жайды онан сайын былықтыруға тиіс. Ол ол ма, бұл соғыс, бірінші империалистік соғыс кезіндегі сыяқты, революция-

ға жол ашып, бірсыпыра елдерде капитализмнің өмір сүруінің өзіне кәдік туғызуға тиіс. Егер де, бірінші империалистік соғыстың тәжрибесіне карамастан, буржуазияшыл саясатшылар, суға кеткен тал қармайдының кебімен, тағыда соғысқа жармасып отырса, бұл олардың әбден шатасып, тұйыққа қамалғанын, көз жұмып тұңғұйыққа құлауға әзір тұрғанын көрсетеді.

Сондықтан да буржуазияшыл саясатшылардың кәзір соғысты ұйымдастыру жөнінде ойлап жүрген жоспарларын қысқаша қарастырып өтудің артықшылығы болмайды.

Біреулері соғысты ұлы мемлекеттердің біріне қарсы ұйымдастыру керек деп ойлайды. Ондағы ойлары осы мемлекетті қаусата жеңіп, соның есебінен өздерінің халін жөндеп алу. Ал енді олар осындай соғысты ұйымдастырған екен делік. Сонда мұнан не шықпақ?

Жұртқа мәлім, бірінші империалистік соғыста да олар ұлы мемлекеттің бірі — Германияны құртып, соның есебінен молыққысы келген еді. Ал мұнан не шықты? Германияны олар құрта алмады, қайта Германияда жеңушілерге қарсы өшпенділікті күшейткені, қайта күресіп өш алуға жағдай туғызғаны сонша, әлі күнге дейін олар өздері жасаған осы жексұрын былықтан арыла алмай келеді, тегінде жуық маңда, сірә, арыла алмаса керек. Ал оның есесіне олар Россияда капитализмді құртып алды, Россияда пролетариат революциясы жеңді, сөйтіп — жұртқа мәлім — Совет Одағы орнады. Ендеше екінші империалистік соғыстың бірінші империалистік соғыстан оларға «жақсырақ» нәтижелер беруіне кім кепіл? Қайта, керісінше болады деп ойлау жөнірек емес пе?

Енді біреулері, соғысты соғыстық күші жөнінен әлсіз, бірақ рынокке бай елдердің біріне қарсы, мәселен — Қытайға қарсы ұйымдастыру керек деп ойлайды; бұлардың ойынша, Қытайды шын мағнасында мемлекет деп те атауға болмайтын көрінеді, ол күшті мемлекеттердің басып алуына ділгер «ұйымдаспаған территория» ғана көрінеді. Олар, тегінде, мұны біржолата бөлісіп алып, соның есебінен өздерінің халін жөндеп алғысы келетін болса керек. Ал енді олар осындай соғысты ұйымдастырған екен делік. Сонда мұнан не шықпақ?

Жұртқа мәлім, XIX ғасырдың басында Италия мен Германияға да дәл қазіргі Қытай тәрізді караушылық болды, яғни оларды мемлекет емес, «ұйымдаспаған территория» деп есептеді, сөйтіп оларды құлданды. Ал мұнан не шықты? Мұнан не шыққаны жұртқа мәлім: «Германия мен Италия өзінің тәуелсіздігі үшін соғысты, бұл елдер өз алдына жеке мемлекет болып бірікті. Мұнан шыққаны сол: бұл елдердің халықтарының жүрегінде құлданушыларға деген өшпенділікті күшейтті, оның салдары әлі күнге дейін жойылған жоқ, ол жуық маңда, сірә, жойыла да қоймаса керек. Олай болса, Қытайға қарсы империалистік соғыстың нәтижесі де осындай болмауына кім кепіл?

Үшінші біреулері соғысты «жоғары нәсіл», мәселен, герман «нәсілі» «төмен нәсілге» қарсы, ең алдымен — славяндарға қарсы ұйымдастыруға тиіс, тек осындай соғыс қана қазіргі халден құтқара алады, өйткені «жоғары нәсіл» «төмен нәсілді» өркендетуге, оған үстемдік жүргізуге арналған деп ойлайды. Ал енді осындай сөкет теорияны, ғылымнан жер мен көк-

тей қашық жатқан — осы сөкет теорияны іс жүзінде қолданған екен делік. Сонда мұнан не шықпақ?

Жұртқа мәлім, ескі Рим де осы күнгі герман, француз халықтарының арғы аталарына дәл кәзіргі «жоғары нәсіл» өкілдерінің славян нәсілдеріне қарағанындай қараған болатын. Жұртқа мәлім, ескі Рим оларды «жоғары нәсілге», «ұлы Римге» мәңгі бағынуға тиіс «төмен нәсіл», «варварлар» деп қорлаған, ал, — өзара ғана айта кетелік, — ескі Римнің бұған кейбір дәлелі де бар еді, мұны бірақ кәзіргі «жоғары нәсілдің» өкілдері жөнінде айтуға болмайды. (Қатты қол шапалақтау.) Ал мұнан не шықты? Мұнан шыққаны сол: римлян еместер, яғни барлық «варварлар», ортақ жауға қарсы бірігіп, Римнің астын үстіне келтірді. Олай болса: кәзіргі «жоғары нәсіл» өкілдерінің дәмелері де соның кебін кимеуіне кім кепіл? Берлиндегі фашистік-әдебиетшіл саясатшылардың Римде болған кәнігі, ысылған жиһангерлерден бақытты болып шығарына не кепіл? Қайта, керісінше болады деп ойлау жөнірек емес пе?

Ақырында, төртінші біреулері соғысты ССРО-ға қарсы ұйымдастыру керек деп ойлайды. Олар ССРО-ны талқандап, оның жерін бөлісіп алып, соның есебінен молықпақ болады. Мұны ойлайтындар Жапониядағы кейбір әскербасылар ғана десек, ол қате болған болар еді. Европадағы кейбір мемлекеттердің саяси басшыларының арасында да осындай жоспарлар бар екені, бізге белгілі. Ал енді бұл мырзалар сөзден іске көшті делік. Сонда мұнан не шықпақ?

Бұл соғыс буржуазияға ең қауіпті соғыс болатынына күмәндануға бола қояр ма екен. Бұл соғыстың ең қауіпті болатын себебі, ССРО халықтарының рево-

люция табыстары үшін жан аямай шайқасатынында ғана емес. Оның буржуазия үшін ең қауіпті соғыс болатын тағы бір себебі, бұл соғыс тек майдандарда ғана емес, жаудың тылында да болады. Барлық елдердің жұмысшы табының отанына қарсы қылмысты соғыс ашқан езушілеріне ССРО жұмысшы табының Европа мен Азиядағы сан миллион достары тылдан соққы беруге тырысатындығына буржуазия күмәнданбай-ақ қойса да болады. Егер де ондай соғыстан кейінгі күннің ертеңінде қазір «құдайдың рахымымен» аман-есен үстемдік құрып отырған кейбір өздеріне жақын үкіметтері есепке кірмей қалып жүрсе, онда буржуа мырзалар бізге өкпелемесін. (Қатты қол шапалақтау.)

Еске түсірсеңіздер, мұнан 15 жыл бұрын, ССРО-ға қарсы мұндай бір соғыс болған болатын. Өздеріңізге мәлім, бүкіл жұртқа әйгілі Черчилль ол кезде бұл соғысты ақындық сөзбен бейнелеп «онтөрт мемлекеттің жорығы» деп атаған. Әрине, бәріңіздің де естеріңізде, бұл соғыс біздің елдің барлық еңбекшілерін бірыңғай жан аямас жауынгер лагерьге біріктірді, олар өзінің жұмысшы-шаруа отанын сыртқы жаудан аянбай қорғады. Бұл соғыстың немен аяқталғанын да өздеріңіз білесіздер. Ол соғыс біздің елден интервенттерді қуып шығумен, Европада революцияшыл «Қыймыл комитеттерін»[72] құрумен аяқталды. ССРО-ға қарсы екінші соғыс бізге шабуыл жасаушылардың толық жеңілуіне әкеліп соғатынына, Европа мен Азияның бірсыпыра елдерінде революция туғызып, бұл елдердегі буржуазиялық-помещиктік үкіметтердің тас-талқаны шығуына әкеліп соғатынына күмәндануға бола қояр ма екен.

Шатасқан буржуазияшыл саясатшылардың соғыс жоспарлары осындай.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, оларда ақыл жағынан да, ерлік жағынан да асып тұрған дәнеңе жоқ. (Қол шапалақтау.)

Ал егер буржуазия соғыс жолын қалайтын болса, капиталистік елдердегі төрт жылдық кризис пен жұмыссыздық тығырығына жеткен жұмысшы тап революция жолына түседі. Мұның мәнісі революциялық кризис пісіп келеді және пісе бермек деген сөз. Буржуазия өздерінің соғыстық айла-әрекеттеріне неғұрлым көбірек шатылса, жұмысшы табы мен еңбекші шаруаларға қарсы күресінде террорлық әдістерге ол неғұрлым көбірек жармасса, революциялық кризис те соғұрлым тез өспек.

Кейбір жолдастар: революциялық кризис бар болатын болса, буржуазия сөзсіз тұйыққа түсіп қалуға тиіс, оның құруы, ендеші, күнілгері шешілгені, сөйтіп революцияның жеңуі қамтамасыз етілгені, сондықтан оларға буржуазияның құлауын күту ғана, жеңіс қарарларын жазу ғана қалады деп ойлайды. Бұл үлкен қате. Революцияның жеңуі ешуақытта да өзінен өзі келмейді. Оны даярлау керек, жеңіп алу керек. Ал революцияны даярлап, жеңіп алу ісі тек күшті революцияшыл пролетариат партиясының ғана қолынан келеді. Революциялық жағдай туып, буржуазияның өкіметі түп іргесіне дейін шайқалып отырса да, бұқараны өз соңына ертіп, өкіметті өз қолына аларлық күші, беделі бар революцияшыл пролетариат партиясы жоқ болғандықтан революция жеңе коймайтын кезеңдер де болады. Бұл сияқты «оқиғаның» болуы мүмкін емес деп ойлау орынсыз болады.

Осыған байланысты Лениннің революциялық кризис жөнінде Коминтерннің II конгресінде айтқан данышпандық сөзін еске түсіру орынсыз болмас еді[73]:

«Біз енді революциялық қыймылымыздың негізі болған революциялық кризис туралы мәселеге келдік. Ал мұнда, ең алдымен, етек алған екі қатені атап өту керек. Бір жағынан, буржуазиялық экономистер бұл кризисті, ағылшындардың сұлу сөзімен айтқанда, жай ғана «мазасыздану» деп көрсетеді. Екінші жағынан, кейде революционерлер бұл кризисті ешбір шығыс жоқ кризис деп дәлелдемекші болады. Бұл қате. Ешбір шығыс жоқ жағдай дегендер болмайды. Буржуазия құтырған, мыйы шатасқан, жыртқыш айуанға ұқсайды, есуастық үстіне есуастық істейді, жағдайды шиеленістіріп, өз өлімін өзі тездетеді. Мұның бәрі солай. Бірақ аздап жеңілдіктер жасап, қаналушылардың белгілібір азшылығының көзін бояуға, езілгендер мен қаналушылардың белгілібір бөлегінің белгілібір қозғалысын немесе көтерілісін басуға буржуазияның ешбір мүмкіндігі жоқ деп «дәлелдеуге» болмайды. «Ешбір» шығыс жоқ дегенді күнілгері «дәлелдеуге» тырысу бос педанттық немесе ұғым, сөз ойнын ойнау болар еді. Бұл мәселеге және осы сыяқты мәселелерге нағыз «дәлел» тек практика ғана бола алады. Дүниежүзінің бәрінде де буржуазиялық құрылыс орасан үлкен революциялық кризиске кездесіп отыр. Осы кризисті ойдағыдай болып шығатын, жеңімпаз революция үшін пайдалануға революцияшыл партиялардың саналылығы, ұйымшылдығы, қаналушы бұқарамен байланысы, батылдығы, іскерлігі жеткілікті екенін енді революцияшыл партиялардың практикасымен «дәлелдеп беру» керек») **Ленин,** XXV том, 340—341-беттер[74]).

3. ССРО МЕН КАПИТАЛИСТІК МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚАТНАСТАР

Осындай, соғыстық айла-әрекеттердің уымен уланған, жағдайда ССРО-ға өзінің бейбітшілік саясатын жүргізу қаншалық қыйын болғанын түсіну оп-оңай.

Соғыс алдындағы осындай, толып жатқан елдерге жайылған, азан-қазан жағдайда, міне осы жылдар ішінде, ССРО өзінің бейбітшілік позицияларында тырп етпей тұра берді, соғыс қаупімен күресті, бейбітшілікті сақтау үшін күресті, түрлі себептермен бейбітшілікті сақтау жағында болған елдерге қол үшін берді, соғысты дайындап, оны шығаруға әрекет істеген елдердің бет пердесін жұлып алып, әшкереледі.

Бейбітшілік жолындағы бұл қыйын және күрделі күресте ССРО неге сүйенді?

а) Өзінің өсіп отырған шаруашылық, саяси күшіне сүйенді.

б) Барлық елдердегі, бейбітшілікті сақтауға аса құштар, жұмысшы табының миллиондаған бұқарасының моральдық көмегіне сүйенді.

в) Түрлі себептермен бейбітшіліктің бұзылуын тілемейтін, ССРО сыяқты сенімді елмен сауда қатнасын өркендетуді тілейтін мемлекеттердің ақылды ісіне сүйенді.

г) Ақырында — сырттан шабуыл жасалуынан елімізді қорғауға дайын тұрған біздің айбынды армиямызға сүйенді.

Осы негізде біздің көрші мемлекеттермен шабуыл жасаспау пактысын, агрессия жасаушы жақты анықтау пактысын жасау науқанымыз туды. Бұл науқанның нәтижелі болғанын өздеріңіз білесіздер. Жұртқа мәлім, шабуыл жасаспау пактысы біздің тек Батыс пен Шығыстағы көрші мемлекеттеріміздің көпшілігімен, соның ішінде Финляндиямен, Польшамен ғана жасалып қойған жоқ, сонымен қатар Франция, Италия сыяқты елдермен де жасалды, ал агрессия жасау-

шы жақты анықтау пактысы сол айтылған көрші мемлекеттермен және Кіші Антантамен[75] жасалды.

Осы негізде ССРО мен Түркия арасындағы достық нығайды, ССРО мен Италия арасындағы қатнас жақсарып, сөзсіз қанағаттанарлық болды, Франциямен, Польшамен, тағы басқа Балтық мемлекеттерімен қатнас жақсарды, Солтүстік Америка Құрама Штаттары, Қытай, тағы басқа елдермен қатнас қалпына келтірілді.

ССРО-ның бейбітшілік саясатының табыстарын көрсететін бірсыпыра фактылардан даусыз елеулі мацызы бар екі фактыны бөле көрсетіп, атап өту керек.

1) *Менің айтайын деп тұрғаным*, біріншіден, соңғы уақытта ССРО мен Польша арасындағы, ССРО мен Франция арасындағы қатнастардың жақсаруға бет алғандығы. Өздеріңізге мәлім, бұрын Польшамен қатнасымыз мәз емес еді. Польшада біздің мемлекетіміздің өкілдерін өлтірген еді. Польша өзін Батыс мемлекеттердің ССРО-ға қарсы барьеріміз деп есептеген еді. Империалистердің қай-қайсысы болса да ССРО-ға қарсы соғыс бастала қалған күнде Польшаны алдыңғы қатардағы отряд болады деп есептеген еді. ССРО мен Францияның арасындағы қатнастар да бұдан жақсы болмайтын. ССРО мен Францияның арасындағы өзара қатнастардың жайын еске түсіру үшін Москвада Рамзиннің зиянкестік тобына жасалған соттың тарихынан белгілі фактыларды еске түсірсек те жеткілікті болады. Міне, осы қолайсыз қатнастар бірте-бірте жойыла бастап келеді. Сол қолайсыз қатнастар енді басқа қатнастармен, жақындасу қатнастары деуден басқаша аталмайтын қатнастармен алмасып келеді.

Шабуыл жасаспау пактысының маңызы зор бола тұрсадағы, мәселе біздің бұл елдермен шабуыл жасаспау пактысына қол қоюымызда ғана емес. Мәселе ең алдымен, бір-бірімізге сенбеушілікпен уланған жағдайдың жойыла бастауында. Бұл, әрине, жақындасуға бет алған бағытты ақтық табысқа жеткізерлік, әбден тыянақты іс деп қарауға болады деген сөз емес. Мысалы, советке қарсы пікір әлі де болса күшті болып отырған Польшада саясат жүзінде күтілмеген жағдайлар және түрлі бұлтарыстар болмайды деп есептеуге әлі көп бар. Бірақ, болашақтағы нәтижелеріне қарамастан,— біздің қатнастарымызда жақсылыққа қарай бетбұрыс болып отырғаны факт, оны бейбітшілік ісін жақсартудың факторы ретінде көрсетуге және алға ұсынуға болады.

Бұл өзгерістің себебі не, ол неден болып отыр?

Ең алдымен, ССРО-ның күші мен қуатының өсуінен болып отыр.

Біздің заманымызда әлсіздермен санаспайды,— күштілермен ғана санасады. Ал одан кейін — Германияда өш алушылық және империалистік пікірлердің өскендігін көрсететін, Германия саясатындағы кейбір өзгерістерден болып отыр.

Германияның кейбір саясатшылары бұл жөнінде: ССРО қазір Франция мен Польшаға бағыт ұстап отыр, сөйтіп ол Версаль шартына қарсы елден оны жақтаушы елге айналып отыр, бұл өзгеріс Германияда фашистік тәртіп орнауынан болып отыр дейді. Бұл дұрыс емес. Әрине, Германиядағы фашистік тәртіпке қуанудан біз аулақпыз. Бірақ, мәселе мұнда фашизмде емес, еместігі сол, мысалы, Италиядағы фашизм ССРО-ның Италиямен қатнасын жақсартуына кедер-

гі жасаған жоқ. Мәселе біздің Версаль шартына көзқарасымыз өзгеріпті-мыс дегенде де емес. Брест бітімінің қорлығын көрген біз Версаль шартын дәріптей алмаймыз. Біз тек осы шарттың салдарынан келіп дүние жүзінің жаңа соғыс иіріміне түсірілуіне ғана қосылмаймыз. ССРО-ның бағыты басқа жаққа ауыпты-мыс деу жөнінде де осыны айту керек. Бізде Германияға бағыт ұстау болған жоқ, сол сияқты, Польшаға, Францияға да бағыт ұстап отырғанымыз жоқ. Біз бұрын да, қазір де ССРО-ның өзіне, тек соған ғана бағыт ұстап отырмыз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.) Ал егер ССРО-ның мүдделері бейбітшіліктің бұзылуын тілемейтін белгілібір елдермен жақындасуды талап ететін болса, біз мұны ешбір ауытқымастан істей береміз.

Жоқ, мәселе мұнда емес. Мәселе Германияның саясатының өзгеруінде. Мәселе: Германияның қазіргі саясатшыларының өкімет басына келері алдында, әсіресе олар өкімет басына келгеннен кейін — Германияда екі саяси жолдың арасында: ССРО мен Германияның арасындағы белгілі шарттарда бейнеленген ескі саясат пен негізінде Германияның бұрынғы кайзерінің, бір кезде Украинаны оккупациялап алған, Ленинградқа аттаныс жасаған, Балтық елдерін сол аттанысқа таяныш еткен кайзерінің саясатына ұқсайтын «жаңа» саясаттың арасында күрес басталуында, ал онсоң осы «жаңа» саясаттың ескі саясаттан көріне басым түсіп отырғанында болып отыр. «Жаңа» саясат адамдарының барлық жағынан да басым түсіп, ескі саясатты жақтаушылардың төмендеп қалуын әлдеқалай нәрсе деуге болмайды. Сол сияқты Гугенбергтің Лондондағы белгілі сөзі де, Германиядағы

үстем партияның сырткы саясатын баскарушы Розенбергтің белгілі декларациясы да әлдеқалай нәрсе емес. Міне, мәселе осында, жолдастар.

2) Менің айтайын деп тұрғаным, екіншіден, ССРО мен Солтүстік Америка Құрама Штаттары арасында қалыпты қатнастың қайта орнатылғандығы. Бұл істің бүкіл халықаралық катнастар жүйесінде елеулі маңызы бар екеніне ешбір күдік болмаска тиіс. Мәселе тек мұның бейбітшілік сақтау ісінің жағдайын түзейтінінде, екі елдің арасындағы катнасты жақсартатынында, олардың арасында сауда байланысын ныгайтатынында, өзара істес болуларына негіз қалайтынында ғана емес. Мәселе мынада, бұл жағдай түрлі елдерде САҚШ советке карсы әрекеттердің бәрінің тірегі саналған ескі бағыт пен бұл тірек екі елдің де пайдасына бола жолдан ерікті түрде алынып тасталған жаңа бағыттың арасына меже қояды.

Советтің бейбітшілік саясатының табыстарын көрсететін негізгі екі факт міне, осындай.

Алайда, есеп беріліп отырган уақыттың ішінде іс тің бәрі бізде қалпынша жүріп отырды деп ойлау теріс болған болар еді. Жоқ, бізде істің барлығы бірдей қалпынша жүріп отырған жоқ.

Англияның бізге қысым жасауын, біздің экспортымызға эмбарго салынуын, біздің ішкі ісімізге араласуға, сөйтіп жайымызды білуге, — біздің қарсыласу күшімізді байқауға әрекет жасалуын еске түсіріп қараңыздар. Рас, бұл әрекеттен ештеңе шыққан жоқ, кейін эмбарго да алынды, бірақ сол қоқаңдаулардың қолайсыз қалдығы Англия мен ССРО арасындағы катнастардың, соның ішінде сауда шарты туралы ке-

ліс сөздердің бәрінде де әлі сезіліп отыр. Ал ССРО-ға қарсы жасалған бұл қоқандауларды әлдеқалай нәрсе деуге болмайды. Ағылшын консерваторларының бір бөлегі мұндай қоқандауларсыз тұра алмайтыны белгілі. Бұл қоқандаулар әлдеқалай нәрсе болмай отырғандықтан да, біз ССРО-ға қарсы келешекте де сондай қоқандаулар жасалатынын, түрлі қауіптер туғызылатынын, ССРО-ға зиян келтірілетінін және тағы сондайлар істелетінін ескеруіміз керек.

ССРО мен Жапония арасындағы қатнастарды да ескермеуге болмайды, бұл қатнастар елеулі түрде жақсартуды керек қылады. Шабуыл жасаспау пактысына Жапония ССРО-дан кем мұқтаж болмай отырса да, оның оған қол қоюдан бас тартуы біздің қатнастарымыздың бәрі бірдей оңды емес екендігін тағы да көрсетеді. Қытай Шығыс Темір Жолы жөніндегі келіс сөздің тоқтап қалуы туралы да осыны айту керек болады, бұл ССРО-ның кінәсынан болған жоқ, сол сияқты, жапон агенттерінің ҚШТЖ бойында жүгенсіздік жасап, ҚШТЖ-дағы совет қызметкерлерін заңсыз тұтқынға алып отырғаны, тағы басқалары жөнінде де соны айтуға болады. Жапониядағы әскери адамдардың бір бөлегі ССРО-мен соғысу, Приморьені тартып алу керек деп баспасөз бетінде ашықтан-ашық үгіт таратып отырғанын, әскери адамдардың екінші бөлегі мұны көрнеу мақұлдап отырғанын, ал Жапония үкіметі соғыс өртін тұтатушыларды тәртіпке шақырудың орнына, бұл менің ісім емес дегенсіп отырғанын мен айтып та тұрғаным жоқ. Бұл сияқты жағдайлардың қауіптенуді, сенімсіздікті туғызбай қоймайтынын түсіну қиын емес. Әрине, біз келешекте де бейбітшілік саясатын берік жүргіземіз, Жапо-

ниямен қатнастарды жақсартуға тырысамыз, өйткені біз сол қатнастарды жақсартуды тілейміз. Бірақ бұл жөндегі істің бәрі бірдей бізге ғана байланысты емес. Сондықтан біз, мұнымен қатар, өз елімізді күтілмеген қауіптерден сақтауға да барлық шараны қолдануымыз керек, елімізді шабуылдан қорғауға дайын болуымыз керек. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Көріп отырсыздар, біздің бейбітшілік саясатымыздың табыстарымен қатар бізде бірсыпыра қолайсыз жағдайлар да бар.

ССРО-ның сыртқы жағдайы осындай.

Біздің сыртқы саясатымыз айқын. Бұл саясат — бейбітшілікті сақтау және барлық елдермен сауда қатнастарын күшейту саясаты. ССРО-ның ешкімге де қорқыныш туғызайын деген және ешкімге де шабуыл жасайын деген ойы жоқ. Біз бейбітшілікті жақтаймыз және бейбітшілік ісін қолдаймыз. Бірақ біз қорқытушылықтардан қорықпаймыз және соғыс өртін тұтатушылардың соққысына соққымен жауап беруге даярмыз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.) Кімде-кім бейбітшілікті тілесе және бізбен іс жөнінде байланыс жасағысы келсе, оларды біз қашан да болса қолдаймыз. Ал кімде-кім біздің елімізге шабуыл жасауға әрекет істесе, — оларға біз біздің советтік огородымызға өздерінің арам тұмсығын ендігәрі сұқпастай етіп, күйрете соққы береміз. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Біздің сыртқы саясатымыз осындай. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Міндет осы саясатты бұдан былай да мейлінше қажырлы және дәйекті түрде жүзеге асыруда болып отыр.

II

ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҮЗДІКСІЗ ӨРЛЕЙ ТҮСУІ ЖӘНЕ ССРО-ның ІШКІ ЖАЙЫ

ССРО-ның ішкі жайы туралы мәселеге көшемін.

ССРО-ның ішкі жайы жағынан алып қарағанда, есеп беріліп отырған дәуір халық шаруашылығы жөнінен де, мәдениет жөнінен де барған сайын құлаш жайып өрлей түскен дәуір болды.

Бұл өрлеу күштің жәй сан жағынан ғана құралуы болған жоқ. Бұл өрлеудің тамашалығы сол, — ол ССРО-ның құрылысына принциптік өзгерістер енгізді, сөйтіп еліміздің бейнесін негізінен өзгертті.

ССРО осы дәуірдің ішінде мешеулік пен ортағасырлық жамылғысын тастап, негізінен өзгеріп шықты. Ол аграрлық елден индустриялы елге айналды. Ұсақ жеке меншікті ауыл шаруашылығы бар елден механизацияланған ірі коллективтік ауыл шаруашылығы бар елге айналды. Қараңғы, сауатсыз, мәдениетсіз елден ССРО-дағы ұлттар тілінде істейтін жоғары, орта, төмен дәрежелі мектептері көп сауатты, мәдениетті елге айналды, — дұрысын айтқанда, айналып келеді.

Өндірістің жаңа салалары: станок жасау өнеркәсібі, автомобиль өнеркәсібі, трактор өнеркәсібі, химия өнеркәсібі, мотор жасау, самолет жасау, комбайн жасау өнеркәсіптері, күшті турбиналар мен генераторлар шығару, сапалы болат, ферросплав, жасанды каучук, азот, жасанды торқа шығару өнеркәсібі, тағы-тағы сондайлар жасалды. (*Ұзақ қол шапалақтау.*)

Осы дәуірдің ішінде кәзіргі заманға әбден сай келетін мыңдаған жаңа өнеркәсіп орындары салынып, іске қосылды. Днепрстрой, Магнитстрой, Кузнецкстрой, Челябстрой, Бобриков, Оралмашстрой, Краммашстрой сықылды алыптар салынды. Жаңа техника негізінде мыңдаған ескі кәсіп орындары қайта құрылды. ССРО-ның ұлт республикаларында, шет аймақтарында: Белоруссияда, Украинада, Солтүстік Кавказда, Закавказьеде, Орта Азияда, Қазақстанда, Бурят-Монголияда, Татарстанда, Башқұртстанда, Оралда, Шығыс және Батыс Сибирьде, Қыйыр Шығыста, және т. б. жерлерде жаңа кәсіп орындары салынды, өнеркәсіп ошақтары құрылды.

200 мыңнан астам колхоз және 5 мыңнан астам совхоз құрылды, солар үшін жаңа аудан орталықтары, өнеркәсіп пункттері құрылды.

Бұрын мидай дала болған дерлік жерлерден халқы көп, үлкен-үлкен жаңа қалалар салынды. Ескі қалалар мен өнеркәсіп пункттері орасан өсті.

Кузнецкінің кокстелетін көмірін Оралдың темір кендерімен қосатын Орал-Кузнецк комбинатының негізі қаланды. Сонымен, Шығыста жаңа металлургия базасын салу ісі арманнан шындыққа айналды деуге болады.

Орал тауының батыс және күнгейбет аудандарында — Орал облысында, Башқұртстан мен Қазақстанда мұнай кәсібінің күшті жаңа базасының негіздері салынды.

Осы есеп беріліп отырған дәуір ішінде халық шаруашылығының барлық салаларына жұмсалған мемлекеттің 60 миллиард сомнан астам зор күрделі қа-

ражаты, — басқа кетпей, қазір-ақ өзінің нәтижесін бере бастады.

Осы табыстардың арқасында ССРО-ның халық кірісі 1929 жылғы 29 миллиард сомынан артып, 1933 жылы 50 миллиард сомға дейін жетті, ал осы дәуірдің ішінде капиталистік елдердің бәрінде де халық кірісі орасан зор кеміп кетті.

Әрине, осы табыстардың бәрі және осы өрлеудің бәрі ССРО-ның ішкі жайын одан әрі нығайтуға тиіс еді, — ал шынында да соған жеткізіп отыр.

Техникасы мешеу, мәдениеті төмен байтақ мемлекеттің жерінде айналасы 3—4 жылдың ішінде осынша зор өзгерістер қалай болды? Бұл керемет емес пе? Егер де даму ісі капитализм мен жеке меншікті ұсақ шаруашылық негізінде жүріп отырған болса, онда бұл керемет болған болар еді. Бірақ біздегі даму ісі социалистік құрылысты өрістету негізінде жүріп отырғандығын еске алсақ, мұны керемет деп атауға болмайды.

Әрине, мұндай орасан зор өрлеу социализм құрылысын ойдағыдай өрістетудің негізінде, ондаған миллион адамдардың қоғамдық еңбегінің негізінде, шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік және жеке-шаруалық системадан артықшылығының негізінде ғана өріс ала алды.

Сондықтан ССРО-ның экономикасы мен мәдениетінің, есеп беріліп отырған дәуірде, орасан зор өрлеуі дегеніміз, сонымен бірге, капиталистік элементтерді жою және жеке меншікті шаруалар шаруашылығын кейінгі қатарға ығыстыру деген сөз болғандығында таңданарлық ешнәрсе жоқ. Социалистік системаны

шаруашылықтың үлесті салмағы өнеркәсіпте қазір 99%, ал ауыл шаруашылығында, дәнді дақылдардың егіс көлемін алсақ, — 84,5% болып отырғандығы, ал жеке меншікті шаруалар шаруашылығының үлесіне небәрі 15,5% қана қалып отырғандығы факт.

Сөйтіп, ССРО-да капиталистік шаруашылық осы күннің өзінде-ақ жойылды, ал деревнядағы жеке-шаруа секторы екінші қатарлы орынға ығыстырылды.

Жаңа экономикалық саясатты енгізер кезімізде Ленин біздің елімізде бес түрлі қоғамдық-экономикалық укладтың элементтері бар деген еді: 1) патриархтық шаруашылық (едәуір дәрежеде өзіндік шаруашылық), 2) ұсақтоварлы өндіріс (көпшілігі астығын сататын шаруалар), 3) жекеменшікті-шаруашылық капитализмі, 4) мемлекеттік капитализм, 5) социализм[76]. Ленин осы айтылған укладтардың ішінен ақыр аяғында келіп социалистік уклад басым болып шығуға тиіс деп есептеген. Қазір біз бірінші, үшінші және төртінші қоғамдық-экономикалық укладтар қазірдің өзінде жойылды, екінші қоғамдық-экономикалық уклад екінші дәрежелі орынға ығыстырылды, ал бесінші қоғамдық-экономикалық уклад — социалистік уклад — бүкіл халық шаруашылығымызда бір өзі үстем, бірден-бір жетекші күш болып отыр деп айта аламыз. (Ұзақ ду қол шапалақтау.)

Қортынды осындай.

ССРО-ның ішкі жайының беріктігінің негізі, капиталистік қоршау жағдайында оның алдыңғы қатардағы және тылдағы позицияларының берік болуының негізі осы қорытындыда болып отыр.

Енді Совет Одағының экономикалық және саяси халінің жеке мәселелері жөніндегі нақтылы материалдарды қарастыруға көшейік.

I. ӨНЕРКӘСІПТІҢ ӨРЛЕУІ

Халық шаруашылығының барлық салаларының ішінен бізде өнеркәсіп саласы неғұрлым тез өсті. Есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде, яғни 1930 жылдан бастап, өнеркәсібіміз екі еседен аса, атап айтқанда 101,6% өсті, ал соғыстан бұрынғы дәрежесімен салыстырғанда өнеркәсібіміз төрт есеге жуық, атап айтқанда 291,9% өсті.

Бұл индустрияландыру ісі бізде барлық пәрменмен жүріп отырды деген сөз.

Индустрияландыру ісінің тез өскендігінің арқасында бүкіл халық шаруашылығының жалпы өнімінде өнеркәсіптің өнімі ең басты орын алды.

Тиісті кесте мынадай.

Халық шаруашылығының жалпы өнімінде өнеркәсіптің үлесті салмағы, процент есебімен (1926/27-жылдың бағасымен):

	1913 ж.	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
1. Өнеркәсіп (ұсағын қоспағанда) . . .	42,1	54,5	61,6	66,7	70,7	70,4
2. Ауыл шаруашылығы	57,9	45,5	38,4	33,3	29,3	29,6
Жыйнағы . .	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0

Бұл біздің еліміздің берік түрде және біржолата — индустриялды ел болғандығын көрсетеді.

Өнеркәсіптің жалпы дамуында өндіріс құралдары мен саймандарын өндіру жағы өсуінің индустрияландыру ісінде шешуші маңызы бар. Есеп беріліп отырған дәуірдің мәліметтері өнеркәсіптің жалпы көлемінің ішінде осы өндірістің үлесті салмағы басым болып отырғанын көрсетеді.

Тиісті кесте мынадай.

Ірі өнеркәсіп салаларының негізгі екі тобының өнімінің үлесті салмағы (1926/27-жылдың бағасымен):

	Жалпы өнімі (миллиард сом есебімен)				
	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
Бүкіл ірі өнеркәсіп	21,0	27,5	33,9	38,5	41,9
Оның ішінде:					
„А" тобы. Өндіріс құралдары мен саймандары .	10,2	14,5	18,8	22,0	24,3
„Б" тобы. Тұтыну заттары	10,8	13,0	15,1	16,5	17,6
Үлесті салмағы	(Процент есебімен)				
„А" тобы. Өндіріс құралдары мен саймандары	48,5	52,6	55,4	57,0	58,0
„Б" тобы. Тұтыну заттары	51,5	47,4	44,6	43,0	42,0
Барлығы .	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0

Көріп отырсыздар, бұл кестені түсіндірудің керегі жоқ.

Біздің техника жағынан әлі де болса жас елімізде өнеркәсіптің ерекше міндеті бар. Ол жаңа техника негізінде өзін ғана, өнеркәсіптің барлық салаларын, оның ішінде жеңіл, тамақ, ағаш өнеркәсіптерін ғана қайта құруға тиіс емес. Ол мұның үстіне транспорттың барлық түрлерін және ауыл шаруашылығының барлық

салаларын да қайта құруға тиіс. Бірақ өнеркәсіп бұл міндетін — халық шаруашылығын қайта құрудың негізгі тетігі — машина жасау өнеркәсібі оның ішінде басым сала болған жағдайда ғана орындай алады. Есеп беріліп отырған дәуірдің мәліметтері машина жасау өнеркәсібі бізде өнеркәсіптің жалпы көлемінен жетекші орынға ие болғандығын көрсетеді.

Тиісті кесте мынадай.

Жалпы өнімнің қортындысына шаққанда өнеркәсіптің жеке салаларының алатын үлесті салмағы, процент есебімен:

	ССРО			
	1913 ж.	1929 ж.	1932 ж.	1933 ж.
Таскөмір өнеркәсібі .	2,9	2,1	1,7	2,0
Кокс өнеркәсібі . . .	0,8	0,4	0,5	0,6
Мұнай шығару өнеркәсібі	1,9	1,8	1,5	1,4
Мұнай өңдеу өнеркәсібі	2,3	2,5	2,9	2,6
Қара металлургия өнеркәсібі	Мәлімет жоқ	4,5	3,7	4,0
Түсті металлургия өнеркәсібі	„	1,5	1,3	1,2
Машина жасау өнеркәсібі	11,0	14,8	25,0	26,1
Негізгі химия өнеркәсібі	0,8	0,6	0,8	0,9
Мақта-мата өнеркәсібі	18,3	15,2	7,6	7,3
Жүн өнеркәсібі	3,1	3,1	1,9	1,8

Мұның мәнісі біздің өнеркәсібіміз жақсы негізде дамып келеді, ал қайта құрылыстың кілті — машина жасау өнеркәсібі — түгелімен біздің қолымызда деген сөз. Оның тек орынды, дұрыс пайдаланылуы керек.

Өнеркәсібіміздің есеп беріліп отырған дәуірде әлеу-

меттік секторлар жағынан дамуын көрсететін мәліметтер де тамаша.

Тиісті кесте мынадай.

Ірі өнеркәсіптің жалпы өнімі әлеуметтік секторлар бойынша (1926/27-жылдың бағасымен):

	Жалпы өнімі (миллион сом есебімен)				
	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
Барлық өнім	21 025	27 477	33 903	38 464	41 968
Оның ішінде:					
I. Қоғамдастырылған өнеркәсіп	20 891	27 402	мәлімет жоқ	38 436	41 940
Оның ішінде:					
а) мемлекеттік өнеркәсіп	19 143	24 989	„	35 587	38 932
б) кооперативтік өнеркәсіп	1 748	2 413	„	2 849	3 008
II. Жеке меншіктегі өнеркәсіп	134	75	„	28	28
	(процент есебімен)				
Барлық өнім	100	100	100	100	100
Оның ішінде:					
I. Қоғамдастырылған өнеркәсіп	99,4	99,7	мәлімет жоқ	99,93	99,93
Оның ішінде:					
а) мемлекеттік өнеркәсіп	91,1	90,9	„	92,52	92,76
б) кооперативтік өнеркәсіп	8,3	8,8	„	7,41	7,17
II. Жеке меншіктегі өнеркәсіп	0,6	0,3	„	0,07	0,07

Бұл кестеден өнеркәсіпте капиталистік элементтер жойылып болғанын, ал шаруашылықтың социалистік системасы кәзір өнеркәсібімізде бірден-бір және монополиялы система болып алғанын көреміз. (Қол шапалақтау.)

Өнеркәсібіміздің осы есеп беріліп отырған дәуірде жеңіп алған барлық табыстарының ішіндегі ең маңыздысы мынау деп есептелу керек: ол осы уақыттың ішінде өнеркәсіптің мың-мыңдаған жаңа адамдарын, жаңа басшыларын, көп инженер мен техниктер тобын, әлденеше жүз мыңдаған жас маман жұмысшыларды тәрбиелеп, шыныктырып шығарды; олар жаңа техниканы меңгеріп, біздің социалистік өнеркәсібімізді ілгері бастырып отыр. Күмән жоқ, бұл адамдар болмаса, өнеркәсібіміз кәзіргі табыстарына, оның мақтануына сыярлық табыстарына жете алмаған болар еді. Мәліметтерге қарағанда, осы есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде өнеркәсібіміз фабрик-завод мектептерінен 800 мың азды-көпті мамандық алған жұмысшыларды өндіріске даярлап шығарды, ал жоғары дәрежелі техника мектептері мен жоғары дәрежелі оқу орындарынан және техникумдардан даярланған инженер-техниктер 180 мыңнан астам болды. Егер кадрлар мәселесі біздің дамуымыздағы ең елеулі мәселелердің бірі екені рас болса, онда өнеркәсібіміз бұл мәселені де көңілдегідей меңгере бастады деп тануымыз керек.

Біздің өнеркәсібіміздің негізгі табыстары осындай.

Алай да, өнеркәсібіміз ылғый табысты ғана болып отырды деп ойлау дұрыс болмас еді. Жоқ, оның өз кемшіліктері де бар. Солардың ішіндегі ең бастылары:

а) **Қара металлургияның** әлі де артта келе жатқандығы;

б) **Түсті металлургия** істерінің тәртіптелмегендігі;

в) Еліміздің жалпы отын балансысының ішінде **жергілікті көмір** кендерін пайдаға асырудың үлкен маңызы бар екендігін жете бағаламаушылық (Москва іргесіндегі көмір ауданы, Кавказ, Орал, Қарағанды, Орта Азия, Сібір, Қыйыр Шығыс, Солтүстік өлке және басқалар);

г) Орал, Башқұртстан, Эмба аудандарында **мұнай кәсібінің** жаңа **базасын** жасау мәселесіне тиісті назар салынбағандығы;

д) Жеңіл өнеркәсіп пен тамақ өнеркәсібі жөнінен де, сол сияқты ағаш өнеркәсібі жөнінен де **көпшілік қолды** товарларды өндіру ісін күшейту жайында елеулі қам жасалмай отырғандығы;

е) **Жергілікті өнеркәсіпті** өркендету мәселесіне тиісінше көңіл қойылмағандығы;

ж) **Өнімнің сапасын** жақсарту мәселесіне мүлдем нашар қараушылық;

з) **Еңбектің өнімділігін** арттыруда, **өнімнің түсер бағасын** арзандатуда, **шаруашылық есепті** енгізуде әлі де артта қалып келе жатқандық;

и) Еңбек пен жалақыны нашар ұйымдастырудың, жұмыстағы иесіздіктің, жалақыдағы теңгерменің әлі де болса жойылмай келе жатқандығы;

к) Шаруашылық халық комиссариаттарында және солардың органдарында, соның ішінде жеңіл өнеркәсіп пен тамақ өнеркәсібі халық комиссариаттарында басшылықтың **кеңсешілдік-төрешілдік** әдістерінің жойылуға жуықтамай отырғандығы.

Бұл кемшіліктерді тез жоюдың мейлінше кереккі-

гін тағы да түсіндіріп жатудың кажеті болар ма екен. Қара металлургия мен түсті металлургия бірінші бесжылдықтың ұзына бойында өздеріне белгіленген жоспарларын орындамағаны жұртқа мәлім. Бұлар жоспарларын екінші бесжылдықтың бірінші жылында да орындаған жоқ. Егер бұлар бұдан былай да артта қала беретін болса, өнеркәсіптің өркендеуіне бөгет, оның олқылықтарына себепші болып қалуы мүмкін. Ал көмір мен мұнай өнеркәсібінің жаңа базаларын жасау сыякты міндетті алсақ, онда бұл кезек күтпейтін міндетті орындамасақ өнеркәсібімізді де, транспортымызды да біз тұралатып алуымыз мүмкін екендігін түсіну қыйын емес. Көпшілік қолды товарларды көбейту және жергілікті өнеркәсіпті өркендету мәселесі, солар сықылды, өнімнің сапасын жақсарту, еңбектің өнімділігін арттыру, өнімнің түсер бағасын арзандату және шаруашылық есепті енгізу мәселелері де — түсіндіріп жатуды тілемейтін мәселелер. Ал енді еңбек пен жалақының нашар ұйымдастырылуына және басшылықтағы кеңсешілдік-төрешілдік әдіске келсек, Донбастағы болған оқыйға, жеңіл өнеркәсіп пен тамақ өнеркәсібінің өндіріс орындарында болған оқыйғалар бұл қауіпті кесел өнеркәсіптің барлық салаларында да ұялап, олардың өркендеуіне кедергі болып отырғанын көрсетті. Егер бұл кесел жойылмайтын болса, өнеркәсіп екі аяғынан бірдей ақсайды.

Кезектегі міндеттер:

1) Өнеркәсіп системасында машина жасау өнеркәсібінің кәзіргі жетекші орында болуын сақтау.

2) Қара металлургияның артта қалуын жою.

3) Түсті металлургия ісін тәртіпке салу.

4) Қәзіргі белгілі аудандардың бәрінде де жергілікті көмірді шығару жұмыстарын барынша күшейту, көмір шығаратын жаңа аудандар ұйымдастыру (мәселен, Қыйыр Шығыстың Бурей ауданында), Кузбасты екінші Донбаска айналдыру. (Ұзақ қол шапалақтау.)

5) Орал тауының батыс және күнгей бет аудандарында мұнай өнеркәсібінің базасын ұйымдастыруға мықтап кірісу.

6) Шаруашылық халық комиссариаттарының бәрінде де көпшілік қолды товарларды шығаруды күшейту.

7) Жергілікті совет өнеркәсібін күшейту, көпшілік қолды товарлар жасап шығару ісінде олардың ынта көрсетуіне мүмкіншілік беру, оларға шикізат және қаражат жағынан мүмкіндігінше көмектесу.

8) Жасалып жатқан товарлардың сапасын жақсарту, комплектісі түгел емес өнім шығаруды тоқтату, өнімнің сапасы жақсы, оның комплектісі түгел болуы жайындағы Совет өкіметінің заңдарын бұзған немесе орындамаған жолдастардың бәрін де бет-ажарына қарамастан қатты жазалау.

9) Еңбек өнімділігінің үнемі артуын, өнімнің түсер бағасы бірден-бірге арзандай беруін және шаруашылық есептің енгізілуін қамтамасыз ету.

10) Жұмыстағы иесіздікті және жалақыдағы теңгермені жою.

11) Басшы мекемелердің қаулылары мен нұсқауларын төменгі орындардың қалай орындап отырғандықтарын үнемі тексере отырып, шаруашылық халық комиссариаттарының барлық буындарында басшылықтың кеңсешілдік-төрешілдік әдістерін жою.

2. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӨРЛЕУІ

Ауыл шаруашылығының дамуы біраз басқаша түрде болды. Есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде ауыл шаруашылығының негізгі салаларының өрге басуы өнеркәсіптегіден әлденеше есе шабан, бірақ, дегенмен, жеке шаруалар басым болған дәуірдегісінен гөрі жылдамырақ болды. Ал мал шаруашылығы саласы жөнінен бізде, тіпті, кері кету болды — мал басы кеміді, тек 1933 жылдың ішінде ғана, онда да шошқа шаруашылығы саласында ғана өрлеу белгілері көрінді.

Бытыранды ұсақ шаруалар шаруашылығын колхозға ұйымдастырудың аса қиындығы, бос жатқан дерлік жерде көптеген ірі астық және мал шаруашылықтарын құру сияқты қиын жұмыс және, жалпы алғанда, жеке шаруалы ауыл шаруашылығын жаңа колхоз жолына түсіріп, қайта құру сияқты көп уақытты және көп шығынды керек қылатын **қайта құрылыс** дәуірі, — міне, осы факторлардың барлығы ауыл шаруашылығының баяу қарқынмен өрлеуіне де, бірсыпыра уақытқа дейін мал басының кемуіне де себепші болғаны анық.

Есеп беріліп отырған дәуір, істің шынында, ауыл шаруашылығының жедел өрлеп, жыты алға ұмтылу дәуірі болудан гөрі, таяу арада сондай өрлеу мен алға ұмтылу үшін алғышарттар жасау дәуірі болды.

Егерде барлық дақылдардың егіс көлемінің, онан соң әдейі — техникалық дақылдардың егіс көлемінің өсу мәліметтерін алып қарасақ есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде ауыл шаруашылығының дамуы мынадай болды.

ССРО бойынша барлық дақылдардың егіс көлемі:

	Миллион гектар есебімен					
	1913 ж.	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
Барлық егіс көлемі .	105,0	118,0	127,2	136,3	134,4	129,7
Оның ішінде:						
а) Дәнді дақылдар .	94,4	96,0	101,8	104,4	99,7	101,5
б) Техникалық „ . .	4,5	8,8	10,5	14,0	14,9	12,0
в) Огород-бақша „ .	3,8	7,6	8,0	9,1	9,2	8,6
г) Мал азығы „ . .	2,1	5,0	6,5	8,8	10,6	7,3

ССРО бойынша техникалық дақылдардың егіс көлемі:

	Миллион гектар есебімен					
	1913ж.	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж,	1932 ж.	1933 ж.
Мақта	0,69	1,06	1,58	2,14	2,17	2,05
Зығыр (салалы) . . .	1,02	1,63	1,75	2,39	2,51	2,40
Қант қызылшасы . .	0,65	0,77	1,04	1,39	1,54	1,21
Майлы дақылдар . .	2,00	5,20	5,22	7,55	7,98	5,79

Бұл кестелер ауыл шаруашылығындағы негізгі екі бағытты көрсетеді:

1) Он мыңдаған колхоздар құрылып, олар кулактарды жерден қуып, босаған жерлерді иеленіп, өз қолдарына алып жатқан кезде, ауыл шаруашылығын қайта құрудың қызу жүріп жатқан дәуірінде егіс көлемін барынша арттыра беруге бағыт ұсталғандығын көрсетеді.

2) Егістің көлемін беталды көбейтуді қою, егіс көлемін беталды көбейтуден жер өңдеу жұмысын жақсартуға, дұрыс ауыспалы егіс пен парды қолда-

нуға, егіннің шығымдылығын арттыруға, ал егер іс жағдайы керек қылатын болса, — осы күнгі егіс көлемін уақытша азайтуға көшу бағыты ұсталғандығын көрсетеді.

Бәріңізге мәлім, екінші бағыт,— ауыл шаруашылығындағы бірден бір дұрыс бағыт,— 1932 жылы, ауыл шаруашылығындағы қайта құру дәуірі аяқталуға жақындаған кезде және егін шығымдылығын арттыру мәселесі ауыл шаруашылығын көтеруде негізгі мәселенің бірі болған кезде жарияланды.

Бірақ, егіс көлемінің өсуі жөніндегі мәліметтерді ауыл шаруашылығының өркендеуін көрсететін толық көрсеткіш деп есептеуге болмайды. Кейде егістің көлемі өссе де, өнімі өспеуі, не тіпті — кемуі мүмкін, мұның себебі жер өңдеу нашарлап, егіс шығымының төмендеуінен болады. Сондықтан, егіс көлемі жөніндегі мәліметтерді жалпы өнім жөніндегі мәліметтермен толықтыру керек.

Тиісті кесте мынадай.

ССРО бойынша дәнді және техникалық дақылдардың жалпы өнімі:

	Миллион центнер есебімен					
	1913 ж.	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
Дәнді дақылдар . . .	801,0	717,4	835,4	694,8	698,7	898,0
Мақта (шитті) . . .	7,4	8,6	11,1	12,9	12,7	13,2
Зығыр (торқасы) . .	3,3	3,6	4,4	5,5	5,0	5,6
Қант қызылшасы . .	109,0	62,5	140,2	120,5	65,6	90,0
Майлы дақылдар .	21,5	35,8	36,2	51,0	45,5	46,0

Бұл кестеден ауыл шаруашылығын қайта құрудың ең қызу жүрген жылдары — 1931 және 1932 жылдар — дәнді дақылдар өнімінің ең азайған жылдары болғанын көреміз.

Бұл кестеден, онан соң, зығыр мен мақта егілетін аудандарда ауыл шаруашылығын қайта құру бәсеңдеу қарқынмен жүргендіктен, бұл дақылдар тіпті кеміген жоқ деуге болатынын және азды-көпті болса да біркелкі және ылғый өрлеу үстінде болғанын, өзінің өркендеу қарқынын жоғары дәрежеде сақтап отырғанын көреміз.

Бұл кестеден, үшіншіден, майлы дақылдар соғыстан бұрынғы қалпымен салыстырғанда өзінің өркендеу қарқынын жоғары дәрежеде сақтай отырып, тек аздап қана ауытқыған болса, ауданында ауыл шаруашылығын қайта құру қарқыны ең жоғары болған және өзі қайта құру дәуіріне ең соң түскен қант қызылшасы қайта құрудың соңғы жылында, 1932 жылы, мейлінше төмендеп кеткенін, өнімін соғыстан бұрынғы қалпынан да азайтып жібергенін көреміз.

Бұл кестеден, ақырында, 1933 жыл — қайта құру дәуірі аяқталғаннан кейінгі бірінші жыл — дәнді дақылдар мен техникалық дақылдар дамуында өзгеріс жасалған жыл болғанын көреміз.

Мұның мәнісі, ең алдымен дәнді дақылдар, ал онан соң — техникалық дақылдар бұдан былай берік және сенімді түрде жедел өсуге кірісті деген сөз.

Қайта құрылыс дәуірін ауыл шаруашылығының мал шаруашылық саласы өте-мөте ауыр өткізді.

Тиісті кесте мынадай.

ССРО бойынша мал саны:

	Миллион есебімен					
	1916 ж.	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
а) Жылқы	35,1	34,0	30,2	26,2	19,6	16,6
б) Ірі қара мал . . .	58,9	68,1	52,5	47,9	40,7	38,6
в) Қой-ешкі	115,2	147,2	108,8	77,7	52,1	50,6
г) Шошқа	20,3	20,9	13,6	14,4	11,6	12,2

Бұл кетседен есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде бізде малдың саны көбейген жоқ, қайта соғыстан бұрынғы дәрежесімен салыстырғанда әлі де болса кемумен келе жатқанын көреміз. Бұл кесте, бір жағынан, ауыл шаруашылығының мал шаруашылығы саласында ірі кулактардың көп болғандығын, екінші жағынан, кулактың малды қыру үшін жүргізген, қайта құрылыс жылдарында қолайлы жағдайда болған, үгіті күшті болғандығын сыйпаттайтыны анық.

Бұл кестеден, онан соң, мал басының кемуі қайта құрылыстың бірінші жылынан-ақ (1930 жыл) басталып, содан 1933 жылга дейін кемумен келгенін, онсоң, мал басы бастапқы үш жылда өте көп кеміп кеткенін, ал 1933 жылы, қайта құрылыс дәуірі аяқталғаннан кейінгі бірінші жылы, дәнді дақылдар көтеріле бастаған кезде, мал басының кему мөлшері ең төменгі шегіне жеткенін көреміз.

Бұл кестеден, ақырында, шошқа өсіру жөнінде басқаша процесс басталганын, 1933 жылы-ақ мұнда өрлеу белгілері біліне бастағанын көреміз.

Мұның мәнісі 1934 жыл бүкіл мал шаруашылы-

ғында өрлеуге беталған өзгеріс жылы болуға тиіс және болады деген сөз.

Есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде бізде шаруалар шаруашылығын коллективтендіру ісі қалай өркендеді?

Тиісті кесте мынадай.

Коллективтендіру:

	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
Колхоздар саны (мың есебімен)	57,0	85,9	211,1	211,05	224,5
Колхоздағы шаруашылық саны (миллион есебімен)	1,0	6,0	13,0	14,9	15,2
Шаруалар шаруашылығының коллективтену проценті	3,9	23,6	52,7	61,5	65,0

Ал дәнді дақылдардың егіс көлемі секторлар бойынша қалай өзгеріп отырды?

Тиісті кесте мынадай.

Секторлар бойынша дәнді дақылдардың егіс көлемі:

Секторлар	Дәнді егістер, миллион гектар есебімен					1933 жылғы егіс көлеміне шаққанда неше %
	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.	
1. Совхоздар . . .	1,5	2,9	8,1	9,3	10,8	10,6
2. Колхоздар . . .	3,4	29,7	61,0	69,1	75,0	73,9
3. Жекешелер . . .	91,1	69,2	35,3	21,3	15,7	15,5
ССРО бойынша дәнді дақылдардың барлық егіс көлемі	96,0	101,8	104,4	99,7	101,5	100,0

Бұл кестелер нені көрсетеді?

Бұлар колхоздардың саны мен олардың мүшелерінің саны қаулап өскен ауыл шаруашылығының қайта құрылыс дәуірі енді аяқталғандығын, аяқталғанда ол 1932 жылдың өзінде-ақ аяқталғандығын көрсетеді.

Демек, ендігі жердегі коллективтендіру ісі жеке шаруалардың қалғандарын колхоздардың бірте-бірте өз ішіне тартып, оларды қайта тәрбиелеу ісі болмақ.

Мұның мәнісі колхоздар біржолата және түпкілікті жеңіп шықты деген сөз. (Ұзақ ду қол шапалақтау.)

Бұлар, онан соң, совхоздар мен колхоздар ССРО-дағы барлық дәнді дақылдар егіс көлемінің 84,5 процентін иеленіп отырғандығын көрсетеді.

Мұның мәнісі колхоздар мен совхоздар бірігіп енді бүкіл ауыл шаруашылығының, оның барлық салаларының тағдырын шешетін күшке айналды деген сөз.

Бұлар, онан әрі, шаруалар шаруашылығының колхозға біріккен 65% барлық дәнді дақылдар егіс көлемінің 73,9% иеленіп отырғандығын, ал барлық шаруа халқының 35% болып отырған былайғы жеке шаруалар шаруашылығының бәрі жыйылып барлық дәнді дақылдар егіс көлемінің 15,5% ғана иеленіп отырғандығын көрсетеді.

Егер де бұған, 1929/30-жылы жеке шаруалардың мемлекетке 780 миллион пұттай астық тапсырғанын, ал колхоздардың 120 миллион пұттан кем тапсырғанын ескере келіп, 1933 жылы колхоздардың мемлекет-

ке барлық түсімдер түрінен миллиард пұттан артық астық тапсырғанын, ал жеке шаруалар, астық жоспарын 100% орындағанының өзінде, небәрі 130 миллион пұттай ғана тапсырғанын қоссақ, — онда есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде колхоздар мен жеке шаруалардың рольдері толық ауысқаны, ал оның бержағында, колхоздар осы арада ауыл шаруашылығының үстем күшіне айналғаны, ал жеке шаруалар, колхоз құрылысына лажсыз бағынуға, оған бейімделуге мәжбүр, қосалқы күш болып қалғаны ап-айқын болып шыға келеді.

Еңбекші шаруалар, біздің советтік шаруаларымыз социализмнің қызыл туының астына біржолата және түпкілікті бірігіп алды деп мойындау керек. (Ұзақ қол шапалақтау.)

Шаруалар жаратылысында контрреволюцияшыл, ол ССРО-да капитализмді қайта орнатуға тиіс, ол социализм құру ісінде жұмысшы табына одақтас бола алмайды, ССРО-да социализмді құру мүмкін емес деп эсер-меньшевик және буржуазияшыл-троцкишіл опасыздар оттай берсін. Фактылар бұл мырзалардың ССРО-ға да, советтік шаруаларға да жала жауып жүргенін көрсетіп отыр. Фактылар біздің советтік шаруалардың капитализммен біржолата ат құйрығын үзісіп, жұмысшы табымен одақтаса — социализмге қарай ілгері басқанын көрсетіп отыр. Фактылар ССРО-да біз қазір социалистік қоғамның негізін қалап болғанымызды, енді бізге оның үстін қалап бітіру ғана қалғанын көрсетіп отыр, — бұл іс, социалистік қоғамның негізін қалаудан, сөз жоқ, анағұрлым жеңіл іс.

Колхоздар мен совхоздардың күші, алайда, олар-

дың егіс көлемі мен өнімінің көбеюімен ғана бітпейді. Бұл күш, сонымен қатар, олардың трактор паркінің өсуінен де, олардың механизациясының өсуінен де көрінеді. Бұл жөнінде біздің колхоздарымыз бен совхоздарымыз көп алға басқанында дау жоқ.

Тиісті кесте мынадай.

ССРО-ның ауыл шаруашылығындағы трактор паркі (амортизациясын есепке алғанда):

	Мың дана есебімен					Мың аттық күш есебімен алынған қуаты				
	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.	1929 ж.	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
Барлық тракторлар	34,9	72,1	125,3	148,5	204,1	391,4	1003,5	1850,0	2225,0	3100,0
Оның ішінде:										
а) МТС-тегі тракторлар	2,4	31,1	63,3	74,8	122,3	23,9	372,5	848,0	1077,0	1782,0
б) Совхоздардың барлық системасындағы тракторлар . .	9,7	27,7	51,5	64,0	81,8	123,4	483,1	892,0	1043,0	1318,0

Сонымен, колхоздар мен совхоздарға 204 мың трактор берілген, олардың 3 миллион 100 мың аттық күші бар. Көріп отырсыздар, бұл аз күш емес, капитализмнің деревнядағы барлық тамыр біткенінің бәрін қопарып тастай алатын күш. Бұл күш Лениннің бір кезде алыс болашақтағы[77] іс ретінде айтқан тракторларының санынан екі есе артық.

Машина-трактор станциялары мен Совхоздар халық комиссариатының совхоздарындағы ауылшаруашылық машиналар паркін алсақ, ол туралы мәлімет мына кестелерден көрінеді.

Машина-трактор станцияларында:

	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
Комбайндар (мың есебімен)	7 дана	0,1	2,2	11,5
Двигательдер мен локомобильдер (мың есебімен)	0,1	4,9	6,2	17,6
Күрделі және орташа күрделі молотилкалар (мың есебімен) .	2,9	27,8	37,0	50,0
Астық бастыратын электроустановкалар	168	268	551	1 283
МТС-тердегі жөндеу мастерскойларының саны	104	770	1 220	1 933
Жүк автомобильдері (мың есебімен) . .	0,2	1,0	6,0	13,5
Жеңіл автомобильдер (дана)	17	191	245	2 800

Совхоздар халық комиссариатының совхоздарында:

	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
Комбайндар (мың есебімен)	1,7	6,3	11,9	13,5
Двигательдер мен локомобильдер (мың есебімен)	0,3	0,7	1,2	2,5
Күрделі және орташа күрделі молотилкалар (мың есебімен) .	1,4	4,2	7,1	8,0
Электроустановкалар .	42	112	164	222
Жөндеу мастерскойлары:				
а) күрделі жөндеу мастерскойлары . . .	72	133	208	302

	1930 ж.	1931 ж.	1932 ж.	1933 ж.
б) орташа жөндеу мастерскойлары . . .	75	100	215	476
в) күнделікті жөндеу мастерскойлары .	205	310	578	1 166
Жүк автомобильдері (мың есебімен) . . .	2,1	3,7	6,2	10,9
Жеңіл автомобильдер (дана)	118	385	625	1 890

Бұл мәліметтер түсіндіріп жатуды керек қылмайды ғой деп ойлаймын.

Ауыл шаруашылығын көтеруде МТС пен совхоздарда саясаттық бөлімдер құрудың және ауыл шаруашылығына маман қызметкерлер берудің де маңызы аз болған жоқ. Колхоздар мен совхоздардың жұмысын жақсарту ісінде саясаттық бөлімдердің қызметкерлері зор еңбек сіңіргенін қазір жұрттың бәрі мойындайды. Жұртқа мәлім, есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде партияның Орталық Комитеті ауыл шаруашылығының кадрларын нығайту үшін деревняға 23 мыңнан астам коммунист жіберді, оның ішінде 3 мыңнан артығы жер мекемелерінің қызметкерлері, 2 мыңнан артығы совхоз қызметкерлері, 13 мыңнан артығы МТС саясаттық бөлімдерінің қызметкерлері, 5 мыңнан артығы совхоз саясаттық бөлімдерінің қызметкерлері.

Колхоздар мен совхоздарға жаңадан инженер-техниктер, агрономдар жіберу жөнінде де осыны айту керек. Жұртқа мәлім, есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде мұндай қызметкерлерден ауыл шаруашылығына 111 мыңнан астам адам жіберілді.

Есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде даярланып, ауыл шаруашылығына жіберілген тракторшылар, комбайншылар, штурвальнилар, шоферлер тек Жер халық комиссариаты системасының өзінде ғана 1 миллион 900 мың адамнан асады.

Осы дәуірдің ішінде даярланған және қайтадан даярланған колхоз басқармаларының председательдері мен мүшелері, егін шаруашылығының, мал шаруашылығының бригадирлері, есепшілер — 1 миллион 600 мың адамнан асады.

Біздің ауыл шаруашылығымыз үшін бұл, әрине, аз. Бірақ, не дегенмен, бұл азды-көпті жұмыс.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, Жер халық комиссариаты мен Совхоздар халық комиссариаты орындарының колхоз, совхоз құрылысына басшылық ету жұмысын жеңілдету үшін мемлекет мүмкіншілігі бар істің бәрін істеп отыр.

Ал осы мүмкіншіліктер тиісінше пайдаланылды деп айтуға бола ма?

Амал не, мұны айта алмаймыз.

Іске төрешілдік-кеңсешілдік көзқарас ауруы, басқа халық комиссариаттарынан гөрі осы халық комиссариаттарында күшті болып отыр. Мәселелерді шешеді, бірақ істің орындалуын тексеруді, басшы орындардың нұсқауларын, бұйрықтарын бұзғандарды тәртіпке шақыруды, жұмысын адал, жақсы орындайтын адамдарды жоғарылатуды ойламайды.

Орасан зор тракторлар мен машиналар паркінің барлығы бұл қымбат машиналарды тәртіппен ұстауға, оларды уақытында жөндеп отыруға, оларды жұмысқа азды-көпті дұрыстап пайдалануға жер мекемелерін міндеттесе керек еді. Ал олар бұл жөнінде не

істеп отыр? Амал не, істеген жұмыстары өте аз. Тракторлар мен машиналарды сақтау жағы нашар. Жөндеу жағы да қанағаттанарлық емес, өйткені жөндеудің негізі күрделі жөндеу емес, күнбе-күнгі және орташа жөндеу екенін әлі де болса түсінгілері келмейді. Ал тракторлар мен машиналарды пайдалану жағына келетін болсақ, бұл істің қанағаттанарлық емес екенінің айқындығы және жұрттың бәріне белгілілігі сонша, тіпті оны дәлелдеп жатудың да қажеті жоқ.

Ауыл шаруашылығының кезектегі міндеттерінің бірі дұрыс ауыспалы егісті енгізу, таза пар жыртудың өрісін кеңейту, егіншіліктің барлық саласының тұқым жағын жақсарту болып табылады. Бұл жөнінде не істеліп жатыр? Амал не, істелгені әзірге — өте аз. Дәнді дақылдар мен мақта тұқымы жөніндегі жұмыс әбден былығулы, оны ашып алуға, сірә, көп уақыт керек болар.

Техникалық дақылдардың шығымын көтеруде нағыз керекті шаралардың бірі оларды тыңайтқыштармен жабдықтау болады. Бұл жөнінде не істеліп жатыр? Істелгені әзірге — өте аз. Тыңайтқыштар бар, бірақ Жер халық комиссариатының орындары оларды уақытында алуды білмейді, ал алса, оларды тиісті жеріне мезгілінде жеткізуге және дұрыс пайдалануға қам жасамайды.

Совхоздар жайында мынаны айту керек: олар өз міндеттерін атқару дәрежесіне әлі жеткен жоқ. Мен біздің совхоздардың революцияландырушы маңызының үлкен екенін бағаламаушылықтан, әрине, аулақпын. Бірақ, мемлекеттің совхоздар ісіне жұмсаған аса көп қаражатын совхоздар жұмысының қазіргі іс жүзіндегі нәтижелерімен салыстырсақ, онда совхоздар-

ға тиімсіз үлкен сәйкеспеушілік келіп шығады. Бұл сәйкеспеушіліктің басты себебі — біздің астық совхоздарымыз тым үлкен, директорлар үлкен совхоздарды меңгере алмайды, совхоздардың өзі өте біржақты, ауыспалы егісі, пар айдаған жері жоқ, өздерінің мал шаруашылығы да жоқ. Совхоздарды, сірә ұсақтап, олардың тым біржақтылығын жою қажет болар. Совхоздар халық комиссариаты бұл мәселені уақытында көтеріп, оны шештірген болар деп ойлауға болады. Бірақ ол дұрыс емес. Бұл мәселені көтерген де, шештірген де Совхоздар халық комиссариатына түк қатнасы жоқ адамдар болды.

Ақырында, мал шаруашылығы туралы мәселеге келейік. Мал шаруашылығы ауыр халде екенін жоғарыда мен баяндап өттім. Осындай болған соң, біздің жер мекемелеріміз мал шаруашылығындағы кризисті жою жөнінде қатты жұмыс істеп жатқан шығар, олар дабыл қағып, қызметкерлерді жұмылдырып, мал шаруашылығы мәселесін қолға алып жатқан шығар деп ойлауға болады. Бірақ, амалың қанша мұндай ешнәрсе болған жоқ және болып та жатқан жоқ. Олар мал шаруашылығының ауыр халде екенін айтып, дабыл қақпайтыны былай тұрсын, қайта мәселені елеусіз қалдыруға тырысады, ал кейде өздерінің баяндамаларында мал шаруашылығының шын жайын еліміздің қоғамдық пікірінен тіпті жасыруға тырысады, бұл большевиктерге мүлдем кешірімсіз іс. Осылай болып отырғаннан кейін жер мекемелері мал шаруашылығын дұрыс жолға салып, тиісті сатыға көтере алады деп сену — құмнан арқан есумен бірдей. Қазір ойдағыдай шешіліп отырған астық мәселесі кешегі күні қандай бірінші кезектегі мәселе болған

болса, мал шаруашылығы мәселесі де қазір сондай бірінші кезектегі мәселе болып отырғанын еске алып, мал шаруашылығы ісін бүкіл партия, біздің, партияда бар және партияда жоқ, барлық қызметкерлеріміз өз қолдарына алуға тиіс. Көздеген мақсатына жету жолындағы талай елеулі кедергілерді жеңген совет адамдары бұл кедергіні де жеңетінін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. (Қатты қол шапалақтау.)

Жоюды керек қылатын кемшіліктеріміздің толық емес қысқаша тізімі және жуық арада шешуді керек қылатын міндеттердің тізімі осындай.

Бірақ іс бұл міндеттермен бітпейді. Ауыл шаруашылығы жөнінен басқа міндеттер де бар, бұл туралы бірнеше сөз айта кеткен жөн болады.

Ең алдымен есте болатын бір нәрсе біздің облыстарымызды енді бұрынғыша өнеркәсіптік және аграрлық облыстар деп бөлуге болмайды. Бізде енді өнеркәсіптік облыстарды астықпен, етпен, овощьпен жабдықтап отыратын бірыңғай аграрлық облыстар жоқ, сол сияқты, бізде енді өзіне керек барлық азық-түлікті басқа жерден, басқа облыстардан алуға сеніп отыратын бірыңғай өнеркәсіптік облыстар да жоқ. Дамудың беталысы сондай, біздегі облыстардың бәрі де азды-көпті өнеркәсіптік облыс болуға айналып келеді, олар барған сайын өнеркәсіпті облыстар бола бермек. Мұның мәнісі — Украина, Солтүстік Кавказ, Орталық қара топырақты облыс және басқа бұрынғы аграрлық аудандар ендігі жерде басқа жаққа, өнеркәсіптік орталықтарға бұрынғыдай көп азық-түлік бере алмайды, өйткені өзінің қалаларын, өзінің, көбейе беретін, жұмысшыларын асырайды, деген сөз. Ал мұнан шығатын қортынды: егер қиын халге ұшы-

рағысы келмесе, әрбір облыстың өзінде өзінің ауылшаруашылық базасы болсын, сөйтіп оның өзінің овощі, өзінің картобы, өзінің майы, өзінің сүті, аздыкөпті — өзінің астығы, өзінің еті болатын болсын. Өздеріңіз білесіздер, бұл әбден орындалатын іс және кәзірдің өзінде жүзеге асырылып жатқан іс.

Ендігі міндет — бұл істі қайткен күнде де ақырына дейін жеткізуде болып отыр.

Онан соң назар аударатын бір нәрсе: біздің облыстарымызды бұрынғыша тұтынушы және өндіруші облыстар деп бөлушілік те өзінің айрықша сыйпатын жоғалта бастап отыр. Москва, Горький сыяқты «тұтынушы» облыстар быйылғы жылы мемлекетке 80 миллион пұттай астық берді. Бұл, әрине, ұсақ нәрсе емес. Тұтынушы өре делініп жүрген жерлерде 5 миллион гектардай бұта басқан тың жер бар. Өздеріңізге мәлім, бұл жерлердің ауа райы жаман емес, ылғал аз түспейді, құрғақшылық болмайды. Егер де бұл жерлерді бұтадан тазартып, бірсыпыра ұйымдастыру шараларын жүргізсек, әдетте егін шығымы жоғары болатын бұл жерлерден кәзіргі Төменгі Еділдің немесе Орта Еділдің беріп отырғанынан товарлы астықты кем бермейтін үлкен дәнді дақыл ауданын жасап алуға болады. Бұл солтүстіктегі өнеркәсіптік орталықтарға үлкен көмек болған болар еді.

Міндет осы тұтынушы өре аудандарында үлкен дәнді дақыл алқабын жасап алуда болу керек.

Ақырында, Еділ бойындағы құрғақшылықпен күресу мәселесіне тоқталық. Еділ бойының шығыстық аудандарында ағаш егу және егіс қорғайтын ағаш егу ісінің өте зор маңызы бар. Жұртқа мәлім, бұл жұмыс, жеткілікті түрде жыты жүргізіліп жатыр деу-

ге болмайтын болсадағы, кәзірдің өзінде жүргізіліп жатыр. Ал Еділ бойын суландыру мәселесін алсақ, бұл істің ұзаққа кешіктірілуіне жол беруге болмайды, өйткені бұл құрғақшылықпен күресу жағынан қарағанда ең басты жұмыс. Рас, көп күш пен қаражатты басқа жаққа тартқан кейбір сыртқы жағдайлардың салдарынан бұл іс біраз бөгелді. Бірақ мұны енді кешіктіруге ешбір дәлел жоқ. Біз жылына 200 миллион пұт товарлы астық беретін Еділ бойында астық өндірісінің күшті, тұрақты, ауа жағдайының құбылысына бағынбайтын базасын жасамай отыра алмаймыз. Егер біз, бір жағынан, Еділ бойындағы қалалардың өсіп келе жатқанын, екінші жағынан, халықаралық қатнастар жөнінде түрлі шиеленісу болуы мүмкін екенін еске алатын болсақ, мұндай база жасау өте қажет.

Міндет — Еділ бойын суландыру ісін ұйымдастыру жөніндегі үлкен жұмысқа кірісуде болып отыр. (Қол шапалақтау.)

3. ЕҢБЕКШІЛЕРДІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ МЕН МӘДЕНИЕТІНІҢ КӨТЕРІЛУІ

Сонымен, біз өнеркәсібіміз бен ауыл шаруашылығымыздың халін, олардың есеп беріліп отырған дәуірдегі дамуын, олардың кәзіргі кездегі жайын суреттеп өттік.

Қорыта келгенде біз мынаны көреміз:

а) Өнеркәсіп жөнінде де, ауыл шаруашылығының негізгі салалары жөнінде де өндіріс мықтап өрледі.

б) Өндірістің осы өрлеуінің негізінде өнеркәсіпте болсын, ауыл шаруашылығында болсын, шаруашы-

лықтың социалистік системасы капиталистік системаны біржолата жеңді, социалистік система бүкіл халық шаруашылығының бірден-бір системасына айналды, капиталистік элементтерді халық шаруашылығының барлық салаларынан ығыстырып шығарды.

в) Жеке шаруалардың анағұрлым көпшілігі ұсақ товарлы жеке шаруашылықтан біржолата қол үзді, олар бірігіп еңбек ету, өндіріс құралдарына коллективтік меншік орнату негізінде коллективтік шаруашылықтарға бірікті, ұсақ товарлы жеке шаруашылықты коллективтік шаруашылық толық жеңіп шықты.

г) Жеке шаруалар шаруашылығы есебінен колхоздар онан сайын ұлғайып өсті, жеке шаруалар, сонымен, айдан-айға азайып, істің асылында колхоздардың, совхоздардың қосалқы күшіне айналуда.

Әрине, қанаушыларды мұндай тарихи жеңудің аяғы еңбекшілердің әл-ауқатын және бүкіл тұрмысын негізінен жақсартуға жеткізбей қоймайтыны түсінікті.

Арамтамақ таптарды жою адамды адамның қанауы жойылуына әкеп соқты. Жұмысшы мен шаруаның еңбегі қанаудан азат болды. Халық еңбегінен қанаушылар сығып алатын кіріс кәзір еңбекшілердің өз қолында қалып отырады да, оның бір бөлегі өндірісті ұлғайтуға, өндіріске еңбекшілердің жаңа отрядтарын тартуға жұмсалып отырады, енді бір бөлегі жұмысшылардың, шаруалардың кірістерін арттырудың өзіне жұмсалып отырады.

Жұмысшы табының соры болған жұмыссыздық жойылды. Егер буржуазиялық елдерде сан миллион жұмыссыздар жұмыс жоқтықтан мұқтаждық көріп,

азап шегіп отырса, бізде жұмысы жоқ, табысы жоқ жұмысшы енді табылмайды.

Кулактардың қанаушылығының жойылуымен бірге деревняда қайыршылық жойылды. Егерде жалқауланбай, енжарлыққа салынбай, колхоз мүлкін ұрламай, адал қызмет еткісі келсе, әрбір шаруа, колхозшы я жеке шаруа кәзір адамша өмір сүруге мүмкіншілік алып отыр.

Қанауды жою, қалада жұмыссыздықты жою, деревняда қайыршылықты жою дегендеріміз еңбекшілердің әл-ауқатын жақсартудағы ұлы тарихи табыстар, мұндай табыстарды нағыз барып тұрған «демократияшыл» буржуазиялық елдердің жұмысшылары мен шаруалары тіпті арман да ете алмайды.

Біздің ірі қалалардың және өнеркәсіп орталықтарының бейнесі өзгерді. Буржуазиялық елдердің ірі қалаларының сөзсіз болып отыратын бір белгісі — аяқ алып жүруі қыйын жерлері, қаланың шетіндегі кәдімгі жұмысшы кварталдары дегендердің болуы, бұлар қараңғы, дымқыл, көбінесе подвалдық, сыйқы кеткен үйлер болады, бұларда әдетте былғанышқа белшесінен батып, көрген күнін қарғап, қолы қысқа кедей адамдар тұрады. ССРО-дағы революцияның арқасында бізде мұндай қолайсыз жерлер жойылды. Олардың орнына жақсы, жарық, жұмысшы кварталдары салынды, ал көбіне осы жұмысшы кварталдар қаланың орталығынан да жақсы болып келеді.

Деревняның бейнесі мұнан да көп өзгерді. Ең көрнекті жерінде шіркеуі, алдыңғы бетінде урядниктің, поптың, кулактың жақсы үйлері, артқы жағында жарым-жартылай құлап жатқан шаруа үйлері болатын ескі деревня кәзір жойыла бастады. Оның орнына ко-

ғамдық-шаруашылық құрылыстары бар, клубтары, радиосы, киносы, мектептері, кітапханалары және яслилері бар, тракторлары, комбайндары, молотилкалары, автомобильдері бар жаңа деревня орнай бастады. Бұрынғы даңқы зор қанаушы-кулактар, қансорғыш-өсімқорлар, жалдап-көпестер, төре-урядниктер жойылды. Қәзіргі ардақты адамдар — колхоздар мен совхоздардың, мектептер мен клубтардың қайраткерлері, аға тракторшылар мен комбайншылар, егін, мал шаруашылықтарының бригадирлері, колхоз даласының еркек-әйел екпінділері болды.

Қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылық та жойылып келеді. Қала енді шаруалардың көзіне оларды қанаудың орталығы болып көрінуден қалып келеді. Қала мен деревняның арасындағы шаруашылық-мәдениет жөніндегі байланыс бірден-бірге нығайып келеді. Қәзір деревня қаладан, қаланың өнеркәсібінен — тракторлар, ауылшаруашылық машиналар, автомобильдер, қызметкерлер, қаражат көмегін алып отыр. Ал қәзір деревняның өзінде де машина-трактор станциялары, жөндеу мастерскойлары, колхоздардың түрліше өнеркәсіп орындары, кішкене электр станциялары, тағы басқалары сияқты өзінің өнеркәсібі бар. Қала мен деревняның арасындағы мәдениет жөніндегі үлкен айырмашылықтар азайып келеді.

Мінеки, еңбекшілердің әл-ауқатын, тұрмысын, мәдениетін көтеру жөніндегі негізгі табыстар осылар.

Осы табыстардың арқасында біз есеп беріліп отырған дәуірде мынадай олжаларға ие болдық:

а) Халық кірісі 1930 жылғы 35 миллиард сомнан

1933 жылы 50 миллиард сомға жетті, онсоң, кәзіргі кезде халық кірісінде капиталистік элементтердің, соның ішінде концессионерлердің үлесі жарым проценттен де аз болғандықтан, барлық халық табысы дерлік жұмысшылар мен қызметкерлерге, еңбекші шаруаларға, кооператив пен мемлекетке тиісті болып отыр.

б) Совет Одағының халқы өсіп, 1930 жылдың аяғындағы 160,5 миллион жаннан 1933 жылдың аяғында 168 миллион жанға жетті.

в) Жұмысшылар мен қызметкерлердің саны 1930 жылғы 14 миллион 530 мыңнан 1933 жылы 21 миллион 883 мыңға жетті, онсоң қол күшімен еңбек ететін адамдардың саны осы дәуірдің ішінде 9 миллион 489 мыңнан 13 миллион 797 мың адамға жетті, ірі өнеркәсіп жұмысшыларының саны, соның ішінде транспорт жұмысшыларының саны 5 миллион 79 мыңнан 6 миллион 882 мың адамға жетті, ауылшаруашылық жұмысшыларының саны—1 миллион 426 мыңнан 2 миллион 519 мың адамға жетті, ал сауда орындарында жұмыс істейтін жұмысшылар мен қызметкерлердің саны — 814 мыңнан 1 миллион 497 мың адамға жетті.

г) Жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақы қоры 1930 жылғы 13 миллиард 597 миллион сомнан 1933 жылы 34 миллиард 280 миллион сомға жетті.

д) Өнеркәсіптегі жұмысшылардың жылдық орташа жалақысы 1930 жылғы 991 сомнан 1933 жылы 1 мың 519 сомға жетті.

е) Жұмысшылар мен қызметкерлерді әлеуметтік қауіпсіздендіру қоры 1930 жылғы 1 миллиард 810

миллион сомнан 1933 жылы 4 миллиард 610 миллион сомға жетті.

ж) Жердің бетіндегі өнеркәсіптің бәрі 7 сағаттық жұмыс күніне көшірілді.

з) 2 мың 860 машина-трактор станциясын ұйымдастырып, бұл жұмысқа 2 миллиард сом қаржы жұмсап, мемлекет шаруаларға көмек берді.

и) Колхоздарға несие ретінде мемлекет шаруаларға 1 миллиард 600 миллион сом көмек берді.

к) Есеп беріліп отырған дәуірде тұқым және азық-түлік қарызы ретінде мемлекет шаруаларға 262 миллион пұт астық көмек берді.

л) Салық пен қамсыздандыру жарналарына жеңілдік ретінде мемлекет әлсіз шаруаларға 370 миллион сом көмек берді.

Ал еліміздің мәдениетінің өркендеуі жөнінде есеп беріліп отырған дәуірде мынадай олжаларға ие болдық:

а) Бүкіл ССРО-да жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу енгізілді, сауаттылық 1930 жылдың аяғындағы 67 проценттен 1933 жылдың аяғында 90 процентке жетті.

б) Барлық мектептердегі оқушылардың саны 1929 жылғы 14 миллион 358 мыңнан 1933 жылы 26 миллион 419 мың адамға жетті, соның ішінен **бастауыш** білім беретін мектептегілер саны — 11 миллион 697 мыңнан 19 миллион 163 мың адамға, **орта** дәрежелі білім беретін мектептегілер сана — 2 миллион 453 мыңнан 6 миллион 674 мың адамға, **жоғары** дәрежелі білім беретін мектептегілер саны — 207 мыңнан 491 мың адамға жетті.

в) Мектепке дейінгі оқуға тартылған балалардың

саны 1929 жылғы 838 мыңнан 1933 жылы 5 миллион 917 мыңға жетті.

г) Жалпы және арнаулы жоғары дәрежелі оқу орындарының саны 1914 жылғы 91-ден 1933 жылы 600-ге жетті.

д) Ғылми-зерттеу институттарының саны 1929 жылғы 400-ден 1933 жылы 840-қа жетті.

е) Клуб типті мекемелердің саны 1929 жылғы 32 мыңнан 1933 жылы 54 мыңға жетті.

ж) Кино-театр, клубтағы кинолар, көшпелі кинолар саны 1929 жылғы 9 мың 800-ден 1933 жылы 29 мың 200-ге жетті.

з) Газеттердің бір күндік тиражы 1929 жылғы 12 миллион 500 мыңнан 1933 жылы 36 миллион 500 мыңға жетті.

Бәлки, айта кетудің артықтығы болмас, жоғары дәрежелі оқу орындары оқушыларының арасында жұмысшылар — 51,4%, еңбекші шаруалар — 16,5% болып отыр, ал Германияны алсақ, мұнда 1932/33-оқу жылында жоғары дәрежелі оқу орындары оқушыларының арасында жұмысшылар небәрі 3,2%, ұсақ шаруалар небәрі 2,4% болған.

Қуанарлық факт ретінде, деревняда мәдениеттіліктің өсу белгісі ретінде — колхозшы-әйелдердің қоғамдық-ұйымдастыру жұмыстары саласында белсенділігі артқанын атап өту жөн. Мысалы, кәзір колхозшы-әйелдерден 6 мыңдай адам—колхоз председательдері, 60 мыңнан аса әйел — колхоз басқармаларына мүше, 28 мың әйел — бригадир, 100 мың әйел — звено бастығы, 9 мың әйел — колхоз товарлы фермаларының меңгерушісі, 7 мың әйел тракторшы болып отыр.

Бұл мәліметтердің толық еместігін айтып жатудың керегі жоқ. Өйткені осы мәліметтердегі шамалы фактының өзі де деревняда мәдениеттіліктің үлкен өскендігін әбден айқын көрсетеді. Бұл жағдайдың, жолдастар, маңызы зор. Оның маңызы зор болатын себебі: әйелдер біздің еліміздегі халықтың тең жартысы, әйелдер еңбектің үлкен армиясы, олар біздің балаларымызды, біздің келешек жас буындарымызды, яғни біздің келешегімізді тәрбиелейді. Міне, сондықтан да, біз еңбекшілердің бұл үлкен армиясын қараңғылықта, надандықта қалдырып отыра алмаймыз! Міне сондықтан да біз еңбекші әйелдердің өсіп келе жатқан қоғамдық белсенділігін, олардың басшы орындарға жоғарылауын, біздің мәдениеттілігіміздің өсуінің күмәнсіз белгісі ретінде, құттықтауымыз керек. (Ұзақ қол шапалақтау.)

Ақырында тағы бір фактыны, бірақ қолайсыз фактыны көрсетіп өту керек. Менің айтпағым, бізде әлі күнге дейін педагогикалық және дәрігерлік факультеттер елеусіз қалдырылып келеді, бұған жол берілмеуі керек. Бұл мемлекеттің мүддесін бұзумен ұштасатын үлкен кемшілік. Бұл кемшілікті сөзсіз жою керек. Мұны неғұрлым тез істесек, соғұрлым жақсы болады.

4. ТОВАР АЙНАЛЫМЫНЫҢ КӨТЕРІЛУІ ЖӘНЕ ТРАНСПОРТ

Біз, сонымен, мынадай табыстарға жеттік:

а) өнеркәсіп өнімі, оның ішінде көпшілік қолды товар өнімі өсті;

б) ауылшаруашылық өнімі өсті;

в) қала мен деревняның еңбекші бұқарасының

азық-түлікті және басқа заттарды тұтынуы артты, оны көп тілейтін болды.

Бұл жағдайларды ұштастырып, барлық тұтынушылардың қажет товарлары мен өнімдерін алуын қамтамасыз ету үшін тағы нелер керек?

Кейбір жолдастар еліміздің экономикалық тұрмысының бұлақтай барлауы үшін осы жағдайлардың болуының өзі де жеткілікті деп ойлайды. Бұл үлкен адасқандық. Осы жағдайлардың барлығы да бар бола тұрып, товар тұтынушыға жеткізілмесе, экономикалық тұрмыстың бұлақтай барламауы былай тұрсын, қайта — ол түп тамырына дейін шайқалып, берекесі кетеді. Ал ақырында, товарлар, сайып келгенде, шығару үшін шығарылмай, тұтыну үшін шығарылатынын ұғу керек. Бізде товарлар мен өнімдердің аз болмаған, бірақ сол товарлар мен өнімдер тұтынушыларға жеткізілмей, кәдімгі товар жеткізетін мекемелердің төрешілдік түкпірлерінен жылдар бойы шыға алмай жатқан, сөйтіп тұтынушылардың қолына тимеген кездері де болды. Әрине, мұндай жағдайларда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өндірісті кеңейтуге ынтасы азайды, товар өткізетін орындар товарға кептеліп отырды, ал жұмысшылар мен шаруалар товарсыз және азық-түліксіз қалып отырды. Осының салдарынан — товар мен азық-түлік бар бола тұрып, елдің экономикалық тұрмысы шайқалды. Елдің экономикалық тұрмысының бұлақтай барлауы үшін, ал өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерін молайта беруге ынталы болу үшін тағы бір жағдай болу керек, атап айтқанда: қала мен деревняның арасында, еліміздің аудандары мен облыстарының арасында, халық шаруашылығының түрлі салалары-

ның арасында күшті **товар айналымы** болу керек. Елімізде сауда базалары, магазиндер, дүкендер көп болуы қажет. Осы базалар, магазиндер, дүкендер арналары арқылы товарлар өндіріс орындарынан тұтынушыға тоқтаусыз барып жатуы қажет. Бұл іске мемлекеттік сауда орындары да, кооперативтік сауда орындары да, жергілікті өнеркәсіп те, колхоздар да, жеке шаруалар да түгел қатыстырылуы қажет.

Біздегі капиталистер**сіз** сауда, жалдаптар**сыз** сауда, құлаш жайған **совет саудасы** деген осы болады.

Көріп отырсыздар, совет саудасын күшейту деген бүгін таңдағы міндет, мұны шешпей ілгері басу мүмкін емес.

Алайда, бұл мейлінше түсінікті жағдай екеніне қарамастан, есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде совет саудасын күшейту жолында партияның толып жатқан кедергілерді жоюына тура келді, ол кедергілердің атын қысқа сөзбен айтқанда совет саудасының қажеттігі мен маңызы туралы мәселелерде коммунистердің бір бөлегінің мыйы алжасқандығының салдары деуге болады.

Коммунистердің бір бөлегінің қатарында жалпы саудаға, оның ішінде совет саудасына мұрын шүйіріп, менсінбей қараушылық әлі күшті. Бұл сықылды коммунистсымақтар совет саудасына екінші дәрежелі, мәні шамалы жұмыс деп қарайды, ал сауда қызметкерлеріне — күні өткен кісілер деп қарайды. Бұл адамдар, сірә, совет саудасын менсінбеулері большевиктік көзқарас емес, менмендігі күшті, бірақ ешбір түйірі жоқ, азған дворяндардың көзқарасы екендігін түсінбейтін болса керек. (*Қол шапалақтау.*) Бұл адамдар совет саудасы біздің ісіміз, төл ісіміз,

большевиктік ісіміз екенін, ал сауда қызметкерлері, соның ішінде сатушы қызметкерлер, егер олар тек адал еңбек етсе, біздің, революциялық, большевиктік ісімізді жүзеге асырушылар болып табылатынын түсінбейді. (Қол шапалақтау.) Партияның мұндай коммунистсымақтарды, әрине, біраз соғуына, ал олардың дворяндық соқыр сенімдерін жуынды төгетін шұңқырға тастауына тура келді. (Ұзақ қол шапалақтау).

Мұнан кейін, екінші түрлі соқыр сенімдерді жоюға тура келді. Әңгіме: қызметкерлеріміздің бір бөлегінің арасында — совет саудасы біздің өткен сатымыз, біз қолма-қол өнім айырбасын жолға қоюымыз керек, ақша көп ұзамай қалады, өйткені ақша жәй алыс-беріс белгісіне айналып отыр-мыс, қолма-қол өнім айырбасының кезі жетіп отырғанда, сауданы күшейтудің қажеті жоқ дейтін солшылдық мылжың бар екені туралы болып отыр. Атап өту керек, совет саудасын күшейтуді тоқтатуға тырысқан капиталистік элементтердің қолайына қонатын бұл солшылдық-ұсақбуржуазиялық мылжың тек «қызыл профессорлардың» бір бөлегінің арасында ғана бар емес, бұл мылжың кейбір сауда қызметкерлерінің арасында да бар. Әрине, совет саудасының оп-оңай жұмысын жолға қою қолынан келмей отырған бұл адамдардың қолма-қол өнім айырбасының қиын, ауыр жұмысын жолға қоюға дайынбыз деп мылжыңдағаны мүлдем кісі күлерлік нәрсе. Бірақ дон-кихоттар өмірден түк сезімі жоқ болғаны үшін де дон-кихоттар деп аталады ғой. Аспан мен жердің арасы қандай алыс болса, марксизмнен сондай алыс жатқан бұл адамдар бізде ақшаның әлі көпке дейін, коммунизмнің бірінші са-

тысы,— дамудың социалистік сатысы аяқталғанға дейін қала беретінін, сірә, түсінбейтін болса керек. Бұлар Совет өкіметі совет саудасын барынша күшейту, сөйтіп қолма-қол өнім айырбасына жағдайлар жасау үшін буржуазиялық экономиканың ақша сықылды құралын өз қолына алғанын және оны социализм тілектеріне бейімдегенін ұқпайды. Бұлар өнім айырбасы ешбір мүлтіксіз жолға салынған совет саудасы болғанда ғана, тек соның нәтижесінде ғана сауданың орнын басатындығын ұқпайды, ондай сауда бізде әлі жоқ және тез арада бола да қоймайды. Сондықтан партия күшті совет саудасын ұйымдастыруды көздей отырып, бұл «солшыл» азғындарды да соғуды, ал олардың ұсақбуржуазиялық мылжыңын желге ұшырып жіберуді қажет деп білгені түсінікті нәрсе.

Онан соң, сауда қызметкерлерінің товарларды қалай болса солай бөле салу сиякты жаман әдетін жоюға, товардың ассортименті жөнінде қойылатын талапты, тұтынушылардың талабын елемеуді жоюға, товарларды қалай болса солай жібере салуды, саудада иесіздікке жол беруді жоюға тура келді. Осы мақсатпен сауда базалары, облыстық және аудан-аралық базалар ашылды, ондаған мың жаңа магазиндер мен палаткалар ашылды.

Онан соң, кооперацияның рыноктегі монополиялық жайын жоюға тура келді, осыған байланысты барлық халық комиссариаттарын өз товарларымен сауда ашуға міндеттедік, ал Жабдықтау халық комиссариатын — ауылшаруашылық өнімдерімен коммерциялық сауданы кең өрістетуге міндеттедік; бұл, бір жағынан, жарыс ретінде кооперацияның сауда-

сын жақсартты, екінші жағынан, рыноктегі нарықты төмендетуге, рынокті түзеуге көмек болды.

Берілетін товарлардың бағасын арзандатып, асханалар санын көбейттік («көпшілік тамағы»), заводтар мен фабрикалардың жанынан жұмысшы жабдықтау бөлімдерін («ЖЖБ») ашып, заводқа қатнасы жоқ элементтерді заводтық жабдықтаудан шығардық, сонда Ауыр өнеркәсіп халық комиссарнатының бір өзінің системасынан 500 мың шамалы бөгде элементтерді жабдықтаудан шығаруға тура келді.

Қысқа мерзімді кредиттің бір орталыққа бағынған банкісін — Мемлекеттік банкіні жолға қойып алдық, мұның сауда жұмысын қаражаттандыра алатын 2 мың 200 аудандық бөлімі бар.

Осы айтылған шаралардың нәтижесінде есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде:

а) магазиндер мен сауда палаткаларының саны 1930 жылғы 184 мың 662-ден 1933 жылы 277 мың 974-ке жетті;

б) жаңадан 1 мың 11 облыстық сауда базалары, 864 ауданаралық сауда базалары құрылды;

в) жаңадан 1 мың 600 жұмысшы жабдықтау бөлімдері құрылды;

г) нан сататын коммерциялық магазиндер көбейіп, бұлар кәзір 330 қалада ашылып отыр;

д) көпшілікті тамақтандыратын асханалар саны көбейіп, бұлар кәзір 19 миллион 800 мың адамды тамақтандырып отыр;

е) мемлекеттік, кооперативтік товар айналымы, көпшілікті тамақтандыратын асханаларды қосқанда, 1930 жылғы 18 миллиард 900 миллион сомнан 1933 жылы 49 миллиард сомға жетті.

Біздің экономикамыздың талабын қанағаттандыруға совет саудасының осы өркендеуінің өзі де жеткілікті деп ойласақ, ол қате болар еді. Қайта, товар айналымының кәзіргі халі біздің талаптарымызды қанағаттандыра алмайтыны кәзір қай кездегіден де айқындала түсіп отыр. Сондықтан, біздің міндет — совет саудасын бұдан былай да өрістете беру, бұл іске жергілікті өнеркәсіпті қатнастыру, колхоздық-шаруалық сауданы күшейту, сөйтіп совет саудасын көтеру жөнінде жаңа шешуші табыстарға ие болу.

Алайда, іс тек совет саудасын өрістетумен ғана бітпейтінін ескертіп өту керек. Егер біздің экономикамыздың дамуы товар айналымының дамуына, совет саудасының дамуына тірелетін болса, онда совет саудасының дамуының өзі біздің теміржол мен су жолы транспортының, автомобиль транспортының дамуына келіп тіреледі. Товарлар бар, товар айналымын күшейтуге толық мүмкіндік бар бола тұрып, транспорт товар айналымының дамуына ілесе алмай, жүктерді тасый алмай қалатын жағдай да кездесуі мүмкін. Өздеріңе мәлім, мұндай хал бізде көп кездесіп жүреді. Сондықтан транспорт — сүріндіруі мүмкін буын болып табылады, ал, сірә, кәзірдің өзінде-ақ біздің барлық экономикамыз, ең алдымен, біздің товар айналымымыз осыған сүріне бастап отырған болар.

Рас, теміржол транспорты өзінің жүк тасуын 1930 жылғы 133,9 миллиард тонна-километрден 1933 жылы 172 миллиард тонна-километрге дейін өсіріп отыр. Бірақ, бұл бізге, біздің экономикамызға аз, өте аз.

Су транспорты өзінің жүк тасуын 1930 жылғы 45,6 миллиард тонна-километрден 1933 жылы 59,9

миллиард тонна-километрге дейін өсіріп отыр. Бірак, бұл біздің экономикамызға аз, өте аз.

Мен, паркі 1913 жылғы 8 мың 800 автомобильден (жүк автомобильдері мен жеңіл автомобильдер) 1933 жылы 117 мың 800-ге жетіп отырған автомобиль транспорты жайында сөз қылмай отырмын. Біздің халық шаруашылығымызға мұның аздығы сондай, тіпті мұны айтудың өзі ұят.

Күмән жок, транспорт орындары кеңсешілдік-төрешілдік басшылық әдісі деп аталатын белгілі аурумен ауырмаса, транспорттың осы айтылған түрлерінің бәрі де жұмысты әлдеқайда жақсы істеген болар еді. Сондықтан, транспортқа адаммен, қаражатпен жәрдем етумен қатар, біздің міндетіміз транспорт орындарындағы іске төрешілдік-кеңсешілдік көзқарасты жою, оларды неғұрлым оралымды ету болады.

Жолдастар! Біз өнеркәсіптің негізгі мәселелерін дұрыс шештік, сондықтан өнеркәсіп кәзір аяғын нық басып отыр. Біз ауыл шаруашылығының да негізгі мәселелерін дұрыс шештік, сондықтан ауыл шаруашылығы да кәзір аяғын нық басып отыр деп біз тура айта аламыз. Бірақ, біздің товар айналымымыз ақсай бастаса және транспорт аяққа кұрмеу болып алса, біз бұл табыстардан айрылып қалуымыз мүмкін. Сондықтан товар айналымын күшейту, транспортты батыл жақсарту міндеті кезекте тұрған, шұғыл міндет болып отыр, мұны шешпейінше біз ілгері баса алмаймыз.

III

ПАРТИЯ

Партия туралы мәселеге көшемін.

Бұл съезд ленинизмнің толық жеңу туы астында,

лениншілдікке қарсы топтардың қалдықтарын жою туы астында өтіп отыр.

Троцкишілдердің лениншілдікке қарсы тобы талқандалып, быт-шыты шығарылды. Оны ұйымдастырушылар кәзір шет елдердегі буржуазиялық партиялардың босағасын тіміскілеп жүр.

Оңшыл уклоншылдардың лениншілдікке қарсы тобы талқандалып, быт-шыты шығарылды. Оны ұйымдастырушылар өздерінің көзқарастарынан әлдеқашан безді, сөйтіп кәзір партия алдындағы кіналарын жоюға барынша тырысып жүр.

Ұлтшыл-уклоншыл топтар талқандалып, быт-шыты шығарылды. Олардың ұйымдастырушылары не интервенцияшыл қашқындармен әбден ауыз жаласып кетті, не күналарын мойындап отыр.

Бұл айтылған революцияға қарсы топтарды жақтаушылардың көбі партия жолының дұрыстығын мойындауға мәжбүр болып, партия алдында тізе бүкті.

Егер XV съезде[73] партия жолының дұрыстығын дәлелдеп жатуға және лениншілдікке қарсы белгілі топтармен күрес жүргізуге тура келген болса, ал XVI съезде — бұл топтардың қалған-құтқан жақтастарына ақырғы соққы беруге тура келген болса, бұл съезде — дәлелдеп жататын ештеңе жоқ және соққы беретін ешкім жоқ болып шығып отыр. Партия жолы жеңгенін жұрттың бәрі көріп отыр. (Қатты қол шапалақтау.)

Елімізді индустрияландыру саясаты жеңді. Мұның нәтижелері кәзір кімге болса да айқын. Бұл фактыға қарсы не айтуға болады?

Кулактарды жою және жаппай коллективтендіру саясаты жеңді. Мұның нәтижелері де кәзір кімге

болса да айқын. Бұл фактыға қарсы не айтуға болады.

Социализмнің жеке алынған бір елде жеңіп шығуы толық мүмкін екендігі біздің еліміздің тәжрибесімен ысдатталды. Бұл фактыға қарсы не айтуға болады?

Осы табыстардың бәрі және, ең алдымен, бесжылдықтың жеңіп шығуы лениншілдікке қарсы топтардың бәрін бірдей әбден жүнжітіп, күлін көкке ұшырғаны айқын.

Партия кәзір бұрын ешуақытта болмаған дәрежеде ынтымақты, бірауызды болып отыр деп білуіміз керек. (Өте ұзақ, ду қол шапалақтау.)

1. ИДЕЯЛЫҚ-САЯСИ БАСШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бірақ бұдан күрес бітті, социализмнің бұдан былайғы шабуылы енді керексіз нәрсе болып қалады деген ұғым шыға ма?

Жоқ, шықпайды.

Бұдан партиямыздың іші тып-тыныш, оның ішінде енді ешбір уклон болмайды, сондықтан енді жайбарақат жата беруге болады деген ұғым шыға ма?

Жоқ, шықпайды.

Партияның жауларын, барлық түстегі оппортунистерді, барлық түрдегі ұлтшыл-уклоншылдарды — талқандадық. Бірақ, олардың идеологиясының қалдықтары кейбір партия мүшелерінің басында әлі бар, олар кейде байқалып жүр. Партияны айналасындағы адамдардан бөлек тұрған бір нәрсе деп карауға болмайды. Партия өзін қоршаған ортаның ішінде өмір сүріп, жұ-

мыс істейді. Таңданатыны жоқ, партияға кейде сырттан жат құлықтар еніп отырады. Ал, мұндай құлықтың болуына біздің елімізде негіз бар екені сөзсіз, өзгесін былай қойғанда, қалада болсын, деревняда болсын осындай құлықтарға себепші болатын кейбір аралық жіктер бізде әлі бар.

Партиямыздың XVII конференциясы[79] екінші бесжылдықты жүзеге асырудағы негізгі бір саяси міндет: «капитализмнің экономикадағы және адамдардың санасындағы қалдықтарын жою» деген болатын. Бұл өте дұрыс пікір. Бірақ біз капитализмнің экономикадағы қалдықтарының бәрін кәзір жойып болдық деп айта аламыз ба? Жоқ, мұны айтуға болмайды. Ал капитализмнің адам санасындағы қалдықтарын жойдық деп айтуға онан бетер болмайды. Мұны айтуға болмайтын себебі адамдардың санасы оның дамуында адамдардың экономикалық жайынан артта қалатындығынан ғана емес, онымен қатар, мұның себебі — әлі де болса капиталистік қоршаудың бар екендігінен, ол ССРО-да капитализмнің экономикадағы және адамдардың санасындағы қалдықтарын жандандырып, оны қолдауға тырысатындығынан. Біздер, большевиктер бұған қарсы оқ-дәрімізді әруақытта құрғақ ұстауымыз керек.

Лениншілдікке қарсы талқандалған топтардың идеологиясының біздің партиямыздың жеке мүшелерінің басында жандануына бұл қалдықтар қолайлы негіз болмай қала алмайтыны түсінікті. Бұған біздің партия мүшелері көпшілігінің теориялық білімінің онша жоғары емес екендігін, партия орындарының идеологиялық жұмыстарының нашарлығын, біздің партия қызметкерлеріміздің теориялық білімін толықтыруына

мүмкіндік бермейтін күнбе-күнгі практикалық жұмыстарының көптігін қосыңыздар, — сонда ленинизмнің бірсыпыра мәселелері жөнінде жеке партия мүшелерінің басында туатын шатасудың қайдан келетінін жақсы түсінесіздер; бұл шатасулар кейде біздің баспа сөзімізге еніп кетеді, олар лениншілдікке қарсы талқандалған топтар идеологиясы қалдықтарының жандануын жеңілдетеді.

Міне, сондықтан да, күрес бітті, социализмнің шабуыл саясатының енді қажеті жоқ деп айтуға болмайды.

Ленинизмнің бірсыпыра мәселелерін алып, солар арқылы кейбір партия мүшелерінің арасында лениншілдікке қарсы талқандалған топтар идеологиясы қалдықтарының әлі де қаншалықты сіріжанды екенін көрсетуге болар еді.

Мысалы, **тапсыз социалистік қоғам** құру туралы мәселені алалық. Партияның XVII конференциясы біз тапсыз, социалистік қоғам құруға беттеп келеміз деді. Әрине, тапсыз қоғам өз бетімен келе салмайды. Оны пролетариат диктатурасының органдарын күшейте келе, тап күресін өрістете келе, таптарды жоя келе, капиталистік таптардың қалдықтарын құрта келе, ішкі және сыртқы жауларға қарсы ұрыстарда жеңіп алып, барлық еңбекшілердің күшімен орнату керек.

Бұл өзінен-өзі айқын сияқты.

Ал, солай бола тұрса да, ленинизмнің осы айқын, түсінікті тезисін жариялау партия мүшелерінің бір бөлегінің басында бірсыпыра шатасу және теріс ой туғызғаны жұртқа аян емес пе? Біздің тапсыз қоғамға қарай ілгері басуымыз туралы, ұран ретінде берілген, тезисті олар өзінен өзі болатын процесс деп түсін-

ді. Сөйтіп олар: егер тапсыз қоғам болатын болса, онда — тап күресін бәсеңдетуге болады, пролетариат диктатурасын бәсеңдетуге болады және жалпы алғанда мемлекетті тастауға да болады, өйткені мемлекет бәрібір жақын арада жоғалуға тиіс деп жорыды. Сөйтіп олар: жақын арада ешбір тап дегеніңіз болмайды,— демек тап күресі болмайды,— демек қам, уайым болмайды, — демек қаруды жыйнап тастап, көлбей түсіп, тапсыз қоғамның келуін күтіп ұйықтай беруге болады деп мәз-майрам болысты. (Бүкіл залдағылар жаппай күледі.)

Олардың басындағы бұл шатасу мен бұл ойлар оңшыл уклоншылдардың белгілі көзқарастарына екі тамшы судай ұқсас екеніне ешбір күмән болмауға тиіс; ол көзқарастар бойынша ескі өз-өзінен жаңаға ұласуға тиіс, сөйтіп бір сәтті күні біз социалистік қоғамнан барып бір-ақ шығуға тиіспіз.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, лениншілдікке қарсы талқандалған топтардың идеологиясының қалдықтары тірілуге әбден қабілетті және өздерінің сіріжандылығын әлі жоғалта қойған жоқ.

Әрине, егер бұл шатасу мен бұл большевиктік емес ойлар партиямыздың көпшілігін билеп алған болса, партияның берекесі кетіп, ол қарусызданған болар еді.

Енді ауылшаруашылық **артелі** мен ауылшаруашылық **коммунасы** туралы мәселені алалық. Қәзіргі жағдайда артель колхоз қозғалысының бірден-бір дұрыс түрі екенін енді жұрттың бәрі де мойындады. Бұл әбден түсінікті: а) артель колхозшылардың жеке, тұрмыстық мүдделерін олардың қоғамдық мүдделерімен дұрыс ұштастырады, б) артель жеке, тұрмыстық мүд-

делерді — қоғамдық мүдделерге жақсы бейімдейді, сөйтіп кешегі жеке шаруаларды коллективтік рухта тәрбиелеуді жеңілдетеді.

Өндіріс құралдары ғана ортақтастырылған артельден коммуналардың өзгешелігі бұларда соңғы уақытқа дейін тек өндіріс құралдары ғана ортақтастырылып қоймай, коммуна мүшесінің тұрмысы да ортақтастырылып келді, яғни коммуна мүшелерінде артель мүшелері сияқты жеке меншікті үй құстары, ұсақ малдар, сыйыр, астық, үй іргесіндік жер болмады. Мұның мәнісі коммунада мүшелердің жеке, тұрмыстық мүдделері ескерілмеді және қоғамдық мүдделермен ұштастырылмады, қайта ұсақбуржуазиялық теңгермеге жол беріліп, қоғамдық мүдделермен жаншылып кетті деген сөз. Бұл жағдай коммунаның ең осал жағы екені түсінікті. Коммунаның көп өрістемегенінің, бірен-сарандап, ондап қана кездесуінің себебі де осы. Осы себептен, өздері құлап қалмай, өмір сүру үшін коммуналар тұрмысты ортақтастырудан бастартуға мәжбүр болды, еңбеккүн тәртібін қолдана бастады, үйге астық бере бастады, мүшелеріне өз қарауында құс, ұсақ мал, сыйыр, тағы сондайлар ұстауға рұқсат берді, сөйтіп коммуналар іс жүзінде артельге айналды. Ал мұнда ешбір жамандық жоқ, өйткені мұны колхоз қозғалысының жаппай дұрыс өркендеу мүдделері талап етіп отыр.

Бұл, әрине, коммуна деген керек емес, ол енді колхоз қозғалысының жоғарғы түрі болудан қалды деген сөз емес. Жоқ, коммуна керек, ол, әрине, колхоз қозғалысының жоғарғы түрі болып табылады, бірақ ол коммунамыз, осы күнгі, нашар техника мен

азық-түлік тапшылығының негізінде туып, сондықтан өздігінен артельге айналып отырған коммуна емес, неғұрлым дамыған техника мен азық-түлік молшылығының негізінде туатын болашақ коммуна. Қазіргі ауылшаруашылық коммуна жетілмеген техника мен азық-түлік тапшылығының негізінде туды. Оның теңгермені қолдануының, өз мүшелерінің жеке, тұрмыстық мүдделерімен кем санасуының мәнісі де осыдан, сол себептен ол қазір колхозшылардың жеке мүдделері мен қоғамдық мүдделері дұрыс ұштасатын артель жағдайына көшуге мәжбүр болып отыр. Болашақ коммуна өркендеген, ауқатты артельдерден туады. Болашақ ауылшаруашылық коммунасы артельдің далаларында, фермаларында астық, мал, құс, овощь және басқа әртүрлі азық-түліктер молайған кезде, артельдердің жанында механизацияланған кірханалар, заманымызға сай кухня-асханалар, нан заводтары және тағысын тағылар орнаған кезде, өз алдына сыйыр мен ұсақ мал ұстаудан гөрі ет пен сүтті фермадан алуы тиімдірек екенін колхозшы көрген кезде, өзі істегеннен гөрі тамақты асханадан ішу, нанды нан заводынан алу, жуылған таза киімді қоғамдық кірханадан алып тұру тиімдірек екенін колхозшы әйел көрген кезде туады. Болашақ коммуна неғұрлым дамыған техника мен неғұрлым өркендеген артельдің негізінде, азық-түлік молшылығының негізінде туады. Бұл қашан болады? Әрине, жақында емес. Бірақ бұл болады. Артельдің болашақ коммунаға ұласу процесін қолдан тездету қылмыс болған болар еді. Бұл барлық істі шатастырып, жауларымыздың ісін оңайлатқан болар еді. Артельдің болашақ коммунаға ұласу процесі бірте-бірте, сондай ұласудың қажеттігіне

барлық колхозшылардың көзі жетуіне қарай болуға тиіс.

Артель мен коммуна жөніндегі мәселенің жайы осылай.

Бұл іс анық және түсінікті болса керек еді.

Сөйтсе де партия мүшелерінің бір бөлегінің арасында бұл мәселе жөнінде әжептәуір шатасушылық бар. Партия артельді колхоз қозғалысының негізгі түрі деп жариялап, социализмнен алыстады, коммунадан, колхоз қозғалысының жоғарғы түрінен — төменгі түріне қарай кейін шегінді деп есептейді, олар. Ал неге бұлай дейді? Бұлай дейтін себебі артельде теңдік жоқ, өйткені онда артель мүшелерінің тұтынуларында, жеке тұрмысында айырмашылық сақталып отырады, ал коммунада теңдік бар, өйткені онда оның мүшелерінің тұтынулары да, жеке тұрмыстық жайы да теңгерілген десетін көрінеді. Бірақ, біріншіден, тұтынулары мен жеке тұрмысы жөнінде теңестіруі мен теңгермесі бар коммуналар бізде қазір жоқ. Егер коммуналар теңгермеден бастартпаған, сөйтіп іс жүзінде артель жағдайына көшпеген болса, олар тегі құрыған болар еді, тәжрибе осыны көрсетті. Олай болса, жаратылыста жоқ нәрсені айтудың да керегі жоқ. Екіншіден, тұтынушылық пен жеке тұрмыс жөніндегі теңгерме деген маркстік жолмен ұйымдасқан социалистік қоғамға емес, дүниеден баз кешкендер қауымына лайықты, ұсақбуржуазиялық кертартпа сорақылық екенін нағыз ленинші болатын болса, әрбір ленинші адам біледі, өйткені жұрттың бәрінің де керегі мен тілегі бірдей болуын, жұрттың бәрінің де жеке тұрмыс жөнінде бір үлгімен тұруын талап етуге болмайды. Ақырында: жұмысшы-

лардың тұтынуларында болсын, жеке тұрмысында болсын бірінен-бірінің айырмашылығы жоқ па? Бұған қарап, ауылшаруашылық коммуналарының мүшелеріне қарағанда жұмысшылар социализмнен алыс жатыр деуге бола ма?

Тегінде, бұл адамдар социализм теңгермені, қоғам мүшелерінің тұтынулары мен жеке тұрмысын теңестіріп, теп-тегіс бірдей етуді талап етеді деп ойлайтын болса керек. Мұндай жорамалдың марксизм, ленинизммен ешқандай қатнасы жоқтығын айтып жатудың да керегі жоқ. Теңдік дегенді марксизм жеке тұтыну мен тұрмыс жөніндегі теңгерме деп түсінбейді, таптарды жою деп түсінеді, яғни: а) капиталистер құлатылып, экспроприацияланғаннан кейінгі жерде барлық еңбекшілерді қанаудан бірдей азат ету, б) өндіріс құралдары бүкіл қоғам меншігіне өткеннен кейінгі жерде жұрттың бәрінің де оны жеке меншіктенуін бірдей жою, в) жұрттың бәрі өз қабілетіне қарай еңбек етуге бірдей міндетті болуы және барлық еңбекшілердің бұл үшін өз еңбегіне қарай алуға бірдей праволы болуы (**социалистік** қоғам), г) жұрттың бәрі өз қабілетіне қарай еңбек етуге бірдей міндетті болуы және барлық еңбекшілердің бұл үшін өз керегіне қарай алуға бірдей праволы болуы (**коммунистік** қоғам) деп түсінеді. Оның бержағында марксизм мынаған сүйенеді: адамдардың талғауы мен тұтынуы социализм дәуірінде де, коммунизм дәурінде де сапа жағынан болсын, не сан жағынан болсын бірдей және тең болмайды, бола да алмайды.

Теңдікті маркстік түсіну деген міне осылай болады.

Ешқандай басқа теңдікті марксизм мойындаған емес және мойындамайды да.

Осыған қарап, социализм теңгерменi, қоғам мүшелерінің тұтынуларын теңестіріп, теп-тегіс бірдей етуді, олардың талғауын және жеке тұрмысын теп-тегіс бірдей етуді талап етеді, марксистердің жоспары бойынша жұрттың бәрі бірдей киім киюге, бір түрлі және бірдей тамақ ішуге тиіс деп қортынды жасау, — бипылауыздық және марксизмге жала жабу болады.

Марксизм теңгерменің жауы екенін ұғынатын уақыт жетті. Маркс пен Энгельс «Коммунистік партияның манифесінде» дөрекі утопиялық социализмді қатты сөккен, «жаппай аскетизмді және дөрекі теңгермешілікті»[80] уағыздағаны үшін оны реакциялық социализм деп атаған болатын. Энгельс өзінің «Анти-Дюрингісінде» Дюрингтің маркстік социализмге қарсы қойған «радикалдық теңгермешіл социализмін» сөге сынауға кітабының түгел бір тарауын арнаған болатын.

«Теңдік жөніндегі пролетарлық талаптың нақтылы мазмұны,— дейді Энгельс,— **таптарды жою** талабына тіреледі. Бұдан әрі кететін теңдікті талап етудің қандайы болса да, сөз жоқ, сорақылыққа әкеліп соғады»[81].

Ленин де осыны айтады:

«Энгельстің: теңдік дегенді таптарды жоюдан **басқа** деп ұғынушылық нағыз сорақы, есуастық соқыр сенім деп жазғаны мың мәртаба дұрыс. Буржуазияшыл профессорлар бейнебір біз бір адамды өзге адамдарға тең еткіміз келіп отырғандай-ақ, теңдік деген ұғым арқылы бізді әшкерелегісі келді. Олардың өздері ойлап шығарған осы мағнасыздыққа олар социалистерді айыптағысы келді. Бірақ, социалистер — және атап

айтқанда кәзіргі ғылыми социализмнің негізін қалаған—Маркс пен Энгельс: теңдік деп таптарды жою түсінілмеген күнде теңдік деген бос сөз болып шығады дегенін буржуазияшыл профессорлар өздерінің надандығынан білмеді. Біз таптарды жоймақшымыз, осы жағынан қарағанда біз теңдікті жақтаймыз. Бірақ барлық адамдарды бір-бірімен тең етеміз деу барып тұрған бос сөз және интеллигенттің ойлап шығарған сандырағы» (**Лениннің** «Бостандық және теңдік деген ұрандармен халықты алдаушылық туралы» деген сөзі, XXIV том, 293—294-беттер[82]).

Анық шығар деймін.

Буржуазияшыл жазушылар маркстік социализмді бәрі де теңгерме «принципіне» бағындырылған ескі патша казармасы сияқты етіп суреттеуге өте құмар. Бірақ марксистер буржуазияшыл жазушылардың надандығы мен кещелігіне жауапты бола алмайды.

Маркстік социализм жөнінде кейбір партия мүшелерінің көзқарастарындағы осы шатасу мен ауылшаруашылық коммуналарының теңгермелік тенденцияларына әуестенуді алсақ, бұлар біздің солшыл басбұзарлардың ұсақбуржуазиялық көзқарастарына екі тамшы судай ұқсас екеніне күмән болмауға тиіс; бір кезде олардың ауылшаруашылық коммуналарды дәріптеуінің асқынғандығы сонша, олар коммуналарды тіпті заводтар мен фабрикаларда да орнатуға тырысты, олардағы маман және маман емес жұмысшылардың әрқайсысы өз кәсібінде істей отырып, жалақыларын ортаға салуға, сөйтіп артынан бірдей етіп бөлісіп алуға тиісті болды. «Солшыл» басбұзарлардың бұл теңгермешіл-балалық әрекеттері өнеркәсібімізге қандай зиян келтіргені жұртқа мәлім.

Өздеріңіз көріп отырсыздар, талқандалған антипартиялық топтардың идеологиясының қалдықтары осындай едәуір сіріжанды келеді.

Әрине, бұл солшыл көзқарастар партия ішінде үстем болып кеткен болса, партия маркстік партия болудан қалған болар еді де, колхоз қозғалысы әбден бүлінген болар еді.

Немесе, мысал үшін, **«барлық колхозшыларды ауқатты етелік»** деген ұран жөніндегі мәселені алайық. Бұл ұран тек колхозшыларға ғана қатысты ұран емес. Оның жұмысшыларға қатысы одан да артық, өйткені біз барлық жұмысшыларды ауқатты етуді,— ауқатты және әбден мәдениетті өмір сүретін адамдар етуді көздейміз.

Істің жайы анық-ақ сықылды. Егер біз жұрттың тұрмысын оңдап, жақсы тұратын етпейтін болсақ, онда 1917 жылдың октябрінде капитализмді құлатып, бірнеше жылдар бойында социализм орнатуымыздың да керегі жоқ еді. Социализм дегеніміз жоқшылық пен қайыршылық емес, қайта жоқшылық пен қайыршылықты жою, қоғамның барлық мүшелері үшін ауқатты және мәдениетті тұрмысты ұйымдастыру болады.

Ал, оның бержағында, осы айқын, істің шын мәніне келгенде әбден түсінікті ұран партия мүшелерінің бір бөлегінің арасында толып жатқан түсінбеушілік, шатасу және былықпай туғызды. Бұл ұран партия теріске шығарған: «байыңдар» деген ескі ұранға қайта оралғандық емес пе? дейді олар. Егер жұрттың бәрі ауқатты болып кетсе, кедей болмаса, біз, большевиктер, өз ісімізде кімге сүйенеміз, жұмысты біз кедейсіз қалай істейміз? дейді олар.

Бәлкім, бұл күлкі де болар, бірақ партия мүшелерінің бір бөлегінің арасында осындай аңқаулық және Ленин жолына қайшы көзқарастардың бар екендігі күмәнсіз факт, мұнымен санаспауға болмайды.

Бұл адамдар, шамасы, «байыңдар» деген ұран мен «барлық колхозшыларды ауқатты етелік» деген ұранның арасы жер мен көктей екендігін түсінбейтін болса керек. Біріншіден, тек **жеке** адамдар немесе жеке топтар ғана баи алады, ал ауқатты тұрмыс жайындағы ұран жеке адамдарға немесе жеке топтарға ғана қатысты ұран емес, **барлық** колхозшыларға қатысты ұран. Екіншіден, **жеке** адамдар немесе топтар байығанда өзге адамдарды өзіне бағындыру үшін, оларды қанау үшін байиды, ал **барлық** колхозшылардың ауқатты тұрмысы жайындағы ұран колхоздардағы өндіріс құралдары ортақтастырылып отырғандықтан біреуді біреудің қанауына ешқандай мүмкіншілік бермейді. Үшіншіден, «байыңдар» деген ұран нэптің бастапқы дәуірінде, капитализм ішінара қайта орнай бастаған кезде, кулактар күшті кезде, елімізде жеке меншікті шаруалар шаруашылығы басым кезде, ал колхоз шаруашылығы жаңа шыға бастаған кезде берілген ұран еді, ал «барлық колхозшыларды ауқатты етелік» деген ұран нэптің соңғы дәуірінде, өнеркәсіпте капиталистік элементтер жойылған кезде, деревняда кулактар қыйратылған кезде, жеке меншікті шаруалар шаруашылығы артқа ығыстырылған кезде, ал колхоздар ауыл шаруашылығының үстем формасына айналған кезде беріліп отыр. Ал «барлық колхозшыларды ауқатты етелік» деген ұран бөлек алынбай, «колхоздарды большевиктік

етелік» деген ұранмен тығыз байланыстырылып алынғанын айтып жатпасам да болады.

«Байыңдар» деген ұран шынында капитализмді **қайта орнатуға** шақыру болғаны, ал «барлық колхозшыларды ауқатты етелік» деген ұран колхоздардың экономикалық күш-қуатын арттыру және барлық колхозшыларды ауқатты еңбекшіге айналдыру арқылы капитализмнің соңғы қалдықтарын **мүлдем құртуға** шақыру болып отырғаны айқын емес пе? (Д а у ы с т а р: «Дұрыс»!).

Бұл ұрандардың бір-біріне ешбір қатысы жоқ екені және бола да алмайтыны айқын емес пе? (Д а у ы с т а р: «Дұрыс»!).

Ал енді, кедейлер болмаса большевиктік жұмыс та болмайды, социализм де болмайды-мыс дегенге келетін болсақ, бұл нағыз ақымақтық, оны сөз қылудың өзі ыңғайсыз нәрсе. Лениншілдер капиталистік элементтер барда, капиталистер қанап отырған кедейлер барда кедейлерге сүйенеді. Ал капиталистік элементтер қыйратылып, кедейлер қанаудан құтқарылған кезде лениншілдердің міндеті — өмір сүру алғышарттары жойылып отырған кедейшілікті және кедейлерді баянды етіп, сақтап қалу емес, қайта кедейшілікті жою, кедейлерді ауқатты тұрмысқа жеткізу болады. Социализм жоқшылық пен қайыршылық негізінде, адамдардың жеке тұтынуын кеміту негізінде және, кедейлердің өздері кедейлікте енді қала бергісі келмей, ауқатты тұрмысқа жетуге ұмтылып отырғанда, барлық адамдардың тұрмыс дәрежесін кедейлердің тұрмыс дәрежесіне дейін төмендету негізінде құрылады деп ойлау — ақымақтық болған болар еді. Ондай социализмсымақтың кімге

керегі бар? Ол социализм емес, социализмді келеке ету болар еді. Социализм қоғамның өндіргіш күштерінің қаулап өсуі негізінде, азық-түлік пен товарлар молшылығы негізінде, еңбекшілердің ауқатты тұрмысы негізінде, мәдениеттіліктің қаулап өсуі негізінде ғана орнатылады. Өйткені социализм, маркстік социализм дегеніміз адамның тұтынуларын кеміту емес, қайта соларды барынша молайту, гүлдендіру, мұндай тұтынуларға шек қою немесе оларды қанағаттандырудан бастарту емес, қайта мәдениеті өскен еңбекшілердің бар қажетін барлық жағынан бірдей, толық қанағаттандыру болады.

Кейбір партия мүшелерінің көзқарасындағы кедейлік пен ауқаттылық жөніндегі бұл шатасудың өзі кедейлерді қандай жағдайларда болса да большевизмнің мәңгілік тірегі деп дәріптейтін, ал колхоздарды шиеленіскен тап күресінің майданы деп қарайтын біздің солшыл басбұзарларымыздың көзқарастарының әсері екендігінде күмән болмауға тиіс.

Көріп отырсыздар, міне, осы арада, бұл мәселеде де партияға қарсы талқандалған топтар идеологиясының қалдықтары әлі де болса өзінің сіріжандылығын жоймай отыр.

Әрине, егер партиямыздың ішінде осы сияқты басбұзарлық көзқарастар жеңіп кеткен болса, онда колхоздарымыз кейінгі екі жылдың ішінде тапқан табыстарына жете алмаған болар еді, сөйтіп олар аз уақыттың ішінде-ақ тозып кеткен болар еді.

Немесе, мысал үшін, **ұлт мәселесін** алайық. Осы арада, ұлт мәселесі жөнінде де, өзге мәселелер жөніндегі сықылды, партияның бір бөлегінің көзқара-

сында белгілі қауіп туғызатын шатасу бар. Мен капитализмнің қалдықтарының сіріжандылығын айттым. Ескерте кету керек, капитализмнің адам санасындағы қалдықтары ұлт мәселесі жөнінде өзге жөндегілердің қай-қайсысынан да гөрі анағұрлым сіріжандырақ келеді. Бұлардың сіріжандырақ келетін себебі, мұнда ұлт шапанын бүркене қоюына мүмкіншілігі бар. Көп адамдар Скрыпниктің күнасы жалпы емес, ерекше нәрсе деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Скрыпниктің және оның Украинадағы тобының күнасы ерекше нәрсе емес. Мұндай қылықтар басқа ұлт республикаларында да кейбір жолдастарда барлығы байқалады.

Ұлтшылдыққа қарай ауа жайылған уклон деген не, — мейлі ұлыорысшыл ұлтшылдыққа қарай ауа жайылған уклон болсын, мейлі жергілікті ұлтшылдыққа қарай ауа жайылған уклон болсын? Ұлтшылдыққа қарай ауа жайылған уклон жұмысшы табының интернационалдық саясатын буржуазияның ұлтшылдық саясатына бейімдеу болады. Ұлтшылдыққа қарай ауа жайылған уклон «өз», «ұлт» буржуазиясының Советтік құрылысты жоюға және капитализмді қайта орнатуға деген әрекетін бейнелейді. Көріп отырсыздар, екі уклонның екеуінің де шығатын көзі — бір. Ол көз — лениндік интернационализмнен **таю**. Егер екі уклонның екеуіне де соққы бергіңіз келсе, — мейлі жергілікті ұлтшылдыққа қарай ауа жайылған уклон болсын, мейлі ұлыорысшыл ұлтшылдыққа қарай ауа жайылған уклон болсын, — оның бәрібір, — ең алдымен, осы шығатын көзіне соққы беру керек, интернационализмнен таюшыларға соққы беру керек. (Д у қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Қай уклон басты қауіп болады, ұлыорысшыл ұлтшылдыққа қарай ауа жайылған уклон ба немесе жергілікті ұлтшылдыққа қарай ауа жайылған уклон ба? деп таласушылар бар. Қазіргі жағдайда бұл — формалдық талас, сондықтан ол бос талас. Басты қауіп және басты емес қауіп дегендер туралы барлық уақыттарға және барлық жағдайларға бірдей жарай беретін даяр үлгі беру ақымақтық болған болар еді. Ондай үлгілер жалпы жаратылыста жоқ. Қай уклонға қарсы күресу тоқталған болса, сөйтіп, оның мемлекеттік қауіпке айналуына жол берілген болса,— міне сол уклон басты қауіп болып табылады. (Ұ з а қ қ о л ш а п а л а қ т а у.)

Украинада украиндық ұлтшылдыққа қарай ауа жайылған уклон осы жуық араға дейін басты қауіп емес еді, бірақ оған қарсы күресу қойылған кезде, сөйтіп оның интервенционистермен қосылуына жол берілген кезде бұл уклон басты қауіп болып кетті. Ұлт мәселесі жөніндегі басты қауіп туралы мәселе формалдық құрғақ таластармен шешілмейді, істің қазіргі кезеңдегі жайын маркстік талдаумен және бұл жөнінде істелген қателерді зерттеумен шешіледі.

Жалпы саясат жөніндегі **оңшыл және «солшыл» уклондар туралы** да осыны айту керек. Бұл жөнде де, өзге жөндердегі сияқты, партиямыздың кейбір мүшелерінің көзқарастарында шатасу аз емес. Кейде оңшыл уклонға қарсы күресе отырып, «солшыл» уклонға қарсы күресті тыя қояды, оны қауіпті емес деп немесе оның қаупі аз деп есептеп, оған қарсы күресті бәсеңдетіп жібереді. Бұл — өте елеулі және қауіпті қате. Бұл — «солшыл» уклонға жеңілдік беру, партия мүшесі үшін кешірімсіз іс. Мұның әсіресе

кенірімсіз болатын себебі, соңғы кезде «солшылдар» оңшылдардың позициясына біржолата түсіп кетті, сөйтіп шынына келгенде қазір олардан ешбір айырмасы болмай отыр.

Біз әрқашан да «солшылдар» дегеніміз өздерінің оңқайлығын солшыл сөздермен бүркеген оңшылдар деп айтып келген едік. Қазір біздің осы сөзімізді «солшылдардың» өздері растап отыр. Мысалы троцкистік «Бюллетеннің» былтырғы номерлерін алып қараңыз. Онда троцкист мызралар не талап етіп отыр, не жазып отыр, олардың «солшыл» программасы несінен көрінеді? Онда олар: пайда келтірмейді деп **совхоздарды таратуды** талап етеді, бос көпірме деп **колхоздардың көпшілігін таратуды** талап етеді, **кулактарды жою саясатынан қайтуды, концессия саясатына қайта оралуды** және пайда келтірмейді деп **толып жатқан өнеркәсіп орындарымызды концессияға беруді** талап етеді.

Міне жексұрын қорқақтар мен капитулянттардың программасы, ССРО-да капитализмді қайта орнатудың контрреволюциялық программасы осы!

Бұл программаның әсіре оңшылдардың программасынан қандай айырмасы бар? Әрине, ешқандай айырмасы жоқ. Ендеші, оңшылдармен блок жасап, партияға қарсы бірігіп күресу үшін «солшылдар» оңшылдардың контрреволюциялық программасына ашықтан-ашық қосылып отыр.

Осыдан кейін «солшылдар» қауіпсіз немесе олардың қаупі аз деп қалай айтуға болады? Мұндай сорақылықты айтып жүрген адамдар ленинизмнің қас дұшпандарының отына май құятындығы айқын емес пе?

Көріп отырсыздар, бұл арада да, партияның жо-

лынан ауа жайылған уклондар жөнінде де, — мейлі жалпы саясат жөніндегі уклондар туралы болсын, мейлі ұлт мәселесіндегі уклондар туралы болсын, бәрібір,— капитализмнің адам санасындағы, оның ішінде партиямыздың жеке мүшелерінің санасындағы қалдықтары — әлі де сіріжанды жатыр.

Мінеки, біздің идеялық-саяси жұмысымыздың ішінен партияның жеке топтарының көзқарастарында айқындық болмай жүрген, шатасу, не тіпті ленинизмнен тура ауа жайылу болып жүрген бірнеше елеулі және маңызды мәселелер осылар. Ал партияның кейбір мүшелерінің көзқарастарындағы шатасуды көрсетуге болатын мәселелер жалғыз бұл ғана емес.

Міне осылардан кейін партия ішіндегі жұмысымыздың бәрі ойдағыдай деуге бола ма?

Әрине, болмайды.

Біздің идеялық-саяси жұмыс жөніндегі міндеттеріміз:

1) Партияның теориялық дәрежесін тиісті сатыға көтеру;

2) Партияның барлық буындарында да идеологиялық жұмысты күшейту;

3) Партия қатарында ленинизм насихатын қажымай-талмай жүргізе беру;

4) Партия ұйымдарын және солардың төңірегіндегі партияда жоқ белсенділерді лениндік интернационализм рухында тәрбиелеу;

5) Кейбір жолдастардың марксизм-ленинизмнен таюын бүркемей, батыл сынау;

6) Ленинизмге жау ағымдардың идеологиясын және идеологиясының қалдықтарын үнемі әшкерелеп отыру.

2. ҰЙЫМДАСТЫРУ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мен біздің табыстарымызды айттым. Партия жолының халық шаруашылығы мен мәдениет жөнінде де, партия ішіндегі Ленин жолына қарсы топтарды жою жөнінде де жеңгендігін айттым. Біздің жеңістеріміздің бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы барлығын айттым. Бірақ бұл қай жағынан болса да, қай жұмыста болса да жеңдік, мәселелердің бәрі де шешіліп болды деген сөз емес. Мұндай табыстар мен жеңістер жаратылыста, жалпы, болмайды. Шешілмеген мәселелер, әртүрлі кемшіліктер бізде әлі де аз емес. Біздің алдымызда — шешілуін тілеп отырған көп міндет бар. Алай да, жоғарыда айтылғандар, сөз жоқ, кезектегі шұғыл міндеттердің көбі кәзір ойдағыдай шешілгенін көрсетеді, ал бұл жөнінде біздің партиямыздың орасан зор табыстарға жеткендігі күмәнсіз.

Бірақ мынадай сұрақ туады: бұл табыс қалай жасалды, іс жүзінде ол қалай табылды, қандай күреспен, қандай күшпен табылды?

Кейбіреулер партияның дұрыс жолын белгілеп, оны бүкіл жұртқа жариялап, оны жалпы тезис және қарар түрінде жазып, бірауыздан қабылдасақ болғаны, онан соң жеңіс өзінен өзі, басқаша айтқанда, қаңғалақтап келе қояды деп ойлайды. Бұл, әрине дұрыс емес. Бұл үлкен адасу. Бұлай деп тек ем қонбайтын төрешілдер мен кеңсешілдер ғана ойлай алады. Шынына келгенде бұл табыстар мен жеңістер өз бетімен келе қойған жоқ, партия жолын жүзеге асыру жолындағы арпалысқан күрес арқылы табылды. Жеңіс ешуақытта өздігінен келмейді, — оны

әдетте тартып әкеледі. Партияның сара жолын жақтаған жақсы қарарлар мен декларациялар — тек істің басы ғана, өйткені олар жеңістің өзін емес, жеңуді көздейтінімізді ғана көрсетеді. Дұрыс жол белгіленгеннен кейін, мәселе дұрыс шешілгеннен кейін істің ойдағыдай орындалуы ұйымдастыру жұмысына, партия жолын жүзеге асыруға бағытталған күресті ұйымдастыруға, адамдарды дұрыс іріктеп алуға, басшы орындардың қарарларының орындалуын тексеріп отыруға байланысты. Мұнысыз партияның дұрыс жолының, дұрыс қарарлардың үлкен нұқсан көруі мүмкін. Ол ол ма: дұрыс саяси жол белгіленгеннен кейін істің бәрін, соның ішінде саяси жолдың өзінің тағдырын де,— оның орындалуын немесе оның іске аспай қалуын да ұйымдастыру жұмысы шешеді.

Шынында, бұл жеңістер партия жолын іске асыруда кездескен әралуан қыйыншылықтармен үнемі, аяусыз күресу арқылы, сол қыйыншылықтарды жеңу арқылы, партия мен жұмысшы табын қыйыншылықтарды жеңу ісіне жұмылдыру арқылы, қыйыншылықтарды жеңуге бағытталған күресті ұйымдастыру арқылы, жарамсыз қызметкерлерді орнынан түсіріп, қыйыншылықтармен күресе алатын, жақсы қызметкерлерді іріктеп алу арқылы табылды, жеңіп алынды.

Бұл қыйыншылықтар қайсы, олар қайда ұялайды?

Бұл қыйыншылықтар — біздің ұйымдастыру жұмысымыздың қыйыншылықтары, біздің ұйымдастыру басшылығымыздың қыйыншылықтары. Бұл қыйыншылықтар біздің өзімізде, біздің басшы қызметкерлерімізде, біздің ұйымдарымызда, біздің партия, совет,

шаруашылық, кәсіподақ, комсомол және басқа әртүрлі ұйымдарымыздың аппараттарында ұялап отыр.

Біздің партия-совет, шаруашылық және басқа әртүрлі ұйымдарымыздың, олардың басшыларының күші мен беделі бұрын болмаған дәрежеде мықтап өсті. Мұны түсіну керек. Бұлардың күші мен беделі бұрын болмаған дәрежеде өскендіктен де,— ісіміздің барлығы немесе барлығы дерлік енді солардың жұмысына байланысты болып отыр. Объективтік жағдайлар дегендерді бетке ұстаудың енді жөні жоқ. Партияның саяси жолының дұрыстығы көп жылдардың тәжрибесінде ыспатталғаннан кейін, ал жұмысшылар мен шаруалардың бұл жолды қолдауға әзірлігіне күмән болмай отырғаннан кейін,— объективтік жағдайлар дегендердің ролі құруға таќалып, ал біздің ұйымдарымыздың, олардың басшыларының ролі шешуші болып, ерекше күшейіп отыр. Бұл не деген сөз? Мұның мәнісі, мұнан былай біздің жұмыстағы олқылықтар мен кемшіліктерге жауаптылықтың оннан тоғызы «объективтік» жағдайларға емес, біздің өзімізге, тек өзімізге ғана жатады деген сөз.

Біздің партияда екі миллионнан астам мүшелер мен кандидаттар бар. Комсомолда төрт миллионнан астам мүшелер мен кандидаттар бар. Бізде үш миллионнан аса жұмысшы, шаруа тілшілер бар. Біздің осоавиахимда 12 миллионнан астам мүше бар. Кәсіподақтарда 17 миллионнан астам мүше бар. Біз табыстарымызға осы ұйымдардың арқасында жеттік. Егер табыстарға жетуімізді жеңілейтетін осындай ұйымдарымыздың, осындай мүмкіншіліктеріміздің барлығына қарамастан жұмысымызда әлі кемшілік-

тер мен олқылықтар аз болмай отырған болса, онда оған тек өзіміз, біздің ұйымдастыру жұмысымыз, біздің ұйымдастыру басшылығымыздың нашарлығы айыпты.

Басқару аппараттарындағы төрешілдік пен кеңсешілдік; қолма-қол, нақтылы басшылық етудің орнына «жалпы басшылық» туралы мылжыңдау; ұйымдардың функциялық тәртіппен құрылуы және жеке жауаптылықтың жоқтығы; жұмыстағы иесіздік пен жалақы системасындағы теңгерме; істің орындалуын үнемі тексеріп отырудың жоқтығы; өзара сыннан қорқушылық,— міне, біздің қыйыншылықтарымыздың көзі осылар, біздің қыйыншылықтарымыздың қәзір ұялап жатқан жері де осылар.

Бұл қыйыншылықтарды қарарлар мен қаулылар арқылы жеңіп шығуға болады деп ойлау аңқаулық болар еді. Төрешілдер мен кеңсешілдер партия мен үкіметтің қаулыларына берілгендігін сөз жүзінде көрсетіп, ал іс жүзіне келгенде — оларды жыйнап қоюға көптен дағдыланып алған. Бұл қыйыншылықтарды жеңу үшін ұйымдастыру жұмысымыздың партияның саяси жолының талаптарынан артта қалушылығын жою керек болды, халық шаруашылығының барлық салаларындағы ұйымдастыру басшылығының дәрежесін саяси басшылықтың дәрежесіне дейін көтеру керек болды, біздің ұйымдастыру жұмысымыз партияның саяси ұрандары мен қаулыларының іс жүзінде жүзеге асуын қамтамасыз ететін ету керек болды.

Бұл қыйыншылықтарды жеңіп, табыстарға жету үшін осы қыйыншылықтарды жеңу жолындағы күресті **ұйымдастыру** керек болды, жұмысшы, шаруа

бұқарасын осы күреске тарту керек болды, партияның өзін жұмылдыру керек болды, партияны, шаруашылық ұйымдарды сенімсіз, табансыз, азғын адамдардан тазалау керек болды.

Мұның үшін не істеу керек болды?

Мұның үшін бізге мыналарды ұйымдастыру керек болды:

1) Өзара сынды күшейтіп, жұмысымыздағы кемшіліктерді ашу;

2) Партия, совет, шаруашылық, кәсіподақ және комсомол ұйымдарын қыйыншылықтармен күреске жұмылдыру;

3) Жұмысшы-шаруа бұқарасын партия мен үкіметтің ұрандарын, қаулыларын жүзеге асыру жолындағы күреске жұмылдыру;

4) Еңбекшілер арасында жарыс пен екпінділікті күшейіту;

5) МТС пен совхоздарда саясат бөлімдерін құрып, партия-совет басшылығын селоға жақындату;

6) Халық комиссарнаттарын, жоғарғы басқармалар мен трестерді шағындап, шаруашылық басшылықты кәсіпорнына жақындату;

7) Жұмыстағы иесіздікті және жалақы системасындағы теңгермені жою;

8) «Функциялықты» жою, жеке жауаптылықты күшейту, алқаларды жоюға бағыт ұстау;

9) Істің орындалуын тексеруді күшейту және істің орындалуын тексеруді одан әрі күшейте келе Орталық Бақылау Комиссиясы мен Жұмысшы-Шаруа Инспекциясын қайта құру;

10) Маман қызметкерлерді кеңседен өндіріске жақынырақ қою;

11) Ем қонбайтын төрешілдер мен кеңсешілдерді әшкерелеп, басқарушы аппараттардан қуу;

12) Партия мен үкіметтің қаулыларын бұзушыларды, көзбояушылар мен мылжыңдарды орнынан алып, олардың орнына жаңа адамдарды — өзіне жүктелген жұмысқа нақты басшылық етуді және партия-совет тәртібін нығайтуды қамтамасыз ете алатын іс адамдарын қою;

13) Совет-шаруашылық ұйымдарын тазалау, олардың штаттарын азайту;

14) Ақырында, сенімсіз, азғын адамдардан партияны тазалау керек болды.

Қиыншылықтарды жеңу үшін, біздің ұйымдастыру жұмысымыздың дәрежесін саяси басшылықтың дәрежесіне дейін көтеру үшін, сөйтіп партия жолын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін біздің партия қолдануға тиіс болған шаралар негізінде, міне, осылар болды.

Өздеріңізге мәлім, біздің партияның Орталық Комитеті есеп беріліп отырған дәуірдің ішінде өзінің ұйымдастыру жұмысын дәл осылай жүргізді.

Орталық Комитет бұл жөнде Лениннің: ұйымдастыру жұмысындағы ең басты нәрсе — **адамдарды іріктеп алу, істің орындалуын тексеру** деген данышпандық пікірін қолданды.

Адамдарды іріктеп алу, сенім ақтамағандарды орнынан түсіру жөнінде мен бірнеше сөз айтып өткім келеді.

Ем қонбайтын төрешілдер мен кеңсешілдерден басқа, — бұларды босату жөнінде бізде ешбір алалық жоқ, — біздің жұмысымызды бөгейтін, біздің жұмы-

сымызға кедергі жасайтын, біздің ілгері басуымызға жол бермейтін тағы екі түрлі қызметкерлер бар.

Бұл қызметкерлердің бір түрі — бұрын белгілі еңбек сіңірген, паң болып алған адамдар; бұлар партия, совет заңдары олар үшін емес, ақымақтар үшін жазылған деп ойлайды. Бұлар кәдімгі партия, үкімет қаулыларын орындауды өзіне міндет деп санамайтын, сөйтіп партия, мемлекет тәртібінің негізін бұзатын адамдар. Партия мен совет заңдарын бұзганда бұлар неге сүйенеді? Бұлар өздерінің бұрын сіңірген еңбегі болгандығынан Совет өкіметі оларға тиюге бата алмас деп дәмеленеді. Бұл дандайсыған паңдар біз қызметтен ауыстырылмайтын адамдармыз, біз басшы орындардың каулыларын ешбір корқынышсыз бұза алатын адамдармыз деп ойлайды. Мұндай қызметкерлерді қайту керек? Оларды бұрынғы сіңірген еңбектеріне қарамай басшы орындардан тура түсіру керек. (Дауыстар: «Дұрыс!».) Бұларды орнынан алып, төменгі кызметке жіберу, оны баспасөз бетінде жариялау керек. (Дауыстар: «Дұрыс!».) Мұны істеу бұл дандайсып кеткен паңдардың-төрешілдердің менмендігін қағып, оларды орнына кою үшін керек болып отыр. Мұны істеу бүкіл жұмысымызда партия, совет тәртібін нығайту үшін керек болып отыр. (Дауыстар: «Дұрыс!». Қол шапалақтау.)

Енді қызметкерлердің екінші түріне келейік. Менің айтқалы тұрганым мылжыңдар, мылжың болғанда ақпейіл мылжыңдар (күлкі), адал, Совет өкіметіне шын берілген, бірақ басшылық ете алмайтын, ешнәрсені ұйымдастыра алмайтын адамдар. Мен өткен жылы осындай бір жолдаспен, өте бір кадірлі жолдаспен, бірақ кандай қызғылыкты істі де мыл-

жыңға батырып жібере алатын ем қонбайтын мылжыңмен әңгімелестім. Ол әңгімеміз мынау:

Мен: Сізде егістің жайы қалай?

Ол: Егістің жайы дейсіз бе, Сталин жолдас? Біз оған жұмылдық. (Күлкі.)

Мен: Ал сонымен?

Ол: Біз мәселені қабырғасынан қойдық. (Күлкі).

Мен: Ал, онан әрі не болды?

Ол: Бізде өзгеріс бар, Сталин жолдас, жақын арада өзгеріс болады. (Күлкі.)

Мен: Сөйтсе де?

Ол: Бізде ілгері басу байқала бастады. (Күлкі.)

Мен: Дегенмен, сізде егістің жайы қалай?

Ол: Егіс жөнінде әлі ештеңе шығара алмай жатырмыз, Сталин жолдас. (Жұрт ду күледі.)

Мылжыңның пішіні, міне, осындай болады. Олар жұмылған, мәселені қабырғасынан қойған, оларда өзгеріс те, ілгері басқандық та бар, бірақ іс орнынан қозғалмайды.

Жақын арада бір украин жұмысшы бір ұйымның жайын тап осылай сыйпаттап берген болатын; онан бұл ұйымның ұстап отырған жолы бар ма деп сұрағанда: «Жолда тұрған не бар... жолы, әрине, бар, тек істеген жұмысы көрінбейді» (жұрт жаппай күледі) деген. Тегінде, бұл ұйымның да өзінің адал мылжыңдары бар болуға тиіс.

Мұндай мылжыңдарды орындарынан алып, қолма-қол басқарылатын жұмыстан аулағырақ жіберсең, олар оған таңырқап, түсіне алмай: «Бізді не үшін орнымыздан алады? Біз іс үшін керектің бәрін істемеп пе едік, біз екпінділердің слётін өткізбеп пе едік, біз екпінділердің конференциясында партия мен үкімет-

тің ұрандарын жарияламап па едік, біз Орталық Комитеттің Саяси Бюросының құрамын түгелімен құрметті президиумге сайламап па едік (жұрт жаппай күледі), біз Сталин жолдасқа құттықтау жібермеп пе едік, бізге тағы не қыл дейсіңдер?» (Жұрт ду күледі.) дейді.

Мұндай ем қонбайтын мылжыңдарды қайту керек? Егер де оларды қолма-қол басқарылатын жұмыста қалдыратын болсаң, олар қандай қызғылықты істі де бітпес сылдыр сөздің ағысына батырып жібереді. Тегінде, оларды басшылық қызметтен алып, басқа, қолма-қол басшылықты тілемейтін жұмысқа қойған жөн болар. Қолма-қол басқарылатын жұмыс мылжыңдар отыратын жер емес. (Дауыстар: «Дұрыс!». Қол шапалақтау.)

Орталық Комитет совет, шаруашылық ұйымдарына адамдарды іріктеп алу жұмысына қалай бағыт беріп отырғанын, істің орындалуын тексеруді күшейту ісін оның қалай жүргізгенін мен қысқаша ғана баяндап өттім. Мұны сіздерге съездің күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша Каганович жолдас толығырақ баяндап өтеді.

Ал істің орындалуын тексеруді күшейту жөнінде істелмек жұмысқа келетін болсақ, онда бұл жөнінде мен бірнеше сөз айтқым келеді.

Істің орындалуын тексеруді дұрыс ұйымдастыру төрешілдік пен кеңсешілдікке қарсы күресте шешуші маңызы бар жұмыс. Басшы ұйымдардың қаулылары іске асырылып жатыр ма, болмаса төрешілдер мен кеңсешілдер оларды жылы жауып қойды ма? Ол қаулылар дұрыс іске асырылып жатыр ма, болмаса бұрмаланып отыр ма? Аппарат адал, большевикше іс-

теп жатыр ма, болмаса бос әуре болып отыр ма? — міне, осылардың бәрін істің орындалуын тексеруді жақсылап жолға қойғанда ғана дер кезінде біліп отыруға болады. Істің орындалуын тексеру жақсылап жолға қойылса, — ол аппарат жұмысының жайын кезкелген уақытта көре қоюға және төрешілдер мен кеңсешілдерді жасағанның жарығына сүйреп шығара қоюға көмек болатын жарық шам болады. Біздің кемшіліктеріміз бен олқылықтарымыздың оннан тоғызы істің орындалуын тексерудің дұрыс жолға қойылмағандығынан екенін іркілмей айтуға болады. Күмән жоқ, дұрыс жолға қойылған тексеру болып отырған болса, мұндай кемшіліктер мен олқылықтарға жол берілмеген де болар еді.

Ал істің орындалуын тексеру көздеген мақсатына жету үшін оған кемі екі шарт керек: біріншіден, — істің орындалуын тексеру оқта-текте емес, үнемі жүргізілетін болу керек; екіншіден, — партия-совет және шаруашылық ұйымдарының барлық буындарында да істің орындалуын тексерудің басында анау-мынау емес, үлкен беделі бар адамдар, — ұйым басшыларының өздері отыратын болу керек.

Істің орындалуын тексерудің дұрыс ұйымдастырылуының орталық басшы мекемелер үшін маңызы зор. Жұмысшы-Шаруа Инспекциясы өзінің ұйымдастырылуы жағынан, істің орындалуын тексеруді жақсылап жолға қою талаптарын қанағаттандыра алмайды. Бұдан бірнеше жыл бұрын, біздің шаруашылық жұмыстарымыз негұрлым оңай және қанағаттанарлық бола алмай жүрген кезінде және барлық халық комиссариаттар мен барлық шаруашылық ұйымдардың жұмыстарын **байқаудың** мүмкіндігі бар кез-

де, ЖШИ міндетіне сай еді. Бірақ қазір шаруашылық жұмыстарымыз ұлғайып, күрделі болған және оны бір орталықтан **байқаудың** қажеті де, мүмкіншілігі де жоқ болып отырған кезде, ЖШИ қайта құрылуы керек. Бізге енді инспекция керек емес, орталықтың қаулыларының орындалуын тексеру керек, — бізге енді орталықтың қаулыларының орындалуына **бақылау** жүргізу керек. Бізге енді барлық істі, барлық жерді қамтый байқап отыру мақсатына салынбай, барлық назарын Совет өкіметінің орталық мекемелерінің қаулылары қалай орындалып жатқандығын бақылау, тексеру жұмыстарына аударып отыра алатын ұйым керек. ССРО Халық Комиссарлары Советінің жанында болып, Халық Комиссарлары Советінің тапсырмалары бойынша жұмыс істейтін, жергілікті жерлерде ондағы орындарға бағынбайтын өкілдері бар, Советтік Бақылау Комиссиясы ғана осындай ұйым бола алады. Ал оның беделінің жеткілікті болуы үшін, ол қажет болған жағдайда кезкелген жауапты қызметкерді жауапқа тарта алатын болуы үшін,— Советтік Бақылау Комиссиясының мүшесі болатын адамдар партияның съезінде белгіленіп, оларды ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі мен Орталық Атқару Комитеті бекітуі қажет. Менің ойымша тек осындай ұйым ғана советтік бақылау мен советтік тәртіпті нығайта алады.

Ал енді Орталық Бақылау Комиссиясына келсек, жұртқа мәлім, ол ең алдымен және көбінесе партия ішінен жік шығып кетпеуінің алдыналу үшін құрылған болатын. Өздеріңіз білесіздер, жік шығу қаупі бір кезде бізде шынында да болған еді. Өздеріңіз білесіздер, Орталық Бақылау Комиссиясы мен оның

ұйымдары жік шығу қаупін жоя білді. Ал кәзір жік шығу қаупі бізде жоқ. Оның есесіне, бізге енді партия мен оның Орталық Комитетінің қаулыларының орындалуын тексеру жұмысына өзінің басты назарын аудара алатын ұйым өте кажет болып отыр. Партия мен оның Орталық Комитетінің тапсырмалары бойынша жұмыс істейтін, жергілікті жерлерде ондағы ұйымдарға тәуелсіз өкілдері бар, БК(б)П ОК жанындағы Партия Бақылау Комиссиясы ғана осындай ұйым бола алады. Әлбетте, мұндай жауапты ұйымның беделі де зор болуға тиіс. Ал оның беделінің жеткілікті болуы үшін, ол айыпты болған жауапты қызметкердің қандайын болса да, оның ішінде ОК мүшелерін де, жауапка тарта алатын болуы үшін, — бұл Комиссияның мүшелерін партияның ең жоғарғы орны — партия съезі ғана сайлап, орнынан түсіре алатын болуы керек. Күмән жоқ, ондай ұйым партияның орталық органдарының қаулыларының орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге және партия тәртібін нығайтуға әбден жарайды.

Ұйымдастыру басшылығы мәселелерінің жайы осындай.

Ұйымдастыру жұмысы жөніндегі біздің міндеттеріміз мыналар:

1) Ұйымдастыру жұмысымызды бұдан былай да партияның саяси жолының талаптарына сәйкестеп ілгері бастыра беру;

2) Ұйымдастыру басшылығын саяси басшылықтың дәрежесіне жеткізу;

3) Ұйымдастыру басшылығы партиямыздың саяси ұрандары мен қаулыларын іске асыруды толық қамтамасыз етіп отыратын ету.

Жолдастар, мен есепті баяндамамды аяктаймын. Бұл баяндамадан шығатын корытындылар кандай? Біздің табыстарымыздың өте зор және ерекше табыстар екендігін кәзір жұрттың бәрі мойындап отыр. Еліміз аз уакыттың ішінде-ак индустриялану және колхоздасу жолына түсірілді. Бірінші бесжылдык ойдағыдай жүзеге асырылды. Бұл біздің кызметкерлердің көңілін көтереді, өз күштеріне сенімін күшейтеді.

Бұл, әрине, жаксы. Бірак табыстардың кейде көленке жағы да болады. Бұл табыстар кейде, егер асқындырып жіберсең, — барлык істі босаңсытып жіберуі мүмкін кейбір кауіптерді де туғызады. Мысал үшін айтсак, мұндай табыстардан кейбір жолдастарымыздың басы айналу кауші де бар. Өздеріңізге мәлім, мұндай жағдайлар бізде болған. Кейбір жолдастарымыз табыска мастанып, дандайсып кетер, содан барып «теңіз біздің тіземізден де келмейді», «кім болса да біз бөрікпен ұрып жыға аламыз» деген сыкылды, тағы сондай мактан жырларымен өзін өзі әлдилей бастар деген кауіп бар. Мұның болуы әбден мүмкін, жолдастар. Мұндай ойлардан бетер кауіпті ешнәрсе жок, өйткені олар партияны құралсыздандырады, партия катарының берекесін кетіреді. Партия ішінде мұндай ойлар басым болып кетсе, біз барлык табыстарымызды бүлдіру катеріне ұшырауымыз мүмкін.

Әрине, бірінші бесжылдыкты біз ойдағыдай орындап шыктык. Бұл дұрыс. Бірак, іс мұнымен бітпейді және біте де алмайды, жолдастар. Алдымызда екінші

бесжылдық бар, мұны да орындауымыз керек және табыспен орындап шығуымыз керек. Өздеріңізге мәлім, жоспарлар қыйыншылықтармен күресіле отырып, қыйыншылықтарды жеңе отырып орындалады. Демек, қыйыншылықтар да болады, қыйыншылықтарға қарсы күрес те болады. Молотов пен Куйбышев жолдастар екінші бесжылдық жоспар туралы сіздерге баяндама жасайды. Бұл орасан зор жоспарды жүзеге асыру үшін келешекте біз қандай зор қыйыншылықтарды жеңуіміз керек болатындығын солардың баяндамаларынан өздеріңіз көресіздер. Демек, партияны әлдилеу керек емес, — қайта оның қырағылығын күшейту керек, партияны ұйықтату керек емес, — қайта жауынгерлік әзірлікте ұстау керек, партияны қарусыздандыру керек емес, — қайта қаруландыра беру керек, партияны селқостыққа салу керек емес,— қайта оны екінші бесжылдықты жүзеге асыруға жұмылдырып отыру керек.

Бұдан шығатын бірінші қортынды: **қол жеткен табыстарға желікпеу керек және мастанбау керек.**

Біздің бұл табыстарға жеткен себебіміз, бізде партияның дұрыс басшылық жолы болды, сол жолды жүзеге асыруға біз бұқараны ұйымдастыра білдік. Міне бұл жағдайларсыз біздің кәзіргі бар және оларды өзіміз мақтан етуге праволы табыстарымыздың болмайтынын айтып жатпасақ та болады. Бірақ дұрыс жолды болу және оны жүзеге асыра білу — басқарушы партиялардың өмірінде өте сирек кездесетін нәрсе.

Айналамыздағы елдерге қараңыздаршы: дұрыс жолы бар, ол жолын жүзеге асырып отырған басқарушы партиялар көп пе екен? Шынында, ондай пар-

тиялар кәзір дүние жүзінде жоқ, өйткені олардың бәрі үмітті болашақсыз өмір сүріп отыр, кризистің былығына шырмалып, одан құтылудың жолын таба алмай жатыр. Тек біздің партия ғана істі қалай қарай бастауын біліп, оны ойдағыдай ілгері бастырып келеді. Біздің партияның бұл артықшылығы ненің арқасы? Бұл оның маркстік партия, лениндік партия болып отырғандығының арқасы. Оның өз жұмысында Маркс, Энгельс, Ленин ғылымын қолданып отырғандығының арқасы. Бұл ғылымға адал болып отырған кезімізде, бұл компасты иеленіп отырған кезімізде, — біз жұмысымызда табысты бола беретінімізге күмән болуы мүмкін емес.

Батыстағы кейбір мемлекеттерде марксизм кәзірақ жойылды, деседі. Оны фашизм делінетін буржуазияшыл-ұлтшыл ағым жойыпты-мыс деседі. Бұл, әрине, бос сөз. Бұлай деп тек тарихты білмейтін адамдар ғана айта алады. Марксизм — жұмысшы табының түпкі мүдделерінің ғылми көрінісі. Марксизмді жою үшін жұмысшы табын жою керек. Ал жұмысшы табын жою мүмкін емес. Марксизмнің майданға шыққанына 80 жылдан асты. Осы уақыттың ішінде ондаған, жүздеген буржуазиялық үкіметтер марсизмді жоюға тырысып көрді. Ал онан не шықты? Буржуазиялық үкіметтердің бірі келіп, бірі кете берді де, марксизм қала берді. (Ду қол шапалақтау.) Ол ол ма: марксизм дүниенің алтыдан бір бөлігінде толық жеңіп шықты, жеңгенде де, марксизм біржолата жойылды деген елдің өзінде жеңді. (Ду қол шапалақтау.) Былайғы елдердің бәрінде де, соның ішінде фашизм елдерінде де кризис пен жұмыссыздық, мінекей, төрт жылдай жайлап отырған кезде, марксизм

толық жеңген ел кәзір, кризистер мен жұмыссыздықтар дегенді білмейтін, дүние жүзіндегі бірден-бір ел болып отырғанын әлдеқалай нәрсе деп есептеуге болмайды. Жоқ, жолдастар, бұл әлдеқалай нәрсе емес. (Ұзақ қол шапалақтау.)

Я, жолдастар, біздің табыстарымыз Маркс, Энгельс, Ленин туы астында жұмыс істеп, күрес жүргізгеніміздің арқасы.

Бұдан шығатын екінші қортынды: **Маркстің, Энгельстің, Лениннің ұлы туына ақырына дейін адал болу.** (Қол шапалақтау.)

ССРО жұмысшы табының күштілігі оның ұрыстарда сыналған лениндік партиясының барлығынан ғана емес. Оның күштілігі, одан соң, миллиондаған еңбекші шаруа бұқарасы оны қолдап отырғандығынан ғана емес. Оның күшті болатын тағы бір себебі, оны дүние жүзінің пролетариаты қолдап, оған көмек көрсетіп отырады. ССРО-ның жұмысшы табы — дүние жүзі пролетариатының бір бөлегі, оның алдыңғы қатарлы отряды, ал біздің республикамыз — дүние жүзі пролетариатының бел баласы. Күмән жоқ, егер капиталистік елдердің жұмысшы табы ССРО жұмысшы табын қолдамаса, ол өкімет билігін өз қолында ұстап қала алмаған болар еді, ол социалистік құрылысқа керекті жағдайларды жасап ала алмаған болар еді, — демек — оның кәзіргі табыстары да болмаған болар еді. ССРО жұмысшы табының капиталистік елдер жұмысшыларымен интернационалдық байланысы, ССРО жұмысшыларының барлық елдердің жұмысшыларымен туысқандық одағы,— міне, Советтер Республикасының күш-қуатының ірге тастарының бірі осы. Батыстағы жұмысшылар ССРО-ның жұмысшы

табын дүние жүзі пролетариатының екпінді бригадасы дейді. Бұл өте жақсы. Мұның мәнісі, дүние жүзінің пролетариаты өз әлінше, мүмкіншілігінше ССРО-ның жұмысшы табын бұдан былай да қолдай беруге даяр деген сөз. Бірақ бұл бізге елеулі міндет жүктейді. Мұның мәнісі, барлық елдер пролетариатының екпінді бригадасы деген ардақты атты біз ісімізбен ақтауымыз керек деген сөз. Бұл бізді елімізде социализмнің біржолата жеңіп шығуы жолында, социализмнің барлық елдерде жеңіп шығуы жолында жұмысты жақсы істеуге, күресті жақсы жүргізуге міндеттейді.

Бұдан шығатын үшінші қортынды: **пролетарлық интернационализм ісіне, барлық елдердің пролетарларының туысқандық одағы ісіне ақырына дейін адал болу.** (Қол шапалақтау.)

Қортындылар осындай.

Жасасын Маркстің, Энгельстің, Лениннің жеңілмейтін, ұлы туы! (Бүтін залда ұзақ, ду қол шапалақтау. Съезд Сталин жолдасқа үлкен құрмет көрсетеді. «Интернационал» жырланады. «Интернационал» жырланып болғаннан кейін құрмет көрсету тағы да күшейе түседі. «Сталинге ура!», «Сталин жасасын!», «Партияның Орталық Комитеті жасасын!» — деген дауыстар шығып жатады.)

«Правда» № 27,
28 январь, 1934 ж.

ФРУНЗЕ АТЫНДАҒЫ ЖШҚА СОҒЫС АҚАДЕМИЯСЫНЫҢ БАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚОМИССАРЫ ШАПОШНИКОВ ЖОЛДАСҚА. САЯСИ ЖҰМЫС ЖӨНІНДЕГІ ҚӨМЕКШІСІ ЩАДЕНКО ЖОЛДАСҚА

Қызылтулы Соғыс Академиясының оқушыларын, оқытушыларын және басшыларын Академияның 15 жылдық мерекесімен және **Ленин** орденімен наградталуымен құттықтаймын.

Отанымызды қорғау үшін қажетті білімі толық большевик-командирлерді, соғыс ісінің шеберлерін дайындау ісінде Академияның толық табысқа жетуіне тілектеспін.

И. Сталин

«Правда» № 18,
18 январь, 1934 ж.

ҚОРТЫНДЫ СӨЗДІҢ ОРНЫНА

31 январь, 1934 ж.

Жолдастар! Съезде болған жарыс сөздер біздің партия басшыларымыздың көзқарастары партия саясатының барлық мәселелері жөнінен де, деуге болады, толық бірыңғай екенін көрсетті. Өздеріңізге мәлім, есепті баяндамаға карсы ешбір сөз болған жоқ. Демек, партиямыз қатарының, дағдыда болмаған, идеялық-саяси және ұйымдық бірлігі айқындалды. (Қол шапалақтау.) Осыдан кейін қортынды сөз сөйлеудің қажеті бар ма? Мен ондай қажеттік жоқ қой деп ойлаймын. Сондықтан маған қортынды сөзден бастартуға рұхсат етіңіздер. (Ду қол шапалақталып, құрмет көрсетіледі, бүкіл съезд түрегеледі, зал жаңғырта уралаған, «Сталин жасасын!» деп қосылып айтқан дауыстар шығады. Съезд орнынан тұрып, «Интернационал» жырлайды. «Интернационал» жырланып болғаннан кейін тағы да құрмет көрсетіледі. «Ура!», «Сталин жасасын!», «Орталық Комитет жасасын!» деген дауыстар шығып жатады)

«Правда» № 31,
1 февраль, 1934 ж.

ЕСКЕРТУЛЕР

1 БК(б)П-ның XVI съезі 1930 жылғы 26 июньнен 13 июльге дейін Москвада болып өтті. Съезд партияның Орталық Комитетінің саяси және ұйымдастыру есептерін, Орталық Тексеру Комиссиясының, Орталық Бақылау Комиссиясының, Коминтерн Атқару Комитетіндегі БК(б)П делегациясының есептерін талқылады; өнеркәсіптің бесжылдық жоспарының орындалуы туралы; колхоз қозғалысы және ауыл шаруашылығын көтеру туралы; кәсіподақтардың қайта құрылыс дәуіріндегі міндеттері туралы баяндамаларды талқылады. Съезд партияның Орталық Комитетінің саяси бағыты мен атқарған жұмысын бірауыздан ұнатты, Орталық Комитетке социалистік құрылыстың большевиктік қарқындарын бұдан былай да қамтамасыз етуді, бесжылдықтың төрт жылда орындалуын қамтамасыз етуді, барлық майданда бірдей аумастан өрістете социалистік шабуыл жүргізуді, жаппай коллективтендіру негізінде кулактарды тап ретінде жоюды тапсырды. Съезд ауыл шаруашылығын дамытудағы өзгерістің бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы барлығын, мұның нәтижесінде колхозшы шаруалар Совет өкіметінің шын және берік тірегі болып отырғанын атап көрсетті. Съезд партияның Орталық Комитетіне алдағы уақытта да бейбітшілік саясатын бұлжытпай жүргізіп отыруды және ССРО-ның отан қорғау қабілетін нығайта беруді тапсыр-

ды. Съезд: ауыр өнеркәсіпті барынша дамыта беру және еліміздің шығысында жаңа, күшті көмір-металлургия базасын жасау туралы; барлық көпшілік ұйымдарының жұмысын қайта құру және социалистік құрылыста кәсіподақтың ролін күшейту туралы; жұмысшылар мен еңбекшілер бұқарасының бәрін социалистік жарысқа тарту туралы нұсқау берді. Съезд оңшыл оппортунизмді, кулактардың партия ішіндегі агентурасы деп, жеріне жеткізе әшкереледі және оңшыл оппозицияның көзқарастарын БК(б)П-да болумен сыйыспайтын нәрсе деп жарыялады. Съезд партия ұйымдарына ұлт мәселесіндегі уклондармен, — ұлыдержавалық шовинизммен және жергілікті ұлтшылдықпен және олармен ымыраға келісушілікпен күресті күшейтуді, сөйтіп ССРО халықтарының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеттерінің кең өрістеуін қамтамасыз ететін лениндік ұлт саясатын бұлжытпай жүргізіп отыруды тапсырды. XVI съезд партияның тарихына социализмнің барлық майданда бірдей өрістеген шабуыл жасау съезі, кулактарды тап ретінде жою съезі және жаппай коллективтендіру ісін жүзеге асыру съезі болып кірді. Съезде И. В. Сталин 27 июнь күні БК(б)П Орталық Комитетінің саяси есебін жасады (қараңыз: Шығармалар, 12-том, 256—404-беттер) және 2 июль күні қортынды сөз сөйледі. (БК(б)П-ның XVI съезі туралы қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 316—317-беттер. Съездің қаулыларын мынадан қараңыз: «БК(б)П — съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 394—436-беттер.) — *1.*

2 И. В. Сталин. «Шығыс халықтары университетінің саяси міндеттері туралы (қараңыз: Шығармалар, 7-том, 142—161-беттер). —*4.*

3 В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы 27-том, 291—319-беттер. — *6.*

4 БК(б)П Орталық Комитетінің 1929 жылы 10—17 ноябрьде болып өткен пленумы мына мәселелерді талқылады: халық шаруашылығының 1929/30 жылға арналған бақылау цифр-

лары туралы; колхоз құрылысының қортындылары мен алдағы міндеттері туралы және т. б. Пленум оңшыл уклонистердің тобы туралы мәселе қарап, оңшыл оппортунизмнің көзқарастарын насихаттау және онымен ымыраға келу БК(б)П қатарында болумен сыйыспайтын іс деп тапты, сөйтіп оңшыл капитулянттардың дем берушісі және басшысы болған Бухаринді БК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының құрамынан шығаруға қаулы етті, Рыковқа, Томскийге, оңшыл оппозицияның тағы басқа қатнасушыларына ескерту жасады. (БК(б)П Орталық Комитеті пленумының қарарларын мынадан қараңыз: «БК(б)П — съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 359—388-беттер.). — *10.*

5 Орал облыстық X партия конференциясы 1930 жылы 3—13 июньде Свердловскіде болып өтті. Конференция партияның Орталық Комитетінің саяси және ұйымдастыру бағытын толық ұнатты. Рыковтың оңшыл-оппортунистік маневрін әшкерелей келіп және оңшыл уклонның коммунистік қозғалыстағы контрреволюциялық опасыздық ролін баса көрсете келіп, конференция өзінің қарарларында Орал партия ұйымын оңшыл капитулянттардың партияның жолына және оның Лениндік Орталық Комитетінің жолына қарсы шығу әрекеттерінің қандайымен де аяусыз күресуге шақырды. — *11.*

6 Бұл арада, 1930 жылы 5—12 июньде Тифлисте болған Закавказье (Азербайжан, Армения және Грузия) коммунист ұйымдарының VI съезі айтылып отыр. Съезд БК(б)П Орталық Комитетінің саяси, ұйымдастыру жолын және практикалық ісін толығымен ұнатты. — *12.*

7 И. В. Стлин. «ССРО-дағы аграрлық саясат мәселелері жөнінде». Марксист аграршылдар конференциясында 1929 ж. 27 декабрьде сөйленген сөз (қараңыз: Шығармалар, 12-том, 156—189-беттер). — *19.*

8 И. В. Сталин. Орталық Комитеттің БК(б)П XVI съезіне бер-

ген саяси есебі (қараңыз: Шығармалар, 12-том, 256-бет). — *20.*

9 В. И. Ленин. «Империализм капитализмнің жоғарғы сатысы» (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 22-том, 173—290-беттер). — *20.*

10 И. В. Сталин. Орталық Комитеттің БК(б)П XVI съезіне берген саяси есебі (қараңыз: Шығармалар, 12-том, 327-бет). — *21.*

11 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 8-том, 319-бет. — *23.*

12 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 21-том, 85-бет. — *31.*

13 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 21-том, 87-бет. — *31.*

14 Социалистік өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық бірінші конференциясы 1931 жылы 30 январьдан 4 февральға дейін Москвада болып өтті. Конференцияға 728 делегат қатнасты. Конференция делегаттарының ішінде өнеркәсіп бірлестіктерінің өкілдері, заводтардың директорлары және құрылыстардың бастықтары, инженерлер, шеберлер, таңдаулы екпенді-жұмысшылар, партия және кәсіподақ ұйымдарының басшылары болды. Конференция Халық шаруашылығының жоғарғы советінің председателі Г. К. Орджоникидзенің — «1931 жылдың бақылау цифрлары және шаруашылық ұйымдардың міндеттері» деген баяндамасын тыңдады. 3 февраль күні конференцияда Халық Комиссарлары Советінің председателі В. М. Молотов «Шаруашылық жоспардың негізгі алғышарттары мен орындалуы» деген тақырыпта сөз сөйледі. 4 февраль күні конференцияның қортынды мәжілісінде И. В. Сталин «Шаруашылық қызметкерлерінің міндеттері туралы» сөз сөйледі. Конференция, И. В. Сталиннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып, бірінші бесжылдықтың үшінші, шешуші жылының халықшаруашылық жоспарын орындау жөнінде нақтылы шаралар белгіледі. Конференция шаруашылық қызметкерлерінің не-

гізгі міндеттері: техниканы меңгеру, өндіріске басшылық етудің сапасын арттыру, дара басшылықты дәйекті түрде жүргізу, шаруашылық есепті енгізу және еңбек өнімділігін арттыру жолында күресу, өнімнің түсер бағасын арзандатып, сапасын жақсарту болып табылатындығын атап көрсетті. Конференция БК(б)П Орталық Комитетіне құттықтау жолдады. — *34.*

15 Бұл арада Донбастың Шахты ауданы мен басқа аудандарында буржуазиялық мамандардың контрреволюцияшыл ұйымының жасаған зиянкестік әрекеті айтылып отыр. Бұл ұйым 1928 жылдың басында әйгіленді. Шахты ісі ССРО Жоғарғы сотының тікелей қатнасуымен 1928 жылғы 18 майда — 5 июльде Москвада қаралды. (Шахты ісі туралы қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 11-том, 38—39, 58—71-беттер. Сондай-ақ қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 298-бет.) — *42.*

16 Контрреволюцияшыл зиянкестік-шпиондық ұйым — «Өнеркәсіп партиясының» сот процесі 1930 жылы 25 ноябрьде — 7 декабрьде Москвада болды. Іс ССРО Жоғаргы сотының тікелей қатысуымен қаралды. Процесте мыналар анықталды: ескі буржуазияшыл техникалық интеллигенцияның жоғарғы тобының контрреволюцияшыл элементтерін біріктірген «Өнеркәсіп партиясы» халықаралық капиталдың Совет Одағындағы шпиондық және соғыстық агентурасы болған. Бұл ақэмигранттармен — патшалық Россияның бұрынғы ең ірі капиталистерімен — байланысты болған және империалистердің соғыс интервенциясын, Совет өкіметін қарумен құлату ісін әзірлей отырып, Францияның бас штабының тікелей нұсқауы бойынша іс істеген. ССРО-ның халық шаруашылығының әралуан салаларында шпиондық және диверсиялық жұмыстар жүргізу үшін зиянкестер шетел империалистерінен нұсқаулар және қаржылар алып отырған. — *42.*

17 Н. А. Некрасовтың «Россияда кім жақсы тұра алады» деген

поэмасынан (қараңыз: Н. А. Некрасов. Таңдамалы шығармалар. 1947, 323-бет). — *44.*

18 Магнитогорск металлургия заводының құрылысшылары И. В. Сталиннің атына 1931 жылы 14 майда жіберген телеграммасында Магнитная тауы рудншгінің пайдалануға берілгендігін хабарлаған болатын. — *53.*

19 Шаруашылық қызметкерлердің кеңесі 1931 жылы 22—23-июньде БК(б)П Орталық Комитетінің жанында болып өтті. Кеңеске ССРО Халық шаруашылығы жоғарғы советі мен ССРО Жабдықтау халық комиссариаты біріктіретін шаруашылық ұйымдардың өкілдері қатнасты. И. В. Сталин 22 және 23 июньдегі кеңеске қатнасты, 1931 жылғы 23 июньдегі кеңесте «Жаңа жағдай — шаруашылық құрылыстың жаңа міндеттері» деген сөзін сөйледі. Кеңестің жұмыстарына В. М. Молотов, К. Е. Ворошилов, А. А. Андреев, Л. М. Каганович, А. И. Микоян, Н. М. Шверник, М. И. Калинин, Г. К. Орджоникидзе және В. В. Куйбышев қатнасты. — *57.*

20 Бұл құттықтауды И. В. Сталин 1931 жылғы 1 октябрьде өнеркәсіп алыбы — Москваның автомобиль заводы «АМО»-ның сапқа қосылуына байланысты жазған болатын. Завод іске косылған күні, жұмысшылардың, инженер-техник қызметкерлер мен қызметшілердің жалпызаводтық конференциясында, жұмысшылардың тілегі бойынша заводқа Сталин жолдастың есімі берілді, завод содан бастап — Сталин атындағы автомобиль заводы болып атала бастады. — *88.*

21 «Техника» — газет, бұл газет 1931 жылғы октябрьден 1937 жылға дейін үш күнде бір рет шығып тұрды. 1932 жылғы январьға дейін газет ССРО Халық шаруашылығы жоғарғы советінің органы еді, кейін—ССРО Ауыр өнеркәсібі халық комиссариатының органы болды. И. В. Сталиннің құттықтауы «Техника» газетінің 1931 жылғы 10 октябрьдегі 1-номерінде жарияланды. — *90.*

22 «Пролетарская Революция» — тарихи журнал. 1921 жылдан

1928 жылға дейін журналды Истпарт (Октябрь революциясы мен РК(б)П тарихы жөніндегі комиссия, бертін келе — БК(б)П Орталық Комитетінің Октябрь революциясы мен БК(б)П тарихын зерттеу жөніндегі бөлімі), ал 1928 жылғы октябрьден 1931 жылға дейін — БК(б)П Орталық Комитетінің жанындағы Ленин Институты шығарды. Бір жыл үзілістен кейін 1933 жылдан 1941 жылға дейін журналды БК(б)П Орталық Комитетінің жанындағы Маркс—Энгельс—Ленин Институты шығарды. — *91.*

23 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 22-том, 305, 304-беттер. — *95.*

24 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 5-том, 398—399-беттер. — *103.*

25 В. И. Ленин. «Социал-демократияның шаруалар қозғалысына көзқарасы» (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 9-том, 237-бет). — *110.*

26 Қ. Маркс. «Философия бишаралығы. Прудон мырзаның «Бишаралық философиясына» жауап», 1941. — *115.*

27 Версаль системасы — капиталистік елдер арасындағы саяси және экономикалық қатнастар системасы; мұны 1914—1918 жылдардағы дүниежүзілік империалистік соғыста Германия мен оның одақтастары талқандалғаннан кейін Англия, АҚШ, Франция жасаған. Бұл системаның негізі Версаль бітім шарты мен осыған байланысты жасалған басқа да бірсыпыра шарттар болды; бұл шарттар бойынша, жекелеп айқанда, Европа мемлекеттерінің жаңа шегаралары белгіленді. — *127.*

28 Қ. Маркс пен Ф. Энгельс. «Неміс идеологиясы. I бөлім. Немістің ең жаңа философиясын оның өкілдері Фейербах, Б. Бауер және Штирнер арқылы сынау» (қараңыз: Шығармалар, IV том, 1938, 1—442-беттер). — *128.*

29 Қ. Маркс пен Ф. Энгельс. Екітомдық таңдамалы шығармалар, II том, 1948, 5—34-беттер. — *128.*

30 Бұл арада И. В. Сталиннің Стокгольмде РСДЖП-ның IV съезінде (1906 жыл), Лондонда РСДЖП-ның V съезі кезінде (1907 жыл) және шет елге — Краковқа, Венаға барған кездерінде (1912 және 1913 жылдары) В. И. Ленинмен кездескендері айтылып отыр. — ***131.***

31 Қараңыз: И. В. Сталин. Шығармалар, 6-том, 402—449-беттер. — ***142.***

32 «Ассошиэйтед Пресс» Телеграф агенттігінің өкілі Ричардсон 1932 жылғы 25 мартта И. В. Сталиннің атына жазған хатында Цондек деген Берлин дәрігері И. В. Сталинді емдеу үшін Москваға шақырылыпты деп шетел баспасөзінде таралып отырған лақаптың рас-өтірігі жөнінде жауап беруді сұраған. — ***147.***

33 Шағым бюросы 1920 жылы Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комиссариаты болып қайта құрылған Мемлекеттік бақылау халық комиссариатының жанынан 1919 жылы апрельде ұйымдастырылған. Орталық шағым-арыз бюросының міндеттері мен істейтін жұмысының мазмұны, Мемлекеттік бақылау халық комиссары И. В. Сталиннің қолы қойылған, 1919 жылғы 4 майдағы ереже бойынша, ал Орталық шағым-арыз бюросының жергілікті бөлімдерінің міндеттері мен істейтін жұмысының мазмұны 1919 жылғы 24 майдағы ереже бойынша белгіленген. Орталық және жергілікті шағым бюролары өздерінің ұйымдасқан күндерінен бастап еңбекшілердің берген шағымдары мен арыздарын, бұл іске жұмысшылар мен шаруалардың белсенділерін мол қатнастыра отырып, тескеру, зерттеу жөнінде зор жұмыстар жүргізуде. Шағым-арыз бюросы 1934 жылғы февральдан бастап ССРО Халық Комиссарлары Советінің жанындағы Собет бақылау комисссиясының системасына енді, ал 1940 жылғы сентябрьден бастап ССРО Мемлекеттік бақылау халық комиссариатының (кейін — Министерлігінің) бір бөлімі болып отыр.

И. В. Сталиннің «Шағым бюросының маңызы мен міндеттері жөнінде» деген мақаласы Шағым бюроларының жұмыстарын байқау-тексеру үшін өткізілген Бүкілодақтық

бескүндікке байланысты жазылған болатын; бұл бескүндік БК(б)П Орталық бақылау комиссиясы президиумы мен ССРО Жұмысшы-шаруа инспекциясы халық комисссариаты коллегиясының қарары бойынша 1932 жылғы 9 апрельден 14 апрельге дейін өткізілген. — *148.*

34 БЛКЖО-ның Бүкілодақтық VII конференциясы 1932 жылы 1—8 июльде Москвада болды. Конференция мына мәселелерді талқылады: бесжылдықтың төртінші, аяқталатын жылы және БЛКЖО-ның міндеттері (социалистік жарыс, екпінділік, т. б.); комсомол мен пионер ұйымының өсуі және комсомол мен пионерлер арасындағы саяси-тәрбие жұмысының жайы. И. В. Сталиннің құттықтауы конференцияның 8 июльдегі қортынды мәжілісінде оқылды. — *154.*

35 «Максим Горькийге құттықтау» пролетариаттың ұлы жазушысы Алексей Максимович Горькийдің әдеби және революциялық қызметінің қырыққжылдығына байланысты жазылған болатын; бұл 1932 жылы 25 сентябрьде өткізілген. — *155.*

36 Әңгіме Американың оңтүстік және солтүстік штаттарының арасында 1861—1865 жылдары болған азамат соғысы туралы болып отыр. — *163.*

37 БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының, 1933 жылғы 7—12 январьда болған, біріккен пленумы мына мәселелерді талқылады: бірінші бесжылдықтың қортындылары және 1933 жылдың — екінші бесжылдықтың бірінші жылының халық шаруашылық жоспары (Сталин, Молотов және Куйбышев жолдастардың баяндамалары); МТС пен совхоздардың саясаттық бөлімдерінің мақсаттары мен міндеттері; партияның ішкі мәселелері. И. В. Сталин пленумның 7 январьдағы мәжілісінде «Бірінші бесжылдықтың қортындылары» жайында баяндама жасады және 11 январьдағы мәжілісінде «Деревнядағы жұмыс туралы» сөз сөйледі. Пленум өзінің қарарларында бірінші бесжылдықты төрт жылда орындау қортындыларының маңызын қазіргі тарихтағы мейлінше зор факт деп атап көрсетті. Пленум екінші бесжылдықтағы жаңа құры-

лыстардың ұраны өнеркәсіптегі жаңа кәсіпорындарын меңгеру, ауыл шаруашылығындағы жаңа кәсіпорындарын ұйымдастыру жағынан нығайту ұрандарымен толықтырылуға тиіс деп көрсетті. Пленум барлық шаруашылық, партия және кәсіподақ ұйымдарына басты назарды еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің түсер бағасын арзандағу жөніндегі тапсырмаларды толығымен орындауға аударуды тапсырды. Машина-трактор станциялары мен совхоздарды саяси жағынан нығайту, олардың селодағы саяси ролі мен ықпалын күшейту, колхоздар мен совхоздардағы партия ұйымдарының жұмысын жақсарту мақсатымен пленум МТС-тар мен совхоздардың жанынан саясаттық бөлімдер ұйымдастыру туралы қаулы алды. Пленум Орталық Комитеттің Саясаттық Бюросының 1933 жыл бойында партияны тазалау ісін жүргізу және осы тазалау аяқталғанға дейін партияға кісі алуды тоқтату туралы қарарын ұнатты. (БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының біріккен пленумының қарарларын мынадан қараңыз: «БК(б)П — съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 507—524-беттер.). — *173.*

38 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 32-том, 413-бет. — *176.*

39 **«Нью-Йорк Таймс»** («The New York Times») — АҚШ-та шығатын күнделік буржуазиялық газет, американ капиталистік монополияларының беделді органы, демократиялық партия деп аталатын партиямен байланысты орган; 1851 жылдан бастап Нью-Йоркте шығып тұрады. — *178.*

40 **«Дейли телеграф»** («The Daily Telegraph») — Англияда шығатын күнделік реакцияшыл газет, консервативтік партияның басшыларына жақын; Лондонда 1855 жылдан бастап шығып тұрады. 1937 жылдан бастап, «Морнинг Пост» газетімен біріктірілгеннен кейін, «Дейли Телеграф энд Морнинг Пост» деген атпен Лондонда және Манчестерде шығып тұрады. — *178.*

41 **«Газета Польска»** («Gazeta Polska») — Польшаның буржуазиялық газеті, Пилсудскийдің фашистік тобының жаршысы болған газет; 1929 жылдан 1939 жылға дейін Варшавада шығып түрды. — ***178.***

42 **«Финаншиэл Таймс»** («The Financial Times») — Англияда шығатын күнделік буржуазиялық газет, Лондон Ситиінің өнеркәсіптік және финансалық топтарының органы; 1888 жылдан бастап Лондонда шығып түрады. — ***178.***

43 **«Политика»** («Politica») — Италияндық қоғамдық-саяси журнал, Италияның ірі буржуазиясының көзқарастарын жақтаған журнал; 1918 жылдан бастап Римде шықты. — ***179.***

44 **«Керрент Истори»** («Current History») — журнал; американың буржуазиялық тарихшыларының — АҚШ-тың мемлекеттік департаментінің (сыртқы істер министрлігінің) агрессияшыл сыртқы саясаты курсы идеологтерінің көзқарастарын уағыздайды. Журнал 1914 жылдан бастап Нью-Йоркте шығып түрады. — ***179.***

45 **«Тан»** («Le Temps») — Францияның күнделік буржуазиялық газеті. 1931 жылдан бастап Ауыр өнеркәсіп бірлестігінің («Комите де Форж») газеті болған; 1861 жылдан 1942 жылға дейін Парижде шығып түрды. — ***179.***

46 «Раунд Тэйбл» («The Round Table») — Британия империясының отарлау саясаты мәселелері мен халықаралық қарым-қатнастар мәселелерін жазып түрған, ағылшын буржуазиялық журналы. Бұл журнал ағылшын буржуазиясының ең консерватор топтарының көзқарастарын көрсетіп отырды; 1910 жылдан бастап Лондонда шықты. — ***180.***

47 **«Нейе Фрейе Прессе»** («Neue Freie Presse») — сауда-өнеркәсіп буржуазиясы мен банк топтарының көзқарастарын көрсеткен, австриялық буржуазиялық газет; 1864 жылдан 1939 жылға дейін Венада шығып түрды. — ***181.***

48 **«Нейшен»** («The Nation») — Американың либералшыл бағыттағы қоғамдық-саяси және әдеби журналы; ұсақбуржуа-

зиялық топтардың көзқарастарын көрсетеді. Журнал 1865 жылдан бастап Нью-Йоркте шығып тұрады. — *182.*

49 **«Форвард»** («Forward») — «солшыл»-реформистік сарынды тред-юниондық апталық; 1906 жылдан бастап Глазгода (Шотландия) шықты. — *183.*

50 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 25-том, 338-бет. — *188.*

51 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 31-том, 483—484-беттер. — *189.*

52 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 33-том, 388—389-беттер. — *190.*

53 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 33-том, 459-бет. — *191.*

54 1931 жылдың аяқ кезінде империалистік Жапония, Қытай мен Қиыр Шығыста өзінің үстемдігін орнатуға тырысып, әскерлерін соғыс жарияламастан Манчжурия жеріне енгізді. Манчжурияны оккупациялап алу ісі жапон әскерлерін ССРО-ның шекарасына шоғырлаумен және Совет Одағына қарсы соғысу үшін ақгвардияшыл шпион-банда элементтерді мобилизациялаумен ұштастыра жүргізілді. Жапон империалистері, советтік Қиыр Шығыс пен Сібірді басып алу мақсатын көздеп, ССРО-ға шабуыл жасауға қолайлы позициялар әзірледі. — *195.*

55 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 30-том, 127-бет. — *204.*

56 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 24-том, 465-бет. — *204.*

57 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 30-том, 123-бет. — *204.*

58 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 24-том, 466-бет. — *204.*

59 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 30-том, 173—174-беттер. — *205.*

60 Бұл арада ССРО Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің 1932 жылғы 22 августегі «Жалдаптармен күресу туралы» қаулысы айтылып отыр. Бұл қаулы «Правда» газетінің 1932 жылғы 23 августегі 233-номерінде жарияланған. — *220.*

61 Әңгіме ССРО Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің 1932 жылы 7 августа «Мемлекеттік кәсіпорындарының, колхоздардың және кооперацияның мүліктерін қорғау жәнс қоғамдық (социалистік) меншікті нығайту туралы» қабылданған қаулысы жөнінде болып отыр. И. В. Сталин жазған бұл қаулыда былай делінген: «ССРО Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі былай деп есептейді: қоғамдық меншік (мемлекеттік, колхоздық, кооперативтік) Совет құрылысының негізі болып табылады, ол қасиетті және ешкімнің қол сұғуына болмайтын меншік, сондықтан қоғамдық меншікке қол сұғушы адамдар халықтың жауы деп қаралуға тиіс, осыған байланысты қоғамдық мүлікті талан-таражға салушыларға қарсы батыл күресу Совет өкіметі органдарының ең бірінші міндеті болып табылады». Бұл қаулы «Правда» газетінің 1932 жылғы 8 августегі 218-номерінде жарияланды. — *226.*

62 ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1932 жылғы 6 майдағы «1932 жылғы егіс түсімінен астық дайындау жоспары туралы және колхоздың астық саудасын өрістету туралы» қаулысы «Правда» газетінің 1932 жылғы 7 майдағы 125-номерінде жарияланды. — *236.*

63 Бұл арада 1921 жылы март ішінде Кронштадта болған контрреволюциялық бүлік айтылып отыр. Бұл бүлікті басқарушылар эсерлермен, меньшевиктермен және шетел мемлекеттерінің өкілдерімен байланысты ақгвардияшылар болған. — *244.*

64 **«Работница»** — «Правда» газетінің баспасы шығарып тұратын журнал; 1923 жылдан бастап шығып тұрады. — *253.*

65 Екпінді-колхозшылардың Бүкілодақтық бірінші съезі 1933 жылы 15—19 февральда Москвада болды. Съезге 1513 делегат қатнасты. Съездің жұмыстарына И. В. Сталин қатнасты. Съезд И. В. Сталинді құрметті президиумге сайлады және оған миллиондаған колхозшы шаруалардың атынан құттықтау жолдады. Съезд колхоздарды нығайту және көктемгі егістің міндеттері туралы мәселені талқылады. И. В. Сталин съездің 19 февральдағы қортынды мәжілісінде сөз сөйледі. Съезде сондай-ақ В. М. Молотов, Л. М. Қаганович, М. И. Қалинин, Қ. Е. Ворошилов, С. М. Будённый сөз сөйледі. ССР Одағының барлық колхозшы-шаруаларына жазған өзінің үндеуінде съезд колхоздарды большевиктік колхоздар етуге, егістен жоғары өнім алу, көктемгі егіске үлгілі түрде әзірленіп, оны ойдағыдай өткізу жолында совхоздар мен колхоздардың бүкілодақтық социалистік жарысын күшейтуге шақырды. — *256.*

66 Бұл арада Орта-Еділ өлкесінің (қазіргі Куйбышев облысының) Безенчук МТС-і қамтуындағы колхозшылардың И. В. Сталинге жазған хаты айтылып отыр; бұл хат «Правда» газетінің 1933 жылғы 29 январьдағы 28-номерінде жарияланған. — *276.*

67 «Метро-Виккерс» — Совет Одағының электрөнеркәсібі кәсіпорындарына техникалық көмек көрсету туралы ССРО-мен шарт жасасқан ағылшын электртехникалық фирмасы. 1933 жылы 6 мартта «Метро-Виккерстің» Москвадағы конторының қызметкерлері — 6 ағылшын советтің ірі электрстанцияларында зиянкестік жасағандықтары үшін сотқа тартылды. 1933 жылы 12—19 апрельде жүргізілген тергеу мен процесс «Метро-Виккерстің» тұтқынға алынған қызметкерлерінің ССРО-да шпиондық жұмыстар жүргізгендігін, Совет өнеркәсібінің қуатын кемітіп, Совет мемлекетін әлсірету мақсатымен, аттөбеліндей қылмысты элементтердің көмегін ала отырып, құрал-жабдықтарды бүлдіру, ССРО-ның ірі электр станцияларында авария, диверсиялық актілер істеу әрекеттерін ұйымдастырғандығын анықтады. — *279.*

68 Бұл арада ССРО мен АҚШ-тың арасында 1933 жылы 16 ноябрьде дипломатиялық қарым-қатнас орнауына байланысты М. И. Калининнің Америка халқына арнап 1933 жылғы 20 ноябрьде радио арқылы сөйлеген сөзі айтылып отыр. — *298.*

69 Дүниежүзілік экономикалық конференция 1933 жылғы 12 июньнен 27 июльге дейін Лондонда болып өтті. Ол конференцияны шақыртушылар—Англия және басқа капиталистік елдер — конференцияны келіп экономикалық кризисті жоюдың және капитализмді «айықтырудың» жақсы құралы етіп көрсетуге тырысты. Конференция валюталарды тұрақтандыру, өндіріс пен сауда жұмысын ұйымдастыру, таможнялық кедергілерді жою, барлық капиталистік елдер арасында экономикалық бейбітшілік орнату мәселелерін талқылауға тиіс еді. Бейбітшілік ісіне және істестік байланыстарды нығайтуға жәрдемдесу жөніндегі ССРО-ның мызғымас талабын білдіре отырып, совет делегациясы конференцияға экономикалық жағынан шабуыл жасаспау жөнінде шарт жасасу туралы ұсыныс енгізді, сонымен қатар, ұзақ мерзімді кредиттер алу және совет экспортына дұрыс жағдайлар жасау негізінде шет елге 1 миллиард доллар сомасындай заказдар орналастыруға Совет Одағының әзір екендігін мәлімдеді. Совет делегациясының ұсыныстарын конференция қолдамады. Конференция капиталистік дүниенің экономикалық кризистен шығу жолын табуға мүлдем әлсіз екендігін, капиталистік елдердің арасындағы, ең алдымен Англия мен Американың және Германия мен оның кредиторларының арасындағы қайшылықтардың бұдан бұлай да шиеленісе беретіндігін көрсетті. Мәселелерді ешбір жеміссіз талқылағаннан кейін, алдына қойған мәселелерінің бірде-бірін шеше алмай, конференция масқара болып аяқталды. — *298.*

70 БК(б)П-ның XVII съезі 1934 жылғы 26 январьдан 10 февральға дейін Москвада болды. Съезд БК(б)П Орталық Комитетінің есепті баяндамасын, Орталық тексеру комиссиясының, Орталық бақылау комиссиясының — Жұмысшы Шаруа Инспекциясының, Коминтерн Атқару Комитетіндегі

БК(б)П делегациясының есепті баяндамаларын, екінші бесжылдық жоспар туралы және ұйымдастыру мәселелері жөніндегі (партия және совет құрылысы) баяндамаларды талқылады. БК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы И. В. Сталиннің есепті баяндамасы бойынша съезд қарар қабылдады, мұнда БК(б)П Орталық Комитетінің саяси жолы мен практикалық жұмысын толығымен ұнатты, сөйтіп И. В. Сталиннің баяндамасында ұсынылған қағийдалар мен міндеттерді өздерінің жұмыстарында басшылыққа алуды барлық партия ұйымдарына тапсырды. Съезд ССРО-дағы социалистік құрылыстың шешуші табыстарын атап көрсетті және партияның сара жолы жеңгендігін айқындады. БК(б)П-ның XVII съезі партия тарихына жеңімпаздар съезі болып енді. Съезд В. М. Молотов пен В. В. Куйбышевтің баяндамалары бойынша «ССРО халық шаруашылығын өркендетудің екінші бесжылдық жоспары туралы (1933—1937 жылдар)» — социалистік қоғам құру жоспары туралы қарар алды, сөйтіп бүкіл халық шаруашылығын техника жағынан қайта құруды аяқтаудың, жұмысшылар мен шаруалардың материалдық және мәдени дәрежесін бұдан да тез көтерудің орасан зор программасын бекітті. Съезд екінші бесжылдықтың негізгі саяси міндеті капиталистік элементтерді біржолата жою, капитализмнің экономикадағы және адамдардың санасындағы қалдықтарын жеңу болып табылатындығын атап көрсетті. Л. М. Кагановичтің баяндамасы бойынша съезд ұйымдастыру мәселелері жөнінде (партия және совет құрылысы) қарар алды. Съезд екінші бесжылдықтың негізгі міндеттері барлық салаларда да жұмыстың сапасын көтеру, ең алдымен ұйымдастыру-практикалық басшылықтың сапасын көтеру мәселесін өте-мөте катты қоятындығын көрсетті. Съезде партияның жаңа уставы қабылданды. Орталық Бақылау Комиссиясының — Жұмысшы Шаруа Инспекциясының орнына съезд БК(б)П Орталық Комитетінің жанынан Партия Бақылау Комиссиясын және ССРО Халық Комиссарлары Советінің жанынан Совет Бақылау Комиссиясын құрды. (БК(б)П-ның XVII съезі туралы қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 326—330-беттер. Съездің қарарлары мен қаулыларын мы-

надан қараңыз: «БК(б)П — съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 567—596-беттер.).— *304.*

71 1931 жылы Испанияның пролетариаты мен шаруалары генерал Примо де Ривердің 1923 жылы орнаған әскери-фашистік диктатурасын құлатты, сөйтіп монархияны жойды. 1931 жылы 14 апрельде Испанияда республика жарияланды. Алайда пролетариаттың саяси әлсіздігінің және ұйымдық жағынан бытырандылығының салдарынан, социалистік партияның басшылығы мен анархистердің сатқындығының салдарынан өкіметті буржуазия мен помещиктер алып қойды; буржуазиялық партиялар мен социалистердің өкілдерінен коалициялық үкімет құрылды. Коалициялық үкімет революцияның одан әрі өрлей беруін тоқтатуға тырысқанына қарамастан жұмысшылар мен шаруалардың, помещиктер мен буржуазияға қарсы бағытталған, жаппай революциялық ұрыстары созыла берді. Бұл кездегі револююциялық қозғалыстың ең жоғарғы пункті Астурия кеншілерінің 1934 жылы октябрьде жасаған жаппай ереуілі мен қарулы күресі болды. — *305.*

72 «Қыймыл комитеттері» — 1918—1920 жылдары Советтік Республикаға қарсы соғыс интервенциясына қатнасқан Англияда, Францияда және басқа капиталистік елдерде құрылған жұмысшылардың революцияшыл ұйымдары. «Қыймыл комитеттері» «Советтік Россиядан қолыңды тарт!» деген ұранмен құрылды. «Қыймыл комитеттерінің» басшылығымен жұмысшылар, интервенцияны болдырмау мақсатымен, ереуілдер, демонстрациялар жасады, соғыс жабдықтарын тиеуден бастартты. «Қыймыл комитеттері» 1920 жылы өтемөте Англияда өріс алды. — *320.*

73 Коммунистік Интернационалдың екінші конгресі 1920 жылы 19 июльде—7 августа болды. Конгресс Петроградта ашылды; бұдан кейінгі мәжілістері Москвада болды. Конгреске 37 елдің жұмысшы ұйымдарының атынан келген 200-ден астам делегат қатнасты. Конгресті шақыру жөніндегі дайындық жұмыстарының бәрін В. И. Ленин басқарды. Кон-

гресте В. И. Ленин халықаралық жағдай және Коммунистік Интернационалдың негізгі міндеттері туралы және басқа баяндамалар жасап, сөздер сөйледі. В. И. Ленин мен И. В. Сталинді РК(б)П делегациясы Коммунистік Интернационал Атқару комитетінің құрамына сайлады. Екінші конгресс Коммунистік Интернационалдың программасының, ұйымдастыру принциптерінің, стратегиясы мен тактикасының негіздерін қалады. —*322.*

74 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 31-том, 202—203-беттер.— *322.*

75 Кіші Антанта — Чехословакияның, Румынияның және Югославияның, 1920—1938 жылдары болған, саяси одағы. Кіші Антанта Францияның ықпалында болды, сөйтіп ол өз өмірінің ақырына дейін дерлік антисоветтік блок сыйпатында болды. Кіші Антантаға кірген елдердің буржуазиялық-помещиктік үстем топтары оны Версаль бітім шарты бойынша алынған жерлерді баянды етіп беретін құрал және Орталық Европада болатын революцияға карсы күрес құралы деп таныды. Герман фашизмінің тарапынан төнген агрессия қаупі және ССРО-ның халықаралық беделінің артуы Кіші Антанта елдерінің ССРО жөніндегі позициясын өзгертті. 1933 жылы Кіші Антанта елдері, басқа елдермен қатар ССРО-мен бірге, агрессияны белгілеу жөніндегі конвенцияға қол қойды, бұл конвенцияның негізіне Совет Одағы ұсынған жоба алынған еді.— *324.*

76 В. И. Ленин. «Азық-түлік салығы туралы» (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 32-том, 309—310-беттері).— *333.*

77 В. И. Ленин. РК(б)П-ның VIII съезінде деревнядағы жұмыс туралы 1919 жылы 23 марта жасалған баяндама (қараңыз: Шығармалар, 4-басылуы, 29-том, 190-бет). — *350.*

78 БК(б)П-ның XV съезі 1927 жылы 2 декабрьден 19 декабрьге дейін Москвада болды. И. В. Сталин 3 декабрьде БК(б)П Орталық Комитетінің саяси есебін жасады, 7 декабрьде қортынды сөз сөйледі. Съезд партияның Орталық Комитетінің саяси және ұйымдастыру жолын ұпатты, сөйтіп Орталық Комитетке бейбітшілік саясатын және ССРО-

ның қорғанымпаздығын нығайту саясатын бұдан былай да жүргізе беруді, елімізді социалистік жолмен индустрияландыру қарқынын күшейте беруді, ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісін барынша өрістетуді, халық шаруашылығындағы капиталистік элементтерді жоюға бағыт ұстауды тапсырды. Съезд өзінің оппозиция туралы қарарларында: партия мен оппозицияның арасындағы алалықтар программалық алалыққа ұласқандығын, троцкистік оппозиция антисоветтік күрес жолына түскендігін көрсете келіп, троцкистік оппозицияның қатарында болу және оның көзқарастарын насихаттау большевиктік партияның қатарында болумен сыйыспайтын қылық деп жариялады. Съезд Орталық Комитет пен Орталық Бақылау Комиссиясының Троцкий мен Зиновьевті партиядан шығару туралы 1927 жылғы 14 ноябрьдегі қаулысын мақұлдап, троцкистік-зиновьевтік блоктың белсенді қайраткерлерінің бәрін және «демократиялық централизмнің» бүкіл тобын партиядан шығарды. (БК(б)П XV съезі туралы қараңыз: «БК(б)П тарихы. Қысқаша курс», 293—295-беттер. Съездің қарарлары мен қаулыларын мынадан қараңыз: «БК(б)П—съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 222—262-беттер.).—*373.*

79 БК(б)П-ның XVII конференциясы 1932 жылы 30 январьдан 4 февральға дейін Москвада болды. Конференцияны И. В. Сталин басқарды. Конференция Г. К. Орджоникидзенің өнеркәсіптің 1931 жылғы дамуының қортындылары және 1932 жылғы міндеттер туралы баяндамасын және В. М. Молотов пен В. В. Куйбышевтің ССРО-ның халық шаруашылығын дамытудың 1933—1937 жылдарға арналған екінші бесжылдық жоспарын жасауға нұсқаулар туралы баяндамаларын талқылады. Конференция партия съездерінің социалистік экономиканың фундаментін құру және оны аяқтап шығу туралы, ССРО-ның экономикалық дербестігін қамтамасыз ету туралы қарарларының зор табыспен орындалғандығын атап көрсетті. Конференция бірінші бесжылдықтың төрт жылда орындалуын қамтамасыз ететін социалистік өнеркәсіпті 1932 жылы дамыту жоспарын унатты.

Екінші бесжылдық жоспарды жасауға берілген нұсқауларда конференция екінші бесжылдықтың негізгі саяси және шаруашылық міндеттерін белгіледі, екінші бесжылдықтың негізгі және шешуші шаруашылық міндеті бүкіл халық шаруашылығын ең жаңа техникалық базада қайта құруды аяқтап шығу болып табылады деп көрсетті. (БК(б)П XVII конференциясының қарарларын қараңыз: «БК(б)П съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қаулы-қарарлары», II бөлім, 1941, 479—493-беттер.).— *375.*

80 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Екітомдық таңдамалы шығармалар, I том, 1948, 36-бет.— *382.*

81 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Анти-Дюринг», 1950, 101-бет. —*382.*

82 Қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар, 4-басылуы, 29-том, 329-бет.— *383.*

ӨМІРБАЯН ХРОНИКАСЫ

(июль 1930 — январь 1934)

1930

2 июль. И. В. Сталин БК(б)П-ның XVI съезінде партияның Орталық Комитетінің саяси есебі бойынша қортынды сөз сөйлейді.

6 июль. И. В. Сталин «Динамо» стадионында БК(б)П-ның XVI съезіне арналған физкультурашылар мейрамында болады.

10 июль. БК(б)П-ның XVI съезі И. В. Сталинді колхоз қозғалысы және ауыл шаруашылығын өркендету туралы баяндама бойынша қабылданатын қарарды түпкілікті редакциялап шығатын комиссияға сайлайды.

12 июль. БК(б)П-ның XVI съезі И. В. Сталинді партияның Орталық Комитетінің мүшелігіне сайлайды.

13 июль. БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы И. В. Сталинді Орталық Комитеттің Саяси бюросының, Ұйымдастыру бюросының, Секретариатының мүшелігіне сайлайды және БК(б)П Орталық Комитетінің бас секретары етіп бекітеді.

14 август.	И. В. Сталиннің ұсынысы бойынша ССРО Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі «Жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқу туралы» қаулы алады.
Август.	И. В. Сталин Шатуновский жолдастың хатына жауап жазады.
6 ноябрь.	И. В. Сталин Москва Советінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының онүш жылдығына арналған салтанатты мәжілісіне қатнасады.
7 ноябрь.	И. В. Сталин Ұлы Октябрь социалистік революциясының онүш жылдығының құрметіне Қызыл алаңда болған Москва гарнизоны әскерлерінің парадына және астана еңбекшілерінің демонстрациясына қатнасады.
Ноябрь. 7 декабрь.	И. В. Сталин Ч—е жолдастың жазған хаттарына жауап қайтарады.
9 декабрь.	И. В. Сталин философия майданындағы жағдай және философияда екі майданда бірдей күрес жүргізудің міндеттері туралы, Лениннің теориялық мұрасын іске асырудың қажеттігі туралы Қызыл профессорлар институтының философия және жаратылыс тану бөлімінің БК(б)П ұясының бюро мүшелерімен әңгімелеседі.
12 декабрь.	И. В. Сталин Демьян Бедныйдың хатына жауап жазады.
17—21 декабрь.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау Комиссиясының біріккен пленумының жұмысына басшылық етеді.
24 декабрь.	И. В. Сталин ССРО Халық Комиссарлары Советінің қаулысымен Еңбек және Отанқорғау Советінің мүшесі болып бекітіледі.

1931

4 январь. И. В. Сталин ССРО Орталық Атқару Комитетінің V шақырылған үшінші сессиясының ашылуына қатнасады.

5—6 январь. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитетінде теміржол транспортының қызметкерлерімен өткізілген кеңестің жұмысына қатнасады.

8 январь. И. В. Сталин Ленинградтың ірі кәсіпорындарының жұмысшыларынан Ленинград Советінің құрметті мүшесі болып сайланған.

12 январь. И. В. Сталин ССРО-да антисемитизмге көзқарас туралы Америкадағы Еврей телеграф агенттігінің сұратпасына жауап жазады.

16 январь. И. В. Сталин БЛКЖО IX съезінің ашылуына қатнасады. Съезд И. В. Сталинді құрметті президиумге сайлайды.

21 январь. И. В. Сталин В. И. Лениннің қайтыс болғанына жеті жыл толуына байланысты Үлкен театрда болған салтанатты-қаралы мәжіліске қатнасады.

23 январь. И. В. Сталин астананың ірі кәсіпорындары жұмысшыларының жыйналыстарынан Москва Советінің құрметті мүшесі болып сайланды.

4 февраль. И. В. Сталин социалистік өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық бірінші конференциясында «Шаруашылық қызметкерлердің міндеттері туралы» сөз сөйлейді.

24 февраль. И. В. Сталин Москва облыстық Советінің II съезінде Советтердің Бүкілроссиялық XV және Бүкілодақтық VI съездеріне делегат болып сайланды.

26 февраль — 5 март.	И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық XV съезінің жұмысына қатнасады.
27 февраль.	И. В. Сталин Этчин жолдастың хатына жауап жазады.
5 март.	И. В. Сталин Советтердің Бүкілроссиялық XV съезінің мәжілісінде Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болып сайланады.
8—17 март.	И. В. Сталин Советтердің Бүкілодақтық VI съезінің жұмысына қатнасады.
17 март.	И. В. Сталин Советтердің Бүкілодақтық VI съезінің мәжілісінде ССРО Орталық Атқару Комитетінің Одақ Советінің мүшесі болып сайланады.
31 март.	И. В. Сталин Азнефт мен Грознефтінің жұмысшыларына, әкімшілік-техникалық қызметкерлеріне мұнай өндіру бесжылдық жоспарын екіжарым жылда орындауларына байланысты құттықтау жазады. Бұл құттықтау «Правда» газетінің 1931 жылғы 1 апрельдегі 90-номерінде жарияланды.
3 апрель.	И. В. Сталиннің электрзаводтың (Москва) жұмысшылары мен әкімшілік-техникалық қызметкерлеріне заводтың бесжылдықты екіжарым жылда орындап шығуына байланысты жазған құттықтауы «Правда» газетінің 92-номерінде жрыяланды.
1 май.	И. В. Сталин Қызыл алаңда болған Москва гарнизоны әскерлерінің бірінші май парадына және астана еңбекшілерінің демонстрациясына қатнасады.
7, 14, 23, 29 май және 4 июнь.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті Саясаттық бюросының Москва қала шаруашылығын жақсарту және өркендету туралы қаулысының жобасын әзірлейтін комиссияның жұмысына қатнасады.

11 және 13 май. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитетінде көмір өнеркәсібі қызметкерлерінің кеңесіне қатнасады.

19 май. И. В. Сталиннің Магнитстрой жұмысшылары мен басшы қызметкерлеріне қуатты магнитогорскі руднигінің құрылысын аяқтап, оны пайдалануға берулеріне байланысты жазған құттықтауы «Правда» газетінің 136-номерінде жарияланды.

28 май. И. В. Сталиннің машина-трактор станцияларының жұмысшыларына, мамандарына және басшы қызметкерлеріне егіс жоспарын мерзімінен бұрын орындауларына байланысты жазған құттықтауы «Правда» газетінің 145-номерінде жарияланды.

30 май. И. В. Сталиннің астық совхоздарының жұмысшыларына, мамандарына және басшыларына егіс жоспарын орындауларына байланысты жазған құттықтауы «Правда» газетінің 147-номерінде жарияланды.

11—15 июнь. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысын басқарады.

22—23 июнь. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитетінің жанында өткен шаруашылық қызметкерлер кеңесінің жұмысына қатнасады.

23 июнь. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитетінің жанында болып өткен шаруашылық қызметкерлердің кеңесінде «Жаңа жағдай — шаруашылық құрылыстың жаңа міндеттері» деген сөзін сөйлейді.

23 июль. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитетінің копертив қызметкерлері қатнасқан мәжілісінде тұтыну кооперацияларының жұмыста-

рын жақсарту және ірі өнеркәсіп орталықтары еңбекшілерін жабдықтау мәселелері жөнінде сөз сөйлейді.

1 октябрь. И. В. Сталиннің «АМО» заводы коллективіне ССРО-дағы тұңғыш алып-автозаводтың құрылысының аяқталуына байланысты және Харьков трактор заводы коллективіне құрылыс жұмысының мерзімінен бұрын аяқталуына байланысты жазған құттықтаулары «Правда» газетінің 271-номерінде жарияланды.

10 октябрь. И. В. Сталиннің «Техника» газетіне оның шыға бастауына байланысты жазған құттықтауы «Правда» газетінің 280-номерінде және «Техника» газетінің 1-номерінде жарияланды.

11 октябрь. И. В. Сталин, В. М. Молотов және Қ. Е. Ворошилов А. М. Горькийдің үйінде болады. Горький оларға өзінің шығармасын — «Қыз бен өлім» деген ертегін оқып береді.

25 октябрь. И. В. Сталин, Қ. Е. Ворошилов, Г. Қ. Орджоникидзе және Л. М. Қаганович Кремльде Сталин атындағы автозаводтың (бұрынғы «АМО») екпінділерімен кездеседі, бұлар осы заводтың шығарған тұңғыш жүк машиналарымен және автобустарымен келген еді.

28—31 октябрь. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысына басшылық етеді.

Октябрьдің аяғы. И. В. Сталиннің «Пролетарская Революция» журналының редакциясына: «Большевизм тарихының кейбір мәселелері туралы» деп жазған хаты «Большевик» журналының 19—20 номерінде және «Пролетарская Революция» журналының 6 (113) номерінде жарияланды.

3 ноябрь.	И. В. Сталин мен В. М. Молотов құрылыс жұмыстарын ойдағыдай аяқтауларына байланысты Нижний-Новгород автозаводы құрылысшыларына құттықтау жолдайды. Бұл құттықтау «Правда» газетінің 1931 жылғы 4 ноябрьдегі 305-ші номерінде жарияланды.
6 ноябрь.	И. В. Сталин Москва Советінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының онтөрт жылдығына арнап Үлкен театрда өткізген салтанатты мәжілісіне қатнасады.
7 ноябрь.	И. В. Сталин Ұлы Октябрь социалистік революциясының онтөрт жылдығының құрметіне Қызыл алаңда болған Москва гарнизоны әскерлерінің парадына және астана еңбекшілерінің демонстрациясына қатнасады.
25 ноябрь.	И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті Саясаттық Бюросының қарары бойынша БК(б)П XVII конференциясының «ССРО халық шаруашылығының екінші бесжылдық жоспарын жасауға арналған (1933—1937 жылдар) нұсқаулар» деген қарарының жобасын әзірлеу жөніндегі комиссияның мүшесі болып бекітілді.
6 декабрь.	И. В. Сталин Москваның бір топ жазушыларын қабылдайды және олармен әдебиет мәселелері жөнінде әңгімелеседі.
13 декабрь.	И. В. Сталин неміс жазушысы Эмиль Людвигпен әңгімелеседі.
22 декабрь.	И. В. Сталин ССРО Орталық Атқару Комитетінің, VI шақырылған, екінші сессиясының ашылуына қатнасады.

1932

2 январь. И. В. Сталиннің Молотов атындағы автозавод (Нижний-Новгород) коллективіне заводты іске қосуларымен байланысты жазған құттықтауы «Правда» газетінің 2-номерінде жарияланды.

4 январь. И. В. Сталин Саратов комбайн заводының жұмысшылары мен басшы қызметкерлеріне құрылыс жұмыстарын аяқтап, заводты іске қосуларымен байланысты құттықтау жазады. Бұл құттықтау «Правда» газетінің 1932 жылғы 5 январьдағы 5-номерінде жарияланды.

15 январь. И. В. Сталин «Пролетарская Революция» журналының редакциясына «Большевизм тарихының кейбір мәселелері туралы» жазған хат жайында Олехновичке жауап жазады. Бұл жауап «Большевик» журналының 1932 жылғы 30 августағы 16-номерінде жарияланды.

21 январьға дейін. И. В. Сталин «ССРО халық шаруашылығының екінші бесжылдық (1933—1937 жылдар) жоспарын жасауға арналған нұсқаулар» деген қарардың жобасын әзірлейтін БК(б)П Орталық Комитеті комиссиясының жұмысына қатнасады. Бұл қарар БК(б)П-ның XVII конференциясында қабылданып, БК(б)П Орталық Комитетінің 1932 жылғы 4 февральдағы пленумында бекітілді.

21 январь. И. В. Сталин В. И. Лениннің қайтыс болғанына сегіз жыл толуына байланысты Үлкен театрда болған салтанатты-қаралы мәжіліске қатнасады.

25 январь. И. В. Сталин «Пролетарская Революция» журналының редакциясына «Большевизм та-

рихының кейбір мәселелері туралы» жазған хат жайында Аристовқа жауап жазады. Бұл жауап «Большевик» журналының 1932 жылғы 30 августағы 16-номерінде жарияланды.

29 январь. И. В. Сталин БК(б)П Ленинград облыстық және қалалық комитеттерінің біріккен пленумында Бүкілодақтық XVII партия конференциясына делегат болып сайланды.

30 январь. И. В. Сталин БК(б)П Москва облыстық және қалалық комитеттерінің біріккен пленунумында Бүкілодақтық XVII партия конференциясына делегат болып сайланды.

30 январь — — 4 февраль. И. В. Сталин БК(б)П XVII конференциясының жұмысына басшылық етеді.

4 февраль. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысына басшылық етеді.

10 февраль — 1 апрель. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитетінің көпшілік қолды товарлар шығару мәселелері жөніндегі комиссиясының жұмысына басшылық етеді.

29 март. И. В. Сталин Магнитстройдың жұмысшылары мен әкімшілік-техникалық қызметкерлеріне ССРО-дағы және Европадағы тұңғыш алып доманы сапқа қосып, оның техникасын меңгерулеріне байланысты құттықтау жазады. Бұл құттықтау «Правда» газетінің 1932 жылғы 30 марттағы 89-номерінде жарияланды.

7 апрель. И. В. Сталиннің «Шағым бюросының мақсы мен міндеттері жөнінде» деген мақаласы «Правда» газетінің 97-номерінде жарияланды.

20 апрель. И. В. Сталин Үлкен театрда кәсіпшілер одағының Бүкілодақтық IX съезінің ашылуына

қатнасады. Съезд И. В. Сталинді құрметті президиумге сайлайды.

23 апрель. И. В. Сталин Заволожьені суландыру жөнінде құрылған БК(б)П Орталық Комитеті комиссиясының құрамына енгізіледі.

24 апрель. И. В. Сталиннің инициативасы бойынша қабылданған БК(б)П Орталық Комитетінің көркем-әдебиет ұйымдарын қайта құру және бірыңғай Совет жазушылары одағын құру туралы қаулысы «Правда» газетінің 114-номерінде жарияланды.

1 май. И. В. Сталин Қызыл аланда болған Москва гарнизоны әскерлерінің бірінші май парадына және астана еңбекшілерінің демонстрациясына қатнасады.

2 май. И. В. Сталин партия және үкімет басшыларымен бірге Кремльде бірінші май парадына қатнасушыларды қабылдайды.

3 май. И. В. Сталин Ральф В. Барнестің сұрауларына жауап қайтарады.

8 май. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті Саяси Бюросының қарары бойынша орталық органдардың көпшілік қолды товарлар шығару жөніндегі қарарларының орындалуын тексеретін комиссияның құрамына енеді.

23 май. ССРО Халық Комиссарлары Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің И. В. Сталин мен В. М. Молотов қол қойған: 1932 жылғы 22 майдағы «Құрғақшылыққа карсы күресу және Заволожьені суландыру жөніндегі» қаулысы «Правда» газетінің 141-номерінде жарияланды.

24 май. И. В. Сталиннің шойын құюды күшейтіп, жаңа техниканы меңгеруде большевиктік қарқынға қолы жеткен Кузнец металлургия заводының екпінділері мен екпінді әйелдеріне, техникалық қызметкерлері мен басшы құрамына жазған құттықтауы «Правда» газетінің 142-номерінде жарияланды.

И. В. Сталин Москвада Қызыл алаңда болған физкультурашылардың парадына қатнасады.

8 июль. И. В. Сталин БЛКЖО-ның Бүкілодақтық VII конференциясына құттықтау жазады. Бұл құттықтау «Правда» газетінің 1932 жылғы 9 июльдегі 188-номерінде жарияланды.

8 август. И. В. Сталин жазған және 7 августа ССР Одағы Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советі қабылдаған: «Мемлекеттік кәсіпорындарының, колхоздардың және кооперацияның мүліктерін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті нығайту туралы» заң «Правда» газетінің 218-номерінде жарияланды.

4 сентябрь. И. В. Сталин Москвада Қызыл алаңда XVIII Халықаралық жастар күнінің құрметіне арналған еңбекші жастар демонстрациясына қатнасады.

25 сентябрь. И. В. Сталиннің А. М. Горькийге оның әдебиеттік және революциялық қызметіне 40 жыл толуына байланысты жазған құттықтауы «Правда» газетінің 266-номерінде жарияланды.

И. В. Сталин Үлкен театрда А. М. Горькийдің әдебиеттік және революциялық қызметі-

не 40 жыл толуына арналған салтанатты мәжіліске қатнасады.

28 сентябрь — 2 октябрь. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті пленумының жұмысына басшылық етеді.

7 октябрь. И. В. Сталин, В. М. Молотов және Қ. Е. Ворошилов А. М. Горькийдің үйінде Бүкілодақтық эксперименталдық медицина институтын ұйымдастыру жөнінде бір топ ғалымдармен әңгімелеседі.

10 октябрь. И. В. Сталиннің Днепрстройдың жұмысшылары мен басшыларына құрылыс жұмысын ойдағыдай аяқтап, Днепрогесті мерзімінен бұрын іске қосуға байланысты құттықтауы «Правда» газетінің 281-номерінде жарияланды.

14 октябрь. И. В. Сталиннің, В. М. Молотовтың және Қ. Е. Ворошиловтың «Сибиряк» мұзжарғышымен бір сапардың үстінде Мұзды мұхиттан жүзіп өткен арктика экспедициясының қатнасушыларына жолдаған құттықтауы «Правда» газетінің 285-номерінде жарияланды.

26 октябрь. И. В. Сталин А. М. Горькийдің үйінде бір топ жазушылармен әңгімелеседі. И. В. Сталин осы әңгімесінің үстінде жазушыларды «адам жанының инженері» деп атайды.

6 ноябрь. И. В. Сталин Үлкен театрда Москва Советінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының онбес жылдығына арналған салтанатты мәжілісіне қатнасады.

7 ноябрь. И. В. Сталин Ұлы Октябрь социалистік революциясының онбес жылдығының құрметіне Қызыл алаңда болған Москва гарнизоны әс-

керлерінің парадына және астана еңбекшілерінің демонстрациясына қатнасады.

И. В. Сталиннің Совет өкіметінің орнағанына онбес жыл толған күні Ленинградқа жазған құттықтауы «Правда» газетінің 309-номерінде жарияланды.

9 ноябрьге қараған түні. И. В. Сталиннің әйелі, жақын досы Н. С. Аллилуева-Сталина қайтыс болды.

11 ноябрь. И. В. Сталин Н. С. Аллилуева-Сталинаның сүйегі салынған табытты Новодевичье бейітіне апарады.

18 ноябрь. И. В. Сталин «Правда» газетінің 318-номерінде жарияланған хатында Н. С. Аллилуева-Сталинаның қайтыс болуына байланысты көңіл айтқан ұйымдарға, мекемелерге, жолдастарға және жеке адамдарға алғыс айтады.

23 ноябрь. И. В. Сталин «Кэмпбелл мырза өтірік қосқан» деген мақала жазады. Бұл мақала «Большевик» журналының 1932 жылғы 30 ноябрьдегі 22-номерінде жарияланды.

20 декабрь. И. В. Сталиннің ОГПУ қызметкерлері мен жауынгерлеріне оның онбесжылдық мерекесіне байланысты жазған құттықтауы «Правда» газетінің 350-номерінде жарияланды.

1933

7—12 январь. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық Бақылау комиссиясының біріккен пленумының жұмысына басшылық етеді.

7 январь. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының біріккен

пленумында «Бірінші бесжылдықтың қортындылары» деген баяндама жасайды.

11 январь. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының біріккен пленумында «Деревнядағы жұмыс туралы» деген сөз сөйлейді.

И. В. Сталиннің ұсынысы бойынша БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының біріккен пленумы машина-трактор станциялары мен совхоздарда саяси бөлімдер ұйымдастыру және деревняға 17 мың партия қызметкерлерін жіберу туралы қарар алады.

21 январь. И. В. Сталин Үлкен театрда В. И. Лениннің қайтыс болғанына тоғыз жыл толуына байланысты болған салтанатты-қаралы мәжіліске қатнасады.

23 январь. И. В. Сталин ССРО Орталық Атқару Комитетінің, VI шақырылған, үшінші сессиясының ашылуына қатнасады.

26 январь. И. В. Сталиннің «Работница» журналына оның онжылдық мерекесіне байланысты жазған құттықтауы «Правда» газетінің 25-номерінде жарыяланды.

2 февраль. И. В. Сталин комсомолдың Бүкілодақтық кеңесінде көктемгі егіске байланысты комсомол жұмысының практикалық міндеттері туралы сөз сөйлейді.

15—19 февраль. И. В. Сталин екпінді-колхозшылардың Бүкілодақтық бірінші съезінің жұмысына қатнасады.

16 февраль. И. В. Сталин И. Н. Бажанов жолдасқа хат жазады.

19 февраль. И. В. Сталин екпінді-колхозшылардың Бүкілодақтық бірінші съезінде сөз сөйлейді.

23 февраль. И. В. Сталиннің Қызыл Армияға оның 15 жылдық мерекесіне байланысты жазған құттықтауы «Правда» газетінің 53-номерінде жарияланды.

И. В. Сталин Үлкен театрда Қызыл Армияның 15 жылдығына арналған салтанатты мәжіліске қатнасады.

14 март. И. В. Сталин Үкен театрда БК(б)П Орталық Комитеті мен Орталық бақылау комиссиясының, ССРО Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлары Советінің, Коминтерн Атқару комитеті мен БК(б)П Москва Комитетінің Карл Маркстің қайтыс болғанына 50 жыл толуына арналған жыйналысына қатнасады.

20 март. И. В. Сталин Барнес мырзаның хатына жауап жазады.

30 март. И. В. Сталиннің, В. М. Молотовтың, К. Е. Ворошиловтың «Малыгин» мұзжарғышын аман алып қалу жөніндегі экспедецияға қатнасқандарға жазған құттықтауы «Правда» газетінің 88-номерінде жарияланды.

17 апрель. И. В. Сталин, В. М. Молотов, К. Е. Ворошилов, А. И. Микоян «Красин» мұзжарғышы экспедициясына қатнасқандарға мұз жорығын ойдағыдай аяқтап, Новая Земля аралының халқы мен сонда қыстап қалғандарға көмек көрсету жөніндегі үкімет тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап шығуларына байланысты құттықтау телеграмма жібереді. Бұл телеграмма «Правда» газетінің 106-номерінде жарияланды.

26 апрель. И. В. Сталиннің С. М. Будённыйге оның елу жасқа толған күні жазған құттықтауы «Правда» газетінің 115-номерінде жарияланды.

1 май. И. В. Сталин Қызыл аланда болған Москва гарнизоны әскерлерінің бірінші май парадына және астана еңбекшілерінің демонстрациясына қатнасады.

2 май. И. В. Сталин Кремльде партия және үкімет басшыларымен бірге бірінші май парадына қатнасушыларды қабылдайды.

13 май. И. В. Сталин полковник Робинспен әңгімеледеді.

25 май. И. В. Сталин Москва консерваториясының Үлкен залында болған музыканттардың Бүкілодақтық I конкурсының қортынды концертіне қатнасады.

26 май. И. В. Сталин Кремльде партия және үкімет басшыларымен бірге музыканттардың Бүкілодақтық I конкурсының жас лауреаттарын қабылдайды.

12 июнь. И. В. Сталин Москвада Қызыл аланда физкультурашылардың парадына қатнасады.

22 июнь. И. В. Сталин Москвада Қызыл аланда Клара Цеткинді жерлеуге қатнасады.

29 июнь. И. В. Сталин В. М. Молотовпен, К. Е. Ворошиловпен және Г. К. Орджоникидземен бірге «ЖЩҚА-ның 15 жылдығы» деген көркем көрмені көреді.

14 июль. И. В. Сталин БК(б)П Орталық Комитетінің ауыр өнеркәсіптің ұйымдастыру мәселелері жөніндегі комиссиясының мәжілісіне қатнасады.

18 июль. И. В. Сталин мен К. Е. Ворошилов Ленинградқа келеді және сол күні С. М. Кировпен бірге «Анохин» кемесімен Актеңіз-Балтық каналына жүріп кетеді.

18—25 июль. И. В. Сталин, К. Е. Ворошилов және С. М. Киров Актеңіз-Балтық каналын аралайды және оның су-техникалық құрылыстарымен танысады; Сорока портында, Мурманск портында және Полярная бухтасында болады.

21 июль. И. В. Сталин, К. Е. Ворошилов және С. М. Киров Сорока портының маңында канал арқылы Балтық теңізінен Ақтеңізге өтіп жатқан Солтүстік флоты соғыс кемелерінің эскадрасына кездеседі.

И. В. Сталин қызылфлотшылардың митингісінде Солтүстік флоттың міндеттері туралы сөз сөйлейді. Митингіден кейін И. В. Сталин, К. Е. Ворошилов және С. М. Киров «Урицк» миноносецінде және Н-ск сүңгуір қайығында болады.

22 июль. И. В. Сталин, К. Е. Ворошилов және С. М. Киров Мурманскіге келеді, Мурманск порты мен Полярная бухтасын аралап көреді.

25 июль. И. В. Сталин, К. Е. Ворошилов және С. М. Киров Ленинградқа қайтып келгеннен кейін Ленинград портын аралап көреді. Сол күні И. В. Сталин мен К. Е. Ворошилов Москваға жүріп кетеді.

5 август. И. В. Сталин жаңа су-самолеттері туралы авиаконструкторлармен әңгімеледеседі.

8 август. И. В. Сталин Сталин атындағы автомобиль заводының бір топ қызметкерлерімен әңгімеле-

седі және жеңіл машина шығару ісін меңгеру жөнінде нұсқаулар береді.

10 август. И. В. Сталин Кремльде Москва Советінің бір топ қызметкерлерін қабылдайды және олармен Москвадағы жол құрылыстарын жақсарту мәселелері жөнінде, Москва жағалауларын жақсарту жөнінде және құрылыс орындарында еңбекті ұйымдастыру туралы әңгімелеседі.

20—23 август. И. В. Сталин мен К. Е. Ворошилов «Клара Цеткин» пароходына мініп Горькийден Сталинградқа дейін саяхат жасайды.

23—24 август. И. В. Сталин, К. Е. Ворошилов және С. М. Будённый Сальск даласындағы (Ростов облысы) С. М. Будённый атындағы жылқы заводында болады.

3 октябрь. И. В. Сталин, В. М. Молотов, К. Е. Ворошилов және Л. М. Каганович стратосфераны меңгеріп алу және жақсылап зерттеу жөніндегі үкімет тапсырмасын орындауларына байланысты «СССР» стратостат экипажын құттықтайды. Бұл құттықтау «Правда» газетінің 273-номерінде жарияланды.

И. В. Сталин, В. М. Молотов, К. Е. Ворошилов және Л. М. Каганович Москва — Қара-Құм — Москва маршрутын автомобильмен айналып шығуға қатнасқандарды құттықтайды. Құттықтау «Правда» газетінің 273-номерінде жарияланды.

17 октябрь. И. В. Сталин, В. М. Молотов, К. Е. Ворошилов және Л. М. Каганович советтік сүңгу техникасы қызметкерлерін — эпроновшілдерді Арктикада мұзжарғыш «Садконы» теңіз түбінен ойдағыдай көтеріп шығуларына байла-

нысты құттықтайды. Бұл құттықтау «Правда» газетінің 287-номерінде жарияланды.

29 октябрь. И. В. Сталиннің БЛКЖО-ға комсомолдың онбесжылдық мерекесі күні жіберген құттықтауы «Правда» газетінің 299-номерінде жарияланды.

6 ноябрь. И. В. Сталин Москва Советінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының оналты жылдығына арнап Үлкен театрда өткізген салтанатты мәжілісіне қатнасады.

7 ноябрь. И. В. Сталин Ұлы Октябрь социалистік революциясының оналты жылдығының құрметіне Қызыл алаңда болған Москва гарнизоны әскерлерінің парадына және астана еңбекшілерінің демонстрациясына қатнасады.

9 ноябрь. И. В. Сталин Москвада Қызыл алаңда Жапония компартиясының басшысы Сен-Қатаяманы жерлеуге қатнасады.

20 ноябрь. И. В. Сталин, В. М. Молотов, М. И. Калинин және Л. М. Каганович Одесса облысының екпінді-колхозшыларының делегациясын қабылдайды және олармен колхоз жұмысы мәселелері жөнінде әңгімелеседі.

29 ноябрь. И. В. Сталин Совет Сарайының жобасын жасаған бір топ архитектор-авторлармен әңгімелеседі.

23 декабрь. И. В. Сталин мен Л. М. Каганович Днепропетровск облысының екпінді-колхозшыларының делегациясын кабылдайды және олармен колхоз құрылысы мәселелері жөнінде, деревняны өнеркәсіп товарларымен жабдықтау жөнінде әңгімелеседі.

И. В. Сталин Үлкен театрда Орталық аэрогидродинамикалық институттың (ОАГИ) 15 жылдығына арналған салтанатты мәжіліске қатнасады.

25 декабрь. И. В. Сталин Американың «Нью-Йорк Таймс» газетінің тілшісі Дюранти мырзамен әңгімеседі.

28 декабрь. И. В. Сталин ССРО Орталық Атқару Комитетінің, VI шақырылған, төртінші сессиясының ашылуына қатнасады.

29 декабрьге дейін. И. В. Сталин «ССРО халық шаруашылығын дамытудың екінші бесжылдық жоспары туралы (1933 -1937 жылдар)» Молотов және Куйбышев жолдастардың БК(б)П-ның XVII съезіне арнаған баяндамаларының тезистерін қарап, редакциялайды. Бұл тезистер «Правда» газетінің 1933 жылғы 30 декабрьдегі 359-номерінде жарияланды.

1934

18 январь. И. В. Сталиннің ЖШҚА Фрунзе атындағы Қызылтулы Соғыс Академиясының оқушыларына, оқытушыларына және басшыларына Академияның онбес жылдығына және оның Ленин орденімен наградталуына байланысты жазған құттықтауы «Правда» газетінің 18-номерінде жарияланды.

21 январь. И. В. Сталин В. И. Лениннің қайтыс болғанына он жыл толуына байланысты Үлкен театрда болған салтанатты-қаралы мәжіліске қатнасады.

23 январь. Ленинградтың біріккен V облыстық және II қалалық партия конференциясы И. В. Сталин-

ді БК(б)П-ның XVII съезіне делегат етіп сайлайды.

24 январь. Москваның біріккен IV облыстық және III қалалық партия конференциясы И. В. Сталинді БК(б)П-ның XVII съезіне делегат етіп сайлайды.

26 январь — 10 февраль. И. В. Сталин БК(б)П-ның XVII съезінің жұмысына басшылық етеді.

26 январь. И. В. Сталин БК(б)П-ның XVII съезінде БК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы есепті баяндама жасайды.

31 январь. И. В. Сталин БК(б)П-ның XVII съезінде «Қортынды сөз орнына» деген сөзін сөйлейді.

И. В. Сталин БК(б)П XVII съезінің құрметіне астана еңбекшілерінің Қызыл алаңда болған демонстрациясына қатнасады.

МАЗМҰНЫ

Беті

Тираж 38 тысяч экз.
Сдано в набор 7/VII 1951 г.,
подписано к печати
31/VIII — 11/X 1951 г. УГ06805
Бумага 82×110 1/32=7,375 бумаж. листов
24,19 печатных листов.
Зак. № 2280
Цена 6 руб.

*

Полиграфкомбинат
Управления по делам полиграфической
промышленности, издательств и
книжной торговли при Совете
Министров КазССР.
АЛМА-АТА

6